

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

ШАШУБАЙ
ҚОШҚАРБАЙҰЛЫ

шығармалары



ШАШУБАЙ
ҚОШҚАРБАЙҰЛЫ

*Қошқарбай – әкем аты, Шашубаймын,
Малға кедей болсам да, тілге баймын.*



Ал гармоным, гармоным,
Бас барынша пәрменің.
Сөйле, сөйле, Шашубай
Бүгін күнің дәл сенің!



ШАШУБАЙ ҚОШҚАРБАЙҰЛЫ

шығармалары

Өлеңдер,
дастандар,
айтыстар,
толғаулар

зерттеулер,
естеліктер



АЛМАТЫ

“АНА ТІЛІ”

БАСПАСЫ ЖШС

2015

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 Қаз)-5
Қ 69

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Құрастырған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктемелерін
жазған – филология ғылымының докторы, профессор
Серік Негимов

Қошқарбайұлы Ш.

Қ 69 Шығармалары. Өлеңдер, толғаулар, дастан, айтыстар, зерттеулер, естеліктер. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2015. – 288 бет.

ISBN 978-601-251-118-5

Шашубай Қошқарбайұлының бұл жинағына өмірді әнмен өріп, сөзбен әрлеген ақынның шығармашылық мұрасы – ел ішіне кең тараған толғаулары мен өлеңдері, атақты айтыстары мен дастандары, сондай-ақ ақын шығармашылығы жайлы зерттеулер мен естеліктер беріліп отыр.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-251-118-5

© Қошқарбайұлы Ш., 2012, 2015
© «Ана тілі» баспасы, 2012, 2015



АЛҒЫ СӨЗ

ШАШУБАЙ ҚОШҚАРБАЙҰЛЫ

*Жезтаңдай мен қазақтың Шашубайы,
Кіреді, сөйлеп кетсем, сөз шырайы.
Жамбылмен үзеңгілес сұңғыламын,
Саңлақ деп үкілеген ел шынайы.
Шырқасам, Алатаудың өріндеймін,
Арқаның аңқылдаған желіндеймін.
Толқысам жырмен тасып, кем дегенде,
Балқаштың шалқып жатқан көліндеймін, –*

деп дүбірлеп өткен Шашубай Қошқарбайұлы – ән мен жы-
рдың еркесі Біржан сал, Ақан сері, Кемпірбай, Жаяу Мұса,
Балуан Шолақ, Жарылғапберді, Ғазиз, Мәди сынды ақын-
дық, әншілік, жонглерлік-клоундық, жыршылық, компози-
торлық, ойыншылық, орындаушылық яки синкретті өнердің
иесі. Исі қазақ от ауызды, орақ тілді, сегіз қырлы, бір сыр-
лы өнерпазды «Алмас тілді Шашубай», «Жорға Шашубай»,
«Жүйрік Шашубай», «Жыр-думанның дию-перісі» деп те
атапты.

Бір кездердегі жарияланымдарда Шашубайды қазақ
елінің театры, халық ауыз әдебиетінің білгір жыршысы, дала
циркі деп жазыпты.

Ш. Қошқарбайұлы 1865 жылы Қараменде бидің тілімен
айтқанда, «аш-арықтың қоныстайтын жері, ойы – қоян,
қыры – киік, көлі – балық» дейтін Балқаш көлінің жағасын-
да «Қызылшоқы» деген жерде дүниеге келеді. Ырысты, құт-

ты, қасиетті топырақта алты алаштың арыстары Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Абылай ханның бас батыры Жарылғап, өнер өрендері Нармамбет Орманбетов, Манарбек Ержанов, Күләш Байсейітова туған екен. Шашекеңнің әкесі Қошқарбай – Жандыбай баласы. Шашубайдан Әбжаппар, Муфте, Әбдірбай, Тайтөлеу деген төрт ұл туады. Анасы Күнбала: «Атаң Жандыбай сынды аузынан жыры ақтарылған бұлбұл көмей ақын болар ма екенсің?» – деп үміттенген екен. Ананың тілегі қабыл болғаны ғой. Шашубай он екі жасында сол маңдағы байлардың шашбауын көтеріп жүрген әлдебір ақынсымақ ақсақ шалмен, он үшінде Жақай, Кенжебала сияқты осы елдің ақын қыздарымен қақтығысып, ел көзіне ерте түседі. Иә, Шашекеңнің өзі:

*Он үште жел сөзді пері соғып,
Жасынның суын іштім құдығынан, –*

деген екен.

Шашубай өз заманының өнер қайраткерлерімен, даңқты адамдарымен араласып жүрген. Ол Жетісуға Ағыбай батырдың Софы дейтін баласына еріп келген. Ол осы елде Майкет, Жамбыл, Қуандық, Сарыбас тәрізді дарынды ақындармен сөз бәйгесіне түскен. Әсіресе, Шашекеңнің Сарыбаспен майдандасқаны жайында қазақ-қырғыз елі «Шіркін, Шашубайдай да сабаз туады екен-ау» деп сүйсінген. Осынау өнер сапарында Шөжеге жолығып, онымен бірге қанаттас, бауырлас қырғыз елін аралайды. Шөженің айтуымен, оның Кемпірбай ақынмен айтысын жаттап алған.

Халық өнерпаздарының орталығына, ордасына айналған салтанатты, сәулетті думанды Қояндыда Шашекең Біржан салмен жүздесіп, одан мынадай бата алған екен:

*Арқада кім тумаған өнер кернеп,
Сарнадың, сырнайыңды көкке сермеп.*

*Тартынбай, талабыңды тарықтырма,
Айта бер өрістетіп әннен өрнек.*

Шашубай Шөже, Кемпірбай, Шортанбай, Біржан салдарды өзіне ұстаз тұтса, замандастары – Жамбыл, Әсет, Нұрпейіс, Ажар, Қақпан, Естай, Доскейдің де ықпалы аз болмаған. Нартай, Кенендер болса, өздерін Шашубайдың шәкіртіміз деп есептеген. Шыңғыс тауының етегінде Абайға жолығып, онымен бірге аң аулап, түлкі қуысады. Құнанбайдың «түйе палуаны» атанған, Абаймен құлын-тайдай тебісіп өскен Байқұдамен біраз бірге болғаны тағы белгілі.

Үш жыл бойы Көкшенің көкжалы Балуан Шолақпен бірге серуендеп, қалың елге өнер шашады.

Қараөткел базарында Балуан Шолақпен қалай танысып, табысқаны жайында Шашубай былай деп сыр шертеді:

– Қан базарда құйқылжыған гармонымның дауысына қосылып ат үстінде ән шырқап тұр едім қызылмен тыстаған пұшпақ бөркіне шокпардай үкі қадаған, астындағы атын қызыл, жасыл шүберекпен орап тастаған нұрлы, еңгезердей зор кісі жетіп келді де: «Анау кім?» деп айғай салды. Мені қоршап тұрғандар үкілі адамға жарыла жол берді.

– Бұл Тобықты Шашубай ақын, – деп шу ете түсті. Үкілі адам маған ентелей жақындады да: «Кім болсаң да менің болашақ досым боласың» деп қолымды қатты қысты.

Сана-сезімі ерте оянған, еті тірі Шашубай азулылар мен тырнақтылардың алдында да айылын жиып, басын шұлғымағаны аңғарылады.

*Би – қасқыр, бай – арам ас, болды залым,
Барыстай жазды болыс тырнақтарын.
Қоян деп мені түтіп жемекші едің,
Шықты ғой арыстан боп алысқаның.
Жасым бар жетпіс бесте, жылым – барыс,*



*Азуым, бай дегенде, алты қарыс.
Жасымнан қас қылғанға қас болдым да,
Бермедім адамишылық қолдан намыс.*

1936 жылы Шашекең Алматы қаласына шақырылады. Халық таланттарының бас қосуында ақын «Такия тайтаңы», «Үш шыбық» ойындарын көрсетеді. Жамбыл, Орынбай, Доскейлермен кездеседі.

Халықтың ғасырлар бойы жасаған мәдени-рухани байлығын емін-еркін игерген, халық жырларының маржанынан түзілген мұхитында тербетіліп өскен жел жетпес жүйрік Шашекең қисса-дастандарды, толғауларды және «Қамбар батыр», «Ақтамберді», «Сұраншы-Бөкей» дастандарын ел ішінде жырлаған. Сондай-ақ Ақтамберді жырау Сарыұлының «Күлдір-күлдір кісінетіп...» өлеңін 1940 жылы Ш. Қошқарбайұлының айтуынан С. Мұқанов жазып алған. Ал «Тоты» дастанын Шашубай ақынның аузынан 1941 жылы 11 ақпанда әдебиет зерттеушісі Қайым Мұхаметханов пен Сейітжан Омаров хатқа түсірген. Текст Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Орталық Ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорынан табылды.

«Тотынама» – Шығыс әдебиетінің ғажайып үлгілерінің бірі. Мұнда парсы, тәжік және араб халықтары аңыздарының қуатты сарыны бар. Аңыздың ертегілік сипаты басым. «Тотынама» дастандарының арғы негіздері үнді, парсы халықтарының фольклоры мен әдебиетінде жатыр. Демек, Ш.Қошқарбайұлы туған халқымыздың әдебиетімен шектеліп қана қоймай, шығыс хикаяларының да сыр-сымбатына ден қойып, сұлу үнімен сүйсіне жырлапты. Бірде Шашекең «Қырымның 40 батырынан» бастап, жиырма төрт дастанды жатқа білемін депті (Балқаштық Әлихан Жәңгіровтың айтуынан).

Шашубайдың «Майда қоңыр», «Ырғыма-сырғыма», «Мамық қызға», «Ақ қайың», «Сырлы қайың», «Жамалға», «Кербез кер», «Бес Балқан» және т.б. өлеңдері көпшілікке мәлім.

Бұл әндерде махаббат, өнер, табиғат туралы ой тербейді. Қай әні болмасын адам жанын мөлдір сезімге бөлейді. Қазақ даласындағы жәрменкелер халық ішінен суырылып шыққан таланттардың ойын-сауығының куәсі болғаны баршаға мәлім. Сол жиындар Шашубай шығармашылығына кең өріс болғаны ақиқат.

Ол – айтыс ақыны, композитор, әнші, сырнайшы, жонглерлік-клоундық өнердің де иесі, халық ойындарын асқан шеберлікпен орындайтын болған. Айталық, басындағы тақиясын көз ілестірмей маңдайынан секіртіп, желкесіне әкеліп ойнатады екен. Төбесімен жүргенде аяқтыдан кем соқпаған көрінеді. Доңғалаққа ұксап дөңгеленгенде, таяқтың ұшына таяқ қойып дөңгелеткенде, аттың үстінде төбесімен шаншылып тұрып шапқанда, құрықты бес саусағына кезек қондырып қарына дейін жеткізгенде, алдына қойылған түрлі ыдыс-аяқ, тағамдарға қол-аяғын тигізбей дастарқан бетінде қоянша жорғалағанда, «мынау дию ма, пері ме», – деп жұрт қайран қалысады екен.

Шашубайдың шығармашылық өнеріндегі «Ақ қайың» деген бейнелі ұғым қазақ сахарасының көркем келбетін, сән-сәулетін, шексіз кеңістігін, өнерпаздық болмысын, мұрат-мақсатын, ой-аңсарын, тұрмыс-тіршілік толқындарын бейнелейді. Күн нұрына жайқалып, сыланып өскен, соншалықты музыкалық және поэзиялық сырлары мен қасиеттері терең, қиял, көңіл құстарын шартарапқа таратқан қанатты образ ақынның жан дүниесінің ішкі иірімдерін, өлеңге, өнерге деген махаббатын жайып салады.

«Ақ қайың» әні 1913 жылы Романовтар әулетінің билік құрғанына 300 жыл толуына орай Верный (Алматы) қаласында өткен тойда Шашубайдың өз аузынан грамофонға жазылған деген дерек бар. Бұл грамофон соғыс кезінде асқақ әнші Манарбек Ержановтың қолында болған екен.

Сарыарқаның сауырын, Алатаудың бауырын жолбарысша солқылдата жортқан, жосылып жыр толғаған Шашекеңнің



«Ақ қайың» сияқты әйгілі әні – ұрпақтар есінен шықпайтын мәңгілік әрі балаусадай балғын бекзат шығарма. Бұл тұста академик Ахмет Жұбановтың Шашубайды «Музыканың да үлкен адамы, қайраткері» деген пікірі ойға оралады (А. Жұбанов. «Замана бұлбұлдары». Алматы, 1963, 394-бет).

Шашубай – өлең сөзді желдей құйындатқан, аузынан шәрбат төгілген, қара өлеңді орып айтатын айтыс өнерінің дүлдүл көгі. Ол өзімен сілкілесетін ақыны бар ауылға бір шақырым қалғанда құранды ер салынған ақбоз аттың үстінде гармонын шалқыта тартып, толқыта, құбылта шырқап, айбат шегіп, адуындап, атойлап келеді екен. Қарсыласымен қағысар алдында қою қасын қағып қалады да, будақтаған түтіндей мұртын қатайтып, көзінен от бүркіп «Сөйле, Шашеке», – деп бір саңқ етіп, сонан соң жарық жұлдыздай ағады екен.

Шашекең Түбек, Құлтума, Орынбайлармен айтысқан, 1884 жылдар шамасында Қоянды жәрмеңкесінде соқыр Ажармен қағысқан. 1909 жылы ақындық дарыны мен даңқы «ескен желдей гулеген», «жай тасындай» Жамбылмен сайысады. Ақындық намысты қоздырарлық отты, жалынды, ірі сөздер айтылады. Арыстандай ақырған азулы ақындар жыр дауылын соқтырып борандатады.

Шашубайдың ақындық тапқырлығы, жаңа бір көркемдік амал-тәсілі «Шашубай мен қасқырдың айтысында» жарқырап көрінеді. Айтыс астарлы, ишаратты сөз бояуларына негізделіп, үйлесімді тоқылған. Қанды ауыздың қиянатын, қорлығы мен зорлығын аяусыз әшкерелейді.

Мәселен:

*Боз аттың құны үшін салдым қақпан,
Тұлпар ең су ішпеген лай-қақтан.
...Жарлының жалғыз атын жегеніңше,
Жауыз малын неге жемейсің толып жатқан?
Болғанда сен бір бөрі, мен – бір сері,*

*Жей алмайсың, жолдасым дию-пері.
...Қазынаның малына қас қылмай-ақ,
Оқ тие ме өкпеңнен жүрсен тегі?!*

Бұл – айтыстың жан тебіренерлік аса бір күйлі-куатты, сырлы-сымбатты шебер үлгісі.

Сондай-ақ Шашекең Ұлы Отан соғысы жылдарында Көшен Елеуовпен, Болман Қожабаевпен сөз бәйгесіне түседі. Ол Орталық Қазақстан жеріндегі қазына – байлықты, өндіріс ошақтарын, жұмысшы табының тегеуірінді еңбегін тебірене жырлайды. Халық ақындары Ұлы Отан соғысы жылдарында өздерінің жалынды жырларымен елі мен ерлерін жігерлендіріп, қанаттандырып отырды.

Шашубай да:

*Қайраттанса, тау жыққан
Батырлардың еліміз.
Тұяғы бүтін тұлпармыз,
Қанаты бүтін сұңқармыз,
Шын асылдың тегіміз, –*

деп шиыршық атты.

Ал Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин 1943 жылы тамыз айында майдан шебінен туған еліне демалысқа келгенде:

*Хош келдің, қарсы аламын, Мәлік балам,
Едіге, Қобыланды – сенің бабаң.
Амангелді батырдай топты жарған,
Риза туған елің бүгін саған, –*

деп құттықтайды.

Орталық Қазақстанның халық ақындары 1943 жылы желтоқсан айында өткен І республикалық айтыстың ұйымдасты-

рылуына қозғау салады. Себебі, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1943 жылғы 29 тамызындағы нөмірінде Доскей, Шашубай, Қайып, т.б. атынан мынадай шақыру өлең жарияланды:

*Ашынған ақын тілі кетсе сайрап,
Емес не алмас семсер алған қайрап?
Қаһармен ақырғанда дауылдатып,
Қалатын екпінінен дұшпан жайрап.
Майданда күн туғанда марқаятын,
Құлышынып, ұрандамас қандай ақын!
Белінен Сарыарқаның қанат қақтық,
Қайдасың, Нұрлыбек пен Нартай ақын?!
Бар қайрат бүгін сынға түспеді ме,
Бұл бір кез басатұғын кештеріңе.
Кемді сынап, табысты ортаға сап,
Сөйлеңдер, сүйсінейік істеріңе.
Белсеніп айтысқа шық, балуаным,
Сөзіміз жайы болсын шаруаның.
Жиналып, кеңесейік, бас қосайық,
Халықтың көтеруге аруағын.*

Ол қаһарлы күндерде Балқаш мыс зауытының жас жұмысшыларымен жиі дидарласты. Олардың алдында жыр толғады, ән шырқады, айтысқа түсті.

Шашубай туындыларын жинақтау, жариялау, зерттеу, қайталанбас тұлғасын жаңғырту ісіне келер болсақ, көңіл онша қанағаттанбайды. Дегенмен де ауызды ку шөппен сүртуге болмайды. Шашубай мұрасы хақында М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Ш. Құсайынов, Ы. Дүйсенбаев және халық ақыны Кенен Әзірбаев құнды пікірлер айтты. Ал С. Бегалин, Қ. Әбдіқадыров, А. Хангельдин, Ә. Тәжібаев, Ә. Әзиев, Ә. Омарбаев, Ж. Төлендиев сияқты ақын-жазушылар мақалалар мен естеліктер жазды. Сондай-ақ Ж. Өмірбе-

ковтың «Шашубай» поэмасы әйгілі ақын жайлы толғаныстарға құрылған.

1942 жылы «Сөйле, Шашеке!» (Құрастырған Сағынғали Сейітов) және 1984 жылы «Ақ қайың» (құрастырып, алғы сөзі мен түсініктер жазған Серік Негимов) атты жинақтары және ақын туралы естеліктерді, мақалаларды, өлеңдерді құрастырып әрі көлемді алғы сөз жазған Жанболат Башаровтың кітапшасы (Балқаш, 1990) жарық көрді.

Дүлдүл әнші, дарынды ақын, асқан ойыншы, айтулы композитор Шашекең 1952 жылы 4 мамырда дүниеден өтті. Аяулы, ардақты ақын қасиетті киелі әулие тау Бектауатаның бауырына жерленді. Өнерімен өрнек шашқан, ой теңізінде, қиял кемесінде еркін жүзген рухы биік сахарада көлбеген жаратылыстың ғажайып ескерткіші әйгілі Бектауатаға сиынып, әрі онымен жыр тербегісі, шежіре шерткісі келгендей. Бұған жас шашубайтанушы Жанболат Башаровтың:

*Арқаның асқақ төрінде,
Тәңірін таудың көрдің бе?
Қызығып соған қараушы ем,
Шыңына көзім сүріне.
Жайлаған қыран қиясын,
Шыңына салған ұясын.
Жатайын соның бауырында,
Мекен ғып мен саясын.
Жерлеңдер мені өлген соң,
Бауырына Бектауатаның.
Ақын-ата мен тау-ата
Тарқатып сырын жататын.
Жыр болып өткен ғұмырым,
Тау болып қалсын тұғырым.
Шашубай шалдың сөзі деп,
Қарттарға жеткіз, Тұғырлым! –*

деген шумақтары куә.

Балқаштың шынайы перзентіне, тұлғасы биік тумасына Балқаш қалалық атқару комитеті қамқорлық, жанашырлық көрсеткенін атап өту парыз. Бұған мына құжат (төрағасы Пирибинус, хатшысы Калмакова қол қойған) айқын айғақ: «№ 125, 7 августа, 1944 года.

1. Выделить из городского бюджета за счет общей экономии обретенное жилище для народного акына Кошкарбаева Шашубаю 40 тысяч рублей».

Үкімет Ш. Қошқарбайұлының шығармашылық өнерін, ақындық еңбегін бағалап, оған 1941 жылы «Қазақ КСР-нің еңбегі сіңген өнер қайраткері» деген құрметті атақ берді.

1945 жылы «1941–45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы тұсындағы «Ерлік еңбегі үшін» медалімен, металлургия бойынша «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен, 1945 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1949 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен наградталды. КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.

Суырыпсалма ақындығына әншілігі, композиторлығына жыршылығы, бұған ойыншылығы қосылған әмбебап дарын, өрнекті өлеңнің гүлі, ақындық өнердің болат тұяқ мұзбалағы Шашубай бейнесі мен шығармасы болашақтың есігін айқара ашып, төрімізде төредей болып отыратынына кәміл сенеміз.

*Серік Негимов,
филология ғылымының докторы,
профессор*

ШАШУБАЙ ҚОШҚАРБАЙҰЛЫ ТУРАЛЫ

Арқада кім тумаған өнер кернеп,
Сайрадың сырнайыңды көкке сермеп,
Тартынба, талабыңды тарықтырма,
Айта бер өрістетіп әннен өрнек.

Біржан сал

«Шашубайды бірінші рет Айдарбекке ат шапқан жылы көрдім. Қара мұртты, тіке көзді, орта бойлы, ат үстінде, қолда гармоны, саусағын секіртіп ойнайды. Басындағы қалпағы біресе желкесіне, біресе маңдайына жылжып тұрады. Жұрт оның артынан қалмайды. Сырнаймен ән шырқағанда ел таңдай қағады».

Кенен Әзірбаев

Аңыздар сыры,
Алматы, «Қазақстан», 1969 ж., 99-бет.

«...айтыстың түр жағындағы орны — ерекше мысалы осы Шашубай айтысы деуге болады».

Мұхтар Әуезов

Қазақ әдебиетінің тарихы,
1 том, 2-ші кітап.
Алматы, 1964, 107-бет.

«Шашубай өлеңдері әрбір дыбысына дейін түбіттен бе, қауырсыннан ба жаралғандай жеп-жеңіл, мөп-мөлдір».

Әбділда Тәжібаев

Жылдар, ойлар,
Алматы, 1976, 221-бет.

«Шашубай халықтық поэзиямен қатар музыканың да үлкен адамы, қайраткері болды».

Ахмет Жұбанов

Замана бұлбұлдары,
Алматы, 1963, 394-бет.

«Шашубай өлең, әнді домбырамен ғана айтпайды, көбінесе гармонға қосылып жырлайды. Ол гармонмен жырлағанда сахнадағы артист сияқты қасы-көзін сан құбылтып, ойнақшытып, екі мұртын тікелейтіп, «Сөйле, Шашеке» деп бір ақырып қойып жырлайды; әдемі құйқылжыған дауыс, лирикалы, толғамалы, түйдекті өлең-жырмен бірге оның сыртқы денесі, қолы, бет-аузы түгел ойнайды...»

Есмағамбет Ысмайылов

Ақындар,

Алматы, 1956, 63-бет.

«Айтыс арасында концерт жүріп жатыр. Сол кезде Шашекең елді тағы бір күлдірді. Атақты әнші Манарбек Ержанов (1901–1966) Шашекеңнің «Ақ қайың» әнін күңіреніп салғанда, кәрі тарланның арқасы қозып кетті білем, Шашекең айғайлап жіберіп, сахнаға қарғып шықты. Ел қыран күлкі».

Ақжан Машанов

Естен кетпес күндер,

Алматы, 1989, 315-бет.

«Шашубайдың ақындық, композиторлық өнерінің өрістеуіне сабақ болған өзінің ізденгіш, алғыр өнерпаздығының ұшқыны болса, оған леп беріп, қанат қақтырған Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, өнер салыстыратын халық өнерпаздары болған».

Сапарғали Бегалин

Сахара сандуғаштары,

1976 жыл, 70-бет.



ΘΛΕΨΙΔΕΣ





МЕН КІММІН

Қошқарбай – әкем аты, Шашубаймын,
Үйде кедей болғанмен, түзде баймын.
Күніне мыңды беріп, жүзді алсам да,
Қалтамның түбі тесік, байымаймын.

Қошқарбай – әкем аты, Шашубаймын,
Бай десе, көктен түскен жасындаймын.
Өнермен байдың малын тартып жедім,
Сырымды ішімдегі жасырмаймын.

Қошқарбай – әкем аты, Шашубаймын,
Малға кедей болсам да, тілге баймын.
Тартсам да тақсіретін кедейліктің,
Байларға малы бар деп бас ұрмаймын.

1880

ТІЛЕСКЕ

Өспеген арғы тегің атаң Сәмбет,
Басыңа бітті малмен, бақ пен дәулет.
Басыңа бақ қонған соң, ұмытылды,
Жеткен соң қолың көкке, келіп нәубет.

Шақырдың жаман оймен, сөзің мекер,
Би-болыс атқа мінген жаудан бетер.

Бірлікке ықыласпен тілеу болмай,
Кінәсіз көзің тіктің босқа бекер.

Би – қасқыр, бай – арам ас, болды залым,
Барыстай жазды болыс тырнақтарын.
Қоян деп мені түтіп жемекші едің,
Шықты ғой арыстан боп алысқаның,

Қылмыс жоқ, шақырттырдың, босқа міншіл,
Тағатсыз, тақуасынған өңшең діншіл.
Кісі өлтіріп, ноғайды талағам жоқ,
Мінезің мінез емес адал – сыншыл.

Мал бітпеген атаң Есдәулет, Ескенеге,
Бақ қонса, кісі артын ескере ме?!
Жауыр нармен Жетісудан келіпті әке-шешен,
Үш ешкі, естен шықты бес кереге!

1885

КЕДЕЙЛІК

Екі арсыз қатар шыққан – ұйқы, тамақ,
Кедейлік ұстап алды жүндей сабап.
Өнер шіркін өрлетіп жатқызбайды,
Домбыра ап, өлең айттым, қылып талап.

Кедейлік ортаға алып қамалайды,
Менен басқа кісіні таба алмайды.
«Жетім кедей, мұнымен не өндірдің», – деп,
Бай баласы мазақ қып, табалайды.

«Өлеңді қой, қозы бақ, кедей!» – дейді,
Кедейді кедей демей, не дейді енді.



Кенже ұлы кедейліктің мен болдым ғой,
Еш адам талабыма теңелмейді.

Талабым таудай туған өнерлі едім,
Емін-еркін еркіме жібермейді.
Бай десе, мұздай қатқан жүрек-бауыр,
Бұлт көшіп, шілде түспей, жібімейді.

Қолда мал жоқ болғанмен, көңілім бай,
Байлығым, жомарттығым Атымтайдай.
Артымнан бір қалмадың қу кедейлік,
Еркінде сірә сенің болмайтындай.

Кедейдің бір жаманы – кежір кедей,
Бай баласы құриды, ішпей-жемей.
Жайдары, жақсы болмай, кесірленед,
Не дейді енді мұны, кежір демей?

Бас білген кедей болдың тілінді алар,
Айт десең, ұшып-қонып қолға қонар.
Не жұмыс қайырлы боп орнына кеп,
Ең түбі сол кедейдің ақыр оңар.

1886

МЕНИҢ СЫРЫМ

Өтпес жарлық – кісіге бойға қорлық,
Байдан қорлық көп көрдім істеп өрлік.
Әкем кедей болды да егін салып,
Масақ теріп, күн көрдік, жарлы болып.

Ми толық, ақыл зерек, ойлағанға,
Берерім жоқ қанағатсыз тоймағанға.

Ортамнан оза шығып өнер қудым,
Көңілді жоқшылыққа қоймағанға.

Байлардың бір кәсібі – ұрлық, сауда,
Жайылып, малы жүред биік тауда.
Байлардың тауда жүрген малын алып,
Кірістім өз-өзімнен үлкен дауға.

1886

ӘТПЕККЕ


Ақын үшін бергенің қотыр серкеш,
Түйедей-ақ көресің ұзын өркеш.
Берсең бер, басында айтқан екі қойды,
Бұдан кеміп дәулетің ештеңе етпес.

Көзің көрді сараң бай менде жоқты,
Берем деп ең әуелде екі тоқты.
Кебінін Ормақай би жұтқанындай,
Өтірікке айтқаның келіп соқты.

Мен саған жалданғам жоқ тоқтығымнан,
Қаңғырып қойыңды бақтым жоқтығымнан.
Табан ет, маңдай терім сұрағанда,
Қарғысың, ұстағандай шоқтығыңнан.

Мен секілді жетімнің сыны бар ма,
Ақысын сұрағанның міні бар ма,
Әтпек бай, қылжақтамай ақымды бер,
Шашубайда әкеңнің құны бар ма?!

1880



ЕРКЕБАЙҒА

Еркебай, бай болдың сен мал жимаған,
Тәкаппар төремін деп шалжимаған.
Үлкенге, кішіге де сынық мінез
Мақтанып асып-тасып далдимаған.

Еркебай, туып-өскен жерің Қордай,
Атағың шыға келді туған айдай.
Әдейі көрейін деп келдім аңсап,
Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай.

ЖАМАЛҒА

(Әні бар)

Ақ маңдай, керілген қас, сұлу Жамал,
Жел тұрса, құбыладан соғар самал.
Атыңды естіп, өзіңді көре алмадым,
Ғашықтыққа, айтшы өзің, болар ма амал?

Дарияның ортасында шынар ағаш,
Көзіңнен айналайын қиылған қас.
Жамал деген сұлу қыз қай жерде екен,
Атыңды естіп, сыртыңнан болдым ғой мас.

Қайырмасы:

Бұл сөзіме шығарған
Риза бол, Жамал-ай!
Жастық дәурен басыңда,
Көргенің қызық заман-ай!
Көрмей сырттан құмармын,
Бұған, сірә, не амал-ай?!



БАЛЫҚШЫЛАРҒА

1

Сүнгіген сұлу балық тереңде ойнап,
Кетпесін ырық бермей, құрық бойлап.
Сүзіп ап су серісін, бір сыбаға ет,
Еліме жатқан жеңіс тойын тойлап.

2

Тау толқынды айдынды,
Еркін ендеп ен жайлап.
Күміс қабық балықты
Тереңнен сүзіп қойша айдап.
Қазақстан тойына
Апарыңдар шашуға
Нұр жүздерің гүл жайнап.

МАЙДА ҚОҢЫР

(Әні бар)

Құс атып, аң аулаймын Саршығаннан,
Ақ тұйғын жігіт едім қаршыға алған.
Күніне отыз үйрек, қырық қаз алсам,
Емес ем төсін шоқып қан шығарған.
Қияға ұя салған қыран едім,
Аққудың төсіне ұйықтап талшық алған!

Аңдығаным жерімнен қаз бен үйрек,
Сығалаймын мылтықты шанша түйреп.
Қасымда ақ тазым бар алып келед,
Атқан құсты аузынан тістеп, сүйреп.



Қайырмасы:

Аман ба екен ғашық жар,
Көптен бері көре алмай,
Ақ жүзіңе болдым зар,
Қаз бен үйрек апарсам,
Кең отырып, шешеңнің
Түс жылытар түрі бар.

1889

КЕРБЕЗ КЕР

(Әні бар)

Пәуеске мінер байлар күймелеген,
Үстіме кидім мақпал түймелеген.
Он екі взвод гармоньмен ән салғанда,
Қасыма қыз-келіншек үймелеген.

Сұлу қыздың шешесі біліп қойса,
«Жүзі кара, үйге жүр», – деп, сүйрелеген.
Ағасы жолдас болған серілеу ед:
«Қоя бер, ренжітпе, тиме», – деген.

Алғанда ләззат тілден арман тарқап,
Есімнен шығушы еді дүние деген.

1890

МАМЫҚ ҚЫЗҒА

Қарағым, көңілің ашық раушаннан,
Бетің аппақ жарқырап атқан таңнан.
Дидарыңды бір көрсем, көңілім өсіп,
Еккен жеміс секілді миуалаған.



Камшат бөрік шекеде жырта қарыс,
Қолаң шаш аш беліңе алты оралған.
Дарияның ортасында сен бәйтерек,
Мен бұлбұл бұтағыңа сайрап қонған.

Ғашықтықты шығарған бір мен емес,
Зылиха мен Жүсіптен мирас қалған.
Мен едім атағыңа көрмей қанған,
Құмарлығым ішімде от боп жанған.

Көк ала көк түтінмен лапылдаған,
Жалыны жүрегімнің басын алған.
Сенің тілің секілді алуа-шекер,
Сорсам, алтын қасықтай балға малған.

Қызы едің Ордабайдың сұлу Мамық,
Сұлу деп Жалайырда таптым танып.
Үй арасы әркіммен айналысып,
Деп жүрме түн қараңғы, түндік жабық.

Құс ұшып, алар аң жоқ, бәрі жаман,
Махаббат майданында жүрсіз бе аман.
Жемге тіл, сусынға сөз сізден күттім,
Қондырмас төс тұғырға бөтен адам.

Сөзімді қадірлей көр, жан жанарым,
Жаныңа шын батпай ма аһ ұрғаным.
Мойнында құрбылықтан қарызым бар,
Өтемей кетермісің, не қылғаның?

Ауыл жау, шын жақсыға аудан да жау,
Опасыз жолдастықтың арт жағы дау.
Бет бедерлі деменіз, жас жанарлы
Кісімен сырлас болған ақылы сау.



Жолым тарлау жігітпін, жолбарыстай,
Аттасам, айшылық жол бір қарыстай.
Жат көріп, жатырқама, қалқам Мамық,
Сыр бермес, сырғып кетпе бейтаныстай.

Кей адам қу сөзбенен іші қайнар,
Құрметіңіз, болмасын мені аяр.
Жол түзеп, жолбарыстай жортып кетсем,
Өлгенше өз басымен орын даяр.

Ғизатлу сәлем айттым қалқатайға,
Ішімде ғашық оты болды пайда.
«Күн игі өткенінен» деген сөз бар,
Сөзіме жауап қайтар осындайда.

Басында биік таудың бітер андыз,
Сен үшін жолбарыстай жорттым жалғыз.
Қолыма тие қалсаң, қайран Мамық,
Басқаны, хор да болса, не қыламыз!

1890

АҚ ҚАЙЫҢ

(Бірінші түрі. Әні бар)

Жақсының айтқан сөзі жерде қалмас,
Жаманның маңайына адам бармас.
Сұлу қызбен сөйлесіп, болсаң сырлас,
Көкіректе тырнақтай арман қалмас.

Ақ қайың, қызыл қайың, сырлы қайың,
Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын.
Өлеңнің бір-екі ауыз арқасында,
Дабылдап атағымды елге жайдым.



Бозбала, ойна да күл жас шағында,
Қолыңа қайтып қонбас бұл жиырма жас.
Ойлай бер, сөзге шешен, тіл таңдайым,
Серілікпен сөйлеймін қыздың жайын.

Қыз дегенде, қуғандай қызыл түлкі,
Неше алуан құбылып жорғалайын.
Сағынып барғанымда ауылыңа,
Алдымнан шыға келсе ақ маңдайым.

1895

АҚ ҚАЙЫҢ
(*Екінші түрі. Әні бар*)

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Болсам да баста жарлы басылмаймын.
Көрсем де кедейліктің тақсыретін,
Жалынып малы барға бас ұрмаймын.

Аққайың жалған-ай
Кештім сайран-ай!
Халықтың ортасында
Жүрдім жайнап-ей!

Байлығым – сүйенерім денсаулығым,
Өлеңім бой сергітер асаулығым.
Он саусақ шекпен ойнап жорғаласа,
Дұшпанның елемеймін еш жаулығын!

ЫРҒЫМА-СЫРҒЫМА
(*Әні бар*)

Күн қонар кешкікұрым таудан асып,
Шапақтап қызыл алтын нұрын шашып.

Кеш болса, рахаттанып қосылады
Күн бойы құмар болған екі ғашық.
Ғашық жар таң алдында аттандырып,
Тұрады қош айтысып бетін басып.

Аққу алған тұйғындай құмар тарқап,
Қайтады сонда жігіт мауқын басып.
Алтын ақша қазынасы қалғандай боп,
Артына қарай берер жалтақтасып.

1895

СЫРЛЫ ҚАЙЫҢ

(Әні бар)

Басыма жарасады жекей тымақ,
Таусылмас тастан аққан мен бір бұлақ.
Сегіз пұт, сексен қадақ бұл әнімді,
Салуы басқа ақынның қиынырақ.

Бүлкілдеп сөйлей бергін, шіркін көмей,
Қырсық шалмай, болмайды жігіт кедей.
Мен Шашубай болғаным бүгін емес,
Біледі Сібір жұрты, Омбы, Семей.

Сайрай бер тоты құстай, қызыл тілім,
Сөзімнің, сынаңыздар, болса, мінін.
Қартайып тағдыр жетіп дем біткенде,
Жарқ етіп жанып тұрған сөнер күнім.

1895

СЫПАЙЫҒА

Саржадай керілген қас, кірпік оқтай,
Ғашықтық ішке түсті қызыл шоқтай.
Құмарым ат басындай кеудемде алтын,
Тарқарма-ай, домаланып жатыр доптай.

Жақсыдан жақсы адамның қайтпас сағы,
Сақ қайтарар пенденің қызған шағы.
Еңбектіге қара жер ойылғандай,
Ренжітіп кетпеңіз сондай тағы.

Қалайша көңілімді қалдырасың,
Адамды көзқараспен нандырасың.
Қашан менің тарқайды іште дертім,
Кеудемде ғашық отын жандырасың.

Бүркіт боп биік таудан түлеп ұшсам,
Қу құйрық құсап түлкі шалдырасың.
Түн қатып боз атпенен барғанымда,
Оянбай, неге ұйқыңды қандырасың.

Иттің даусы шыққанда, жүгіре шықпай,
Түн бойы босағада талдырасың.
Мойнына ақық меруерт алқа тағып,
Құлаққа алтын сырға салдырасың.

Қасқыр алған бүркіттей құмар тарқап,
Қолтықта екі көзің жаудырасың.
Ризамын қонақ қылған кешегіңе,
Жастықты кіргізбеймін есебіме.

Қазанат, жазық бауыр кез болмаса,
Жабының ер салмаймын есегіне.



Дүниеде еш армансыз болар едім,
Сұлудың кіріп жүрсем өсегіне.
Құр өсекпен күнәһар болғанымша,
Қисайып ұйықтар ма едім төсегіңе.

1895

ЖЕТІМ ҚЫЗ

(Әні бар)

Бұл жерде Сырымбеттей тау бар ма екен,
Алқа көл, шөбі шүйгін қаулар ма екен.
Селт етіп оң қабағым тартып кетті,
Көңілімді әкем келіп аулар ма екен?

Алтын сырға құлақта, колда жүзік,
Шешем барда дүниеден көрдім қызық.
Тірі болсам, ол әкем бір келер-ау,
Кетпеймін келмейді деп күдер үзіп.

1891

БЕС БАЛҚАН

(Әні бар)

Теке атқан мергендердің ыстық жері,
Мылтық оқтап тиерін білер сері.
Сол жерден теке атам деп, ата алмаса,
Құр шығын болып қайтад аттың тері.

Аңшылық ер жігітке не дегізбес.
Биік шың жеткізе ме таудың өрі,
Ер жігіт ел ұстаған адал болса,
Қазақтың таусыла ма кемеңгері.



«Сұлудан сүйген сұлу» деген сөз бар,
Әркімнің басында бар соның кері,
Көк тасы Самарқанның жібiгенде.
Ұшады Қап тауынан дию-пері.
Қартайғанша қажымай «Бес балқандай»
Ән шығарып отырған Шашаң сері.

Өнерлі қып жаратты форымымды-ай,
Алушы ем жақсы жерден орынымды-ай,
Қайда сұлу қыз десе, атқа міндім,
Баяғы батырлардың жорығындай.
Күн бата қыздың аулын айналушы ем,
Қорадан қой ұрлайтын торуылдай.

Үстінде мамық төсек жатсаң ұйықтап,
Аягөз, Бақанастың жорығында-ай.
Қарағым қайда барып ұмытамын,
Осындай естен кетпес қылығыңды-ай!

1925

ОКТЯБРЬ

Тағы айналып жарқ еттің,
Шолпанындай шығыстың
Хош келіпсің Октябрь –
Алтын кірпік күміс күн.
Тұла бойда бәрі бар
Байлық, бақыт, ырыстың.
Ізгіліктің, ерліктің
Қайнар бұлақ көзісің.
Туысқандық елдіктің
Түп атасы өзіңсің.
Ұлы күнім Октябрь



Еңбекші әлем сүйінген.
Иіп тарлан басымды,
Қол қусырам бүгін мен.
Сенің жарқын жүзіңнен
Қуат алған кәрі едім.
Жарқыраған күніңнен
Нұр құйылып жүрекке,
Жігіт болдым, шал едім.
Көрем сенің түріңнен
Алдым ашық сайрап тұр.
Бақытымның гүліндей
Болашағың жайнап тұр.
Жоспарымыз бесжылдық
Міне осының айғағы.
Нығаяды көркейіп
Ұлы Отаным аймағы.
Өскен жастан жерім деп,
Ұл мен қызы елімнің,
Еміренген елім деп,
Жүрегі батыр ерімнің
Бесжылдықтың балғасын
Қолына алды бәрі де.
Қылшылдаған азамат
Жасы түгіл кәрі де.
Тәнім тозды, қартайдым,
Жүз жасадым демедім,
Мен де ұстадым балғаны,
Тисінші деп еліме,
Қартайсам да көмегім.
Тізе қосып жастармен
Еңбек етіп жатырмын.
Қаһарманы елімнің
Мен де айбынды батырмын.
Елдің батыр ұл-қызы

Қыздар еңбек майданын.
Беки берсін іргесі
Октябрь тіккен орданың.

ҚОҢЫРАТ

Қоңырат қойнауы жез, қойыны мыс,
Балқашы балығымен алған тыныс.
Жерінің асты да кен, үсті де кен,
Әлемге аты әйгілі ірі өндіріс.

Қазына Қоңыраттың қабырғасы,
Сар алтын жапырылған жақпар тасы.
Мыс пен жез – ел ырғысы, ер құрышы,
Байлықтың түгесілмес жез қалтасы.

Қоңыраттың тасы гауһар, суы балық,
Байлығын пайдаланып жатыр халық.
Қала орнап, даласына завод салып,
Түні мен күні бірдей болған жарық.

1936

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР

Біздің Қызыл Армия
Дұшпанның жолын байлаған.
Жаудан сыбыс естілсе,
Бурыл ала бұлттай
Буырқанып қайнаған.
Қынабы алтын көк алмас
Дұшпанға арнап қайраған
Ауыздықпен алысып,
Астында аты ойнаған.



Жарқырап қызыл жұлдызы
Мандайында жайнаған.
Халықтың батыр ұлдары
Ел қамын ылғи ойлаған.
Шекараны күзетіп,
Ел бақытын қорғаған.
Сүйікті қызыл ерлерін
Жырға қосып Шашубай
Бұлбұлдай тілі сайраған.

1939

СӨЙЛЕ, ШАШУБАЙ

Ал гармоным, гармоным,
Бас барынша пәрменің,
Сөйле, сөйле, Шашубай
Бүгін күнің дәл сенің.
Орыны бар әрненің.
Безеп тіл мен көмейім,
Айтып тегіс берейін,
Білгенім мен көргенім.
Ойнақтасын он саусақ,
Тілін басып перненің.
Ұмыт болған шағымда
Жетпіс беске келгенім.

Ал, жамиғат, құлақ сал
Шашубайдың сөзіне.
Жыр төгейін, күй шертіп,
Келдім міне, кезіне.
Өткен күнді бір шолып,
Барды айтайын өзім де.
Мұндай ма едім, япыр-ау,
Сонау бір өткен кезімде.



Қара бұлт басып түнерген,
Қазақтың байтақ даласын.
Қайғы жұтқан қалың ел,
Жаза алмай жүрек жарасын,
Өнер менен білім жоқ
Оқыта алмай баласын.

Ызындаған зарлы үні
Кернеп елдің арасын.
Патша болыс, би мен бай,
Халықтың алып мазасын.
Жер шөлейт, ел мешеу боп,
Алған соң әлді бөлісіп
Өзеннің сулы саласын.
Аң жайлап, жылан орда сап,
Балқаш көлдің жағасын.
Жапан тұз, сусыз шөл еді
Ел көрмеген қарасын.
Балықшылар тек қана
Жаяу тартып шанасын.
Қыс болса аулап ақбалық,
Қоңырат еді қу шоқы,
Жалын, шаян жайлаған,
Тастарының арасын.
Ат отарға шөбі жоқ,
Ұрттап ішер суы жоқ,
Қабысып, қатып жатқанда,
Кім көрген оның қарасын?

Ал, тыңдаңдар, сөйлейін,
Қайта туған жаңадан,
Қазақстан халқымды.
Одақтас елдің бірі боп,
Орта тіккен алтынды.



Күнде жиын, күнде той,
Қандай қызық, тамаша,
Салтанатты салтымды,
Партиялық жаңа заң.
Рахатта барша жан,
Нұрға бөлеп жерімді
Жасартты мендей қартыңды
Елу жылда ел жаңа,
Елу емес тек қана
Жиырма жылдың ішінде
Естіді әлем даңқымды.
Партия бастап көшімді,
Көмектесіп туысқан
Жаңа қоныс, кең жайлау
Шарықтап көңілім шарқ ұрды,
Шалқыған байлық, ең дәулет
Бүгінгі қазақ жерінде.
Құжынаған түлік мал
Колхозды ауыл төрінде.
Гүл жайнаған салт-сана,
Құлпырған тегіс айнала –
Масаты кілем жерімде.
Алтын, күміс, қорғасын,
Көмір, мұнай, жез бен мыс
Жерімдегі кенімде.
Ел байлығы – қазынам
Таусылмайтын өмірге.
Завод пенен фабрик –
Кен қайнатқан қазаным,
Көбейді міне елімде.
Аэроплан, темір жол
Пароходом, көлімде.
Осыларды айтқанда,
Шарықтайды гүл жайнап,



Кәрі көңілім менің де.
Көркіне көңілім қош болып,
Балқашты айтсам мақтанам,
Сәулетті, көркем қала орнап,
Хош иісті гүл жайнап,
Зәулім үйлер қалаған.
Мектеп, кино, театр,
Аурухана, қонақ үй,
Яслиінде жас балапан.
Аспан зәулім тұрбасын,
Алып пештің мұржасын
Завод жақтан көргенде,
Шалқимын да шаттанам,
Машинасын меңгерген
Сусындатып жем берген,
Тілін біліп, басқарып,
Кешегі қойшы – боп маман.
Бұрғы салып, дәрі атып,
Қоңырат тауын қопарып,
Алты қарыс ауызы
Экскаватор қаптаған.
Ана тұрған фабрика
Үйдей тасты уатып,
Тарыдай етіп ақтаған,
Шақырып гудок азанын,
Мыс қайнаған қазаным,
Сапырып сары қымыздай
Құйып жатыр қаншадан.
Маңайдағы егісім,
Қауын, қарбыз жемісім,
Өніп жатыр бақшадан.

Ой-қырым да далам да,
Гүлден өлке, қалам да,



Алтынды нұрға бөгіп тұр,
Әлемде нұрлы алтын күн,
Данышпан көсем партия
Жеріме нұрын төгіп тұр.
Бойға қайрат, күш-жігер,
Денеге қуат беріп тұр.
Айтқызбай біліп мұңымды,
Қиядан болжап қырымды,
Алыстан шолып көріп тұр.
Сондықтан да Шашубай
«Көп жаса, деп партиям?»
Батасын міне беріп тұр.

1940

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІНЕ

Кәрі жолдас гармоным –
Болып едің жасымнан.
Жан серігім, дәрменім,
Кел жырлайық қосылып,
Ұмыт болды бұл күнде
Қолтықтап сені ел кезіп
Жаяу қорлық көргенім.
Түйесін қомдап, қой айдап,
Жерге тиіп табаным.
Керуенге зорға ергенім.
Күндік жерге ай жүріп,
Айлық жерге жыл жүріп,
Ат арытып, тон тозып,
Нелер қорлық көрмедім.

Бүгін міне қарасам,
Халқымның байтақ даласын.

Өткендегі жаяулық,
Түсіп еске баяулық,
Таңғажайып қаласын.
Сала-сала жол салып,
Ұзартып оны мол салып.
Ұштастырып жіберді,
Қала мен колхоз арасын.
Ерсіл-қарсыл жүйткітіп,
Түтіндетіп ұйтқытып,
Қара арғымақ қажымас,
Қамбардың қара атындай
Орғып әне барасың.
Ауыздықпен алысып,
Сағымменен жарысып.
Жөнелгенде арқырап,
Жер танабы тартылып,
Будақтаған түтіні
Қара бұлттай артында
Қала беред сарқылып.

Кең даланы сайрандап,
Масатыдай жайнаған.
Малды аралап жайлаған,
Тізгінін қағып тебініп,
Басқарып жүр ұл-қызым,
Өнге салып шарқ ұрып.

1940

КӨСЕМ ТУРАЛЫ ЖЫР

Көп жасап көпті көрдім, көпті білдім,
Қырандай көлбей ұшып көкті көрдім.
Гүлденген заманаға кез болған соң,
Жырыма қостым атын ұлы Лениннің.



Жасым бар жетпіс бесте, жылым барыс,
Азуым бай дегенде алты қарыс.
Жасымнан қас қылғанға қас болдым да,
Бермедім адамшылық, қолдан намыс.

Талмадым, арымадым, шаршамадым,
Қайғысын арқаладым барша жанның.
Жеттім кеп саламат бұл заманға,
Табылды арман етіп аңсағаным.


Мен таптым қуанышты бақыт елін,
Құлпырған бүгін далам, туған жерім,
Бақытты өмір берген бізге Ленин
Көсемім асқан дана, асқар белім.

Алдыңда Ленин туы ән шырақтасам,
Армансыз болар ем бір көріп қайтсам.
Ішінде Кремльдің ән шалқытып,
Құбылып он екі взвод гармонь тартсам!

1940

ІСКЕ АСТЫ, АБАЙ, АРМАНЫҢ

Тұңғиық ақыл, терең ой
Өрісі кең Жайықтай.
Қиялы ұшқыр самғаған
Көктің төсін шарықтай.
Сүңгіп терең түбіне
Су серісі балықтай.
Қырымнан болжап қиынды
Шалдығып шаршап талықпай.
Шолпан болып ұлтына
Нұр сепкен түнгі жарықтай.




Қалың қазақ елінің.
Түбірі берік бәйтерек.
Белдігі темір қазықтай,
Абайға бүгін бір жүз жыл.

Соқтықпалы жерде өсіп,
Күрескен жалғыз мыңменен.
Жұртын бастап жорыққа
Биікке, шыңға сүйреген.
Өнер мен еңбек құмары,
Білімге халқын үндеген.
Кестелі сөздің шебері,
Мінсіз өлең жырменен,
Мен де сенен үйренгем.
Домбырамды серік қып
Данышпаным атыңды,
Мәңгіге өшпес хатыңды,
Паш етіп жұртқа үндегем.
Теңгеріп жарқын ойыңды,
Аспанда ай, күнменен.

Соралы көз, сортаң жүз
Сор маңдай, шерлі, шерменде.
Қосылып жырың жырлаған
Шеру тартқан сол күнгі,
Заманы сұр елмен де,
Түсіне білген сырынды,
Мұңы бір мұңдас ермен де.
Жарқырап әлі жырың тұр,
Қартайсам да кеудемде.
Ұмытылмайды өмірде,
Болмаса тек өлгенде.

Елу жылда – ел жаңа,
Қырық жылда қазан жаңарып,




Күндерден күн өткенде –
Қызыл шапақ таң атты,
Көкжиегі ағарып,
Толықсып талып күн шықты,
Түріп түнгі түнекті,
Бойды басқан сазарып.
Соқтықпалы жолды ашты,
Көрсетіп жөнді халыққа,
Отырған түнде қамалып,
Іске асты Абай арманың,
Сала берді өмір жаңарып.
Еңбекке жұртың кенелді,
Білімнің шомып көліне.
Өттең қайтып келер ме ең,
Тіріліп қазір еліңе.
Есе тиді сенің де,
Сап алтындай сөзіңе.
Әлемге атың жайылып,
Тарихтың шықтың төріне.

ДОСКЕЙГЕ

Сексенде сері атандым сембей жағым,
Мерейім үстем болды артып бағым.
Ескі дос, өлең, гармонь қайта оралып,
Денемді кетті билеп тасқын ағын.

Жапса да сақал-шашқа кәрілік күміс,
Шат заман, шалқыған ел, бақ пен ырыс,
Құрғатып жанарымнан тамған жасты,
Тарылған көкірегіме берді тыныс.

Қашаннан халық қараған едім сері,
Кәнеки, гармонымды әкел бері.



Тойында дархан туған замандастың,
Өлеңнің тағы менен ақсын селі.

Қыран ем қияны алып, туған саңлақ,
Бүгін мен қиялыма қанат жалғап.
Тойында Доскей сынды замандастың,
Көрейін күн көгіне тағы самғап.

Гармоным өлең, әнім – кәрі досым,
Келтіріп тыңдаушының көңіл хошын.
Қазақтың бақытты елін бір аралап,
Болған соң, тұғырына қайтып қонсын.

Уа, Доскей! Жүйрік едің туған дана,
Озбаған, жарысқанда, желі дала.
Өлеңді қырық қырқадан асырсаң да,
Тиді ме үлесіне бұрын баға.

Өткен күн, кәрі бұлбұл, есінде ме,
Дауысты зар-замана өшіргенде.
Ел мен жер қоса еңіреп, қасірет тартып,
Зарлы өлең тоғытқан шақ сен де, мен де.

Еткенде Октябрьдің таңы қылаң,
Саңқылдап егіз туған екі қыран.
Ежелгі езген жауды талқан етіп,
Күн берген өшпес мәңгі саған, маған.

Сол күннің шуағымен сен де, мен де,
Жасарып, жаннаттанып кеттік демде.
Ленин ғасырының бұлбұлы боп,
Мінекей құрметтелдік туған елде.

Екеуміз жүйрік едік бастан өрен,
Дариясы ақындықтың түпсіз терең.



Өмірден үлес тиіп тұрған шақта,
Тасысын Ленин деп тағы да өлең!

1940

БІРІНШІ МАЙ

Қош келдің құттықтаймын, Бірінші май,
Жүрекке жылы тиіп, көңілге жай.
Жер гүлдеп, ұл мен қызым бұлде оранып,
Шат көңіл қуанышты жүзі шырай.

Тамаша сауық-сайран барсам қайда,
Сұлу ән, маржандай жыр жанға майда.
Дүбірге шыдамайтын кәрі тарлан,
Қосылып кетті, міне, Шашубай да.

Қай заман, мына заман – шаттық заман,
Шаттыққа масайраған барша адам.
Нұр шашып жер жүзіне беріп әсер,
Жұлдызы Кремльдің шұғылаланған.

Қай заман, мына заман – нұрлы заман,
Заманы Лениннің ұлы данам.
Сайратқан қартайғанда тоты құстай,
Арналад бүгін тағы жырым саған.

Май келсе жер жүзінде еңбекші тап,
Көрсетіп күш-жігерін түзейді сап.
Келгенде 75-ке көшпен бірге,
Мінеки, шықтым мен де туыңды ұстап.

1941

ЖАМБЫЛҒА

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Ақынмын атым шыққан жасырмаймын.
Жетпістің жетеуіне жетсем дағы,
Қалтырап, кәрілікке бас ұрмаймын.

Алдымда сіз отырсыз тоқсан бесте,
Жамбыл жоқ алған, сірә, тоқсанды еске.
Тоқсанды тобығына келтірмеген,
Жігітсіз әлі жап-жас жиырма бесте!

1941

ЖАУДЫ ЖЕҢБЕЙ, БАСЫЛМАН

Қызыл ерім қорғаған,
Еліме бақыт орнаған.
Гитлер деген сұмырай,
Шапты қанға тоймаған.
Қан құмарды жоюға,
Қылышпен басын қиюға,
Батырлар қару қайраған.

Алыстан тоят тілеген.
Қырандай көзі жайнаған,
Күркіреген күндей боп,
Төбесінен дұшпанның,
Нажағайдай ойнаған!
Жанталасқан дұшпанға,
Қарсы қару ұстауға,
Ыза кернеп бойымды,
Менің де қаным қайнаған.



* * *

Көктен түскен жасылдай,
Дабыл қаққан лашындай.
Түйілсем тас жарғандай,
Тұяғын жауға шаншыды-ай.
Сұңқардайын самғап ұшқанда,
Жау қарасын қашырғам.

Арандары ашылған,
Айуанға өмір бас ұрман,
Жауды жеңбей басылман!
Майданға ерлер соғысты,
Халқымның күші тоғысты.
Екпіні теңіз тасқындай,
Сарқырап кеп қосылған.
Токсан тоғыз арнадан,
Ашуы жауға басылмай,
Сөзі жайдың тасындай,
Төкті ақын Шашубай
Ерлерге жырын арнаған.


МЕН ДЕ КЕЛДІМ КӨМІРГЕ

I

Баласы Қошқарбайдың атым Шашым,
Кемшілік, кедейлікті көрген басым.
Тіл мен жақ халық алдында тынбай сайрап,
Жетпістің сегізіне шықты жасым.
Кемшілік, кедейліктің көрдім бәрін,
Көрмедім ол заманда өмір сәнін.
Болғалы қазақ – қазақ алыс дерек,
Адасып жол таба алмай жүрген ел ек,



Өмірге өзі бастап партиямыз,
Орнатты арқаға әкеп алтын терек,
Дегенім алтын терек – елім қазақ,
Қайта туып, дертінен болған азат.
Желісі – алтын, көгені – күміс түйме,
Іргелі ел, өрісі кең болды ғажап.
Түндігіме Лениннің туын байлап,
Толықсып толған айдай гүл-гүл жайнап!
Көсіліп іргем кеңіп, көлім шалқып,
Құрыштың құймасынан шықты қайнап.
Көк құшқан көлеңкелі шынарымның,
Ерте-кеш бұтағында бұлбұл сайрап,
Бірі боп он алтының отау тігіп,
Ел болдық Қазақстан алтын аймақ.
Осындай салтанатты бейбіт елдің,
Иесі атқа мирас жер мен кеннің,
Тал түсте тыныштығын бұза тиіп,
Алмақ боп абайсызда тартып жерін.
Жексұрын, дүниеге салған ылаң,
Тап берді іргеме кеп тарғыл жылан,
Талаушы ел мұрасын жылдап жиған.
Ол – фашист, ол – қанқұмар гитлершілдер,
Қолынан келмес тартып жерімді алмақ.
Халқымның қазынасына қолын салмақ.
Бетіне қоя берсең бейпіл жүріп,
Теп-тегіс дүниені жұтпақ жалмап.
Бүкіл ел жауға қарсы қылып қайрат,
Майданның керегінің бәрін сайлап.
Еңкейген қарт, ес білген баласы да,
Аттанды бес қаруын белге байлап.
Әулігіп өз бетімен келген итті,
Жауынгер қызыл әскер жатыр айдап.
Түбінде Сталинград соққы тиіп,
Мың-мыңдап жау өлігі қалды жайрап.




II

Кемеңгер көсем бізге қойды талап,
– Майданға көп өндірі деп қару-жарак.
Ел болып көсем сөзін естігенде,
Үйімде жата алмадым мен де қарап.
Тұрғанда басымызда сын сағаты,
Сілкінді қайта қозып ескі қайрат.
Қолымның ұшын берер қуатым бар,
Көмір сап, бір кісідей, қолға қайла ап.
Жас түгіл ұйқы кетті кемпір-шалдан.
Ұтылсақ бұл майданнан кетпес арман,
Қаперсіз, қамсыз жатсақ, қайрат қылмай,
Шын өмір қайтып келмес жақсы жалған.
Азаматтық борышын ақтап солар,
Көмірді майданға деп артық салған.
Кәдеге ассам, мені де көмірге сал.

1942

АМАНКЕЛДІ

Патшаның Ресейі еркін алып,
Көрмеді не қорлықты біздің халық.
Қанауда өмір бойы құлдықта өтіп,
Теңдікке жеткен жоқ па өліп-талып.
Би, болыс, қожа-молда, бай мен манап,
Өз елін патшаменен қоса талап.
Қайғы-мұң ауыр азап, шеккен қорлық,
Шыдатпай көтерілді қалың қазақ.
Қалың ел көтерілді ұран салып,
Шыдатпай жанға батқан жарасы анық.
Мұндайда жауға бастар батыр бар ма?
Қалың ел қалар онсыз ошарылып.



Сол кезде топты біреу шықты жарып,
Қолына екі жүзді семсер алып.
Мен – деді жауға бастар асқақ үнмен.
Осы еді Аманкелді Иманұлы,
Серпілем атын атап айтсам енді.
Қалдырмай тайлы-таяқ, кәрі мен жас,
Қалың ел қару алып соңынан ерді.
Атының Аманкелді тілін буды,
Қолға алып желбіреген қызыл туды.
Едіге, Қобыланды, Қамбар, Тарғын,
Исатай, Кенесары жолын қуды.
Ол емес елеуреген аңғал батыр,
Батырлыққа сай келген кемел ақыл
Бастаған бостандыққа туған елін,
Туына Лениннің жазып атын.
Ойлаған жастайынан елдің қамын,
Ел үшін тікті ажалға шыбын жанын.
Атойлап жауға тисе селдей-қылып,
Ағызды қас дұшпанның арам қанын,
Ен жатқан қалың қазақ арасында,
Еділ, Жайық, Жетісу саласында.
Азаттық туын тіккен желбіретіп,
Қазақтың байтақ жатқан даласында.
Отанын туған елін шексіз сүйген,
Сол үшін бір шыбындай жанын түйген.
Атырау, Алтай менен Еділ, Жайық,
Халқының батыры, деп басын иген.
Өлген жоқ әлі тірі Аманкелді.
Елінің батыр туған майдангері,
Айқаста неміс-фашисті қарақшымен,
Туғызды бейнесі оның талай ерді.
Қазақтың нелер батыр балалары,
Сықылды Аманкелді бабалары.
Атойлап жау қамалын ойран етіп,
Жайратып қас дұшпанды жаралады.



МӘЛІКПЕН КЕЗДЕСКЕНДЕ

Амансың ба, қарағым, балам Мәлік,
Дұшпанның ордасына ойран салып.
Ақтаған ана сүтін адал ұлым,
Бері келші, бір сүйейін алдыма алып.
Қош келдің, қарсы аламын Мәлік балам,
Едіге, Қобыланды сенің бабаң.
Амангелді батырдай топты жарған,
Риза туған елің бүгін саған.
Тіледім тілеуінді үйде жатып,
Қолыма гармонь алып, ән шырқатып,
Мың рахмет сүйікті партияма,
Бөленген мақтанышқа шарықтатып.

ҚОҢЫРАТ ПЕН БАЛҚАШ ЖАСТАРЫНЫҢ АЙТЫСЫН АШАРДАҒЫ СӨЗІ

Айбатынан ай бұққан
Айдынды алып еріміз.
Қайраттанса тау жыққан
Батырлардың еліміз.
Тұяғы бүтін тұлпарымыз,
Қанаты бүтін сұңқарымыз,
Шын асылдан тегіміз.
Ерегіскен дұшпанның
Құдіреті өзіміз.
Асфәһани ақ алмас,
Сермей жауға шапқанда,
Өмір мен өлім тайпалас,
Айқаса түсіп жатқанда.
Ер аузына бізді алды
Қолдай көр деп тар жерде.
Сыйынғандай сыйынса
Ер үмітін ақтадық.



Қолда десе қолдадық
Үйде тыныш жатпадық.
Біреу бер десе найзаны
Он ғып артық саптадық.
Ойыншы жас балалар да
Еңбек қып тыным алған жоқ.
Еңкейген кемпір шалдар да
Көмегін аяп қалған жоқ.
Майдандық батыр ұлдарым,
Жеңсін деп қас дұшпанын,
Сексенге келген мен-дағы
Сөз найзасын ұштадым.
Сайысқа түсіп әр жерде
Мысшы деген атыңды,
Көтеріп көкке ұстадым.
Қара алтынның ордасы –
Қарағанды былтыр кеп,
Жез бен мыстың қоймасы –
Кеше келіп діңкілдеп,
Тиісті кәрі тарланға
Бергенінді айт деп майданға.
Сонда кәрі тарланың,
Іркілген жоқ мүдіріп.
Шабысынан тынған жоқ,
Жығылған жоқ сүрініп.
Қалқып алып мысымды,
Алдына тарттым көл қылып,
Арқама таңып сендерді
Бойыма қуат әл қылып.
Майданда батыр салысса,
Отанның игі қамы үшін.
Тылда жігіт жарысса,
Елінің ұят-ары үшін.
Сексенде мен де айтыссам,
Өлген ердің қаны үшін.



Кемпір мен шал, бала үшін,
Өмірдің жарық таңы үшін.
Жігіт емен, бала емен,
Сақалыммен жалпылдап,
Аузымда бір тісім жоқ,
Сөз сөйлесем балпылдап,
Қашанғы сөйлей берермін
Тепсе темір үзейін,
Балқаштың мысшы ұлдары,
Соғыстың мына жылдағы
Жұмысыңды айтып тылдағы,
Шықсаңшы түге жарқылдап!
Өзара мінің қазысып,
Табысыңды айтып салысып,
Үдере шауып қарқындап,
Мені талай тыңдадың,
Мен де сені тыңдайын.
Мына топтың алдында
Сөйлеп бір жібер ұлдарым,
Ұлдарым мен қыздарым!

КӘРІ ҚҰДА

Ақ басты, өзім тұстас, кәрі құда,
Ақсақал, сыры ежелден кәні құда.
Басына бұлттан сәлде – шалма оранып,
Сықырлап келіп қапты тағы құда.

Қош кепсің ақ дуана зіркілдеген,
Демі аяз, күрсінсе, қар күрпілдеген.
Алдыңнан сексендегі құрбың шықты,
Өзіңмен сырласудан іркілмеген.

Майдандас серігім ең, қаһарман қыс,
Қонақ бол екі-үш айға, кел аттан түс!

Ширатып кәрі бойды, дем беріп кет,
Қайрат қос қайратыма, күшіме күш.

Елімнің жеңісіне ортақ достым,
Сондықтан сеніменен мәңгі доспын.
Қысылшаң, қиын-қыстау тар заманда
Сенімін ақтағандай болдың достым.

Қиратып қабырғасын бытырлатып,
Ойрандап ордасына ат ойнатып –
Сындырып жаудың белін талқан еттік.
Көк сүңгі жерге шым бойлатып.

Желкілдеп жеңіс туы шалқып көкке,
Батыста, шығыста да, төңіректе.
Әлемнің тыныштығын қамтама еттік,
Аққан қан, төгілген жас кетпей текке.

Бүгін мен домбырамды дүрілдетіп,
Соқтырып жеңіс жырын, күйін шертіп.
Құлаштап гармонымды ән шырқаймын,
Қосылып ақ түтекке шалқып, серпіп.

БАҚЫТТЫ ЗАМАН

Жыр бұлағын селдетіп,
Көсегемді көгертіп,
Жайрандатқан заманым,
Бақытты өмір сүргізіп,
Болат құсқа мінгізіп,
Сайрандатқан заманым.
Өнер-білім ордасы,
Өмірдің алуан олжасы.
Артып жатқан заманым,
Тынбай өсіп ер жеткен,



Қаркын қызу еңбекпен,
Думандатқан заманым.
Коммунизмге өрлеген,
Еңбек еткен ерлерім,
Құтты болсын қадамың!
Елімді алға бастаған,
Ленин туын ұстаған,
Партиямдай данышпан,
Даңқы артсын дананың.

1949

МЕН – ЖІГІТ

Келсем де дәл сексеннің сегізіне,
Бақыттың жүрмін жүзіп теңізінде.
Жігіттей жиырма бесте құлпырамын,
Советтік алтын заңның негізінде.
Елуден аса бере қонды бақыт,
Көрмеген ата-бабам өмірінде.
Ешқандай кір-қаяу жоқ бүгін менің,
Иненің жасуындай көңілімде.
Сондықтан мен білмеймін, кәрілік не?
Жығылу, сүріну не, жеңілу не?
Мен жігіт көңілім шат, өмірім бақ,
Сөзім бал, тілім майда, жырым бұлақ,
Осының барлығы үшін Октябрге
Мың алғыс күнде айтудан тынбайды жақ!

1952

КӨГЕРШІН

Көк көгершін, көгершін,
Көк кептер үшін, жем үшін,
Көк ала қалқан жамылып,



Көк шекпенін бөктеріп,
Ер жігіт жортар мал үшін.
Тең-тең үшін, тең үшін,
Тең құрбыдан кем үшін,
Талаптандым, талпындым
Шашубай ақын дер үшін.
Ағашты біз егеміз,
Жеміс үшін, жеу үшін,
Қыздың көркі құлпыда.
Жігіттің көркі жылқыда,
Жылқы қолдан кеткен соң,
Қызығы болмас күлкінің,
Жылқының сүті сары бал,
Ішетұғын ерлерге,
Қымыздан басқа бал бар ма?
Мінетұғын ерлерге,
Жылқыдан басқа мал бар ма?
Тілерсегі оқтаудай,
От басары отаудай,
Қабырғасы кең дала,
Халық орнаған жонсаудай.
От орнындай тұяқты,
Қиған қамыс құлақты,
Қидасын кәрі жілікті,
Сақ қояндай қабақты,
Сарымсақтай азулы,
Сарғайтамыз енді ұйқыны,
Салпы ерінді жылқы үшін!
Келбетіне қараса,
Омырауы даладай;
Әлпетіне қараса,
Сырлап соққан моладай;
Жан-жағына қараған,
Жал-құйрығын тараған,
Жолбарыстай жөн түзеген,



Аш күзендей бүгілген,
Ор киіктей жүгірген,
Табаны жалпақ тарлан боз,
Таңдап мінер ме екенмін?
Мынау кімнің қолы деп,
Ердің салған жолы деп,
Із қалдыра ма екенмін?
Жел-жел есер, жел есер,
Жер түбіне қарасаң,
Жекенменен тал өсер.
Оразды¹ елдің ұлы өсер,
Өрісінде мал өсер,
Бұлаң-бұлаң бұлаң сан,
Бұлаң санын ақ кесер;
Бұлықсыған жігіттің,
Көкейін бір жоқ кесер;
Түйенің көңілін тұз кесер,
Жігіттің көңілін қыз кесер,
Сақылдаған сары аяз,
Жылқының мойнын сол кесер.
Мына жатқан байлардың,
Айттырса бермес сұлуын,
Салбыратып сағағын,
Аппақ қылып тамағын,
Төгілдіріп шаштарын,
Қиылдырып қастарын,
Былқылдатып буынын,
Сылқылдатып жұлынын,
Томпайтып қана бұғағын,
Шаңлақ тартқан таңлайы,
Жарқыратып маңдайын,
Нәзік белін бүгілтіп,
Жібектей шашын төгілтіп,
Күйкентайдай көзін мұңайтып,
Еркін олжа қылар ма екенбіз?

¹ Оразды – шағатайша бақытты деген сөз.



Доңғалақ арба жүре алмас,
Қос арысы сынған соң;
Жігіт жақсы бола алмас,
Қосағы жаман болған соң;
Қос-қос орда, қос орда,
Қосылып қонбас малдан соң;
Қоспақ өркеш сары атан,
Қом жасамас майдан соң.
Ел ішінде жоқ болсаң,
Мін табылар бойыңа.
Көп ішінде аз болсаң,
Қайғы түсер ойыңа.
Балпаң-балпаң басарсың,
Басуға табан шыдаса.
Ертеңді-кеш құярсың,
Құюға сабаң шыдаса.
Қызыл алмас жан қияр,
Қызыл талға қынаса.
Жол болмасқа немене,
Тарығып шын жыласа,
Мал бітпеске немене,
Жігіт жанды бұласа,
Ел шетіне жау келсе,
Алдына шар-дау келсе,
Бұлықсыған байлардың
Баласын сонда сынаса!
Ей, жігіттер, жігіттер!
Қару алсаң мылтық ал,
Жаяу жүрсең таяғың,
Қарның ашса тамағың,
Қазір Меке алдында,
Мекеге барып нетесің?
Бата берсе ата-анаң,
Үйде отырып Мекеге,
Іздемей-ақ жетесің.



Жел жағыңда пананды,
Ық жағыңда қалаңды,
Сыйлағын ата-ананды,
Қару қыл да қатын ал,
Сыйласатын жарамды.
Мінезіне көңілің тоймайды,
Артыңда қалса жесір боп,
Мұңайтып ешкім қоймайды.
Қатын алсаң, сұлуды ал,
Артыңда қалса, кім алмас,
Артуға жыйсаң, түйе жый,
Көшкен күні әйелің,
Жүгін тиеп жөнелсе,
Төмен қарап мұңаймас.
Сауынға жыйсаң, жылқы жый,
Үш тоқсан болмай суалмас,
Малды жыйсаң, қой жиғын,
Майың кетпес шарадан,
Ит асырасаң, сырттан асыра
Қасқырға қой бермес қорадан.
Көл суалса, суалмас –
Қоғалы көлдің жекені.
Көпшілікке белгілі,
Кімнің жақсы, жаманы.
Жел тұрғанда саулайды,
Сарыарқаның бөкені.
Адал туған балалар,
Ата-анандай таппассың,
Іздеп барып Мекені,
Мекені үш айналсаң,
Таба алмассың сонда да
Ата-анандай мекенді!

* * *

Ауыр алдырмайды,
Жеңіл озбайды,

Темір тозбайды,
Тентек кісі оңбайды,
Тілімді мүдіртпе,
Тіземді бүгілтпе;
Арымақ, семірмек көңілден,
Темір балқиды көмірден.
Қозы баққан кемшілік –
Шығады енді ойымнан,
Сауыт кетпес бойымнан,
Сұлу кетпес қойнымнан!
Жал-құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз,
Арзан малға қызығып,
Тексізден қыз алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Ер мінер ат тумас!
Тексізден қыз алсаңыз,
Жаудан кек алып беретін,
Жақсы болып ұл тумас!
Ит құтырса, иесін қабады,
Ақымақ бай құтырса,
Балаға қамшы салады.
Баланың көңілі қалады.
Бала қолдан шығады,
Таңдап атқа мінеді,
Қолына найза іледі,
Қайта келіп алтауың,
Ойран салып шабады,
Кегін сүйтіп алады,
Сарыарқаға Шашубай
Енді қашан барады?

1898–1910 жылдар



НАУРЫЗБАЙДЫҢ ӨЛЕРДЕГІ СӨЗІ

Кейбіреу ақылға бай, малға жарлы,
Малға бай кейбіреулер, басқа жарлы.
Қабағын жабырқамас, қарның ашпас,
Денің сау, ғанибетті болсаң арлы.

Қарны тоқ кей адамның қайраты көп,
Күн көрер қайратымен еңбегін жеп.
Мүлкінен опа көрмей кейбір адам
Әр іске талап қылар денсаулық деп.

Кейбіреу малға да бай, басқа да сай,
Ұл тентек, қатын шайпау, көңіл бей-жай.
Армансыз, қайда барсаң, жан көрмейсің,
Әуелде жаратқан ба тағдыр солай?
Алданыш азғантай күн қатын, балаң,
Асырауға соларды көңіл алаң.
Басыңа не болашақ келмей қалмас,
Басынан сақтанарсың болса санаң.

Кеудеде жан – балапан ұядағы,
Пенденің жалғыз жаны тыянағы,
Жас өмір, жақсы дәурен қайтып келмес,
Сұңқардай ұшса қолдан қиядағы.
Ми толық, ақыл зерек, ұқса құлақ,
Тіл шешен, көмей көсем, көзің қырақ.
Қол шебер, аяқ епті болғанменен
Жүріңіз денсаулықты түзу сұрап.

Ақку жалғыз оттамас,
Қара нар қабырғалы қолын жоқтамас,
Ақсұңқар торға түссе де
Қанат, құйрығын шалдырмас.
Сыздық, Жаппар екі інім



Тірі жүрсе дүниеде
Дұшпанға кегін алдырмас.
Жауға сырын білдірмес.
Қарсыласқан дұшпанды,
Қан жылатпай күлдірмес,
Тасты басса кетілед,
Сазды басса жетілед
Арыстан ағаң Наурызбай
Тұйғын боп қолдан ұшты,
Тұғыры сынып жерге түсті,
Қош, есен бол, шырақтарым,
Кешегі өткен атаң Абылай да
Көріп өткен мұндай істі.

НАУРЫЗБАЙДЫҢ САРЖАНДЫ ЖОҚТАП ШЫҒАРҒАНЫ

Қасарласар қасартқан
Алпыс нарға қос артқан.
Ержан шықты ұрысқа,
Қосым шықты жұмысқа,
Ақтайлақ шықты Наршадан,
Құтыным шықты Боршадан,
Абылай шықты Абақтан,
Үрістем шықты Тарақтан,
Қоңқа шықты қалмақтан,
Қорғасын шықты салмақтан,
Арғыннан шықты Ағыбай,
Ыстыдан шықты Бұғыбай,
Төребай мен Жөңкебай,
Бұғыбай басшы қайда деп,
Іздеп келді артынан
Кенесары, Наурызбай.
– Ей, Бұғыбай, Бұғыбай!
Қол қамалды жол таппай,
Мәнісін айтшы, бұл қалай?



Әсте көңілім тоқталмас
Қырғызды қыра бір шаппай.
Кене ағам қырғызды өрлеген,
Өрлесе де дүниеде
Қызық көріп жүрмеген.
Атасы басқа қырғызға
Өз жабдығы кеткен соң,
Жанын қинап өлмеген.
Саржан болса қасымда,
Ақауыз болса астымда,
Атасы басқа қырғыздың
Болар ма едім, дариға-ай,
Тараң жерде олжасы.

СӘРІНЖІП

Бөкей де Бөкей деседі,
Дабысың желдей еседі,
Асылды қиып кеседі,
Шиленгенді шешеді.
Ақсақалдар жиылып,
Сізге барғын деседі.
Тағы да Бөкей ханымыз,
Жалғыз еді жанымыз.
Жылап-сықтап барады,
Биыл да түскен жарымыз.
Есіз қалып барады,
Тоғай толған малымыз.
Еңіреп-жылап барады,
Кемпір менен шалымыз.
Қанша мүлік берейін,
Тарту қылып алыңыз,
Бес жорға ат берейін,
Губернатор Бабаққа
Тарту қылып салыңыз.



Бұған да көңілі толмаса,
Ахиреттің күнінде
Өкіл бала қылыңыз,
Өкіл ата болыңыз,
Алтыннан болсын тағыңыз,
Қырық екі шартарап
Жұмақта болсын жаныңыз!
Бөкей атың қойылып
Әбден сұлтан болыңыз.

* * *

Есіктің алды арбады-ай
Арбаға қонған қарғады-ай,
Жалғыз жауға көз салып,
Айтқанына болмады-ай.
Күйінгеннен жас бала
Отыра қалып қарғанды ай:
– Хан емессің ...
Түйеден кәрі маясың,
Уағдаңнан таясың,
Озбырлығың қоймасаң,
Қаңғырып барып түбінде
Біреудің малын жаярсың!

ТЕЗЕК ТӨРЕНІҢ СӨЗІ

Алатау, аман болғын қарыңменен,
Қаратай, аман болғын тарыңменен,
Келін-кепшік, есен бол, құрбы-құрдас,
Күліп, ойнап жүретін барыңменен.

* * *

Қосағаш, аман болғын жердің мүлкі,
Болар ма баяғыдай ойын-күлкі?



Ит жүгіртіп, құс салған, қайран елім,
Таудағы сен де аман бол, қасқыр, түлкі.

* * *

Қосағаш, аман болғын, үш кер бұлақ,
Ояз үйге кіруші ед рұқсат сұрап,
Құсмұрын, аман болғын, Қаракемер,
Қалмаған тоқты қысыр, шыбыш-лақ.

* * *

Абылайдың тұқымы Тезек едім,
Бір күнде ел тонаған кезеп едім.
Жандарал, губернатор бас қосқанда,
Алдында қызыл тілді безеп едім.

* * *

Атандым төрт дулатқа төре Тезек,
Кіруші ем жандаралға тілді безеп.
Патшаның құрығы ұзын, кіріптар боп,
Айдай ма үш-төрт солдат кезек-кезек?

* * *

Айдалатын болды ма хан Тезегі?
Мінгенім Болат ханның сұр көжегі.
Бойыма тірі адамды теңгермеуші ем,
Әр істің бұ да болса бір кезегі.

* * *

Амандасып кетейін алғаныма,
Алланың кім көнбейді салғанына,
Абылайдың тұқымы алған жарым,
Артымда еңіреп-жылап қалғаның ба?

* * *

Атамның көтере көр үлкен аруақ,
Төрт дулатқа жетіп ед бектік пен бақ,
Ақ туы Абылайдың жығылмаса,
Келермін елі-жұртым кешікпей-ақ.



* * *

Естимін Ертiс басы анау өзен,
Алатау асу жатқан тайғақ кезең,
Дүниенің төрт бұрышын болжап бiлсем,
Жер үстiнде бар екен жетi өзен.

* * *

Ақешкi, Алажиде ағар саймен,
Жауырлы, Шұбарайғыр жаңылмаймын.
Бiр су бар тоқтауы жоқ естiп жүрмiн
Қарт Едiл Ертiс бойы бұланаймын.

* * *

Ақешкi, Алажиде, Шұбарайғыр,
Жөңкенiң бие сыймас жолы қиғаш,
Көшкентал, Кеукембұлақ, Шешенқара,
Үштөбе, Сарыбұлақ, Қызылағаш.

* * *

Төрт дулат, қайран жұртым сәлемет бол,
Тiрi келсем көрермiн тағы да сол.
Дәуiтәлi, Сүйiмбай қасымдағы,
Жолдас едiң, сендер де тiлеуқор бол!

* * *

Айдалсам, барар жерiм Қара теңiз,
Ел-жұрттың күтуiмен көңiлiм семiз.
Он екi ата Жалайыр, он сан Дулат,
Сұраған барша жанға сәлем деңiз!

КӨБЕЙЕ БЕРСiН МОЛИБДЕН

*Молибден фабрикасындағы
Байтемировтың сменасына арнаймын*

Үздiк шауып жүлде алған,
Айда, аптада, күнде алған.



Отан үшін, ел үшін
Күресте бекіп шыңдалған.
Талай-талай батырлар –
Бізде де сондай батыр бар.
Гармоньға қоссам оларды,
Кәрі таңдай тақылдар.
Соның бірі Шынарбек,
Бәйгеден салмай тұрған кеп.
Тауып қойғын атын да,
Болаттай мықты «Шынар» деп.
Бізден сауыт кисін деп,
Тайсалмай жауға тисін деп,
Қимылдаса Шынарбек
Дос түгіл қас сүйінбек.
Сүйінбеске немене,
Мақтамауға келе ме,
Еңбекте істеп ерлікті
Көрсеткен соң өнеге.
Жырласам оны термелеп,
Гармоньға қосып пернелеп.
Кәрілікке қарамай,
Дауысым шырқап өрлемек.
Көбейе берсін молибден,
Қосылып болат, темірмен.
Әскерлер киіп көк сауыт.
Ұмтылсын жауға сеніммен!..

ЕЛІМНІҢ АЯРЫ ЖОҚ, МАЙДАН, СЕНЕН

Бұйрығын қолбасшының естігенде,
Таралған Москвадан барлық жерге.
Қосылып дауысына зеңбіректің,
Гармоньды қолға аламын безеп мен де.

Маршалдар Жуков, Конев тізе қосып,
Арттан қуғын алдынан жолын тосып.
Дұшпанға тыныс бермей, ес жиғызбай,
Барады қанға бояп қызыл жосық.

Тағы да радио берді хабар,
Естісем әр сөзіне мейірім қанар.
Өзеннен Прут деген орғып өтіп,
Бұзды деп қызыл ерлер жаңа қамал!

Елімнің аяры жоқ, майдан, сенен –
Жабдықтайды керектің бәріменен.
Дүбірге еңбектегі үн қосамын,
Көрсетіп мен де құрмет өлеңменен.

МЫСҚА ТОЛСЫН ШЕҢГЕЛІМ

Мысқа бөккен сұр тасты
Сүрелеп алған тереңнен.
Жер қоймасын қопарып,
Жұла тартып жөнелген.
Үгіп ұнтақ үн қылып
Ағызып тасын өзенмен.
Қалқып алып сар мысын,
Ен байлыққа кенелген.
Үлде менен бүлдеге
Шаш етектен бөленген.
Екіталай күндерде
Жау менен күш шенелген.
Мысын артып майданға,
Тура тартып жөнелген.
Аты шулы Балқаштың
Ұлы-қызы сенен мен.
Тағы бір қолқа сұраймын,



Бересің бе, берен ер.
Ата көршің ежелгі,
Мыс қоймасы Жезқазған.
Сол Жездінің ақыны
Болман маған хат жазған.
– Мыс алыбы Балқаштың
Қолтумасы Шашубай.
Сенімен бір айтыспай
Көңіл тұр деп басылмай.
Өктем-өктем сөйлейді
Сөзі сайдың тасындай!
Уа, Балқаштың, ұл-қызы,
Мен көне көпті көргемін.
Ақынсынған талайды,
Әшкере топ алдында,
Шарпысқан сөзде жеңгемін.
Халқым қуат бергенде,
Шаршы топта сан рет,
Жүлде алып, бұлаң желгемін.
«Жеңілме, Шашым» десеңдер –
Мысты сең ғып ағызып,
Үдетіп қарқынды өрлегін,
Осы болсын бергенің.
Аузым сөзге толғанда,
Мысқа толсын шеңгелім.
Саған мақтан емес пе,
Өз Балқашың атынан
Қарсыласқан ақынды
Сайысқанда жеңгенім?!





МОНФАУНАР






ТОЛҒАУ


Құздан құйған бұлақтай,
Шапшытып жырды көмейден.
Толқытып күйді сынаптай,
Маржандай сұлу өлеңмен.
Елімді жырға бөлейін,
Теріп алып тағы да,
Сөз асылын тереңнен.
Ұлыстың ұлы күнінде,
Немді аяймын сенен мен.
Жүрегім бірге соғады
Партиямдай беренмен.
Сондықтан да әрқашан,
Көтерген елдің еңсесін
Мәшһүрмін жұртқа ежелден,
Түр құлақты әлеумет.
Гармонымды құлаштап,
Жыр маржанын төгем мен.
Тас болаттан салынған
Мұнаралы қорғандай,
Социалистік еліме
Әлемге тұлға болғандай.
Ана жолы жау шапты
Көзіне қан толғандай.
Болаттай берік іргеме
Жезтырнақ салды саусағын.



Еңіретіп елінді
Табаныма жаншамын.
Қақыратып қалаңды,
Арқыратып далаңды,
Жылатып қатын-балаңды,
Деп найзаңды шаншамын.
Қазақ, қырғыз, орысқа,
Украин, белорусқа
Қожа қылып қоям деп,
Фашист деген найсабын!
Сөйтіп фашист сұмырай,
Қапылыста тұтқиыл
Украинға шап берді.
Өте салып одан да,
Москваға тап берді.
Оқ бүркіп Ленинградқа
Сталинградқа лап берді.
«Жеңілмейді фашист» деп,
Дабылды сұмдар қақты енді.
Жеңілмен деген ешкімнен
Баязит те жеңілген,
Ақсақ барыс Темірден.
Темір қашан өтіп ед,
Арқыраған Еділден.
Жеңіліс тауып безінген
Наполеон өмірден.
Ұлы орыс халқымен
Арбасқандай талай жау –
Беттей алмай шегінген.
Тайсалма деп қолбасшы,
Жар салды сонда Кремльден.
Сұмырайдың немістің
Орнынан ойы шықпады.
Миллион халық, алуан ұлт,




Именіп қабақ шытпады.
Күреске жабдық жасады,
Ат тұрманын сақтады.
Қарсы шапты қасқайып,
Жасқанып жаудан ықпады.
Рүстем, Ғалы қаһарман
Батыр дегендеріміз.
Ақсақ Темір, Шыңғыс хан
Наполеондеріңіз
Астарда болмай қап қойды,
Алысқанда дұшпанмен,
Біздің батыр еріміз.
Тұмсыққа ұрған иттейін,
Желкелеп Отан төрінен.
Қанын судай ағызып,
Кавказдың таулы жерінен
Ленинградтан жөнелтіп
Неміс финдерімен
Түріп шықты қызыл ер,
Қол ұстасып кеңестің,
Миллион деген елімен.
Байтақ өлке кең дала,
Қасиетті жеріміз.
Ойнақ етіп қоймадық
Жын-сайтанға сені біз.
Ұлтарақтай жер үшін,
Тостағандай төбе үшін,
Жылаған қатын-баланың
Кемпір-шал, ата-ананың
Кеудедегі кегі үшін.
Жүрегін ту ғып ұстады.
Қаһарман қызыл еріміз
Қалың қайрат, қайсар күш.
Намыс, ыза – кегіміз.



Талқан етпей қоймады,
Бұздық жаудың шебін біз.
Бұзып қана қоймадық –
Бір жолата тазарттық,
Күш қосып қалың еліміз.
Кеше фашист дүзқара
Қара албасты қанқұйлы
Өлім егіп көп жерге
Өлімтік етіп, қан құйды.
Европаның көп жұрты,
Зар иледі, қаңғырды.
Табанында ед немістің –
Румын, болгар, фин жұрты.
Сүліктей сорып оны да,
Фашистің жайлап қыл құрты.
Қолжаулық қылып біресе,
Біресе шокпар еткен-ді.
Тұрса, ұрып тірсекке,
Отырса, басқа тепкен-ді.
Жауынгер Қызыл Армия
Бостандық таңын атырып,
Азаттық нұрын септі енді.
Поляк, венгер, словак
Чех жұртының шегінде
Әбжыланның ордасы
Пруссияның өзінде.
Кескілескен қатты ұрыс
Болып жатыр бұ күнде.
Жарқырап таң атады,
Оған да ертең, бүгін бе.
Асқақтаған есірік
Кемерге келді кептелді:
Алдында көр, артында ор –
Жан-жағы жар, құрған тор.



Бұрылуға жоқ енді.
Дауыл мен оттан жаралып,
Өр болып өскен ерлерім.
Әлемге атың таралып,
Шын қияға өрледің.
Майдан мен тыл тұтасып,
Егескенде бермедің.
Октябрьдің ұрпағы –
Қыздарым мен ұлдарым!
Толып жатыр кеудемде
Сендерге деген жырларым.
Сен туған күнді бүгінгі
Тағы да талай жырлармын.
Бірақ қазір айтарым:
Әлі күрес тынған жоқ.
Жаралы неміс айуаны,
Әлі тағзым қылған жоқ.
Ендеше елдің егейтөс
Ұлы мен қызы – батыры!
Шашубайдың тойда ұлы,
Сендерге берер ақылы:
Тылдағың тынбай еңбек қыл,
Майдандағы ер үшін!
Майдандағы қыз бен ұл
Күшейте бер соққыны.



ШАШУБАЙ МЕН БОЛМАН

1946 жылы 23 май күні Балқаш қаласында халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың 100 жасқа толу мерекесіне орай мыс заводының Орталық жұмысшылар клубында Шашубай мен Болманның толғаулары тыңдалды.

Ш а ш у б а й :

Жез таңдай мен қазақтың Шашубайы,
Кіреді сөйлеп кетсем сөз шырайы.
Жамбылмен үзеңгілес сұңғыламын,
Саңлақ деп үкілеген ел шынайы.

Жүйрік жоқ бұл жасымда менен озған
Бәйгіге сан сәйгүлік мойнын созған.
Ұмтыла қапталдасып сермегенде,
Бүйірім қызып кетіп арқам қозған.

Үш жүздің ақындары жарысқанда,
Салмақтап тіл өнерін салысқанда.
Жырауға жүлде беріп көргенім жоқ,
Қадаймын жыр найзасын алысқанға.

Шырқасам Алатаудың өріндеймін,
Арқаның аңқылдаған желіндеймін.
Толқысам жырмен тасып кем дегенде –
Балқаштың шалқып жатқан көліндеймін.

Бір кезде ай тұлданып шалқалаған,
Ел мұңын таудан ауыр арқалаған.
Сол елдің аруағы қолдаған соң,
Күн сайын сабылуды қолқалағам.



Мен үшін әуелден-ақ өлең майдан,
Өлеңмен ел жауына салғам ойран.
Саңқылдап әнмен қанат жайғанымда,
Тыңдаған Үйсін, Тама, Арғын, Найман.

Жазы жау, қысында жұт қалтыраған,
Дәрмені от басынан артылмаған.
Кешегі елдің жайын есіме алсам,
Өр даусым күрмеледі саңқылдаған.

Мал түгіл билігі жоқ бір басында
Өлкенің тақыры мен қырқасында.
Сандалған тұл халықтың қамын ойлап,
Домбыра ұстағамын он жасымда.

Шортанбай, Шөжелердің ізін басып,
Қазған ор, нелер қиын белден асып,
Баяндап батырлардың хикаясын,
Көңілді көтереміз қалған жасып.

Қанымды тамызық қып жандырғамын,
Таңбалап сұмның есін тандырғамын.
Ту етіп жүрегімді қолыма ұстап,
Қатардан қажығанды қалдырмадым.

Шерліні әзіл айтып күлдіргемін,
Асқақтың арам ойын бүлдіргемін.
Қалайша мен жабырқау жабы болам,
Деген соң ел ардақтап дүлдүл көгім.

Қай күнде, айтшы жұртым, аялдап ем,
Елуге таң алдында таянған ем.
Жарық күн Октябрьде тумағанда,
Жақындап болдыруға аяңдап ем.

Лениннің партиясы күдіретті,
Халыққа шапағатты нұрын төкті.
Данасы даналардың Ұлы Ленин
Жанымыз мәңгі бақыт гүлін екті.

Сілкінді жансыз дала жатқан көлбеп
Кеудесін қаһармандай қуат кернеп.
Азат ел өсіп-өсіп, өрлеген соң,
Лепіре тасқындады жырым селдеп.

Жарыста ел намысын тілмен қайрап,
Арқадан саңқылдадым тынбай сайрап.
Тас түйін миллион қол жұмылған соң,
Қазаны зор еңбектің қызды қайнап.

Күшіме жер исініп алтын атты,
Бау-бақша сан тақырдың бетін жапты.
Күннен күн қуаттанған Қазақстан
Ноқталап нажағайдың нұрын жақты.

Өлшеусіз жігіт жаста меңгергенім,
Қиырды болат жолмен шеңберледім.
Гүілдеп самұрықпен көкке шығып,
Еңсеме асқарларды теңгермедім.

Құрышпен құндақталған іргем берік,
Бойыма бірдей бітті бақ пен көрік.
Сан түрлі байлығымның есебі жоқ
Отырсың өздерің де көзбен көріп.

Тажалға ажал болған батыр жүрек,
Мәдідей, маған біткен балғын білек.
Қаһарман шеттерінен ұл мен қызым.
Қиядан тоят болған күнде тілеп.



Саналы біздің елдің кәрі-жасы,
Данышпан Лениннің замандасы
Көсемнің саясында қол ұстасқан
Қазақтың бар Ресей бауырласы.

Арқадан Алатауға жайған құлаш,
Алыптар сонау Жезді, мынау Балқаш.
Орыстай үлкен аға қолдауымен
Құба жон, бетпақ шөлдер көтерді бас.

Жұртымның арқау болған арысына,
Орасан сан жетпейді табысына.
Кезекпен үніңді қос ақын Болман
Еліңнің даңқы менен дабысына.


Б о л м а н :

Ақын ба, ал дегенде арындамай.
Балқыған қызыл мысша жалындамай.
Күй баптап ән шырқайды күн туғанда,
Тұрар ма сергек тұйғын дабылдамай.

Өлеңім өмір серік бала жастан,
Тұлпармын сүрінбеген қия тастан.
Атақты Жезқазғанның тілмарымын,
Өнерлі дәстүрімен үлгі шашқан.

Айғағы бір ғасырдың ұлы Жамбыл.
Жаудырған ен далаға жырдан жаңбыр.
Жүз жылда бір мүдірмей сайрап өтті.
Туар ма ондай енді дүлдір даңғыл.

Мен-дағы Жамбыл сүйген елді сүйем,
Жырлаған бұлбұл Жәкем ерді сүйем.



Мәңгілік халықтардың достығы мен
Ұлы Отан орналасқан жерді сүйем.

Мен дағы жаршысымын партияның,
Ел үшін керек болса жан қиямын.
Жұртымның елдігі мен ерлігіне.
Мақтансам асқар таудай шалқиямын.

Ал тыңда, көп әлеумет, көсілейін,
Ағытып жыр тиегін шешілейін.
Бейнелеп бір аз ғана өз тұлғасын,
Жеңімпаз жұрттың көңілін өсірейін.

Бар әлем жүзін көрген айнадайын,
Советтің аруағынан аймалайын.
Ұрпағы Қазақстан қамал бұзған
Ержүрек ұл қызынан айналайын.

Ізгілік бойға сіңген ескі салтын,
Жауынгер ерте бастан қазақ халқым.
Кешегі қан жосыған сұрапылда
Әлемге кетті тарап ерлік даңқын.

Кең далам қазыналы болса қандай
Ерлерім айбынды екен арыстандай.
Бұл күнде, бүкіл Одақ дәріптейді
– Ақ пейіл, дарқан жұрт деп қазақ сондай.

Қисап жоқ байлығында асқар белмін.
Төлеген сан қиырдан асқан елмін.
Әйгілі жер жүзіне Жезқазғаным,
Бәрінен бойы биік басқа жердің.

Сәулетті Қазақстан орда болса,
Ой-қыры не ғажайып кенге толса.



Одақтың мыс босаға қоймасымын,
Алтындай өзегі бар бетін жонса.
Жеріміз тасы гауһар, суы шарап,
Байлығым төңірекке жатыр тарап.

Ашқарақ ағылшынның қорқауы да
Жырымдап дәулетімнен көрген жалап.
Тек қана большевиктер ұқсатқан соң,
Көркейіп, көріктенді алтын алап.

Жүрегі Қазақстан – Қарағанды.
Сол жерден бойыма қан тараған-ды.
Никополь жау қолында қалған кезде,
Майданды жабдықтауға жараған-ды.

Сай келген бар кәдеге менің мысым,
Қолдаған батырларды қайрат күшім:
Жезбенен құндақталған күрзілердің
Бергенді Қазақстан төрттен үшін.

Жеңіс пен игі табыс жүрген жолым,
Көздеген сан мақсатқа жетті қолым.
Бұрынғы құлазыған шөл даланың
Төрінен төрт алыбым алған орын
Сарқылмас асыл қорын төгіп жатыр,
Қарсақбай, Кеңгір, Жезді, Байқоңырым.

Машина үйдей тасты күл ғып шайнап,
Ерлерім еңбек еткен оқпен ойнап.
Будақтап Қарсақбай да жалын атқан
Өр кеуде үш мұнара көкке бойлап.

Тасқындап осылардың аңғарынан
Күрең мыс көбік шаша жатыр қайнап.

Күніне құрыш құйған сансыз батпан,
Күші артық сегіз жүз мың жеккен аттан.

Дәулердің күші қандай десеңізші,
Аймақты жеті күндік жарқыратқан.
Жезқазған кенге де бай, малға да бай
Орасан дәулетіне елдігі сай.

Ұшырған сан қыранды бір қиямын,
Даңқыма ұрпағымның ерлігі сай.
Ақылды дариядай Қаныш ғалым
Атағы Алатаудай жұртқа мәлім.

Білімнің тереңіне сүңги бойлап,
Ойлаған жастайынан елдің қамын.
Сан кеннің жерімдегі көзін тауып,
Көмірін, марганец, жезін тауып.

Қанышым берген еді қысталаңда,
Ажал боп жау басына тұрды жауып.
Жасалды менің берген құрышымнан
Ақ берен, болат қалқан – саны сауыт!

Ұстасаң жұдырықтай кеннің тасын,
Күшінен бір қолыңның келер басым.
Адамның арыстаны Балмұқаным,
Күніне копарады жүз тоннасын.

Қос дүлдүл Ақшалов пен ол екеуі,
Атқарған онның ісін әрбіреуі.
Солардың жер астында дүбірінен
Солкылдап қозғалады арқа белі.

Қазандай қара тасты қалған қатып,
Батырым Ахметов борша уатып,



Күрзімен он бес пұттық періп кетсе,
Шашырап от шығады аспанға атып.

Сом білек Тасбергенов бір боян ер,
Балқытып ағызғанда құрыштан сел.
Батырға, отпен ойнап жалын құшқан
Таңырқап таңдай қағып, тамсанған ел.

Маңына мәшһүр болып даңқы кеткен,
Талайды кәрі тарлан басып өткен.
Орденді Дәуренбек қарт бір сағатта
Жақпар тас көмірінді талқан еткен.

Жастардың шахтасында Қызыл Тулы
Бастық боп Тәжбенов жүр аты шулы:
Әр іске мындап жасты жетілдірген,
Ұстазы шеберлердің сегіз қырлы.

Қан кешкен қабырғадан, тебіннен тер.
Белдесіп айқасқанда жауменен ел.
Жездіден әлде неше батыр шықты.
Дегізіп қазақ халқын жауынгер ел.

Алысқан сұрапылда жойқын күшпен,
Қаны бір тізе қосып ұлы орыспен.
Әліпбек Жәпебаев, Шақановтар
Берлинге Жеңіс туын бір тігіскен.
Елінің ақ батасын ақтап олар,
Қанқұйлы кегін алды сұм немістен.

Ш а ш у б а й :

Құлан жал, күдіс белес, бұлғын түкті.
Қыртысты, ала майлы, жұрты құтты.

Кенді өзек Сарыарқама Қарағанды
Өлкемде кен ордасын бұрын тікті.
Шу, Жайық, Еділ, Ертіс, Сыр бойында
Кім бұдан кенге орда боп үздік шықты.
Қандырған жұрттың шөлін қара саба,
Атағы Алатаудан аласа ма!
Шоқтығы менен биік бола алмайды,
Кім айға азу тісін баласа да
Жасауы мыс, молибден, күміс, болат
Бұл қара шаңыраққа таласа ма.
Құт құйған қыдыр дарып құнарлы жер.
Шайлаған шелі қалың шұрайлы жер.
Іші алтын, сырты күміс – уыз емшек
Құлпырған масатыдан шырайлы жер.

Аймақта тайталасар теңдесі жоқ,
Шынайы асқан күштің бейнесі боп.
Астасып көкжиекпен жатыр Балқаш,
Асқар құз, не биіктің шендесі боп.

Паш етіп жер – жаһанға қазақ жерін,
Елімнің айтулы бір кеудесі боп.
Өлкемін Бүкілодақ мақтан еткен,
Деп мұның Отанына бермесі жоқ.

Қан жылап зар еткенге түйсінбеген,
Шөл Балқаш өмірде бір исінбеген.
Ақтарып қазынасын жатыр бүгін
Ұсынып молибденін мысыменен.

Шіреніп қыр басында жеке батыр,
Іргемді жезбен күптеп Жездім жатыр.
Баурайы марганец, көмір кені,
Бір өзі асқар тау боп мыңға татыр.



Ойнақтап бұлт, соқса да дауыл гулеп,
Сапырып мұз мұхитты, тауды сүйреп
Түндігін желп еткізбес Теміртау тұр,
Бекіткен қара орданы болат діңгек.

Апай төс, жуан құрсақ зордың зоры.
Сарқылмас Қоңыратта кеннің қоры.
Бойында алуан асыл қазына бар.
Елімде қасиетті жердің сойы.


Кесек бір көрсеткендей шын тұлғамды,
Ақшатау ағышулы қол тумамды.
Сұқтанып әлем тегіс қарап отыр.
Құнарлы қорлы алқап деп вольфрамды.

Өр кеуде заңғар қия Қарағандым,
Әлемге сол қиядан қарағанмын.
Жауыздық ізгілікке шүйілгенде,
Құрышпен ел кеудесін орағанмын.

Ашуы от, қаһары мұз, демі жалын,
Майданның не тілесе қалағанын.
Іркусіз алып барып беріп тұрдым,
Қорқаудың ағызсын деп қара қанын.

Ұйысқан қажырлы күш қалың қайрат
Майданда ер намысын кекке қайрап,
Қаһарман Үрістем мен Дастандарға
Тынымсыз асфәһани қару сайлап.

Оңымда, солымда да, алды-артымда
Еңбектің тай қазаны жатты қайнап.
Атандай сұр тастарды мысқа бөккен,
Жездімде Аймұханов сығып шайнап.



Балқашта аты шулы Әлімжанов
Майданға жүздеп вагон мысын айдап,
Құрыштың күдіреті Теміртауда
Қыздырып қызыл ошақ фашиске арнап.

Майданға он қолымен беріп тұрды,
Еңбектің батырлары гүл-гүл жайнап.
Күн күйіп, ай тұтылып, жұлдыз ағып,
Түскендей аспан сынып жерге жанып.

Жұмыр жер қуырылып, қуырдақ боп,
Зеңбірек от шашқанда буырқанып.
Қияға заңғар биік ұялаған.
Не қиын күз бен шыңды қиялаған.

Қырымнан аю көрсе тарпа басар
Нүркенім дауылпазым бала қыран:
Арқадан қан майданға тілеп ұшып
Тобына қас жауының жай боп түсіп.

Үйірін озбырлардың жіберді өртеп,
Жемтігі жатпасын деп жерде ыбырсып.
Қаһарлы қанды кекпен қанат жайып,
Нұржанов, Біреуісов, Мамыраев.

Ақырып арыстандай ұмтылғанда,
Мыңдаған қаныпезер болған майып.
Қиратып жендеттердің шаңырағын,
Көрсетті аса қайрат ерге лайық.

Отанның күш-қуатын зорайтуға
Жұмылды жаппай одақ туысқаным.
Төрт аттап бес белестен асу үшін
Қызулы ұлы дүбір жарыстамын.



Б о л м а н :

Бойында алуан асыл ғажап кен көп,
Кеудесін кең өлкемнің жатыр кернеп.
Жеңістің көктемінде толқындаса
Мыс – өзен, күміс – бұлақ, көмір көл боп,
Бес жылда құт қорына құйылады
Ақ Жайық, Еділдейін жойқын сел боп.

Жездінің қатпарланған өңірі бар,
Бірінде мыс, бірінде темірі бар.
Күрпілдеп жер бетінде шығып жатқан
Тамаша Қияқтының көмірі бар.
Бар Одақ пайдаланса бір осыны
Жүз жылға орта түспес өмірі бар.

Май көмір тамызықсыз жағылатын,
Қызуы мысты суша ағызатын.
Жар тастай кесегінен бір қасық күл,
Іздесең, әрең зорға табылатын.
Көмірі қияқтарының қара алтын ғой,
Жалтылдап қараса көз шағылатын.

Байтақ ел не тілесе нені қалап,
Жезқазған кәдесіне жатыр жарап.
Бес жылда туып-өскен Қияқтыма
Таңданып тамсанбақшы әлем қарап.

Жездінің аты шулы Кеңгіріне,
Кеңгірдің кен алапты сеңгіріне.
Кірістім орнатуға бір наһанды,
Еш ноян шақ келмейтін өрлігіне.

Өнерлі бұл наһанның өңеші кең,
Жүк болмас жұмырына жүз тонна жем.

Басына бұл заңғардың шыққан шақта,
Қайтеді көк тіремей менің төбем.

Біреудің бірегейі ғажайып күш,
Осыдан дариядай құйылса мыс.
Төртінші бесжылдықтың бұл дәуіне
Таңданып бас имекші батыс – шығыс.

Жақпар тас қопарылып алай дөңдер,
Кеңгірден қияқтыға болат шеңбер –
Тартылып жатыр қазір ол біткен соң,
Тоқтаусыз ұқсатылмақ асыл кендер.

Сыймастай ертең етсең жүйрік ойға,
Ашпақ ем қазыналы сексен қойма,
Қатарға қосып қойдым қақ жармысын,
Қойсын ба халық күші тасқан бойда.

Сарайдың салмақшы едім жеті жүзін,
Төрт айда тұлғаладым екі жүзін,
Ерлердің қимылына құшырланған
Ақынмын даусым ашық жарқын жүзім.

Осындай асқан қайрат жігер көріп
Қолдағы бар мен жоқты болжай келіп,
Үш қарғып бес кезеңнен асырам деп,
Жырлайды жұрт күшіне Болман сеніп.

Ш а ш у б а й :

Игерген ен байлығы шалқып тасып.
Бес жылда бұрынғыдан үш есе асып,
Балқаштың зор тұлғасы бұдан да өспек.
Өмірге ұлан асыр қадам басып.

Сұрыптап асыл кенді тазалайтын,
Жүгіртіп тоқсан саққа салалайтын.
Бір жаңа алып завод салынады
Күміс, мыс, алтын, жезді саралайтын.

Күні ертең асқар тауды сүйреп әкеп,
Тықпасаң көмейіне илеп әкеп.
Жемсауын бұл алыптың толтырмассың,
Бүгінгі вагондармен бірден әкеп.

Қаққанда қызған еңбек қоңырауын,
Кең ашып қазыналы қоңырауын,
Қосшоқы, Қыземшегі Қоңыратта
Тереңнен ақтармақшы кен қойнауын.

Бес жылда мыс қоймасы өспек үдеп,
Мойымас қанша алсаң да көсіп күреп,
Отырған тау басында құж тәрізді,
Келмекші кемеліне табан тіреп.

Шым болат құрыш күшті сауыттаған,
Бойына жай оғын да дарытпаған.
Балқашта молибденнен тау жасалмақ,
Сипаты бесжылдықта анықталған.

Батыс пен шығыстағы зәулім тұлға,
Өр Балқаш социалистік бұл бес жылда
Қарына бар алыпты іліп алып,
Бір емес, баламақшы бойын мыңға.

Елімнің жыртылғанын мыспен қайып,
Зер тоқып вольфрамнан төрге жайып.
Көктеп көк шар болаттан сауыт соғам,
Жойқын күш ел қорғаны ерге лайық.



Қорқытқан айбыны мен жауды жасқап,
Бойына шақ келмеген нелер асқақ,
Бүгінгі мыс дүкені алып Балқаш
Толықсып бесжылдықта асып таспақ.

Бес жылда көріктеніп бұдан да әрі,
Көк балдыр балауса боп Балқаш маңы.
Ертеде ертекшілер аңыз еткен
Орнайды жібек атқан Иран бағы.

Сыланған ақ айдынға жүзін көріп,
Қаламның сәулеттене ажары еніп,
Басына бұлт орналған зәулім үйлер,
Көбеймек, өмірге сән көрік беріп.

Тепкенде тегеуріні темір үзген,
Алысса алып ұрған асқар күз бел.
Жеті қат жер астынан кен шығарып,
Балқаштың саф алтындай мысын сүзген.

Атағы жерді жарып даңқы артқан,
Жер, көкті қатуланса қалтыратқан.
Өнері кері ағызған қара суды,
Сарқырап құздан құлап ағып жатқан.

Елімнің ұл мен қызы батыр балуан,
Тарихта жеңімпаздық атын алған.
Шаң жұқпас саңлақтардай қарыштандар,
Алдында күрделі іс тұр неше алуан.

Атың сал, атағың сал, жаныңды сал,
Ақыл – күш, жігер қайрат қажырды сал.
Мезгеген партияның мақсаты үшін,
Ірікпей бойыңдағы барынды сал!



БОЛМАННЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗІ:

Уа, жұртым, сүйгенім сенің күшің,
Сайратқан ақын тілін сенің ісің.
Шабыт жоқ сенсіз менде, саған қарап,
Өмірдің паш етемін жаз бен қысын.

Жақсыны жамандауға жырым шорқақ,
Қайғыға қиын күнде болсам ортақ.
Думан, той бүгінгідей шаттығыңа
Жырауың шарықтамай қалай тұрмақ.

Ешқандай қиындықтан қорынбаңдар,
Қамқоршы партиядай қорғаның бар.
Отанның жайлауына жеткізетін,
Көсемнің тапсырмасын орындандар.

ШАШУБАЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗІ:

Арқаның ірге тепкен сауырынан
Әндетіп айқайласам ауылымнан.
Жаңғырып өз даусыма үн қатады,
Тянь-Шань мен Көкшетаудың бауырынан.

Қалың ел қадірлесе Шашубайын,
Шашубай тамызады тілдің майын.
Ерлерім оза шауып бәйгі алыңдар
Күн сайын сөз дүкенін қыздырайын.

Жер мен көк ақылына түгел сыйған
Халықтың қасиетін бойға жиған.
Кемеңгер Ленин ілімі көп жасасын,
Аталық мейірімандық нұрын күйған!





ДАЦМАҢ





ҚАМБАР

Алпыс үйлі Арғын, жетпіс үйлі Жебір, тоқсан үйлі Тобыр,
он сан үйлі Оят, қырық сан үйлі Қият – соның бәрін асыра-
ушы Қамбар деген қара қасқа атты бір ер бар.

Сөйле дейсің біздерге,
Не сөйлейін сіздерге?
Сырдың бойы жақсы екен,
Шаруалы байы күздерге.
Алыста жүрсең ағайын,
Қандай жақсы сағынып,
Ат арытып іздерге.
Сөйлейін тыңда сөзімді,
Өлім келсе, бір жауың,
Шыбындай жанды шырқыратып,
Алар да кетер бір күні.
Ақ төстерін аңқайтып,
Аққу құс қайтар күз күні.
Кімнің малы бар болса,
Қызығын көрер аз күні,
Қызыл турам дәм болса,
Аямайды қарындас,
Қырық күн шілде, жаз күні.
Бұрынғы өткен заманда,
Ер Қамбар деген бар екен.
Әзімбай деген хан екен,



Тыңдасаңыз халайық,
Көпке дәмді ылайық,
Сөйлейін сізге ұғынсаң,
Солардан қалған сөзімді.
Сонау бір өткен заманда,
Әзімбай деген бай болған.
Төрт түлігі сай болған,
Ішкендерін сұрасаң,
Шекер менен бал болған.
Жегендерін сұрасаң,
Жая менен жал болған.
Байлығы шалқар көл еді,
Көп ноғайдың бегі еді.
Алты ұлы бар еді,
Бәрі бірдей бөрі еді,
Ең кенжесін айтайын,
Қамалға шапқан бір батыр,
Алшы мырза дер еді.
Алты ұлының ішінде
Назым атты жалғыз қыз
Нұр қызымен тең еді.
Жауған қардан ақ қылды,
Қыз Назымның еттерін,
Пердесін ашып көрмеген,
Еш бір бенде беттерін.
Ауызбен айтып болмайды,
Сонша сұлу көріктерін.
Табаны жерге тимеген,
Маңдайы күнге күймеген,
Күймеден басқа нәрсені,
Жорға екен деп мінбеген.
Торқадан басқа нәрсені,
Тон екен деп кимеген.



Шықпаған өзі сайынға,
Салмаған көзін ойынға.
Тыңдасаңыз көпшілік,
Айтайын Назым жайынан.
Емін-еркін ержетті,
Күйеуге бермей күн өтті,
Алтын күйме ішінде,
Ақку құстай түлетті.

Әзімбай уәзірлерімен ақылдасып, он екі баулы өзбек, он сан үйлі Ормамбет бәрін той қылып шақырмақшы болады. Сол тойда қызын қалағанына қалыңсыз қоспақ болады. Той болады. Жиналған жұрт пәуескемен аралап жүр.

Ат шаптырды Әзімбай
Он екі баулы өзбекке.
Ат кекілін өрмекке.
Қосамын деді Назымды,
Сүйгеніне бермекке.
Әзімбайдың тойына
Көп те кетіп барады.
Бек те кетіп барады,
Алаңғасар, әнгүдік,
Текке кетіп барады.
Көп те кетіп барады,
Аз да кетіп барады.
Самайына бит аққан
Таз да кетіп барады.
Жетсе Назымды алғалы,
Хан тойына барғалы.
Амалы бар ма кедейдің
Көп борышқа қалғалы.



* * *

Әзімбай тұрып ақырды,
Жел маядай бақырды.
Жар да салды қызына:
Сүйгеніңе барғын деп.
Шілия, қамыт, доғасын,
Пәуескеге салғын деп,
Жиылып жатқан халыққа
Сол уақытта барғын деп.
Ауылда тұрып қыз Назым
Қудай мойнын толғайды
Жиылып жатқан халыққа
Барайын деп Назым ойлайды.
Шілия, қамыт, доғасы,
Алтын зере жағасы,
Доғасын алтын жездеткен,
Қызметшісі тез жеткен.
Киіп алып қос манат,
Жегіп алып қос қара ат,
Жөнелді сонда қыз Назым.

* * *

Белде-белде бел асар,
Ерлерге садақ жарасар.
Сәскеде келген қыз Назым,
Бесінге дейін аралап,
Мырзаларын саралап,
Он екі баулы өзбектен,
Таба алмады Назымжан,
Таба алмады миәсар.
Жамандарға көз салса,
Даңғыл жолдан адасар.



Атағым кеткен алысқа,
Ноғай менен қазаққа,
Даңқым жеткен алашқа,
Мұсылман аз, кәпір көп,
Бір күні келсе бетпақ жау,
Шауып шығар бір ер жок,
Жекпе-жек деп төбеге,
Сынап тұрсам, апырмау!

* * *

Ел жиналған бетпақта,
Айдалада төбеде,
Шауып шығар бір ер жок,
Жекпе-жектеп төбеге.
Еш теңдікке алмаймын.
Бай баласы дегенмен.
Жаманға көзім салмаймын, –
Ақылсыз туған немеге.
Әзімбай бұған бөгелді,
Бір сөз айтып кенелді.
Сұлу туған қыз Назым,
Туған айдай толықсып,
Сар сазандай бұлықсып,
Құнан қойдай бой тастап,
Бәйгі атындай ойқастап,
Ауылға қарап жөнелді.
Бесін шағы болғанда,
Қайтайын деп тұрғанда,
Әзімбайдай әкесі,
Қызына қарап бір жауап,
Сол уақытта айтқаны:
– Келсін дедім, шырағым,
Он екі баулы өзбекті.



Ағылған шаһар қалаға,
Көрсін дедім, қарағым,
Өзіндей ардақтап өскен балаға,
Мұнымен халқымды,
Жақтырмасаң түбінде,
Ішің толар санаға.

* * *

Әзімбай асқан ақылды,
Жолбарыстай ақырды.
Он екі баулы өзбекте,
Он сан үйлі Ормамбетте,
Келмеген тойға кім бар деп,
Шақырушыны шақырды.

* * *

Сонда шақырушы сөйлейді:
Төрт аяқты біз көрдік,
Қара тұлпар малдарды.
Өңшең кедей: кемпір менен шалдарды,
Шақырғанмен келмес деп,
Әзімбай қызын бермес деп,
Кедей деп Назым тимес деп,
Шақырмадым бұл тойға
Өңшең кедейді асырап жатқан
Жалғыз қара қасқа атты Қамбарды.
Ақ сұңқар құстай алыпты,
Дұшпаннан алған намысты,
Ит жүгіртіп құс салып,
Жердің аңын тауысты,
Бермен қарап көңілі ауысты,
Қамбар кедей дегенін,



Ел құлағы елуде,
Есіткен екен батыр дауысты.
Кедейліктің зарпынан,
Көңілінде бар арманы.
«Қынабы алтын көк алмас,
Аш беліне салғаны.
Қайырған қара бүркіттей,
Тұғырына қонғаны.
Әзімбайдың еліне,
Шалқып жатқан көліне,
Қамбар қиял ойлады.
Атын мінді алдырып,
Ұйқысын алды қандырып,
Қара қасқа тұлпарын,
Таң астырып шаптырды.
Ащы тері шықсын деп,
Аяғына шідер тақтырды.
Жолдасына сенбеді,
Шешесіне бақтырды.
Ит жүгіртіп, құс салған,
Өлмеске қылған амалын,
Асырап жатқан көп тобыр
Өңшең ғарып жаманын.

* * *

Желігіп жауға мен кеттім.
Қарамастай артыма,
Қайғы түссе басыма,
Қандай болар дариға-ай,
Қайран шолақ заманым?
Екі кісі ұрысса,
Ердің ісі жөн келер.
Қаса батыр майданда,



Диірмендей дөңгелер.
Ноғайлыға барамын,
Барып бүлік саламын.
Өнерді, сірә, көрсетіп,
Бұйрық болса, Назымды
Жолдас қылып аламын.
Байлаулы тұрған тұлпардың,
Басын жолға саламын.
Тілеулес болып тұрындар,
Алпыс үйлі арғында,
Жетпіс үйлі жебірде,
Ақ жаулықты жеңгелер,
Жалғыз туған баламыз,
Кедей деген қу сөзі,
Зарығып көрген анамыз.
Сүйегімнен өткен соң,
Жеті атама жеткен соң,
Дұрыстап бата бере көр.

* * *

Сонда анасы сөйлейді:
Шүленгерім, мергенім,
Көзім ашып көргенім,
Алдыңда сенің ағаң жоқ,
Артыңда сенің інің жоқ,
Інісіз аға күні жоқ,
Көп тобырдың бірінің,
Көрмедім саған жасымнан,
Жолдас боп, сірә, ергенін.
Шөл иесі Қамбар-ау,
Көл иесі Қамбар-ау.
Жалғызыңа көз сал-ау.
Рахым қылсаң, құдірет,



Сенен басқа нем бар-ау!
Адасса, жолға салып жүр,
Сүрінсе, қолдан алып жүр.
Бәлекет келсе, қағып жүр,
Қосақтап қойдай бағып жүр.
Бір сұлуға шақырған
Я, әзіреті ер сұлтан,
Рахым етіп сен тұрсаң,
Баба түкті шашты Әзіз,
Жалғзыым, сені соған тапсырдым!

* * *

Пыстанды тартпа жүгендеп,
Ел-жұртымен қоштасып,
Бірін қоймай түгендеп,
Арқаға тоқым салады.
Мініп Қамбар алады.
Жел тимеген сауырына,
Күн тимеген бауырына,
Орай қамшы салады.
Ақ білектің зарпынан,
Тау жаңғырығып қалады.
Бурыл ала бұлттың,
Арасымен тұлпары,
Сонда кетіп барады.
Томарша көрсе, ырғытып,
Жабындымен сырғытып,
Жердің аңын үркітіп,
Сонда кетіп барады.
Жер бауыры тартылып,
Текше қырдан артылып,
Қара қасқа тұлпарға,
Салып келеді өкімді.

Қызғаннан соң тұлпары,
Тау мен тастан секірді.
Айтқаным бекер болмаса,
Әйкелді қыз манағы
Таң намазы алдында,
Алтын құмған қолында,
Балалы қаздай байпандап,
Дуадақ құстай шайқандап,
Иығына ішік жамылып,
Беті қып-қызыл оттай жағынып,
Әйкел тұмар тағынып,
Дәретке шыққан секілді,
Сұлулығын айтайын:
Бұхар барсаң, қолаң бар. –
Қолаңды көр де, шашын көр.
Ұстаға барсаң, қасында
Зергерлер сокқан түйме бар, –
Түймені көр де, басын көр.
Молда барсаң, қасында,
Қиюлы жатқан қалам бар. –
Қаламды көр де, қасын көр
Әр шаһар барсаң, қасында
Құрулы тұрған күзгі бар, –
Күзгіні көр де, көзін көр.
Самарқан барсаң, сандал бар, –
Сандалды көр де, тісін көр.
Ұстаға барсаң, қасында
Тартулы жатқан сымдар бар, –
Сымды көр де, қолын көр.
Тоғайға барсаң, ішінде
Домаланған қоян бар, –
Қоянды көр де жонын көр.
Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етін көр,



Қар үстінде қан тамар,
Қанды көр де, бетін көр.
Қанша сұлу дегенмен,
Ауызбен айтып болмайды.
Келе жатқан Қамбарды
«Мынау кім?», деп ойлайды.
Аш белдерін қынады,
Ер екенін сынады.
Қия тастың талындай,
Бұрала басып қыз Назым,
Ғашық болып тұрады.

* * *

Қара қасқа атты Қамбар-ау,
Қара атыңда жал бар-ау.
Біздің үйге түсе кет...
Шай самауырын іше кет,
Сізді күтіп алғандай,
Біз байғұста әл бар-ау,
Ақ төсімнің үстінде
Қол тимеген бал бар-ау.
Біздің үйге түспесең,
Шай самауырын ішпесең,
Тағы болып барасың,
Жалаң бұт өскен заңғар-ау!

* * *


Қамбар тартып жөнелді,
Қара қасқа тұлпары.
Аш күзендей бүгіліп,
Артынан келед қыз Назым,
Жете алмай қалды жүгіріп.

Ақ өткелден өткенде
Өте шықты ер Қамбар.
Үзеңгісі суға шомылып,
Ар жаққа шығып шешінді,
Қызға салды кесірді.
Отыра қалып қыз сонда
Жерге салды тепкіні.
Қамбарға артты өкпені.
– Қарамастай өзіме,
Қайырылмастай жүзіме,
Ақ бетіме салдың ба,
Қап-қара қып сепкіні?
Сол уақытта Назымның
Алтау еді пердесі,
Пердесін қолға салады,
Өзіне-өзі қызығып
Талып түсіп қалады.
Сұлулығы сонша екен.

Алты құлаш ақ өрмек
Жолына Қамбар құралы.
Жолын тосып қыз Назым
Даярланып тұрады.
Біреуіне иіртіп,
Біреуіне жүгіртіп,
Арқауын ұстап өзі отыр:
Белі бұраң көрінер,
Қия тастың талындай,
Түрген балтыр көрінер,
Қашқан бөкен таңындай.
Қасы қара көрінер,
Құралайдың көзіндей.
Екі емшегі көрінер,
Тау қайыңның безіндей.



Қара қасқа тұлпардың
Маңдайында бармақтай ғана ағы бар,
Құдайдың берген Қамбарға
Мың біткеннен көбірек бағы бар.
Келетұғын Қамбардың
Кешкітұрым шағы бар.
Оң жағында бес құлан,
Сол жағында бес құлан,
Арыстан, аю теңдеген,
Атып алған аңы бар.
Қызыл алтай бір түлкі
Тымақтығы тағы бар.
Сипай-сипай қамшылап
Аққан тері тамшылап,
Былқ-сылқ етіп келеді.
Ешнәрсені ескермей,
Сері туған Қамбардың,
Астындағы тұлпары,
Тұқыра басып желеді.
Жаратылған осындай
Өнерлі туған жануар.
Алдынан құрған қыз Назым,
Алты құлаш өрмекті.
Өрмек құрған мәнісі:
Ғашық болып қыз Назым
Ерлігіне еңкейіп,
Дидарын сірә көрмекті.
Ат үстінен ер Қамбар
Тасты кескен көк алмас,
Сілтеген жері құр қалмас,
Өрмекті келіп сермепті,
Балалы арқар баурайды,
Баласыз арқар маңырайды.
Еңбек қып құрған өрмегін,



Қамбар келіп қиған соң,
Қыз Назым жылап аңырайды.
– Ай, қара қасқа атты Қамбар-ау,
Неге біздің үйге түспейсің?
Дәмді тағам қолымнан,
Неге түсіп, ішпейсің?
Сізді күтіп алғандай,
Біз байғұста әл бар-ау.
Алды-артыңды сынасам,
Сізде бір арылмай жүрген сор бар-ау!
Көп тобырдың ішінде
Құлан менен бұланды
Аулаймын деп бетімен
Кете берген, ер Қамбар,
Айтпасам, өзің білмейсің,
Ашпасам, көзің көрмейсің,
Жалаң бұт өткен заңғар-ау!
Ақ өткелдің ар жағы
Жайнап жатқан қызыл тас,
Көп тобырда сен едің
Тасты кескен бір алмас.
Он сегізде Қамбар жас,
Кез болды Назым қалам қас.
Затымды әйел демесең,
Меніменен ақыл қос,
Бір күні келер кәпір нас.
Өтеп оқып өтесің,
Бес намаздың қазасын.
Сынап тұрып таныдым,
Сүйегіңнің тазасын.
Мұсылман аз, кәпір көп,
Бір күні келер бетпақ жау.
Берер деп ем ерлікпен
Сол дұшпанның жазасын!



Сонда Қамбар айтады:
– Атаң сенің текті еді,
Ноғайдың бәрі бекті еді,
Тоқсан тобыр кедейдің,
Қаңғыр барып біреуі,
Еліңнен тамақ жеп пе еді?
Өзімді кедей дегенің –
Жеті қабат жеті атам,
Сүйегімнен өтті енді.
Сіз сияқты сұлуды,
Кәпір алса олжаға,
Мінгізіп алса арбаға,
Арманым сонда біткені.
Шағанның бойын шаңдатып,
Ат бауырынан қандатып,
Құмарым сонда тарқар ед,
Айырып алсам тек сені.

Әлқисса, Қамбар еліне кетті, қыз үйіне кетті. Қыз жылап қалды.

Ат шаба алмас құмаққа,
Ерлер атын суарар,
Ылайы жоқ бұлаққа.
Қыз Назымның хабары,
Қалмақтың ханы Мақтымның,
Тиген екен құлаққа.

Мақтым елін жинайды да, маған қызын берсін деп тоғыз қалмаққа басшы қып Кедей ұлы Келмембетті Әзімбайға жібереді. Бұлар күн-түн қатып жүріп Әзімбайға келіп сөйлеседі.

Мақтым қылған кеңесті,
Ат құлағын тігісті,

Таң мезгілі болғанда
Әзімбайдың ауылына
Келді дағы сөйлесті.
Ақарал шаһар қаласы,
Үйден шығып сөйлесті.
Әзімбайдың бір ортаншы баласы:
– Уа, ол болсын, ол болсын,
Қасындағы жолдасың
Қалмақтан шыққан құл болсын,
Жөн сұраймын сіздерден,
Бетіңді айтқын, жол болсын!
Сонда Келмембет:
Және сөзім және бар,
Жантақты жерде сона бар,
Әзімбайдың сұлу қызы бар,
Қалап келген бала бар.
Алтын жабдық сізде бар,
Арғымақ ат бізде бар,
Жаптыртқалы келгенмін.
Мақтым ханның жарлығын
Жақтыртқалы келгенмін.
Қыз Назымды бермесең,
Ханымды қабыл көрмесең,
Он екі баулы өзбекті,
Шаптыртқалы келгенмін.
Піскен қауын сізде бар,
Көк қанжар алмас бізде бар,
Тілдіргелі келгенмін.
Қоңыр үйрек сізде бар,
Ақ түйғын құс бізде бар.
Ілдіргелі келгенмін.
Ханымның айтқан жарлығын
Білдіргелі келгенмін.
Қыз Назымды бермесең.



Ханымды қабыл көрмесең,
Он екі баулы өзбекті
Бүлдіргелі келгенмін.
Ақарал шаһар қаласы,
Үйде отырған естіпті
Әзімбайдың бір кенже
Алшораз деген баласы,
Ауызы кетпей тілектен,
Қылышы кетпей білектен,
Келмембеттің бұл сөзі
Сүйегінен өткен соң,
Ерліктің түсті салтына,
Ақылдаспай халқына,
Ер қаруы бес қару,
Сайлап алып қаруын,
Мініп алған секілді
Телкүрең деген атына,
Атына мініп алған соң,
Алшораз бүлік салған соң,
Алдына салып айдады,
Қол-аяғын байлады,
Қалмақтың соры қайнады,
Тоғызын бірдей өлтірді,
Істі орнына келтірді.
Кедейдің ұлы Келмембет,
Өлтіруге ерінді,
Кесіп алды ерінді,
Қолына қылды көрімді.
Құлағын кесіп, құнтитты,
Мұрнын кесіп, жымпитты,
Жал-құйрығын күзеген
Байталдай қып сымпитты.

– Бар еліңе! – деп, Келмембетті қоя берді. Келмембет еліне келсе, Мақтым хан әскер жиып, күтініп отыр екен. Есік-

тен Келмембет кіріп келгенде, – бөрі боп келдің бе, түлкі боп келдің бе? – дейді хан.

– Бөрің құрысын, өзім құлақ, мұрнымнан айырылып, елге күлкі боп келдім, – дейді Келмембет.

Хан: – Отыз әскер алып тағы бар – дейді. Отызын бастап Келмембет барып еді, отызын да Алшораз өлтіріп, Келмембетті: «Бар, ханыңа сәлем де,» – деп, қайтарып жіберді. Келмембет қайта келіп еді: Жүз адам ертіп, Мақтым тағы да жібереді. Жүзін де Алшораз қырып салады. Сонсоң, Алшораз халқын жиып алып әңгімеге кіріседі: – Қамбарға кісі жіберейік, – дейді. Қамбарға, құлан аулап жүргенде, жіберген кісі кез болады. Келген кісі Қамбарға сәлем береді:

Ассалаумағалайкум, келіп тұрмын Қамбаржан.

Күдер үздік бұл күнде

Мүлік пен жиған малдардан.

Қайғымен ұйқы кетіп тұр,

Кемпір менен шалдардан.

Біздің жұртқа барыңыз,

Қару-жарақ алыңыз,

Ендігі келіп Мақтым хан

Орнаған шығар қалаға.

Соған ойран салыңыз.

Бекер емес бұл сөзім,

Тәңірі қосса, қыз Назым

Болмай қалмас жарыңыз.

Қалмақтың ханы Мақтым хан!

Қысылды ғой шыбын жан!

Сонда Қамбар сөйлейді,

Сөйлегенде бүйдейді:

– Ноғайлының көп жұрты,

Білуімше бұл күнде

Кемшілік көрген секілді.

Тең көрмеген бойына,



Шақырмаған тойына,
Қалайша мені шақырып
Бұл уақытта өкінді?

Әлқисса, «Мен бір жетіде барармын», – деді де, келген кісіні қайырды. Қайырғандағы сөзі:

Бармайды деп ойлама,
Шақыра келген билерім.
Қалмақ келіп орнаса,
Қайғыланып тұр шығар
Қатын, бала үйлерің...
Қынабы алтын көк алмас
Қару-жарақ жинатып
Өзімді-өзім күйлерім.

Бұлар еліне келсе, он екі мың қолмен Мақтым хан келіп қалаға орнап жатыр екен. Мақтым хан: «Қызды әкеліп, қасыма отырғыз», – деп, жарлық береді.

Алты жеңге қасында,
Алтын қалпақ басында
Жеңгелермен сырласып,
Ақырындап бір басып,
Амалы жоқ қыз Назым
Қарамай тұрды бетіне,
Жақтырмастан қырындап.

Сол уақытта Мақтым қыздың білегінен ұстады. Сонда қыз айтады:

Елімнің салты бар еді:
Үш сексен күн дегенде
Оң жаққа төсек салушы ед:

Неше түрлі тағамды
Ортасына алушы ед:
Дәм-тағамды татқызып,
Төсегіне жатқызып,
Үш сексен күн дегенде
Жөнелтуші ед қыздарын
Дүние мүлкін артқызып.

Мақтым хан: «Мен ойын-сауықпен жатам, әншілерді, күйшілерді жинаңдар», – дейді. Сонда Ноғайлының жұрты: «Біздің елімізде әнші, күйші жоқ: қызымызды уақытында қолыңа бердік, алып кетіңіз. Ал мына жақта бір Қамбар деген кедей бар, өзі неше түрлі ойын біледі, соны алғызыңыз», – деді. Сонда:

Мақтым қатты ақырды:
– Құлағынан айырылған
Келмембет қайда? – деп шақырды, –
Кедей ұлы, Қамбарға,
Ей, Келмембет, барыңыз,
Қасыңа жолдас алыңыз,
Құттықтасын тойымды,
Көрсетсін келіп ойынды.
Жеті күнде келмесе,
Алдымды келіп көрмесе,
Қылышпен жейді сойылды.

Әлқисса, кедей ұлы Келмембет Қамбарды іздеп жөнелді.
Қамбарға келді. Қамбар оған былай дейді:

Неғып жүрсің, Келмембет,
Маған өнер берген құдірет,
Құдай берген қайратты
Аясам жаудан бір міндет.



Сонда Келмембет сөйлейді:
Біздің Мақтым ақылды,
Қамбар сені шақырды.
Қылсын деді сиымды,
Құйсын деді шайымды,
Менмендігі болмасын
Ер Қамбардың бойында,
Білсін деді жайымды.

Әлқисса, Қамбар жеті күннен кейін бармақ болды, Қамбар шешесімен, тобырмен қоштасып былай дейді;

– Жалғыз туған баламыз,
Жауға кетіп барамыз.
Байлаулы тұрған тұлпардың
Басын жолға саламыз.
Ғайып ерен, Қырық шілтен
Жалғыздың жары деуші еді
Содан мәдет аламыз.
Қош, қош, елім, есен бол
Қош, көргенше, сен дағы,
Зарығып көрген анамыз! –
Қарақасқа тұлпардың
Басын жолға салады.
Сағатына шапқанда
Айшылық жол алады.
Жөнелді, батыр, жөнелді,
Құйғытып тұлпар келеді,
Сайлау жерден ырғытып,
Ойлау жерден қарғытып,
Тау да аллалап барады,
Тас та аллалап барады,
Су да аллалап барады,

Суда жүзген қоңыр қаз,
Қу да аллалап барады.

Қамбар қалаға келді. «Мен келдім» деп хабар қылды. Қамбар екі күн асырып келген екен, Мақтым соған ашуланды. Келмембетке былай дейді:

Базардан келген ақ ерек,
Ер бәдені без бүйрек,
Әкелсеңші Қамбарды
Жағасынан сен сүйреп.


Келмембет Қамбарға келіп: – Мақтым ханға жүр, – деді. Қамбар ханға келді, Қамбардың түгі сауытынан шығып кеткен екен, Мақтым көріп, шошып, ұшып түрегеледі. – Отыр былай, – деп, Қамбарға ақырды. – Келмембетті жібердім. «Жеті күнде барам», – дедің. Бір күнің кетті, сегіз күнде келдің. Қанша жаза салайын өзіңе? – дейді.

– Айыпқа бұйырмаңыз, тақсыр. Бір күн асып кеткен себебін мен айтайын, сіз тыңдаңыз, бір жерде бір аққу құсты ақ тұйғын алып жатыр екен. Соған бір құладың келіп таласты. Екеуі де бітісе алмай, маған келіп жүгінді. Мен тұйғынға: «Күнде іліп жүрген құсың ғой, мына бейшараға бер», – деп, үш күн ойлап төре бердім. Үш күнім соған кетті. Содан шығып келе жатсам, бір көк кептерді бидайық-лашын алып жатыр екен, соған құрғыр қара қарға таласады екен. Екеуі жүгініске маған келеді. Мен лашынға: «Күнде алып жүрген кептерің ғой, бір сапар мына қара қарғаға байла», – деп, үш күн ойлап төре бердім. Үш күнім осыған кетті. Одан бері келе жатсам, бір қызыл алтай түлкіні бір қарғылы қара тазы алып жатыр екен, соған бір барақ қара төбет келіп таласты. Оған үш күн ойланып, төре бердім. «Күнде алып жүрген түлкің ғой, бір сапар мына төбет бишараға байла», – дедім. Кешіккен себебім осы. – Сонда Мақтым хан Қамбарға айтты:



– Қара төбет – сен, – деді,
Қарғылы тазы – мен, – деді, –
Таласқаның – қыз, – деді, –
Он мың әскер бізде бар,
Бола алмассың тең – деді. –
Ақ түйғын құс – мен, – деді,
Құладың құс – сен, – деді, –
Таласқаның – қыз, – деді,
Он мың әскер бізде бар.
Бола алмассың тең, – деді.
Бидайық-лашын – мен, – деді,
Қара қарға – сен, – деді,
Таласқаның – қыз, – деді.
Он мың әскер бізде бар
Бола алмассың тең, – деді.
Сонда Қамбар сөйлейді,
Сөйлегенде бүйдейді:
(Сауыттан түгі шығады)
– Бір атпадың, екі аттың,
Екі атпадың, үш аттың.
Бір атқаныңды айтайын:
Келмембетті жібердің,
Қылсын депсің ойынды,
Білсін депсің жайымды,
Ер Қамбардың бойында
Менмендігі болмасын,
Құйсын депсің шайымды
Бір атқаның осы еді.
Екі атқаның айтайын:
Ақ түйғын құс сен болдың.
Құладың құс мен болдым,
Мен сенен қалайша кем болдым?
Құдай қуат бергенде,
Қарға менен құзғынға

Ей, Мақтым хан, жем болдың.
Екі атқаның осы еді.
Үш атқаныңды айтайын:
Қара төбет мен болдым,
Қарғылы тазы сен болдың,
Мен сенен қалай кем болдым?
Қарға менен құзғынға
Ей, Мақтым хан, жем болдың!
Қалмақты Қамбар шабады.
Құдіреті күшті құдайым
Сындырмағай белімді,
Тарылтпағай жерімді,
Қалмаққа пәле көрінді,
Шағанның бойын шаңдатып,
Ат бауырын қандатып,
Бурыл ала бұлттың
Арасында сол күнде
Қанатты қара тұлпары.
Дабылын естіп Қамбардың
Қалмақтың алды қашады.
Басын кесіп Мақтымның,
Албастыдай басады.
Мақтым ханның өлгенін
Көргеннен соң көп әскер
Бет-бетімен қашады.
Қара қасқа тұлпардың
От орнындай тұяқтан
Оймақтайы қалғанша,
Керегедей жалынан
Қармақтайы қалғанша,
Қалмаққа кикү салады.
Құмары тарқап Қамбардың
Еңіреп жүрген ер еді
Ноғайлының көп жұрты



Тілегін Алла береді.
Тоқтаңыз батыр Қамбар деп
Алшораз жетіп келеді.

Алшораз қарындасын Қамбарға бермек болады. Қамбарды далада құрулы тұрған ақ отауға апарып отырғызады, қызды жеңгелері алып келеді. Есіктен кірмей тұрып қыз Қамбарға айтады:

Аруанамысың, нармысың?
Жаямысың, жалмысың?
Құдай қосқан жармысың?
Секермісің, балмысың?
Отыз күн ойын істетем,
Қырық күн тойын істетем,
Қырық биені сойғызам,
Аш-арықты тойғызам,
Ғашықтықтың жолында,
Баяғы сертте бармысың?

Әлқисса, қыз солардың бәрін істетті. Қамбарға тиді. Қамбар өзінің тобырын қосып, бүкіл ноғайлы еліне қорған болды. Сөйтіп, мұратына жетті.



АҶУМУАМАТ





ШАШУБАЙ МЕН ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСЫ

Алматы қаласындағы Байбұлан байдың үйінде үлкен жиын болады. Бұл жиында ел кезіп, серілік қып Арқадан келген Шашубай ақын да болады. Осы жиында отырып Шашубай былай өлең бастайды:

Ақынның сүйір келер тіл мен жағы,
Іркілмей осы күнде сөйлер шағы,
Көрмекке бізге уажып² нұр дидарың,
Жетісу, аманбысың, өң саңлағым?

Жайылды Шашубай боп менің атым,
Кеудемде саудырлап тұр жазған хатым.
Бұл жерде дәм-тұз айдап, жүз көрістік
Жүрмісің жалпы тегіс, асыл затым?

Жүрмісің аман-есен, батыр Сәтім,
Ілгері болыстардан салтанатың,
Сұңқар болып туыпсың Найзабектен,
Тарайды Есенқұлдан арғы затың.

Және де жәрдем болған бабаң Жаныс,
Ер дейді қазы болған жұртқа қалыс,
Шашубай күнде бүйтіп келе бермес,
Теңіздің аяғында, жерім алыс.

² Уажып (арабша) – істеуге міндеті болған іс.

Жүрмісің есен-аман, өң саңлақтар,
Көк мұзда тағасыз ат тайғанақтар.
Сарыжан, Саймасаймен аманбысың,
Аш-арық, кембағалмен сізді жақтар.

Жайындай өрге жүзген кадамдысың,
Әр жерден атағың бар хабарлысың.
Дулатта мойны озған жігіт дейді,
Алпысбай, Мәңкеменен аманбысың?

Сөйлейді, сөйле десең, бұл Шашубай,
Дәреже өз басыма берген құдай.
Алматының саңлағын тегіс жиып
Той қылды компания Байбұлан бай.

Сұрасаң, менің атым Шашубаймын,
Болғанмен үйде кедей, түзде баймын.
Баласын Орта жүздің айлап жедім,
Қалтамның түбі тесік байымаймын.

Желге ұксап ұйтқып соққан зуылдаймын,
Ешнәрсе сонда дағы тындырмаймын.
Саңлағын Жетісудың көргеннен соң,
Сағынды өлең жақтан сындырмаймын.
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын,
Табаным қызған сайын бұлдырлаймын.

Албанда о да өткен Абак, Жайнақ,
Өтіпті Сайым бөлек саңлақ айдап,
Саңлағын Жетісудың көргеннен соң,
Сөйлейді бұл Шашубай тамашалап.

Мен келдім Орта жүзден теңізді өрлеп,
Қыдырып сөз қозғадым көлденеңдеп,



Жол басып он сегіз күн зорға жеттім,
Саңлағын Жетісудың көрейін деп.

Бәрің де аманбысың есен-аман,
Шүү десе жүйрік озар мыңнан-саннан.
Отырмыз ғанибетпен жүз көрісіп,
Отырмын тамаша етіп жоқтан, бардан.

Дуаным – Қараөткел мен Қарқаралы,
Барады кешкі базар тарқағалы,
Алған соң еті қызып тоқтата алмас,
Өлеңді тағы да отыр шайқағалы.

Шашубай өлең жаққа қадам басты,
Бұл күнде сіздермен кеп амандасты.
Жүйріктің топтан озған біреуімін,
Келдім де қалың шаңға араластым.

Желгенде жер қалмайды күрең аттан,
Жолаушы жолым алыс келе жатқан.
Жүйрікпін шар-тараптың тұзын татқан,
Өлеңмен сөзді желдей құйындатқан.

Шашубай менің атым, елім қырда,
Сол қырдан дәм бұйырып келдім мұнда.
Кәрі аруақтың орнында бір шырқашы,
Қалың ел аманбысың Жетісуда?

Сұраншы қарсы шапқан атқан оққа,
Шашубай көп сөйлеген талай топқа.
Компания Байбұлан той қылыпсың,
Бізбенен қармасарға ақын жоқ па?

Біреуді Жамбыл деген мақтайсыңдар,
Жасырып оны қайда сақтайсыңдар?

Ақын болса тез алдыр Байбұлан бай,
Әйтпесе ел намысын таптайсындар.

Орта жүз Ұлы жүзден көп келеді,
Ішкені Ұлы жүздің шөп келеді.
Орта жүздің ішкені құнан қымыз, дөнен қымыз,
Ұлы жүз көженің қоюына өкпелейді.

Орта жүз Ұлы жүзден бай келеді,
Ірбіттен³ сірісімен шай келеді.
Бәйгені алса Орта жүз жүйрігі алар,
Шолағы Ұлы жүздің қай келеді!


Бар екен Орта жүздің төрт баласы,
Халайық мен айтайын, сен санашы.
Төртеуінің арасы он күндік жол
Келеді осылайша шекарасы.

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Халқымның топтан озған жүйрігімін.
Ұлы сарын жүйріктің біреуімін,
Жұртыма нарық көрсеткен үлгілімін.

Байбұлан кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?
Тағалы, төрт аяғы мен бір жорға,
Блайық тар көшеге салдыруға.
Ақын болса тез келсін бұл араға,
Бізбенен жарар ма екен пар қылуға?

Руым Орта жүздің деген жері,
Жалпы отыр Жетісудың кеменгері.

³ Ирбіт – Ирбит қаласын айтып отыр.



Жүрексініп тұрғандай не бар мұнда,
Ол, шіркін, ақын болса келсін бері.

Біздің кеп айта берсе толып жатыр,
Бірі көшіп, біреуі қонып жатыр.
«Сейітбаттал, Ер Әлінің соғысындай»
Неде болса, боп қалсын, бері шақыр!

Бұдан кейін Байбұлан бай кісі жіберіп Жамбылды шақыр-
тады. Байбұланның өз үйіндегі ең «сыйлы» қонақтары – бай-
лар арақ ішкен қызу еді. Шашубай да ішіп алған, қызу, Жам-
былды көре салып өленді ағындатып қоя береді:

– Әрине, Шашубайдың айтар сөзі,
Көп көрген мұндай топты шырай жүзі.
Сырлы ағашын қолына ұстаған боп,
Келіпті азап айдап, бұл кім өзі?

Сонда отырғандардың бірі: «Сенің іздеп шақыртқан Жам-
былың осы» – дейді. Онан сайын екпіндеп Шашубай сөйлеп
кетеді:

– Алматы – таулы адыр, жері – дала,
Шашубай сөз сөйлейді, жеке дара.
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,
Күн туды не басыңа дүзі қара?!

Жүрмісің аман-есен ақын Жамбыл,
Өлеңге жастайыңнан болдың даңғыл.
Үндемейсің ұнжырғаң түскендей-ақ,
Күн туды не басыңа тәңір алғыр!

Шашубай арақ ішіп желдеп отыр,
Қайдағы асыл сөзден тергелі отыр.

Ерден шыққан қатындай неме екенсің,
Ауылшылап келмесең сөйлей отыр!

Орта жүз Ұлы жүзден көп келеді,
Бәрі де Орта жүздің бек келеді.
Аянбай барың болса қамдана бер,
Шапандай қанжығаға бөктереді.


Бәрі де көрініп тұр беп-белгілі,
Сақтанба көрмегендей, к... белгілі;
Ақсұңқардай-қырандай мен тұрғанда,
Тышқан алған мақтайды бөктергіні.

Арқада мен айтайын салдығымды,
Мұнда келсе айтайын бек, төре, хандығымды.
Ашулансаң аспанды тастап жібер,
Сен де аянбай қимылда барлығыңды.
Барлыбек, Тұрлыбекпен аман болса,
Жандарал да бұзбайды жарлығымды.

Жамбылжан танымайсың мен баяғы,
Қолында Асай-Мұсай шал таяғы⁴.
Ағат кеткен сөзім жоқ, отырған көп,
Тең тиер өлеңімнің төрт аяғы.

Бір көзі Сәмі жанның қысық екен,
Байпатшаң Мәңкіменен пұшық екен.
Бірін ойқы болғанда, бірін шойқы,
Бәрің де қосылыпсың ойдан, қырдан,
Күйкі тұғыр сияқты сұсы бөтен.

⁴ Асай-Мұсай – шығыс елдерінде дінге байланысты айтылатын Мұса пай-
ғамбардың қасиетті таяғы.



Ж а м б ы л :

Сөйлесіп мен сықылды кемеңгерге,
Асалмас құлаш ұрдың асқар белге.
Шұбырып, Ақтабан⁵ боп келген Арғын,
Желіктің өз-өзіңнен неменеге?

Сорынды бүйте берсең қайнатармын,
Бент⁶ қылып қол-аяғыңды байлатармын;
Без билет⁷ шұбырынды жаман Арғын,
Жеріне часабаймен⁸ айдатармын.

Халқымда мен бір жүйрік озып жүрген,
Әр жерге құлашымды созып жүрген;
Арқадан ауып келген ақтабансың,
Желігіп өз-өзіңнен мақтанасың;
Шұбырынды Арғынсың тозып жүрген.

Арқадан ауып келген жалаң аяқ,
Сен дағы қимылдадың аянбай-ақ,
Бұл жаққа жан бағуға келдің қаңғып
Тиіп кетіп жүрмесін саған таяқ.

Ажалдың оғы келгенде,
Қорғаны болмас көбенің.
Түсі суық келеді,
Төрт қырлы көк жебенің.
Аптықпай сөйле, Шашубай,
Сынып қалар бедерің.
Қаңғып келген аш-арық,
Тойынып кеткен екенсің!

⁵ Ақтабан – Ақтабан шұбырынды уақиғасын айтып отыр.

⁶ Бент (фарсыша бәндә) – бекіту, байлау мағынасында.

⁷ Без билет – билетсіз деген сөз.

⁸ Часабай (орысша часовой) – күзетші.

Білдім жаңа себебін.
Тойындырған талайды
Берекелі ел едім.
Қаңғып өткен Арғын-ау,
Қашан маған тең едің?

Ш а ш у б а й :


Ей, батыр, Арғын деген ағаң енді,
Алдыңа жол салдырған данаң енді.
Ашулансам, желкеңді жермен қиям,
Шығарма дыбысыңды, бәлем енді!
Шашубай сөйлеп кетсін інің енді,
Ініңнен соң не болар күнің енді!
Желкеңді ашулансам жермен қиям,
Аузыңды байқап сөйле бүгін енді.

Төгіліп менің сөзім келе жатыр,
Қолыңда бектерімнің алтын шатыр,
Өзінді өзің көтеріп желікпегін,
Аузыңды бағып сөйле, Жамбыл батыр!
Қайсымыз жеңсек те сынға түсіп,
Арт жағы болып қалсын ақыр-тақыр.

Бұл күнде дәуірлеп тұр Байбұлан бай,
Жал мен жая жегені қант пенен шай.
Барлыбек, Тұрлыбек, Бақия тамам төре,
Бұлар да неше мұқам⁹ білген айла-ай.
Жетісудың тілеуі тағы боп тұр,
Бұлар да заманында бір шар айна-ай.

Ұлық боп Ұлы жүзге болған төре,
Не қылғанмен бұлардың орны өзге.

⁹ Мұқам (арабша мақам) – сөзді ырғағына келтіріп айту.



Басшы боп Ұлы жүзді карап тұр ғой,
Ие боп осы күнде сіздерге де.

Жарығы түсіп тұр ғой барша көпке.
Бұлардың шартарапқа даңқы кеткен.
Көшедегі орнатқан панардай боп.
Бұл күнде қазы боп тұр әрекетпен.

Сөйлесе сөз келеді Шашубайдан,
Сен оңайсың Жамбылым ішкен шайдан;
Байлығым мен бектігім сенен артық,
Бір зырқырап жүгірейін әлдеқайдан.

Қараөткел дуанында менің жайым,
Әртүрлі өнері бар Шашубайдың;
Емеспін Жетісудың шолағындай
Өлеңге соғып тұрған борандаймын!


Қайырлы Байбұландай байың қайда?
Бұлардың нұры балқыр туған айдай,
Күрсілдек омырау соқпа неме екенсің,
Мұнымен жеңемін деп ойламағын,
Дәметкен сенің дағы кеудең қайда?

Басамын осыменен қарқыныңды,
Аузымнан шығарайын алтынымды,
Ерден шыққан қатындай неме екенсің,
Езермін бала құстай алқымыңды.

Ж а м б ы л :

Енді Жамбыл сөйлейді,
Ескен желдей гулейді,
Елірме, батыр, сен, – дейді!

Желіксең де мінекей,
Мен аса алмас бел дейді.
Өзінді өзің көтеріп,
Мақтай бердің есіріп,
Мақтансаң да батыр-ау,
Сендей неме ежелден,
Ширегіме келмейді!
Сөйледің сен де аямай,
Ал Жамбылдан сөз шығар,
Асылдан ұшқан қылаудай.
Өлеңнің дария кенімін,
Еділ менен Жайықтай,
Зырқырап Жамбыл сөйлесін,
Өрге жүзген қайықтай.
Сынға түссін сөзіміз,
Осы отырған халыққа-ай.
Бақ, дәулетім басылмай,
Жетісудың саңлағы,
Тегіс отыр қасымда-ай,
Бағып сөйле аузыңды,
Еліре берме, Шашубай.
Ерегіссең менімен,
Тауып ұстас теңіңмен,
Ерегіссең, Шашубай,
Еңсенді үзіп кетермін,
Аспаннан түскен жасындай.
Қара Керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Шапырашты Наурызбай,
Соларға кезек бермеген,
Ұлы жүздің ішінде
Ұраным менің Қарасай.
Қарасайдың ұлымын,
Айтулының бірімін,



Нар кілемнің түрімін,
Қызыл тілін безеген,
Найзасын тасқа егеген,
Алды-артыңды буамын,
Сені асырмай кезеңнен!

Мен дағы тоқтамаймын айтар сөзге,
Аса алмас құлақ ұрдың асқар белге.
Бай болған деп мақтайсың Байбұланды,
Есіріп ақ суына әлденеге?

Байбұлан мініп келген қарала атты,
Келді де біздің жердің дәмін татты.
Алматы Тастағында, қара лашық
Тікті де көң-қоқырда үш жыл жатты.

Тексеріп сұрай берсең тегін арғы,
Арқадан ауып келген ұры-қары,
Тері-терсек жымқырып ұрлап сатты.
Сөйтіп жүріп Байбұлан малға батты.

Бай болып ұрлықпенен асып-тасты,
Мұнымен мақтануың жарамас-ты.
Бағып сөйле аузыңды, Шашубайым,
Дертке дерт қосар жаман бақсы.

Төре деп мұнша неге мақтанасың,
Барлыбек, Тұрлыбек, Бақиясын,
Сорлы сені қатарға қашан алды,
Сайлауда көкке қарап ақиясың.
Ішкенің су орнына арақ, боза,
Дозақтың ортасында қақиясың.

«Уа, Орынбай, Шашубай,
Сендер өзен басындай
Ағытыңдар өлеңді!
Жазғытұрғы тасқындай».

(Ақындарға арнау)

ШАШУБАЙ МЕН АЖАР

Екі көзі бірдей су қараңғы Жұртыбайдың қызы Ажар Қоянды жәрменкесінде өлең айтып отырса, (1884 жылдар шамасында), жас Шашубай ақын келіп сәлемдесіп:

Ассалаумағалайкүм, Ажар апа,
Көре алмай дүние жүзін болдың қапа.
Жайып қал құшағыңды осындайда,
Жәрменке тарап кетер апа-сапа, –

дегенде, Ажар:


Оқимыз бісмилланы шар кітаптан,
Табылар көп насихат әр кітаптан.
Әйелге еркек бұрын берген сәлем,
Шашубай, көріп едің қай кітаптан? –

депті. Сонда Шашубай:

Бозбала, ән сал десем ән салмайды,
Қара жер ажал келсе кімді алдайды.
Жеңеше, босқа шаршап не қыласың,
Ежелден байтал шауып бәйге алмайды, –

десе керек. Сонда Ажар:

Шашубай, біліп едім айтарыңды,
Көңілім сөзіңді естіп қайтарылды.



Құдайым байталыма қуат берсе,
Қағармын асқақ жырмен сайтаныңды, –

депті. Сөзден тосылған Шашубай айыбына шапан жауыпты деседі.

ШАШУБАЙ МЕН ҚАСҚЫРДЫҢ АЙТЫСЫ

Шашубай қақпан салып қасқыр, түлкі аулайды. Шашекен өмірінде беті қайтпаған адам ғой, бір күні қақпанға түскен қасқырды тірідей қалаға айдап келе жатқанында, қасқыр Шашубайға атылады. Екеуі алысады. Қасқыр Шашекенді талап, жарақаттайды. Бұның үстіне бір қызметкер кездесіп, қасқырды атып өлтіреді. Бір күні Шашубай тағы да қақпан құрып, бір қасқыр ұстайды. Қасқырды өлтірмей тұрып, қасқырмен айтысады. Кейінгі ұстаған қасқырын алдында өзін талаған арланның қаншығы етіп көрсетеді:

Ш а ш у б а й :

Қасеке, амансыз ба, жақсы күйде?
Көз қызартпай қонақ бол біздің үйге,
Бас берем, балық берем, тойғызамын,
Тоймасаң тауық, қоян сойғызамын:
Көрмегенді көресің қызық дүние!

Қ а с қ ы р :

Сөзіңе иланбаймын шалым деді,
Бетіңде жоқ тырнақтай арың деді.
Қайда апарып сойдың сен энеу күнгі,
Жоғалды менің жолдас жарым деді.
Шашубай, құлағыңа барған жоқ па,
Жар жоқтап жылағанда зарым деді,

Мен сені, сірә, тірі жібермеймін,
Аянба, күшің болса, барың деді.
Әне, анау екі балам тұр жолды тосып,
Жақында, сөйлесейік көңіл қосып.
Қақпан шотты таста да бермен келгін,
Тағы ұрар деп, мен тұрмын денем шошып.
Мына бәле, көз жібер, кімнен болды?
Қар үстінде жатыр ғой қаным жосып.
Хабарыңды есіткен қанша қасқыр,
Бөрліден тұра алмастан кетті босып,
Қақпан салып ұстаттың аяғымды,
Қақпан, шот, қыстырып ап таяғыңды,
Бала-шаға жеп кеткен бір атыңды,
Қу шал, соны қуып келдің бе баяғыңды.
Соңыма түсіп алдың сауысқандай,
Әкеңіз Қошекеңді өлтіргем жоқ,
Түбінде адал қандай, арам қандай,
Жылқы алып, жесір кетіп шабысқандай,
Жеті атаңның құны бар ма, байымды өлтіріп,
Өзімнің аяғыма қақпан сап, қан алғандай.
Мойныңды бір-ақ бұрап соғар едім,
Аяғым ісіп кетті, темір тікен қадалғандай.

Ш а ш у б а й :

«Ауыл арасында бос оттап жүрген боз ат үйге келе жатқанда, төрт балаң, байың – алтауың жабылып жолдан ұстап жеп қойғаныңды білесің бе?» – деп қасқырға төндіре айтады да, былай дейді.

Сот астынан ат жедің жаяу тастап,
Алтау болып келдің де ханша бастап.
Ол-ол ма, сен аз ғана қойым қырып,
Өзің дауды көбейттің бәле бастап.



«Өткен іске өкінбе» деген сөз бар,
Маған да ұятырақ айып ашпақ.
Мойныға алсаң, қылмысың осы емес пе,
Ақсақалдың бетіне таңба баспақ.
Боз аттың құны үшін салдым қақпан,
Тұлпар еді су ішпеген ылай-қақтан,
Жалғыз ат жан сақтауға өлең айтып,
Әр жерден жүріс қылып ақша тапқан
Сенің байың, балаң жеді деп естіген соң,
Әдейі іздеп келдім Арқа жақтан.

Қ а с қ ы р :

Үстінде түрі жаман киген тоның,
Сенің өлмей жүргенің менің сорым.
Түсінді жылытқансып жақындама,
Тағы ұрам деп келеді арғы қолың.
Білемін байымды сен тірі сойдың,
Әсте, есімнен кетпейді сенің соның.
Ел – жұртың еркелеткен антұрған шал,
Түбінде түзеледі-ау жұлдызың оң.
Аяғымды алсаңшы қақпаныңды
Жіберместей берік ұстап шапқаныңды.
Қызығына берместен тығып қойдың,
Жасырып қызыл түлкі тапқаныңды.
Бұлт жамылған мұзбалақ кәрі бүркіт,
Қаңтар мен керек қылмай ақпаныңды.
Қақпаныңды ал дағы босат мені,
Әкетейін наз қылып шаққанымды.


Ш а ш у б а й :

Неге мұнша сөгесің ақсақ бөрі,
Қонақ қып жіберейін үйге сені,

Болғанда сен бір бөрі, мен бір сері,
Жай алмайсың, жолдасым дию – пері.
Атты ұмытып кеткенде, қойды қырып,
Сізде үлкен өкпем бар содан бері.
Қасқыр көрсең, терісін ала бер деп,
Жұмсады үкіметім әдей мені.
Ақырет қарыз қылмай ақыны бер,
Май құйрықты жедің ғой, еттің сөлі,
Етінді жеп, сорпаңды ұрттамаймын,
Үстіңнен құтыласың берсең тері.
Қазынаның малына қас қылмай-ақ
Оқ тие ме өкпеңнен жүрсең тегі?
Толқын ұрып шығарған балық көп қой,
Жағалап жүрсең жортып Балқаш көлі,
Түнде кеп сүзекіден балық жейсің,
Балықты өтірік емес анық жейсің.
Балықта қылтық та бар, қыбыр да бар,
Таза етті ішіндегі танып жейсің.
Күзетшіні ұйықтатып түн болған соң,
Айырып семіз сазанды алып жейсің.

Қ а с қ ы р :

Қасқыр менен түлкіге болдың қастан,
Заң бар ма, өлсін деген қасқыр аштан?
Балық жемей, не жейін биылғы жыл,
Қар қалың тышқан құрып, қарным ашқан.
Жегенді төлер болсаң өзің төле,
Қырғыз, қазақтан жеп едің он үш жастан.
Базар күні гармоньдап құбыласың,
Әлі көңілің бар ма еді қиғаш қастан?
Сенің теңің кемпір ғой, Шашубай шал,
Құржиған дудардай бас, үрпиген шаш.
Мал айтсаң да түспейді қиылған қас,



Гармонь тартып құбылып болмағын мас.
Сені не қылсын, айтшы, өзің кейінгі жас?

Ш а ш у б а й :

Дудар басты алмаймын, кемпір мыстан,
Сондай кемпір адамға болған дұшпан.
Қуанышым қойнымда қыз алғандай,
Қадірлейді бұл күнде Қазақстан.
Бір кемпір ап, қадірлеп сыйлап едім,
Денем үйір болған соң қимап едім,
Жаяу жүріп, көп шаршап, қақпан салып,
Асырамаймын деп жанымды қинар едім.
Бәтiш деген кетіп еді менен кемпір,
Шамаң келсе, қасыма жасты келтір.
Құлақ күйін домбыра жаңылып қалсам,
Жер үстінде бар қасқыр талап өлтір.

Қ а с қ ы р :

Сұлу әйел, қасқырға құмарландық,
Сері болып үш боз ат тұмарладың.
Жеті ай жатып, түрмеде Арқаға өтіп,
Тағы келіп бөрліні шұбарладың.
Прокурор мен сот та айтты тыныш жүр деп,
Оныменен, пері соққан тіл алмадың.
Қақ биыл сені тірі қоймаушы едім,
Бөрліде қоныс тауып тұра алмадым.
Қызыл түлкі бермейсің қазынаға,
Ұрлап тығып қойныңа жұмарладың,
Екі жылда он жеті қасқыр алдың,
Бергенін де білмейсің бір Алланың.
Ұстап алып Шашубай түбіме жеттің,
Өлтірдің де байымды өкпелеттің.

Біздің жеген бір атты сонша қуып,
Түбі оң көзі боласың-ау үкіметтің.

Ш а ш у б а й :


Терінді алсам, етінді жейді ұзақ, қарға,
Қақпан сап жаяу жүрмін қалың қарда.
Қойды қырып, атымды жеп кетіп ең,
Ұялмайсың, бетінде арың бар ма?
Қылғаныңды айтады қызыл тілім,
Бойыңдағы білмейсің үлкен мінің,
Терінді сойып алуға көңілім кетті,
Дәм-тұзың таусылар тақ бүгін күнің.

Қ а с қ ы р :

Ой, дариға-ай, қадірін білмейді екен, Садыр, Найман,
Байлық, бектік кетпеген қаптағайдан.
Менің сорым төрт елі арылмаған,
Есің танбай Арқадан келдің қайдан.
Келе жатқан жолаушы айтып еді,
«Тірі келсе сақтан» деп Шашубайдан.
Байды өлтіріп Дулатқа ауып едің,
Содан бері істегенің бәрі майдан.
Ақыр өлдім енді ісің алға басар,
Қазақстан көтерер арғын-найман.

Ш а ш у б а й :

Шал едім күшке кірген күн-күн сайын,
Қас қылсаң, қарсыласып, күшің дайын.
Қоржиган шал дедің де, атын жедің,
Үкімет кәдірлеген Шашубайдың.
Бұл жүргенім өзіме күнде күлік,



Қасқыр мен түлкіге салдым бүлік.
Сөзіңді қой, өлтірем, теріңді алам,
Бүркіттей боп кетті ғой көзім тұнып

деп, Шашубай қасқырды өлтіріп, сойып жатқанда, қасқыр-
дың екі бөлтірігі жақындап келе жатады. Сонда Шашубай
айтады:

Келе жатыр екеуі бір-бір басып,
Біреуіне-біреуі ақылдасып.
Екеуін көрсе-дағы бұл Шашубай
Шешесін соя берді қорықпай сасып.
Ақылы, айласы көп антұрған деп,
Бөлтіріктер жоламай кетті қашып.
Терісін сойып алып бұл Шашекен,
Түнде келді үйіне бір-бір басып.

1932

ШАШУБАЙ МЕН КӨШЕН


Ш а ш у б а й :

Балқаштың құтты жері Саршығаннан,
Жыр төгіп, асқақтатып ән шығарған,
Тынысы тарылмаған жүйрік едім,
Үш жүзге мәшһүр болып даңқым барған.

Бұл күнде мыспен күштеп босағамды,
Шынтақтап Бектай – ата, Босағанды,
Жастанып шалқар көл мен Дересінді,
Байлығым басып жатыр осы аранды.
Дариям қандай болса қазынам сондай,
Шоқтығым Алатаудан аса алады.

Жерім бар көз жеткісіз кең шалқыған,
Дүние таңырқаған зор даңқынан.
Көпіртіп, көк теңіздің көбігіндей
Сол жерден мың-мың тонна мыс қалқыған.
Алыбым күміс күптеп, алтын аптап,
Қазынам алқабымда жатқан қаптап.
Байлығы сарқылмайтын Қоңыратым,
Қойнына алуан кенін келген сақтап.
Айтқанын іске асырып заманымның,
Ішінде орнатылған аз-ақ жылдың
Ернеуі қанша алса да кемімейтін,
Елімнің шығыстағы қазанымын.
Дүниеде завод болса нелер алып,
Келемін баса көктеп, артқа салып,
Ертектей елден елге аңыз болып,
Шығады Балқаш атым жерді жарып.
Өзендей арнасында қызыл мысы
Сарқырап күндіз-түні жатады ағып.
«Мак-Кули» машинасы үйдей тасты,
Быт-шыт қып қас қаққанша тастайд шағып.
Дүниеде екі алыптың біреуі – мен,
Басқасы астар түгіл болмайды әдіп.
Баса алмас салмағымды менің ешкім,
Бірімін шығыстағы алып күштің,
Қашан да менікі деп айта аламын,
Одақта үштен бірін өнген мыстың,
Байлығым ерік берген шарықтауға,
Келмеген қапталыма Қап тауы да,
Одақта үштен екісі менен өнген,
Сыймай ма молибденім мақтауыма?

Отыз ту жеңіп алған күн сымбатты,
Жеңіске жеткізгендей іс шыңдатты.
Көгертіп көсегімді көсем берген,



Ішінде бір туым бар ең қымбатты.
Біз берген молибденнен сауыт киіп,
Танкілер қалың жауға кетсе тиіп,
Талқандап темір торын, тас қамалын,
Тау-тау ғып өлексесін кетеді үйіп.

Байлықтың биік құзын ұялаған,
Қыранмын асқар көрсем қиялаған.
Балқашта тең келетін шың болмаса,
Шоқыға анау-мынау ұяламан.
Алтайдай биігімсің Қарағанды,
Сен ғана тең келесің мына маған.
Досеке, Көшен қайда, Қайып қайда?
Кемшілік ұсамайды айыққанға.
Осында барды бар деп, жоқты жоқ деп,
Өзара сынға салсақ, айып бар ма?
«Жатпасын қисық ағаш тез алдында»,
Ақындар соны түгел сезе алдың ба?
Не жайда Қарағанды осы кезде,
Елестет бірің шық та көз алдыма?

К ө ш е н :

Шашеке, жұрт алдында шаппай желдің,
Алдына әдеппенен сәлем бердім.
Орның бар шабыттанып шарықтауға,
Қырағы қыранысың айдын көлдің.
Байлығы Балқашыңның ұшан-теңіз,
Сай келген бағытына ерікті елдің,
Әйгілі бар әлемге мыс қазансың.
Төрінен орын алған туған жердің.

Жүйрік ең, талай топты шыққан жарып,
Тағы да кәрі тарлан ойнақ салып,

Басына бәйгі төбе шығып тұрсың,
Мен дағы қосылайын дабыл қағып.
Құтырып жау жағадан алған кезде,
Долданып аттанысты біздің халық.

Іргеміз берік еді әуелден-ақ,
Қас дұшпан жыға алмастай сырттан шалып,
Партия дер кезінде мезгеген соң,
Шығыста орнатылған біз бір алып.
Қалайша ел қуанбас, сен отырсаң,
Тұмсығын фашистердің мыспен қарып.
Былтырғы олқылықтан мен де арылдым –
Данышпан партиядан нұсқау алып.
Қолымда қазір менің қырық ту бар,
Солардың ортасында күндей жарық –
Отанның өзі берген Қызыл Ту тұр:
«Табысқа! Жеңіске!» – деп, ұран салып.

Балқытқан мың тонналап болат темір,
Орасан заводтардың жаны – көмір!
Майданға қару-жарақ, азық-түлік,
Таситын темір жолдың қаны – көмір!
Мұз бұзып, толқын тілген, теңіздерде
Керемет кемелердің жаны көмір!
Бүгінгі техникалы тіршілікте
Көмірсіз, айта алмаймын, бар деп өмір.
Сарқылмас сол көмірдің дариясы,
Қапталған қара алтынның қазынасы
Бойында Қарағанды сан ғасырға
Жетеді, Қап тауындай мол мұрасы.
Көмірдің күшін байқап қарасаңыз
Қамалдың бұзылмайды қай қиясы?!
Дегенде: «Қарағанды!» фашистердің
Үрпиіп, тік тұрады төбе шашы.



Өйткені, біздің көмір бомба болып,
Жауғанда, жерге кірген жаудың басы.

Жау төнсе, қаһарланып, оқ боратқан.
Күші бар тау бұзарлық неше батпан.
Соғыстың зор құдайы – зеңбіректер,
Құтырған қасқырлардың жынын қаққан.
Автомат, пулеметтер шалғыдай-ақ,
Дұшпанды қарсы келген шөпше шапқан.
«Катюша» майдан күйін ойнап берсе,
Сұмдардың арам қаны сел боп аққан.
Қаһарлы минометтер нажағайдай,
Жатағын фашистердің қоймай тапқан.
Көмірдің біз өндірген қуаты ғой,
Бәрін де осылардың шындап соққан!

Ақиқат менің мұным, емес мақтан.
Барып көр, бір-бір завод – әрбір шахтам.
Ішінде неше алуан механизм,
Көпіртіп машиналар көмір шапқан.
Мотормен сусылдаған науа арқылы,
Қара алтын тысқа қарай көл боп аққан.
Қорытқан құрыш, шойын домна пештер,
Отын ғып күндіз-түні соны жаққан.
Құрыштан жасалмайды нендей қару,
Бар ма еді хабарыңыз майдан жақтан!
Дүрілдеп жауар күндей бомбовоздар,
Дамылсыз көктен төніп жауға шапқан.
Басына сұмырайлардың саңғып өтсе,
Әлек қып астан-кестен аспанға атқан.
Саны көп, қырғи-қыран самолеттің,
Болмысы, білесіз бе, нендей заттан?
Ол-дағы көмір менен темір тегі,
Шар болат қайнап-пісіп, шыққан оттан.


Алмастай қызыл тілді кекке жанып,
Сөйлейін, тыңда біраз құлақ салып.
Көмірлі Қарағанды – менің атым,
Атағым досыма анық, қасқа қанық.
Кемшілік ісімізде аз болған жоқ,
Жасырмай шынын айтам, қойныма алып.
Үдеттім қарқынымды қазір бірақ,
Құрышпен қиялымды қомдап алып.
Қара алтын мен тасытқан осы арадан
Тоқтаусыз Орал тауын орай ағып,
Қаһарлы көп қару боп заводтардан
Майданға күндіз-түні жатыр барып.

Шарқ ұрып, о, Шашеке, шарықтадың,
Аз сөзбен айтарыңды анықтадың.
Жаңылып қалмағайсыз, шолып өттім,
Қайратын Қарағанды танытқанын.

Кел бермен, айтыс болса іздегенің,
Менің де кесек тоят көздегенім.
Балқаштың артық-кемді жерін айтпай,
Бола ма айыбыңды тіз дегенің?!

Ш а ш у б а й :

Үш жүзге даңқы кеткен Шашубай ем,
Айтыста шоқтығы асып жан жеңбеген.
Тап берген соны ұмытып бұл жиында,
Мынауың қай бала өзі өңмендеген.
Аңдап бас аяғыңды, тегі балам,
Шашубай қиын тиер түбі өңгеден.
Салайын алдыға әкеп бар мініңді,
Санай бер сыбағам деп Шәкең берген.
Мойныңда сан мың тонна борыш отыр,




Арылып тұрсаң, мақтан, бересіңнен.
Тәлеттір борыштарын мойындағы
Қайда әлгі, «Ленинуголь» тіресіңнен.
Бірінде екі күннің ант-су ішіп,
Сен кімді семіртесің бересіңмен.
Шахтаның біреуі алда, бірі кейін,
Отырсың бірін жауып біріменен.
Тоғыз мың борышы бар «19-бис»
Басқадан жағдайының қай жері кем.
Көшенді көмір басып жатса дағы
Сен қашан мезгілінде жөнелтіп ең?
Жағана талай завод жармасқанын,
Балқашта жатсам-дағы білетін ем.
Бөгесең көмір бермей басқаларды,
Арт жағы не боларын білетін бе ең?
Алыптар айналаңа орнап жатыр.
Жүгіне жүк қосылар тап күні ертең.
«Жүргенде мұртқа өкпелеп, сақал шығып»,
Аптығып-сасып қалма ала алмай дем.
Батыра айтқан – достық деп түсінерсің,
Сөз ұққан адамсың ғой өрісі кең.
Ордам деп ортамдағы сыйлай берем,
Әйтпесе, мықтап тұрып иықтар ем.

К ө ш е н :

Салсаң да шаршы топта самғап айғай:
«Баласы Қошқарбайдың, – деп, – Шашубай».
Өрлеймін сөз қамшысы өткен сайын,
Шын жүйрік шаба алмайды тер шашылмай.
Сыйлаймын, Шашубайсың, әбден білем,
Қадірлеп жайшылықта басымды ием.
Үйіме келсең, беріп бар мәзірді,
Жаямын жастық қойып, көрпе, кілем.

Кезіме аңсыраған кез кеп қалдың,
Бойлауық бәйгі бермес Шашубай ең.
Асканда ақтық жасың жарты жүзден,
Кездестің тұңғыыққа мендей терең.
Бұлтарып, бұлтқа қарай жалтарсаң да,
Сыпырып, көк тұйғындай, бір-ақ ілем.
Жас тұлпар мен жебесем, болдырарсың,
Болсаң да өрен жүйрік сүрінбеген.
Шашеке, сөйледіңіз сыннан бастап,
Ойыңыз – кемшіліктің бетін ашпақ.
Болғанда ретсіз іс бізде талай,
Кетесің өз мініңді қайда тастап?
Олқылық, жетіспеген сізде де көп,
Әр жерін жұмысыңның жатқан жастап.
Алты айлық мың алты жүз борышыңа.
Жүз жетпіс ысырабыңды әкеп қоссақ.
Мыс қарыз тонналаған екі мыңдай,
Жоспардан тұрған жоқ па кемін қостап?
Батасың несиеге шаш етектен,
Төлейтін борышыңды сомға шақсақ.
Тегінде, бұл несие қайдан шықты,
Ісіңіз жып-жинақы болса шап-шақ?
Айтыңыз салыстырып іс салмағын,
Жарай ма сәл нәрсеге көз салғаның.
Бәйгіден келмеді деп бар тресің,
Кеміттің бассейннің бір тармағын.
Міндетсіп осы болса такқан кінәң,
Онымен кеміген жоқ күш салмағым.
Екі жыл әзірлігі артта қалған,
Қоңыраттың неге айтпайсың кемдік жағын?
Турашыл ақын болсаң талдап сөйле,
Шашеке, кешегі алған туың қайда?
Балқаштың кім кемітті аруағын?



Ш а ш у б а й :

Қазақтың ақындары нелер дарын,
Шашубай білетін ед жатқа бәрін.
Солардан иығы асып, топты жарған,
Әзірге естігем жоқ Көшен барын.
Әркім ғой қолда барын теке қоймақ,
Байыптап осы арасын ойла, жаным.

Жамандап қазыналы Қоңыратты,
Неліктен сені, шіркін, тәңір атты.
Жұмысы мақтағысыз жаман болса, –
Қалайша ол, Наркоматтың туын апты?
Ешкімнен сенен басқа естігем жоқ,
Қоңырат деген сөзді артта қапты.


Құлақ қой, есің болса, мына маған.
Мен сені жалған айтып кінәламан.
Жақсысын бассейннің жоққа тән ғып,
Білесің, айтып тұрсам, күнә маған.
Сондай-ақ Қоңыраттың барын бүгіп,
Не шығад құр орынсыз сынағаннан.
Ол рас, дайындық іс нашар деген,
Бұрқ етіп бір жаманат шыға қалған.
Сонда мен Қоңыраттың кемшілігін
Батыра сенен бұрын сынап алғам.
Шашубай оны естімей, Көшен боп па
Еті өліп кемшілікке шыдап алған.

Қоңыраттың бір зор міні ашылғанға,
Шашубай деп қалмаңдар ашынған ба?
Ежелден тап беретін әдетім-ді,
Өз мінін көлегейлеп жасырғанға.
«Он жеті бисің» дағы ұқсамайды,

Күніне бес мәртеден асырғанға.
Сонда ғой, бір адамның тәулігіне
Қазғанын есептеген кісі бар ма?

Тұрғандай жақсылығың жаннан асып,
Орынсыз мақтанасың неге тасып?
Екі күннің бірінде авария,
Иығыңнан жатқан жоқ па мықтап басып?
Егер маған сенбесең, осы жұрттан,
Авария бар ма деп көр сұрасып,
Өйткені, бұған дейін сөйлеспепсің,
Новиков, Қинаштармен бір сыр ашып.
Авария дегенде, Горькийлықтар
Көрдің бе, бұға беред басын қасып.
Әлгі бір нөмір алты жаңа шахтаң
Құтылад, мінін қазсам, қайда қашып?
Екі күннің бірінде тоқтап қалып,
Борышын кеткен жоқ па шаштан асып?

Жеңіс те, кемшілік те алмағайып,
Ендеше, менен тапқан кейбір айып,
Үңілсең өз бойыңа тереңірек,
Сен де тұрған жоқ па бадырайып.
«Бас жаққа барыспайық» деген бар-ау,
Тіл алсаң, ту жағына барыспайық.
Мен-дағы кемшілікке мойындаймын,
ТЭЦ туралы айтқаның – орынды айып.
Бірақ та, жеңіл алған туы бар деп,
Дәріптеп күні кеше ақын Қайып,
Жер-көкке сиғызбаған Тарабанов.
Туынан қалған жоқ па сол да айрылып?
Шашубай сен болмасаң, сеніп отыр
Ертең-ақ келеріне ту қайрылып!



К ө ш е н :

Шашеке, салыспайық дауға дамай,
Сөзіңе сөз айтамын, болсын орай.
Қара алтын ордасында отырғанда,
Бұл Көшен уысына түспес оңай.


Өткір сөз дәл тиген соң шымбайыңа,
Салдың ба зор дауысты айғайыңа?
«Алыссаң – атаңды жық» деген сөз бар,
Мінгізіп бір алайын оңтайыма.
Келгенде судай сырғып Қоңыратқа,
Бой бермей сүйенесің тіл мен жаққа.
Баспайсың аяғыңды сүйресем де,
Тоңқайып құлап жатқан вагон жаққа.
Қойылмай темір жолдың ісі ретке,
Аптығып жұмысшылар жүрген жоқ па?
Қоңырат сол қырсықтың салдарынан
Төлеп жүр мыңдаған сом штрафқа.
Жоспарды толтырам деп апырақтап,
Мығымын күштің салдың топыраққа
Табысың жүз мың емес, одан да көп,
Көп сөздің көптірмесін қақсаң шотқа.
Туынан Тарабанов айрылды деп,
Бойыма жараспайтын мінді тақпа.
Өзіміз ауыстырып алып бердік,
шыққан соң одан-дағы озат шахта.
Келе ме кемітуге Тарабанов,
Әлі отыр ие болып жақсы атаққа.
Құр бекер жеңем деудің жөні осы деп,
Буынсыз тұтас жерге балта шаппа.

Шашеке, – авария – басты мінің,
Бос тұрған талай рет болды күнің.

Бейқамдық, салақтықтың салдарынан
Отырсың, өрлей алмай табыс шыңын.
ТЭЦ-ың жарты жылда он бір шөкті,
Ойлама, мен білмейтін бар деп сырың.
Электр станциясы деген кезде
Цехтарың зар қағады, айтсаң шынын.
Июньнің он төртінде барлық завод
Отырды жинап қойып жоспар-жүгін.
Қаспағын бу қазанның қырмай қойсаң,
Өзің айт, мен бе, сен бе, кінәлі кім?

Қоңыратта жойқын күштер істеп жатыр,
Тамаша соның бірі – экскаватор.
Діңгектей азуымен кенді көссе,
Қалады төбедей жер болып тақыр.
Бойлатып болат бұрғы тас қашаған,
Күрделі станоктар іске батыл.
Осындай қуаты зор құралдардың
Көргенде бос тұрғанын, ішің ашыр.
Шашеке, жұмысында «кілтипан» көп,
Қаншама дегенменен сөзім асыл.
Бұрғылар тамшы суға зарығуда,
Сәл нәрсе үлкен іске болып масыл.

Мақтаған «Мак – Кулиің» ауық-ауық,
Қалады тас орнына темір қауып.
Қақалып қалатыны не себептен,
Темірді Балқаш қайдан алған тауып?
Балқаштың кен байытқан фабрикасы,
Емес пе мыс заводтың бел арқасы.
Астынан руданың сүзіп алған,
Осында машинаның тамашасы.
Бас-көзін былғанышқа бастырғандай,
Бар еді фабриканың не жазасы?



Күтімі жабдықтардың кем болған соң,
Жұмыстың түсті төмен дәрежесі.
Құрал күш іске толық аспаған соң,
Ысырапқа кетіп жатыр мыс тазасы.
Январьда «демалысқа» шыққан пештің,
Шашеке қаланды ма қабырғасы?
Сақталмай берік түрде ережесі
Ісіңнің көбеюде қарбаласы.
Аптыққан бастықтардың қолы тимей,
Шаруаның шабандауда кей саласы.
Басынған соң, балақтан басқа шығып,
Балқаштың еркіндеп жүр қандаласы.

Ш а ш у б а й :

Шу бетте өзің келіп ұрынғанға,
Мынау бір жеңгізбейтін тірі жанға.
Дарынды ақын десем, сөзуарсың,
Бос сөзге болдырмайтын бірер таңға.
Екі сөздің бірінде Қоңырат деп,
Балқаштан барлық тапқан кінәң сол ма?
Вагондар жазатайым тайып кетсе,
Баттитып бетке соғар мін боп па ол да?
Тереңірек тексерер кісі болса,
Оңып тұрған жоқ еді-ау, Сіздің жол да!
Шахта сайын он-ондап вагонеткең
Шашылып жатқан жоқ па құба жонда?
Жұрттан асқан пысық боп жиып алсаң,
Біреу ұстап тұрды ма сені сонда?
Қазанның өзің түсіп қаспағына,
Таң қалдым бетіме әкеп басқаныңа.
Өткен істі сөз қылып не ғыласың,
Алдақашан қырылып тасталды да.

Мен саған ат көтермес «алғыс» айтам,
Айтысқа аспағымды қосқанына.

Көшенім, неге керек артық мақтан,
Сен онан, тілімді алсаң, ерте сақтан.
Бере алмай жер астына бос вагонды,
Малтығып жатқан жоқ па талай шахтаң?
Бос өткен шахталардың уақытын
Есептеп көмірге әкеп болсаң шаққан.
Бұл дертке ұшыраған шахталарың
Борышын болар едің немен жапқан?
Жөнелткен көміріңнің күлі көп боп,
Заводтар тресіне айып таққан!
Кезінде сол былықты көрмей қалып,
Комбинат басшылығы нені баққан.
Кәнеки, мықты болсаң арылып көр,
Денеңе осылардан түскен дақтан!

Шырағым тап бердің бе қандалама?
Тағы да айт тапқаныңды, қорғалама.
Жалы жоқ, құйрығы жоқ бір шіркінге,
Сасқанда жармасқанмен жан қала ма?
Өзің содан арылып отырғандай,
Өзгеге мін таққаның жөн бола ма?
Отыз бірде¹⁰ қандалаң сонша қалың,
Неге тиым салмайсың сен соларға.
Түн болса барақтарға шабуылдап,
Қуады жұмыскерді айдалаға!
Көп жерде барақтарың әлі былық,
Аңқиды әлде ненің исі шығып.

Қолыңды қашан келіп бөгеп едім,
Ұстасаң тап-тұйнақтай таза қылып?

¹⁰ Отыз бір – шахтаның нөмірі.

Қырық бесінші шахтаның моншасына
Қыстыгүн жуан елі қырау тұрып,
Ел қатарлы жуыну былай тұрсын,
Барлығың жатпаушы ма ең мұзын қырып?
Жұрттың қамын ойлайтын жақсы болсаң,
Неге соны қоймадың жылы қылып?
Шахтаңда жұмыскерге берген киім
Саудаға салатұғын емес бұйым.
Аз емес базар асып кететіні
Көрместен сол адамның тұрған үйін.
Ойласаң тереңрек осы қылық,
Төгеді Қарағанды абұйырын.

Көзің көріп, көңілің біліп отыр,
Осыған салмақшысың қашан тиым?
Сараяз сақылдаған қыс келгенде,
Ойласаң не болады сонда күйің?
Бақшаңда ағашыңда шаң бір елі,
Күлімсіп, көлің сасып іргендегі,
Жатқанын, көрмеген боп өте берсең,
Қалана енді қайтіп сән кіреді?
Бар шығар тағы талай салақтығың,
Бастығы горкомхоздың сылбыр еді.

К ө ш е н :

Баспақ боп бадырайтып мінді бетке;
Кемшілік жинақтадың кемітпекке:
Аумағын ат шаптырым бассейннен,
Ізденіп бар тапқаның вагонетке.
Бұл бірақ сізге тоят бола алмайды,
Айтылған сөз сияқты күлдірмекке.
Мінсеңіз Қоңыраттың вагонына
Шашеке, жете алмас ең бұл дүрмекке.

Балқаштың транспорты шапса біздей,
Бір күнгі жарамас ең бүлкілдекке.
Қосақтап кемшілікті қалдырмайсың
Бар ма ойың бізге әкеліп телімекке?

Қай жерде көрінеді білгендігің,
Қырандай сорғалап кеп ілгендігің,
Шындыққа жарасады, жанасады,
Қинаш пен Новиковты бүргендігің,
Шалағай, дөкір басшы болғаннан соң.
Сан рет сізден бұрын мінегенмін.
Мен емес мұндайларды қорғайтұғын,
Олақты ұрса екен деп тілегенмін.
Жалғыз-ақ соңғы сөзің орынды емес,
Кемітіп көмірімді күл дегенің.
Күннен күн артылсын деп қуат-күшің,
Ағыздым көміріммен тастың мысын.
Жүз тоннаң шығын болған ысырабыңды,
Көмірдің күлінен деп отырмысың?
Отынды менен алған шашпай жақсаң,
Өнімді болар еді көп жұмысың.
Басқаға жаршы болып сайрағанда,
Балқаштың неге айтпайсың кемдік ісін?

Шашеке, құтылмайсың қармағымнан,
Ілемін келсең-дағы қай жағымнан.
Ақыры қысылған соң моншаны айттың,
Бір кезде әлде қалай қар жамылған.
Айнадай іші-тысы қазір көрсең,
Күтіліп, үзілместен от жағылған.
Шашеке, сөйледіңіз көп екпіндеп,
Бастасам сіздің жайды мен біртіндеп.
Қалалық үлкен моншаң алқам-салқам,
Жаз бойы жөндемепсің бір бүтіндеп.



Лайы өткен жылғы көпсіп жатыр,
Жүніндей арық қойдың жұлған жүндеп.
Осындай айыбымды айтады деп
Алдыма кес-кестейсің, көлденеңдеп.

Бір үйді төрт жыл болды салғаныңа,
Уақыты бітіретін болмады ма?
Пәтерсіз жұмысшылар қынжылады,
Іске аспай игіліктің қанғанына.

Бастығы шығыс Қоңырат Косих деген,
Сол болса адамыңыз пысық деген,
Монша жоқ, асханасы тағы былық,
Бір қырсық көрінеді, қисық келген.
Шатырда кеншілердің, жатыр, көрдім,
Қайтесің қыс күнінде қысып келген?
Бесінші, он алтыншы асхананың,
Айтуға былықтарын жасқанамын,
Пісіріп берген балық жеуге келмей,
Барған жұрт татпай оны тастағанын.
Бұл жайды білгенімен Янкин жолдас
Есігін асхананың ашпағанын,
Қоғамға қызмет ету ол орнына,
Сайранды базалардан бастағанын;
Бастығы общепиттің бола тұрып
Арақты литрімен тастағанын,
Толтырып қойны-қоншын керек затқа,
Кергенің кеңсесінде қас-қабағын.


Шашеке, мен айтпаймын, Сіз сұрама,
Өзіңе тап бермесін ашқарағың.
Шашеке, сөз бастадың өзің тасып,
Жібердім тегеурінді басып-басып.

Қарпуым қатты болса, амал қанша,
Сіз бірақ қалмағайсыз оған жасып.
Кемшілік, тере берсең әлде де көп,
Бастысын жетед-дағы берсең ашып.
Қария, адамдарың қайда сенің,
Жақсыңды сөйлесеңші бір жанасып.

Ш а ш у б а й :

Көз тұнған көп міндерін асхананың,
Әйгілеп жұрт алдында тастағаның,
Көрсін деп бүркеп қалған былығыңды,
Мені де асханаңа бастағаның.
«Кировта» жұмыртқа ұрлап қолға түскен,
Сенің де бар еді ғой ашқарағың.
Жақында жұрт шулатқан қай асханаң,
Айтпай-ақ қойғанымда басқаларын?
Түстеп айтсам аузыңа құм құйылар,
Сөзді қой, бойыңа құт ашпағаным...

Айт деуің адамыңды өте лайық,
Айтпаса келістіріп, ақында айып.
Бар өнердің тетігі адамда ғой,
Еңбектің ерлеріне бұрылайық.
Соның бірі Байғазы Ысмағылов,
Айына мың тонналап мыс айырып,
Өзінің ерлігімен олқылықтан,
Есесін алған жоқ па бір қайырып?
Жеңіс деп, жең сыбанып шыққан беттен
Артына қарамайды бір қайрылып.
Алдында таудай бөгет тұрса дағы,
Көрмеген қиындықтан жүрегі айнып.
Ісінің қыбын білген шебер адам,
Жылдық іс істеп кетсе, бір-ақ айлық.



Төрт айдай алдына бір жан салмаған,
Жарыста ұлы дүрмек бір талмаған,
Топ жарған әрі батыр, әрі жүйрік,
Шашасын, қанша шапса, шаң шалмаған.
Мың тонна қызыл мысты балқыт десең,
Өмірде қабак шытып шаршар ма оған!
Атақты Имамбаев даңқы күшті,
Бір күнде адақтайды айлық істі.
Қасында қорытушы Трофименко,
Өзендей тасқындатып қызыл мысты,
Еңбекпен ел алдында ер атанып,
Атағы не батырдан артып түсті...

Әр ісім жеңіспенен аяқталған,
Кісім жоқ бар өнерін аяп қалған.
Жақсыбектің тапсырған артық мысы
Бір миллион патронға таяп қалған.

Ісіне ел сүйсінген Әли батыр,
Қаруын қолына алып перфоратор,
Молибден рудасын көл-көсір ғып,
Майданға керегінше беріп жатыр.

Атақты адамым көп айтылмаған
Өмірде оттан, судан тартынбаған.
Бұрғысын Давыдовым қадағанда,
Қаратас қимылынан қалшылдаған...

Ел, майдан асқар таудай бел көретін,
Жеңіске ерліктерін мол беретін,
Сен-дағы кісің болса ортаға сал
Табысы осыларға тең келетін!

К ө ш е н :

Ар үшін, намыс үшін, Отан үшін,
Салғанда совет халқы барлық күшін,
Мадақтап Қарағанды ерлерінің
Тамаша жанқиярлық айтсам ісін.

Долданып көбік шашқан толқындай-ақ,
Келеді көз алдыңа кесек пішін.
Шахтам жоқ топқа түсіп жарыспаған,
Кек үшін, жеңіс үшін алыспаған.
Отыз үш, қос он сегіз, он екінші
Кезекпен қолдарына ту ұстаған.

Бұлардың аты шулы бастықтарын
Шашеке, жақсы білу парыз саған.
«Киров» пен «Жиырманшы» өрлеп келед,
Болсаңыз алыптармен таныспаған.

Кеудеде кектің оты жалындаған,
Үн қосып ерлеріне дабылдаған,
Көмірдің майданында күреседі,
Ұл-қызы алпыс ұлттың мындаған жан.
Бір-бірлеп атақтысын санап берсем
Аттары әлденеше мыңға барған.

Біреуі өнерпаздың Николаев,
Жас жігіт алғырлығы таңғажайып.
Алуда көмір кенін жүйесімен,
Көрсетті көпшілікке үлгі жайын.
Қазірде ол бастаған озат шахта,
Табысқа ұшан-теңіз отыр байып.
Планнан тыс бергені жарты жылда
Жиырма мың тонна болды келсек сайып.



Еңбегі, еткен ісі тағайынды,
Үш жігіт ортан қолдай ағайынды,
Әубәкір, Мұстапа мен Сыздық шапса,
Қайламен қара тасты қақ айырды.
Сап түзеп сілтегенде күректерін,
Жеткізбей тастап кеткен талайынды.

Күрекші Жұмажаным жолбарыстай,
Қарқынға қойған емес қарқын қоспай.
Планын сегіз айдың жарты жылда
Орындап, зымырайды ұшқан құстай.

Атақты бригадир Әділ, Сәкен,
Солардай ардақтымыз Кәрібай, Шәкен.
Жас түлек кеншілердің серкелері,
Қапаш пен Гороховтай кім бар екен?

Бәйгеде ұлы дүбір көп сыналған,
Бәйсекей, Бекбосын бар қарт қыраннан,
Салсаң да өрден өрге өршеленіп,
Келеді бір шалдырмай екі тарлан.
Бірінен біреуі асып түсіп жатыр,
Талай жас осылардан өнеге алған.

Союзда аты әйгілі Түсіп батыр,
Кісі жоқ Балқашыңда бұған татыр.
Ордені кеудесінде жарқырайды,
Осындай адамдарым толып жатыр...

Ш а ш у б а й :

Сан білгіш сөз мәнісін саралаған,
Айтыста салмағымды шамалаған,

Бірзамын бала бүркіт Көшеніме
Алысып, алдырмаған бағанадан.

Осында кемшілік бар деген жерде,
Ақтарып түкпірі жоқ қарамаған.
Амал не, басым алтын, кеудем күміс,
Шығар жоқ тұяғыңды қадағаннан.

Мінің көп әлі де мен санамаған,
Қол үзбей қара орданды сағалаған.
Айтады дос жылата, қас жұбата
Өзіндей қынжылмасам, табаламан.
Бас мінің, ашып айтсам тәртіпсіздік.
Жыл бойы Біріншіңді¹¹ сабалаған.
Қырсауың¹² Садировтай лавада ұйықтап,
Жасаған прогулы балалаған.
Қоздатқан Сқақовтың өтірігін,
Боларсың әлі күнге санамаған.

Бес моторды өртеген Расигің,
Шашубай жапты демес жала маған.
Алғысынан сөгісі он есе көп,
Уәде жоқ айтқан жерден шыға қалған!

Тап беріп Қинаш отыр бұйрығына,
Бұйрықтың боқтау жалғап құйрығына.
Уәдесін бүгін берсе, ертеңі жұтып,
Өтірік ант етуден тыйылды ма?

Бір кезде Новиковың мақтау алған
Мешеулеп осы күні артта қалған.
Шахталарда не болып жатқандығын,

¹¹ Бірінші – шахтаның нөмірі.

¹² Қырсау – қырсық мағынасында.



Өзі барып көрмейді бірін алдан.
Телефонмен ұзақ күн бұйрық беріп,
Трубкасы түспейді ылғи қолдан.
Басшылықтың бар түрі сол болғасын,
Қай уақыт мін түзеліп, жұмыс оңған?

Комбинат озық болып жазы-қысы,
Балқашта асып түссе барлық ісі.
Не себептен нормасын орындамайды,
Дені сау бассейнде төрт мың кісі.
Балқашта ондай адам жүзден асса,
Өлер ем қапа болып ішім пысып.
Еңбектің өніміндей үлкен іске
Көшеннің келмей отыр тоқталғысы.
Менде еңбектің өнімі жүзден артық,
Әрең-әрең сенікі тең жартысы.
Келіп қайт, өнегемді үйретейін,
Бұ да бір жақсылықтың жоралғысы...

К ө ш е н :

Айтысқа ә деп бастап беттегенде,
Айтылды жетіскен де, жетпеген де.
Сайыста сөз найзасын салыссақ та
Қуандым ардан аттап кетпегенге.

Ағасың, ауыр айтсам айып етпе,
Жүрмейді сөзге қолқа ду-дүрмекте,
Ежелден ер мен ақын ел қаруы,
Аруағы көтеретін жекпе-жекте.
Сөз шықсын ақындардан ақ алмастай,
Туған ел шақырғанда қанды кекке.
Аяқтан алыптарды алмасын деп;
Жасырмай басып айттық мінді бетке.

Сөзіңе сөз қайырсам ретімен,
Шашеке, тағы тулап мені сөкпе.
Адамдар менде болса, сенде де бар,
Іске олақ, сөзге мырза ісіп-кеппе.


Сүмеңдеп жалқауың көп артта қалған,
Үлгі алған Мақатовтай соғылғаннан.
Тезге сал Карнухиндай қырсауынды,
Күні жоқ нормасының орындалған.
Қаншама айтқаныңа көнбейтұғын,
Соншама еркелейтін не қылған жан?
Жапақтай алаяқты көріп келдім,
Қыдырымпаз, бір қуынды сидандаған.

Шайденко, Балқашыңда ол да бастық,
Болғасын ісінде көп қарбаластық.
Қалады бір ай озса, екі ай кейін,
Аяғын тұсағандай біреу тас қып...

Тағы айтсам былтырғы жыл күзгі айларда,
Қыруар шіріп кеткен овощ қайда?
Жасамай әзірлікті Андреев
Қусырып қолын отыр тағы жайға.
Тауып алып комхозымды жатқан бұғып,
Сылбыр деп тіліңді бір алдың сұғып.
Жұмыстың бітірмеген үштен бірін,
Қоясың Аврамчукті қайда тығып?
Қай қақпан қирап қалған шаңқай түсте,

Аверчук паровозбен бір-ақ ұрып
Жұмсаған соны менің комхозым ба,
Болмаса боран айдап келді ме ығып?

Перебинус сөзге шебер тұрған сайрап,
Тағы да жатқан шығар қаулы сайлап



Қаулының жүзден бірі орындалса,
Балқашың кетер еді-ау гүл-гүл жайнап!

Шашеке, кемшілікті менен тапқан,
Демеймін өтірік сөз жала жапқан.
Орынды көрсеттіңіз борышымды,
Әзірше етегімнен басып жатқан.
Әзірмін күні бүгін аттануға,
Ағызам қара алтынды күш қайраттан,
Күттірмей жыл аяғын отаныма,
Борышты мен болармын бұрын жапқан!

ДОСКЕЙ ӘЛІМБАЕВТЫҢ БАСАЛҚЫ СӨЗІ

Жыр қуған он бес жастан Доскей едім,
Арқаның адыры емес төскейі едім.
Сөйлесем алқақотан шаршы топта,
Шұбалған шалқар құлаш көштей едім.

Айтыста қия-тартыс алма-кезек,
Қызыл тіл мүдірмейді кетсең безеп.
Ақындар арындаумен аға бермей,
Азырақ бөгеліндер бойды тежеп.

Делебем қозып кетті дүбір көріп,
Алайын мен де біраз жорта желіп.
Аузыма түйдегімен жыр түседі,
Байқасам айналамды көзбен шолып.

Басынан тілмар ақын Шашубайым,
Халыққа сөз таратқан әнмен өріп.
Көшелі көрінеді Көшенім де,
Намысын жіберген жоқ қолдан беріп.

Кемшілік, жетістігін қос алыптың
Екеуі недәуір-ақ айтты теріп.
Талас жоқ жақсы адам мен табысына,
Орынды сөйледіндер күшке сеніп.
Тартыста тең түсетін ақынсындар,
Екеуің екі алыпсың белі берік.

Шешеді жыр түйінін жыл аяғы,
Сендерге көрем сонда сөзді беріп.
Балқаштың бауыр еті Жезқазған бар,
Өлшендер оның-дағы ісін көріп.
Секілді Аймұқанов бар кеншісі –
Ерлерге жорықтағы болған серік.
Әлде де іс салмағы алда жатыр,
Майданда қызды бүгін отты көрік.
Қаһарлы балаларым қас дұшпанға,
Алқымдап жұтқызуда қанды көбік.
Басылмай еңбек ету бізге парыз.
Жойғанша зұлым жауды жерге көміп!

Отанға халқым менің берген сертін,
Ақтайды абыроймен емін-еркін.
Күдіксіз бұған куә бола алады,
Бірлесіп қимылдаған күшті серпін.
О, жұртым, сенем сенің елдігіңе,
Көрсеткен ризамын ерлігіңе.
Жан сала жеңіс үшін қимылдандар,
Таңдансын барлық әлем өрлігіңе!

Ш а ш у б а й :

Табысты тасқындатып селдетейік,
Мыс, көмір, молибденді көлдетейік.
Екі алып шығыстағы тізе қосып,



Құруын фашистердің тездетейік!
Алып күш аяқ бассам қабындаған,
Балқаштың сағаты жоқ дамылдаған.
Жүкке жүк қосылғанмен жыл соңында,
Көтер де, демек емес ауыр маған!
Мыс, молибден екі есе артады деп,
Сене бер осы бастан, қауым, маған!

К ө ш е н :

Алдағы жыл салмағы болсын қандай,
Әзірмін қимылдауға бір де талмай.
Үн қосқан ақынына кеншілерім,
Көмірді боратады жауған қардай.
Серг етем, ант беремін ел алдында,
Жаралы, жауға түскен жер алдында,
Тарттырман тізгінімнен – белім берік,
Ант етем партияның өз алдында!

1943

ШАШУБАЙ МЕН БОЛМАН

Ш а ш у б а й :

Шырағым, аманбысың, ақын Болман?
Дауылмын жан беттемес, соқсам оңнан.
Өлеңге болдырмайтын желғабызбын,
Жүлде алған сан дүрмекте талай қолдан.

Балқаштай ақ айдынның аққуымын,
Еркелеп толқынына күнде шомған.
Желпісем қанатымды дауыл тұрып,
Тітірер екпінімнен не бір қорған.


Он Болман іздеп келіп жарысса да,
Тарланмын таймайтұғын даңғыл жолдан.
Салмақты Қоңыраттың тасындаймын,
Желіксем көктен түскен жасылдаймын.
Өлеңнің кырық қырқасын бір-ақ асқан,
Іліндің қармағына Шашубайдың.
Ақыным, осы жолы мерт болмай қайт,
Жүргенде шығамын деп төсіне айдың.
Күшейтіп шабуылды майданда ерім,
Тазартып қасиетті кеңес жерін,
Қарыштап күнде алға басып барад,
Талқандап, бұзып-жарып жаудың шебін.
Ынтымағы жарасқан алуан ұлтты,
Кім орнынан қозғалтпақ кеңес елін?!
Отан үшін, ел үшін, өмір үшін,
Жырлайық екі алыптың не бергенін.
Сөйле ақын, серме құлаш, көсіл, қарман,
Қапыда қалдым деме мына шалдан.
Жентекте, жетіле айт білгенінді,
Аяма мінім болса ойыңа алған.
Келместен шаршы топқа аялдағым,
Аз сөзбен хал-жайымды баяндадым.
«Амандық ағаданның» салты осы ғой,
Кезек ал, барыңды айт, аянбағын.

Б о л м а н :

Адамға ақындығын бағалаған,
Жөн шығар өз күнінде шамалаған.
Қорықпай-ақ қанатыңның дабылынан,
Сол көлді мен де, ақсақал жағалағам.
Ғажайып сұрапыл боп сұр үрсең де,
Қозғалмай отырмын ғой бағанадан.
Иіріп тәулік сайын жүз вагонды,



Жеткізіп руданды бере алмаған.
Сол қанат маған бітсе, Руденконы,
Болар ем күніне жүз сабалаған.
Мен-дағы асу бермес асудаймын,
Желіксем бірер таңға басылмаймын,
Барында Жезқазғаным жеңілмеспін,
Келсе де сексен сегіз Шашубайың.
Жезқазған бар алыпты қарына іле,
Атағын жеңіп алды бәрінің де.
Бір түгіл, салыстырсақ қырық Қоңырат,
Болмайды астар тұрсын әдібі де.
Арқада үлкен үй боп қазыналы.
Көтеріп не сұрасаң базынаңды.
Шашеке, осы маған өкпең бар ма,
Әкеліп тұрсам да ылғи қазынамды.
Болғанда үзігі алтын, түндігі мыс,
Уығы, керегесі аппақ күміс,
Қазығы қорғасыннан алып үйін,
Жабылып қозғай алмас батыс, шығыс.
Мыс беріп, қатал жаумен жұлысуға,
Сүрінбей шауып өткен ұлы сында,
Әр бірі әр заводтай шахтыларым,
Ақсақал, толар білем уысында.
Табысқан он ай бойы, табысқа өрлей,
Қолымнан сонан беру ту түскен жоқ,
Соны да жүріп пе едің көзің көрмей?
Жаныңа жабырқама кетсе батып,
Біз емес күн өткізер үйде жатып,
Бәйгеме анда алған қажет болса,
Бір айлық руданды алам сатып.
Жанарың ақын аға, жетпес шолып,
Бергенім жеңіс үшін жатыр толып:
Өндірген жоспардан тыс рудаммен
Түп-түгел қаруланад сексен полк.



Қияның қол жетпестей қиясымын,
Деп бүгін мақтануға сиясымын,
Тудырған таңырқаулық, алып ерлік
Өйткені, рекордтар ұясымын.
Атағы Алатаудай асқар әлі,
Жетерлік мың-сан жауды жасқарға әлі.
Атқарған қырық адамның қызметін,
Алып жоқ Балмұханнан асқан әлі.
Бұрғышы кім білмейді Әйгелевті,
Самғаса, сан жарыста бәйге ілікті.
Бітірген айлық істі бір тәулікте
Өнері ерлігіне сай келіпті.
Кімнің бар пар келетін Ақшаловқа
Ерлікпен даңқы шыққан шартарапқа.
Нормасын жиырма адамның жабар еді,
Бір күнгі еңбегінен енші алып та.
Семірген өтірікке Селиванов
Қайғы жоқ, тіл буынсыз, қорынарлық.
Жаны тыныш, жол ісімен жұмысы жоқ,
Саусағын жылы суға отыр малып.
Күніне неше вагон құласа да,
Қылмысы тексерілмей жатыр қалып.
Балқаштың толқын қуған құр аққуы,
Көрмедің соны неге қырыңа алып?
Үнемі жолдан тайып, вагон құлап,
Аптығып тұрғыза алмай жатсаң сұлап.
Шашеке, мен айтпай-ақ, өзің айтшы.
Бересің составыңды қалай құрап?
Құрағаннан құлату оңай дейді,
Сол жерін Топченкодан көрші сұрап.
Ана бір жылтындаған Волоканов,
Келгенде құлатуға деседі алып.
Бір емес, әлденеше поез құлар,
Соңына сол жұмыстың қойсаң салып.



Ш а ш у б а й :

Әлемге даңқы мәлім, атағы асқар,
Қатталған қойнауында қымбат тастар,
Қазыналы Қоңыратқа салғастырсақ,
Еш алып Европада болмас астар.
Алыппын аты шулы асқан шеннен,
Құралған тұтас тұлға алуан күннен,
Егер де керек қылса сексен завод,
Еш уақыт тарықтырмас жейтін жемнен.

Өзім оқ, өзім бомба, өзім танк,
Өзім кен, өзім қазына, өзім алып.
Майданға көмегімнің көптігіне
Жетеді қашаннан да көзім анық.

Қоңына қадасаң да тоқсан бұрғы,
Білінбес шыбын-шіркей шаққан құрлы.
Не ғажап алып күшті машеным бар,
Келтірген асты-үстіне ой мен қырды.

Қозғалмай бір орында табан тіреп,
Сан батпан салмағымен соқса шіреп,
Жеті хат жерден өткен зұлпықардай,
Қашауым қара тасты кетер іреп.

Салмағы соншалықты шектен шыққан,
Инедей сол қашулы жерге тыққан,
Батыр бар Абзалбектей елге мәлім,
Жентектеп таудай тасты саздай сыққан.
Алыптан алып туған Өтебаев,
Алдынан қаһарланса жұмыс ыққан.
Түбіне тегеуріні темір үзер,
Нұржанов бір ұрғанда тауды жыққан.

Кім жетер Парпенев пен Сыздықовқа,
Мылқау тас сөйлеп кетер тілін ұққан.
Болманым, мына көпке даттап бергін,
Осындай ерім бар деп менен шыққан.

Біреуі бір-бір шахта экскаватор
Шақ келмес тенеуіне мың-сан батыр.
Атандай кесек тасты бір-ақ қауып,
Күніне мыңдап вагон тиеп жатыр.

Үйреткен сол асауды Елемесов,
Алысса күз жар таспен ерегесіп.
Аумағы бір ауылдай кең алқабын,
Ожаумен қас қаққанша алар көсіп.
Маманов, Петришев, Секербекөв,
Қайнатып қара тасты қалған бекіп.

Қопарып боршалаған ерлік ісін,
Жеткізіп айта алман тілім жетіп.
Бір күндік рудамды берген артып,
Жүз поез әкетеді әрең тартып.
Құралған барлық мүшем машинадан,
Көтер ем сан Болманды бір-ақ қарпып.
Кел-дағы мың поезбен тиеп әкет,
Кенімді керек болса, берген артық.

Мақтадың, Болман шырақ, комбинатты,
Есіңе аламысың майдан жақты?
Алты айдай кем бергенің білемісің,
Екі жүз отыз мыңдай снарядты?
Балқашқа берген темірің тат боп шығып,
Бес жүз тонна мыс соңынан жетпей қапты.

Рудадан жиырма төрт мың борышың бар,
Мұны кім саған тағы арқалатты?



Мені былай қойғанда өз заводдың
Он екі мың тоннаны ала алмапты.
Басқарған Новеселов екі шахтан
Оныңды айтамысың етіп мақтан?
«Он бір» мен «Жиырма тоғыз» оған серік,
Хабарың бар ма, сірә, олар жақтан?
Қаншама мың патрон болар еді,
Есептеп кем бергенің болсаң шаққан.

Біліп ем Байқоңырдың жайын ашып,
Жабырқап өз-өзімнен қалдым жасып,
Не сапа жоқ, не сан жоқ, – күл шығарып.
Отанның мыңдаған сом пұлын шашып.
Ақынмын деп сол жерде неге жүрсің,
Олқылықтың көрсетпей бетін ашып?

Кім сүйсінер ақынға қоян-қолтық,
Өмірмен кетпеген соң араласып.
Көмірші, жұмысшының төрттен бірі,
Нормасын орындамайды осы күні.
Еңбекте өнім, ісінде береке жоқ,
Даурыққан у менен шу ығы-жығы,
Етек басты борышты болған Болман,
Ақын атын арқалап жүрсің тірі.
Балқаш пен Қоңыратта жүрмес едім,
Болса осы міннің жүзден бірі.

Б о л м а н :

Шашеке, енді нең бар мақтанарға
Құрғақ сөз бұта болмас паналарға.
Құз болдың, кеме болдың, аққу болдың,
Ешнәрсе қалдырмастан басқаларға;
Ұшсаң да мың-сан таудан ақиық боп,

Қайтсең де тең келмейсің біздің нарға.
Мақтаған Қоңыратың жарты жылда,
Тоқсанға проценті жетті зорға.
Байқоңыр көмір бермей күл берді деп,
Саласың дауды қуып басын шарға.
Қаншама баптасаң да сөзбен түйреп,
Жөнсізге, сірә, Болман қозғалар ма.

Байқоңыр жалғыз жемдеп комбинатты,
Жыл бойы мыңдап тонна көмір шапты.
Көмірі Байқоңырдың электр боп,
Забойға ауа болып бұрғы ойнатты.
Күшімен сол көмірдің қопарған кен,
Ағылып сіздің елге келіп жатты.
Жемдесе бір алыпты көмірімен,
Отанға қай жерінен зиян сапты.
Шарықтап құлаш ұрдың биік көкке
Абайлап көз салмастан төңірекке,
Болса да сексен завод жемдеймін деп,
тағы да үдей салдың өр көкірекке,
Шынында сексен түгіл бір Балқашты
Отырсың қамти алмай жекпе-жекте.
Қол үшін бермегенде Жезқазған кеп,
Белшеңнен батар едің берешекке.

Алыптың көрсетейін айтып түрін,
Аңдарсың естімесең бұдан бұрын.
Шахтам бар жеті қат жерді ойып түскен,
Ішінде ел көшкендей неше дүркін,
Күш алып электрден, болат жолмен,
Тасиды мың сан вагон нардың жүгін.
Басқарған Байқоңыров бір топ шахтам,
Жоспарын орындады елден бұрын.
Бес айдай жоғары ұстап келе жатыр



Ұстаған қолдарында Қызыл Туын.
«Покро», «Злотуст» шахталары.
Шалқытты күн-күн сайын жеңіс жырын.

Ойран ғып жердің астын жеті қабат
Бұрғылап, шыңды тесіп тасты қашап,
Қопарып аумағымен қалың құзды;
Тау жарған екпінімен өңкей санат.
Ақтарған жер астының қазынасын
Ерлерді дәріптеймін мыңға балап.
Бір ғана Жезқазғанның бір мың кенші,
Жүлде алды оза шауып өңкей саңлақ.
Сол топтан үздік шыққан отыз ерді
Мақтан ғып айтуыма аузым толад.
Алты айда орындады жылдық ісін.
Бір мезгіл дамыл алып етпей тағат,
Бұрғышым батыр сынды Шаталюкті,
Бар жұрты қадірлейді тәрбиелеп.
Жоспардан жүз алпыс тонна мыс артылтқан.
Күшіне ел таң қалды тамашалап.
Жасалған сол мысынан патронмен
Он мың қол қаруланып жауға аттанад.

Атақты Ғиятуллин, Оралбаев,
Еңбекте тыным алмас жарты сағат,
Қозыбағар, Нұрмағамбет батырлардың
Қолынан талай құздар бордай тозад.
Ешпаев, Жабагинов тәшке айдаса,
Ұрулы ел үдергендей думан болад.


Күләйшә, Вера сынды аруларға,
Елінде тең түсерлік әйел бар ма.
Шығарған екеуінің рудасы
Күн сайын жүк болады бес жүз нарға.

Айлығын жиырма күнде орындады,
«Покро» он екінші шахталар да.
Шахтасын тәулік сайын алға тартқан
Синицин, Ысқақ сынды батырлар да.

Ш а ш у б а й :

Төгіл жыр, көмекейден, сөйле, тілім,
Болмандай келгенде іздеп ақын інім.
Жетектеп жетегіме алайын мен,
Заводтың аралатып ойы-қырын.
Қыран көз көргіш болса шолып өтсін
Балқаштың ішкі сыры, сыртқы түрін.
Бура сан, балуан білек ерлерімнің,
Көрсін көз тиеп жатқан өмір жүгін.
Қазбалап бәрін түгел айта алмаспын,
Салмақтап айтайын тек мыңнан бірін.
Орнындай ақ орданың жеті қанат –
Кен үңгір, апан ауыз, түпсіз ғажап
Жатағын түйетайлы шыңырауға
Басың шырқ айналады тұрсаң қарап.
Осы апанға күніне мыңдап вагон,
Руда келсе, жұтады қылқып-жалап.
Дәл түбінде орнатқан қос болат тіс,
Шақыр-шұқыр бір тасты мыңға шағад.
Жезқазғанның жыл бойы берген кенің,
Бір-ақ күнде ұнтайды, жайын табад.
Кеннің бұл кірер жері тіреліп кеп –
«Мак-Кули» машинасы деп аталады.

Шыпылдап арнаға лай лықып-толып,
Бетіне мысы шығып көбік болып.
Қалқылып қалақпен мыс алынады,
Бір емес, бірнеше рет көбіктеліп.




Байыту фабригі бұл айтқаным.
Сөйлесең осыны сен көріп келіп:
Алдымда тізе бүгіп отырар ең
«Өзің біл» деп өзіме ерік беріп.
Әттең ғана табандап бармай тұрсын,
Өр көмейге өршіте желік беріп.

Күнде үдеп фабригім жатыр шалқып,
Бір күннен бір күнгі өнім түседі артып.
Осы жылдың алғашқы алты айында
Миллион снарядтық мыс берді артық.
Он миллион патрон болар еді,
Осы мыс жоспардан тыс алған қалқып.
Жалыны көкке шапшып, айды шарпып,
Түтіні аспанға алыс шеру тартып.
Түн шырағы аталған алтын айға –
Сұңғыла биік труба иек артып.
Жер тұрсын көк әлемі жұлдыздарға
Адамның кереметтей сырын айтып.
Мыс балқытып алатын ғажайып пеш,
Айтсам да сыйымды ол қалай қамтып,
Жезқазғанның өндірген айлық кені,
Бір аптада шығады қорып-балқып.
Алыптың алып ісін көрген сайын
Кетеді Шашубай да тасып-шалқып.
Мотор мен ер қимылын жырлап келем,
Құлаштап гармонымды өлең айтып.
Сұлу ән, өткір жырдан күш алған ер,
Табиғат бермегенін алды тартып.
Елімнің бостандығын қорғағандар –
Күніне ондап вагон тиеді артып.
Басқанша аяғыңды шіреп Болман,
Мыс берген жерінді айт менен артық?

Кең иық, құлжа мойын, бөрі кеуде,
Не сабаз шомбал дене ер бар менде,
Тепсе темір үзетін күш алыбы.
Алып ата тудырған ұлы бейне.
Әубәкір топтан озған саңлағымды
Мақтауға тіл жетпейді қалай деуге.
Ұйысқан қалың қайрат, қажырлы күш,
Тамамдайды қандай іс болса демде.
Жарты жылда миллион снарядтық
Берді мыс жоспардан тыс майданда ерге.
Төрт миллион оқтық жез берді асырып.
Белик деген қырмызы қыпша бел де,
Күләштің жоспардан сырт алған мысын,
Бір үлкен тау болады үйсе жерге.

Пугач пен Иманбайдың баласына
Шенессе шақ келерлік кім бар сенде?
Осы екеуі ағызған мысты көрсен:
Тенер ең өзің айтып шалқар көлге.
Қанатай артық көрген молибдені
Сауыт болад жүздеген танктерге,
Мыңнан бір мысал ғана бұл айтқаным,
Ерім көп лайықты дәріптеуге.
Айды аптап, күнді күптеп көпіресің,
Мақтанып қай ісіңе лепіресің?
Аяқты аттап бассаң авария,
Жүре алмай қоянша орғып секіресің.
Бұзылып екі күнде бір тоқтайды,
Черновтың қолындағы конпресің.
Ищенко, Гришиннің шахталарын,
Жақсы деп қалай мысал келтіресің?

Үзіліп темір екеш темір арқан:
Қолынан Ищенконың болды талқан.



Гришин басқаратын алып шахта,
Кетеуі кетіп қалған алқам-салқам.
Үзіліп қирағанды түзеумен-ақ,
Босамай қойған жоқ па сенің арқаң!

Шахтаң аз маған айтып мақтанғандай
Мәз болып табысына шаттанғандай.
Тәжбенов пен Мальцев сияқтылар,
Басқарған шыныңды айтшы шахтаң қандай?
Нормасын айында бір орындамай,
Керенау, жалқау деген атты алғандар.
Бұларға сірә алғыс айтты ма екен?
Майданға Отан үшін аттанғандар.

Фабрик байытушы кенді көптеп,
Қыбырлап келе жатыр ептеп-септеп.
Бір жүріп, бір бұзылып кейбір күні,
Бір диірмен шығады сыртқа шеттеп.
Сәтті түскен бір күнді айтып берші?
Бір беткей жүріп кеткен алға беттеп.
Кінәлі осы іске Безбатконың,
Білмепсің ең болмаса ісін тектеп,
Менімен сүйте тұра шенеспексің,
Мінінді ат сүрінер баса көктеп.
Бүріліп тырнағыма қаларсың құр,
Сұрап ап жан сауғаны құтыл ептеп!

Б о л м а н :

Шашеке, жек көруші ед биікті кім?
Мақтай бер трубаның биіктігін.
Бірақ та онын әкеп жалғасаң да,
Көрдің бе артпағанын биіктігін.
Тегінде кері болып жүрмегей-ақ,

Баяғы ұста пышақ жиынтынын.
Өндірген мысыңды айтпай, трубанды айтып,
Ісіңнің көрсетіп тұр сұйықтығын.
Білдің бе қанша мысты ысырап еткен.
Әлгі бір мақтап жүрген сүйікті інің?
Соны сіз бұл күнгеше білмепсіз ғой,
Трубаның өлшемін деп биіктігін.


«Мак – Кулей» аса ашқарақ демейім де,
Сонда да қақалуы көбеюде.
Басқарған адамның да аты шықпайд,
Жоқ па екен бір қылтанақ көмейінде.
Қаншама заводымды сынасаң да,
Бірақ та темір түспейд көмейіне.

Заводым отырған жоқ отқа қарап,
Майданның керегіне жатыр жарап.
Өндіріп жоспардан тыс қаншама мыс,
Сізді де соңғы екі айда қалды жанап.

Аксақал артта сын деп ұрса берме,
Борышын өтеп келед күн-күн санап.
Жапаров, Айтқұловтай горнобойлар
Майданның күн-түн істеп қамын ойлар.
Осылар тақымыңа толар деген
Шашеке сіз сияқты бізде де ой бар.

Кім білмес конверторшы Қожановты
Меңгерген өз ісіне қожа мықты.
Майданның сұрағанын үзбей беріп,
Бәйге алып сан дүрмекте оза шықты.

Білікті бір мастерім Ахметов,
Көрмеген еш жұмыста хақы кетіп.



Өмірде оттан, оқтан беті қайтпас,
Сындардан келе жатыр аман өтіп.

Шашеке, өзім бомба, өзім танк,
Дей берме бар байлықты еншіне алып.
Кеткенін кімнен танк көрер едің,
Байқасаң майдан жаққа көзің салып.
Әлемге атағы аян Жездімізді
Бар майдан арқасына отыр таңып.
Көп беріп заводтарға марганецті
Өргізген біз болармыз мыңдап танк.

Кім білмес Жездідегі Грипасты,
Жүлде алып сан дүрмекте шоқтығы асты.
Бір өзі қырық кісінің ісін істер,
Қақ жарып қайратымен қара тасты.
Брактың ырығында Стахноң,
Жетпекке қарақшыға бұрып шауып.
Асығып сан детальді бүлдірді деп,
Басшылар жатпаушы ма ед мұңын шағып.
Дізеден фабрикаң лай-балшық,
Тазартып болар емес адам аршып.
Жылтырап екі көзі Матвенко
Жүргені жас мысықтай күнде малшып.
Айтқаным, сол байғұстың суға кетед,
Бір күні көл боп кетіп сонау шалшық.

Ш а ш у б а й :


Айтсам мен ерлерімнің атын даттап,
Төгіліп сөз тасқыны кетед қаптап.
Паровоз машинисті Дюжев дейтін
Басамын айшылықты алты-ақ аттап.
Ыңқ етпей, тау салса да, көтеремін,

Үстіме Омаровша неше қаттап.
Атақты аты әйгілі Пухкише ұста
Бір күнде неше батпан соғам қақтап.
Зерекпін флотатор Қасымхандай
Мүлтіксіз мың тетікті алған жаттап.
Көзіңнен жайдың оты шашырайды,
Сварщик Бөкеевті айтсам нақтап.
Балдырған баладайын Козачеев
Әп сәтте мыңды алатын, мыңды саптап.
Мен ұста, мен машинист, мен жүкшімін,
Шал емен, үйде отырған бойын баптап.

Жерім көп мақтанарлық неше түрлі,
Көрікті сәнді қала, қызыл гүлді,
Саялап самалында Иран – бақтың
Кәрі-жас дем алады жазды күні.
Ой толғап радио шырқайды әнді,
Суырып түптеп тартып сұлу күйді,
Кәрі-жас күнде кинотеатрда
Ду қылып, тай шаптырым зәулім үйді.

Мыңдаған адамы бар Жезқазғанда
Бір бақ жоқ ауыз толар осы құрлы.
Күн қызып ыстық бойды шарпығанда
Үйіншек пана болды үйдің түбі.
Кіршіксіз менің алып өндірісім,
Бұл себеп мол беруге өндірісің.
Жарқырап ту сыртыңа тұрған жоқ па?
Мойынын соз, иланбасаң көрші кісім.
Айна деп кескініңе қарар едің,
Алыптың өз көзіңмен көрсең ішін.

Сендегі кейбір цехті тұрсам көріп,
Кір басқан, шаң ұялап, өрмекші өріп,



Жүректі айнытады қоңырсыған
Мұрнына әлдененің исі келіп.
Жолы болсын дегендей заводыңды
Қойыпсың белдемшеден күлге көміп.
Осыны көре тұра жақ жазбайсың,
Кеткендей бой үйреніп, етің өліп.
Көретін ойын-сауық халық келіп,
Клубың құлауға тұр жалп беріп.
Есігі жоқ, әйнегі тоқсан құрау,
Бүйірінен саңлауы жарық беріп.
Өрінен ойға қарай тіреу сапты,
Бір ғалымның жобасын салып беріп.
Жарықтық осыны өзі істеп пе екен,
Моласына Насырдың барып келіп,
Болман, сен кетпейсің бе «ғалымыңның»,
Бізге де бір үлгісін алып беріп.
Тұз үйіліп жатса да қастарында
Тұз салмай ас ішкенді көрген емен,
Болмандай ақын түгіл басқаның да
Сақал-шашы будырап кетіпті өсіп.
Жігіттің еріп келген қастарында,
Қаласында шаштаразы жоқ па, жаным,
Мұртты басып, сақал мен шашты алуға?
Жатақ үй кейбір жерде шеннен өткен,
Бүрге мен қандаласы үңгір еткен.
Бір түн түнеп ішінде шыққандардың
Ақ етін көк тырнағы күлдіреткен.
Зулкашовың басқарған жатақ үйді
Кім төсексіз, көрпесіз тұлдыр еткен.
Суым мол деп көпіріп көк жұласың,
Тамшы суға зар қылып сылдыр еткен.

Естімепті осыны ел көре тұра,
Үніңді тым болмаса міңгір еткен.

Барынды бар деп айтып, жоқты жоқтап,
Түсірдім кемшілігін баудай топтап.
Аталы сөзге ақын тоқтар болар,
Ақиқатты мойындап, шынды құптап.

Б о л м а н :


Өзінің мінін бүркеп адалсынған,
Кей адам қорқып тұрар адал сыннан,
Сіздеағы сол айтқанның керін етіп,
Осында жалтардыңыз талай шыннан.

Ойлама білмейді деп мінімізді,
Сол міннің жетегіне ап міні бізді.
Сүйрелеп осы топқа алып келді,
Жеткіз деп Шашекеңе мұңымызды.

Ақсақал, Қоңыраттай асқар алып,
Жұмысың кеткендіктен басқаланып,
Борышты болып жатса заводыңа,
Мынауың барып тұрған масқаралық.
Бір ғана авария жүзден артып,
Етектен Қоңыратты жатыр тартып.
Осыны тәртіптесең, өспес пе еді,
Майданға жөнелтетін мысың артық?

Шөліркеп шөлдегідей алыптарын
Көргеміз тамшы су деп тарыққанын.
Ауданнан станоктік су таппасаң,
Келгейсің Кеңгіріме алып бәрін.

Шашеке, жомартпыз ғой біз баяғы,
Өзіндей талай дос – жар қол жаяды,



Тезірек адам жібер алып қайтсын,
Балқаштың аз көрінер шыны-аяғы.

Қораштау көрінгенмен көзіңізге
Жетерлік ыдыс беріп өзіңізге.
Сіз тұрсын, басқаны да жабдықтарлық
Осының заводы бар өзімізде.

Сұлу қыз, сұлу бақ пен әсем клуб,
Ісіне неге сенің әсер қылып.
Су мүжіп, итіндірген моншаңызды,
Бермеді ремонттап әсем қылып.

Көптеген скважинаң шыққан бұрын,
Неліктен пайдаға аспай қалды құлап?
Ақсақал жақсы ініңіз Фоменкодан
Соны бір көріңізші әдейі сұрап!

Мастерлер жерге салса қашауы өтпей,
Жатқаны азаптанып жұмыс бітпей.
Көп болып соны неге түзетпейсіз
Бақ кезіп, сұлу аңдып, сауық етпей.

Айталық Қоңыраттағы Наумовты,
Өтірік талай рет ауырыпты.
Жаны тыныш жарты жылдай жатып ішіп,
Бірталай басшыларды сауын қыпты.

Мехцехқа шақырғандай ұйықтағалы,
Бүрісіп сұр қамзолын тұйықтап алып,
Шашеке, өлеңіңнен неге қалған?
Захаров жатқан шығар ұйықтап әлі.

Үнемі жұмыс тастап қыдырғаннан
Басыңа қырсық орнап «қыдыр дарыған»,

Алаяқ аты шулы жалқауларың,
Шашеке, өлеңіңнен неге қалған?

Ақсақал, аса сөйлеп тым есірме,
Ісінде былық көбін ал есіңе.
Болсаң да жүлде тиген жүз Шашубай,
Мен кепіл бұл айтыста жеңбесіне!

Ш а ш у б а й :

Жұмыс қой сүйсінерлік ту алғаның,
Хабарын естігенде қуанғанмын.
Өзің айт төрелігін, ақын Болман,
Дұрыс па жалғыз туға жұбанғаның.

Төгілтіп Балқашыма күннің нұрын,
Төрт жерден желбіреп тұр қызыл туым,
Ту тіккен завод, Қоңырат ТЭЦ-іне,
Арнасын Шашубай қарт барлық жырын.

Төрт туды қатар алып желбіретіп,
Сүйдіріп алтын айды елжіретіп.
Шарықтап шың басында отырмын мен,
Астымда ақ айдынды мөлдіретіп.

Қолымда жеңіс туын айғайласам,
Даусымнан селк етеді тау дір етіп,
Күш алған қызыл тудан Лениндік,
Ерлерім жау жасағын селдіретіп,
Қарыштап күнде алға басып барад,
Фашисті жеңіліске мәжбүр етіп.

Қайтсең де маған, шырақ, теңелмейсің,
Мен тұлпар, сен ғой торы көбендейсің.



Төрт туым төрт құбыламда тұрғанында,
Қалайша мені Болман, жеңем дейсің?

Б о л м а н :

Халқыммен ұлы орыстың қанаттасып,
Өрледік талай асу қабатты асып.
Фашистің техникасын талқан еттік,
Келсе де тоқсан тоғыз қабаттасып.

Қуатты, батыр халық, батыл балуан
Жеңістің шыңына өрлеп нешеме алуан.
Мықты ұстап коммунистік Қызыл туды
Тезірек құтылайық фашист жаудан!

Ол үшін еселеген еңбек керек,
Жеңісті де осы ұлы еңбек беред.
Ұлы еңбекпен тұтасқан күшті күрес,
Қандай жанды болса да жеңбек керек.

Ендеше жезқазғандық батырларым,
Қопарған жер қоймасын батыл бәрің.
Майданның керегі үшін жан аяма,
Сұрайды осыны тек ақындарың.

Ш а ш у б а й :

Қайнаған табысымның мол бір көзі,
Сарқылмайды өмірінде оның өзі,
Ол – Лениндік партия қамқоршымыз,
Онсыз жоқ Шашубайдың айтар сөзі.

Не табыс аспанды алған, жерді жарған,
Не жеңіс жау жасағын талқандаған.

Тек оның есіміне байланысты,
Сондықтан аты ардақты оның маған.
Болманның да, менің де табысыма
Мың алғыс ұйтқы болған айтам соған.

Биылғы жыл табыс пенен жеңіс жылы,
Биылғы жыл қалмасын фашист тірі.
Жер үстінен зұлым жау өліп бітсін,
Елімде желбіресін жеңіс туы!

Балқаш пен Қоңыраттың қыз бен ұлы,
Өнімді арттыра бер күндіз-түні.
Майдандағы еріңнің күшін шыңдап,
Табысыңмен қарсы ал жеңісті ұлы!

1944


ҚЫЗДАР МЕН ШАШУБАЙДЫҢ ҚАҒЫСҚАНЫ

Қ ы з д а р :

Саған біздер қарамаймыз мойын бұрып,
Жігіттер, ыза қылдың қарап тұрып.
Аспанға қол жетпейтін қол созасың.
Арқадан жаяу, жалғыз қаңғып жүріп!

Ш а ш у б а й :

Кінә қойдың Арқадан келгеніме,
Жан таң қалар бөкендей желгеніме.
Кәмшат бөрік басыңа кигенменен,
Өгіз мініп жүргенің жөн келе ме?



Қыздар :

Сен жігіт, сеңсең жігіт, сеңсең жігіт,
Сонда жігіт боларсың, сенсең жігіт.
Қаңғып келдің еліме қайыр тілеп,
Құныңды кім береді өлсең жігіт.

Шашубай :


Сен қыздар, сеңсең қыздар, сеңсең қыздар,
Сеңсенімді беремін, жеңсең қыздар.
Қараңғыда найзаға қарсы шауып,
Құныңды кім береді өлсең қыздар.

1878

КЕНЕН МЕН ШАШУБАЙДЫҢ СОҢҒЫ КЕЗДЕСУІ

Кенен :


Шашеке, амансыз ба, күйлі-жайлы?
Өнерге өрен аға сегіз сайлы.
О, шіркін кәрілік те келіп қапты,
Аяғы бұл өмірдің түйе-тайлы.
Алабын Алатаудың әнмен жайқап,
Көрген ең қырғыз, қазақ көп жамайды.
Айтысып Сарыбас, Жамбыл, Қуандықпен.
Ән, күймен құйқылжытып сән сырнайды.
Асында Ноғайбайдың алғашқы рет
Көргенім мініп барып Жайдақ тайды.
«Ақ қайың», «Сырлы қайың» әндерінді
Үйреніп мендей інің елге жайды.
Ақында сізден үлкен енді кім бар,



Жамбыл мен үлгі етеміз ұлы Абайды.
Шашеке, сәлем бердім өлеңменен,
Көргендей жаңа туған күн мен айды.
Шашеке, кепті жасың сексен беске,
Аяққа тұсау түсіп шешілмеске.
Алты күн айлық жолды басқан тұлпар,
Қалыпсыз ілесе алмай қозы көшке.
Кең байтақ Сарыарқада шапқан дүлдүл,
Түлкіні төстен қашқан қаққан дүлдүл.
Сұлу қыз, жора-жолдас, төрт түлік мал,
Бір кезде Жетісудан тапқан, бұлбұл.
Аралап қазақ, қырғыз, абақ, тарақ,
Дәм тұзын Алатаудың татқан бұлбұл.
Мінеки Москваға келіп тұрсыз,
Қызығын саяхаттап көріп тұрсыз,
Кіргенде Мавзолейге дана жатқан,
Бас иіп сары майдай еріп тұрсыз.
Нұрланған астананы араладың,
Қызығын көрдің ұрпақ балалардың,
Бастаған партияның арқасында,
Бәйге алған боз тарландай, бағаландың.

Ш а ш у б а й :

Аман ба, елі-жұртың, ақын Кенен,
Жасыңнан ниетіміз жақын, Кенен.
«Бозторғай», «Көкшолақтай» әнге шырқап,
Жайылған Жетісуға атың, Кенен.
Атыңды әкең қайдан қойған тауып,
Әншісі Алатаудың думан-сауық.
Біржан сал, Ақан, Әсет, Балуан шолақ,
Солардың жолын қудың әнін салып.
Інісі ең аты шулы Сарыбастың,
Кененжан, жаны бірдей кәрі-жастың.



Кәрілік жеңіп алды құлдилатып,
Жас кезде таудан асқан болдым тасқын.
Көзіме ел мен жерді елестетіп,
Түсіріп көңіліме амандастың.
Жас кезде аралаған Жетісуым,
Ән шырқап, сайрандаған асқар нуым,
Халқыма қазақ, қырғыз менен сәлем,
Орнатқан өкіметтің жеңіс туын.
Аралап ел-жұртымды қайтар едім,
Шіркін-ай, қалтырап тұр мына буын!
Бақытты заманымда Мәскеуге кеп,
Мың жасап жасаңғырап, қайта тудым.

1949



ЗЕРКАЛЕ






Серікқазы Қорабай

ШАШУБАЙ ФЕНОМЕНИ

Қазақ даласы туа біткен дарындарға кенде емес. Сондай ғажайып өнер иесінің бірі, сан қырлы тума талант, әрі ақын, әрі композитор, әнші, сырнайшы, цирк ойындарының тамаша орындаушысы Шашубай Қошқарбайұлы болатын. XX ғасырда оның даңқы бүкіл сахараға тарады: оның әндерін барша алаш жұрты орындап, сүйсініп тыңдады. Тек қазақтар ғана емес, өзі талай рет дүбірлі ойын-сауықтарға қатысқан Сібір жұрты да дала қазағының орыс циркі майталмандарынан кем түспейтін ерекше қабілетіне таң-тамаша болса, көрші қырғыз елі де Алатау алқабын талай аралап, ақындық, әншілік өнерімен тамсандырған Шашубайды ерекше құрмет тұтты. Кейінгі ұрпақ ақын есімін көп білмегенімен, айтыс өнері туралы әңгіме қозғалған кезде жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептер курстарында жыр жүйрігінің ақындық суырыпсалма өнеріне міндетті түрде арнайы тоқталып өтеді.

Сөйте тұра біз бір өзі көшпелі театр, дала циркі болған Шашубайды толық ашқан жоқпыз. Шынында да ол тек қазақ мәдениетіндегі ғана емес, әлемдік мәдениеттегі сирек құбылыс, яғни феномен деп айтуға тұрарлық ерекше тұлға. Қазақы қалыптағы әнші, ақындығымен қатар жат жұрттық сырнай аспабын домбыра сияқты жетік меңгеріп, ұлттық әуендерді құйқылжыта орындаған, бет-аузын құбылтып,



түрлі қимылдармен аң-құс кейпіне енген, әр түрлі жастағы адамдар бейнесін сомдап, сиқыр әдістерін жасаған, ат үстінде акробаттық қимылдармен күрделі жаттығулар жасаған мұндай бесаспап шебер өнер иесін қай қырынан зерттесе, көптеген тақырыптарды молынан қамтыр еді. 1960 жылдары жарық көрген үш томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» кеңестік кезеңдегі халық ауыз әдебиетіне арналған бөліміне Шашубаймен қатар шыққан замандас жыр жүйріктері Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Төлеу Көбдіков, Қайып Айнабеков, Үмбетәлі Кәрібаев, тіпті одан кейінгі буын өкілдері Омар Шипин, Нартай Бекежанов, Қалқа Жапсарбаев, Ілияс Манкин, Нұрқан Ахметбеков, Иса Байзақов туралы тараулар енеді де, ақынның қалыс қалып, сөз арасында ғана айтылуын түсінсек бұйырмасын. Ал дәп сол кеңестік кезеңде шырқау биікке көтерілген халық поэзиясының өркендеп дамуына өлшеусіз үлес қосқан Шашубай есімінің дәуірлеп тұрған кезі еді. Шығармашылық шыңға шыққан ақиық ақынның ұлт мәдениетін дамытуға қосқан үлкен үлесі үшін Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері атанып, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталуы сол жылдардағы үкімет тарапынан талант иесіне көрсетілген үлкен құрмет десек, осындай абырой биігінен көрінген дара дарынның әдебиет тарихынан лайықты орын берілмеуіне танданыс білдірдік. Шынында да өз кезінде осындай сан қырлы таланттың замандасы, атақты халық ақыны Доскей Әлімбаев айтқандай «халыққа әнмен өріп, сөз таратқан Шашубай» феноменінің елең еткізер ерекшеліктерін тереңнен ашып көрсету қажет. Бұл қызыл сөз емес. Ақын, әнші, композитор Шашубайдың талант қырлары көпшілік қауымға әлі де кеңінен таныс емес. Тыңдарман қауым бірнеше әні мен кейбір өлеңдерін білер. Оның өзінде ақын туып өскен Орталық Қазақстан өңірінде ғана кеңінен насихатталып келеді. Ал барша алаш жұрты ақын атына қанық болғанымен, шығармашылық мұрасын көп білмейді.



Соғыс алдындағы кезеңде жыр алыбы Жамбылдың атақ-даңқы бүкіл Кеңес Одағына жайылып, үкімет тарапынан халық ақындарына ерекше көңіл бөлінді. Сонау қияндағы Балқашта тұратын Шашубай ақын да:

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Ақынмын атым шыққан жасырмаймын.
Жетпістің жетеуіне жетсем дағы,
Қалтырап, кәрілікке бас ұрмаймын, –

деп жаңа заманның өнер бәйгесіне қосылды. 1939 жылы жазда жоғары билік басында болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің арнайы қаулысы бойынша Алматыда халық ақындарының слеті өтіп, бұл келелі жиынға Жамбыл жырау бастап қазақ даласының түкпір-түкпіріндегі атақты жыр жүйріктерінің түгелі дерлік қатысты. «Халық ақындарын көріп, олардың айтыстарын тындағысы келген жұрт театрдың есігін бұзып, терезелерін сындырып кірді», – деп еске алады осы оқиғаның қызу ортасында болған көрнекті ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Әбділда Тәжібаев өзінің «Жылдар, ойлар» атты кітабында (Алматы, 1976, 160-б.). Бұл да ашаршылық нәубеті мен қуғын-сүргін зобалаңынан әбден тарығып қалжыраған халықтың төл өнерімен сағынып көріскендігінің айқын белгісі еді.


Алматыдағы осы алқалы жиында қартаң тартқан Шашубай да өз өнерін көпшілікке көрсетіп, барын салды. Сахнада өлеңді іп-ілезде суырып салып шығарып, әнін де әуендетіп айтқан, елге таңсық басқа өнерімен де жұртшылықтың зор ілтипатына бөленіп, алғысын алған Шашекеңнің сол ерекше таланты туралы Әбділда ақын: «Арқалы, бет-аузын бақсыша ойнататын Шашубай ақын қыза келе домбырасын лақтырып жіберіп, тепсініп жүріп айтады екен. Оның термелеп төккен жырына оң аяғының тап-тап қосылғаны әлдеқандай айбарлы ырғақ береді» деп асқан дарын иесінің сирек кез-

десетін талант қырларын дәлме-дәл шығарып, одан кейін басқа бір ырғаққа түсіп, қара өлең әуенімен әндетіп кететін қасиетін айтып өтеді. Осыдан кейін іле-шала өзі шығарған «Ақ қайың» әнін сырнайға қосылып шырқағаны туралы сыр бөліседі. Міне, Әбділда ақын тамаша сипаттап берген бұл суреттеме Шашубай өнерпаздың қысқа да нұсқа айтылған шынайы да сан қырлы тұлғасы.

«Шашубай ақынды бұрын мен сырттай білетінмін. Көзінің тірісінде-ақ осыншалық аңызға айналған ақынды көрген емеспін» деп таңданыс білдіреді Әбділда ақын сол естелігінде. Иә, сол жиында көзге оза түскендердің бірі, аңызға бергісіз ақын араға екі жыл салып Қазақстан Жазушылар Одағының жеке тапсырмасы бойынша 1941 жылы мамырда Алматыға шақырылады да, арнайы бөлінген адамдар, олардың ішінде жас ақын Сағынғали Сейітов те бар, бір ай бойы Шашубайдың өлеңдерін өз аузынан жазып алып, жинағын баспадан шығаруға әзірлейді.

Шашубайды бүкіл халыққа алғаш танытқан да осындай ілтипаттың арқасында дайындалған «Сөйле, Шашеке!» жинағы. Сұрапыл соғыстың қызған шағы – 1942 жылы белгілі ақын, әдебиеттанушы-ғалым Сағынғали Сейітовтің құрастыруымен жарық көрген бұл құнды кітап Шашубай есімін республика жұртшылығына кеңінен танытты. Жинаққа енген өлеңдердің барлығын дерлік Сағынғали ақын Шашубайдың өз аузынан естіп, хатқа түсірді. Сондықтан Шашубай шығармаларының дер кезінде жиналып, елге танылуында Сағынғали Сейітовтің сіңірген еңбегі өлшеусіз екенін атап өткен жөн. Бұл Шашубайдың сол жылдары жеке кітап болып шыққан бірден-бір жалғыз жинағы еді.

Шашубай қатарлы халық ақындарының жыр жинақтары 1940–60 жылдары бірнеше рет жарық көріп, олардың шығармашылығы туралы жоғарыда атап өтілген «Қазақ әдебиетінің тарихында» арнайы портреттік мақалалар берілді де,



«Жезтандай мен қазақтың Шашубайы» атанған атақты жыр дүлдүлі есімі көпке дейін ескерусіз қалғандай болып еді.

Шашубай есімін екінші рет тірілтіп, қайтадан даңққа бөлеген белгілі әдебиеттанушы-ғалым, халық ақындары мұрасын тынбай зерттеп келе жатқан филология ғылымының докторы, профессор Серік Негимов 1982 жылы «Жұлдыз» журналының №10 санында «Қошқарбайдың баласы Шашубай» атты мақала жариялады, арада екі жыл өткенде 1984 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан ақынның «Ақ қайың» атты жинағын құрастырып шығарды. Халық поэзиясы туралы көптеген ғылыми-танымдық мақалалар жазған ғалым бұл жинаққа кезінде С.Сейітовтің Шашубайдың өз аузынан жазып алып, «Сөйле, Шашеке!» кітабында жарияланған өлеңдерін, басқа толғаулары мен айтыстарын енгізді, ақын өмірі мен шығармашылығынан көп мағлұмат беретін алғысөз жазып, шығармаларына ғылыми түсініктемелер берді. Халық поэзиясының білгірі осы жинақпен ғана шектеліп қалған жоқ. Одан кейін де, еліміз тәуелсіздік алған жылдары да республикалық баспасөз беттерінде Шашубай шығармашылығын көпшілікке кеңінен танытқан бірнеше зерттеу мақалалар жариялады. Мұның өзі ғалымның Шашубай талантына адалдығын білдіріп, ақын мұрасына деген шынайы қамқорлығын айғақтаса керек.


Шашасына шаң жұқпаған, қартайғанша қолынан домбырасы түспей, ән шығарған Шашаң сері осылай халқымен қайта қауышып, өзінің ақындық бар болмысымен айшықталды. Шашубай, біріншіден, шынайы халық ақыны. Қарапайым халықтың қалың ортасынан шыққан тума талант жырлары сахара далада туып, осы сәттен бастап ықылым заманнан қалыптасқан дағдылы дәстүр бойынша ел арқылы тарайды, ел ішінде өмір сүрді. Халық арасында туған, халық сүйген арқалы ақын өзінің тұмадай тұнық туындыларында ғашықтық пернелерін ағытып, қыз сұлулығын бейнеледі, қарапайым еңбек адамдарын жырға қосты, еңбекті дәріптеп,



оқу-білімге шақырды. Оның шығармаларының тақырыбы да әртүрлі: ертеден келе жатқан имандылық құндылықтармен бірге елінің ерен ерлік істерін дүйім жұртқа паш ету, туған халқының толағай табыстарын өзінің жетістіктеріндей қабылдап, қуанышқа бөлену, алдағы болашаққа үмітпен карап, өскелең ұрпақтың қамын ойлау сияқты ақынның ой түкпіріндегі терең толғаныстар қартайған шағында да бейжай қалдырмаған.

Осыдан-ақ Шашубай шабытының қайнар көзі ұлттық бай фольклор мен халық ауыз әдебиетінде жатқанын айқын сеземіз. Ақын бүкіл дарын даралығымен халық шығармашылығынан сусындаған, әсіресе, эпостық жырларға құлай берілген. Оның саналы түрде батырлық, ғашықтық жырларға еліктеп, бұрынғының ақын-жырауларындай заман ағысын, уақыт кеңістігін төгілте жырлауы әр шығармасынан айқын аңғарылады. Халықтық ойлау жүйесінен, қарапайым жұртшылықтың дүниетанымынан ол халық поэзиясына тән әлемді қабылдау тұтастығын бойына сіңірді. Шынайы халықтық осы ерекшелік, қым-қуыт өмір ырғақтығы мен реттілігі ақын поэзиясымен тығыз қабаттасқан да, оның өлеңдерінің эпикалық сарынын күшейткен. Ақын бүкілхалықтық ой-түйсікті өз болмысымен терең сезініп, халық поэзиясы рухында жыр тиектерін толғанысты сезімдермен ағытады.

Ғасырға жуық ғұмырында әлеуметтік дүмпулерге толы екі дәуірдің куәсі болып, кедейлік тақсіретін көп тартса да, өнерімен өмір кешкен, өлең сөзінің құдіретімен поэзия шыңына шыққан жыр тарланының ақындық жолы қалай басталып, талантының қайнар көзі қандай сыр бүгіп жатқанын, өнген, өскен ортасы оның шығармашылығына қаншалықты күш-қуат беріп, шабыт шалқарына шығарғандығын білудің өзі ерекше қызық. Ақын өмірбаянының тылсым құпиялары оның жырларында. Алайда Шашубай шығармашылығына қызығушылық танытқан жұртшылық оның өмір сүру қағидалары ақындық ұстанымдарымен қанша-



лықты қабысып, тебіреністі жырлары оның бүкіл талант, бітімінің бет-пердесін қаншалықты айқындағанын білуге үнемі құштар. Ақынның талант табиғатын жақсырақ ұғыну үшін оның шыққан тегіне, туып өскен өңіріне, өскен ортасына үңілу қажет. Бұл адамзат тарихындағы белгілі тұлғаны танудың бірден бір негізгі шарты.


Шашубайдың кіндік қаны тамып, туып өскен, балалық, жастық, азаматтық, ақсақалдық шақтары өткен жері – Арқа аймағының Ақтоғай – Балқаш өңірі. Қазақтың тектік жағынан тартқанда арғы ата-бабалары Дадан тобықты ұрпақтары үш ғасырдан бері қоныс етіп келе жатқан бұл өлке алаш жұртының құт мекені. Ежелден елге ырыс пен қасиет болып қонған Тоқырауын өзені Сарыарқаның бөлінен бастау алып, шығысқа қарай бағыт алады да, жол-жөнекей шағын өзендермен суын молайтып, біршама күншілік жерге ағып барып, Балқаш көліне құяды. Қазіргі кеншілер қаласы – Балқаш халқы тұщы суды осы Тоқырауыннан ішеді. Ал Ақтоғай өңірінің орта тұсы Балқаш көліне қарай еңістеп аласара беретін ұсақ шоқылы, қырқалы жазықпен көз тартса, солтүстігін аласа таулар тізбегі алып жатыр. Осы тізбектегі Қызыларай тауы теңіз деңгейінен 1565 метрде орналасқан Орталық Қазақстандағы ең биік тау ретінде өңірдің ажар-көркін беріп тұрған туристік маңызы зор мекен.

Міне, Шашубай ақын жері де бай, елі де бай осындай киелі өлкеде – Балқаш көлінің батыс бөлігіндегі Сарышыған шығанағындағы ауылда өмірге келген. Қазір бұл жерді Сарышаған деп атап кеткен. Ал дұрыс аты – Сарышыған деген қолайлы, балыққа бай деген ұғымды білдіреді. Шашубайдың балалық, жастық шақтары талай аң жортып, құс қалықтаған кең жазира далада өткен. Ақтоғай өңірінің тылсым табиғаты мен көшпелі түркі тайпаларының Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын көне ескерткіштері саяхатшылар мен ғалымдары назарына ерте іліккен.

Бала Шашубайға шежірелі туған өлкенің тылсым құпиялары ерекше әсер етіп, шабытына шабыт қосқан, өлеңдерінің негізгі өзегі – өзі туып өскен қасиетті мекеннің әсем табиғаты болса, кейін қартамыс шағында Балқаш жеріндегі мыс, молибден, вольфрам, қорғасын, мырыш және тағы басқа кен байлықтарын үлкен мақтаныш сезіммен жырлады, кеншілер өмірін мадақтап, өндіріс тақырыбын ерекше шабытпен жырға қосқан бірден-бір ақын ретінде танылды. Арқаның айдай ақиқаты мен жан-жүрегі болды.

Ақынның жан дүниесінде осынау суы мол, шөбі шүйгін, шетсіз, шексіз Сарыарқа даласы, үйір-үйір болып жүрген құландар, көктемде көгі жайқалған адыр-төбелер мәңгі есінде сақталып қалды. Кең жазира сахараның әр түкпірінде қаншама ықылым заман сырлары бар екенін ежелгі ертегілер мен жырларды жаттап өсіп, өзі де суырып салып жырға қосқан албырт ақын қасиетті дала рухынан күш алып, туған жер, қасиетті атамекен туралы, отбасы, ошақ қасы туралы, туған халқы туралы, жалпы адам туралы алғашқы түсініктері осы құт мекенде қалыптасып, қиялына ерік берді.

Өзінің өскен ортасын айтқанда Шашубайдың аталас туыстары – жоңғар шапқыншылығында қалың тобықты «ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманына тап болған нәубетшілікте Арқаға үдере көшкен елді бастап, Тоқырауын өңіріне әкелген баба атанған аруақты, тарихи тұлға, кемеңгер Қараменде би мен сөзге шешен, әділ де адал Сана би артына қалдырған даналық үлгісімен, асыл сөздерімен Шашубайға да игі әсер еткен. «Үш жүзге өрнек үлгі айтқан» Қараменде бидің: «Малың кетсе де, береке-бірлігің кетпесін, бәрі айналып қайтып келеді», «Жақсы боламын десең, әділ бол да халыққа жақ» деген өсиет сөздерін жадында тұмар етіп сақтаған Шашубай жасында кедейлікпен күн кешсе де, барға қанағат етті. Қараменде бабасындай жалғандық пен өтіріктің құнын жақсы біліп, алмастай айбарлы сөзімен халқына камкор болды, әділдікті ту етіп, ел-жұртына жақты. Осынау



табиғаты бай өлкеде өмір кешкен жыр алыптары, зар заман поэзиясының белді өкілі Шортанбай мен айтыстың ақтангерлері Шөже мен Кемпірбай ақындар өлең өлкесіне өрлеуіне қанат бітірді, даланың кең жазира кеңістігі мен көк зеңгірі поэзия арқылы туған халқына қызмет етіп, адамдарға жаңалық жасауға құштарлық сезімін тудырды. Бала жасынан шетсіз, шексіз даласын, буырқанған бұлақтар шуылын, жан жадыратар халық әндерін сүйіп өспесе, атақты би-шешендер нақылдары мен ақын-жыраулар толғауларын құлағына құйып өспесе әсте еліне мәшһүр осындай ақын шығар ма еді? Бәрі де тұлғаның шыққан текті жері мен асыл текті ортасына байланысты екендігі бесенеден белгілі.

Ел-жұртқа құт болған қасиетті Тоқырауын өзенінің күдіреті Шашубай ақынды талант нәріне қандырды. Жаратылыстың құдай берген кең жазығының әр көгалы өлеңмен тыныстаған, әр шөбі әнмен жайқалған. Туған жері ақынды саркылмас рухани қуатпен қоректендірді. Туған өлкенің сол ерен рухы оның бүкіл күнделікті қам-қарекеті мен ақындық жолына толығымен жетті. Шашубайдың шығармашылық тағдыры – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ұрпақтың өнегелі тағдыры. Ол өзі тұстас ақындар сияқты өзін өмірге әкеліп әлпештеген, өнер, өлең жолдарына қанат бітіріп, биіктерге жетелеген ауылын үлкен мақтаныш сезіммен әрқашан жырға қосты.

Сахараның өнер жұлдыздары бас қосып, жас таланттардың бағын ашқан атақты Қоянды жәрмеңкесінде құдай берген дарынымен көзге түсіп, даңқы бүкіл елге жайылған Біржан салдан бата алуы оның тағдырындағы жаңа кезең болды. Осыдан былай зерделі жас ән-жырға құлай беріліп, өнер өріне өрлей берді. Бұл жолда үнемі шығармашылық ізденісте жүріп, аға буын ақындар мен сал-серілерден талмай үйренуі, ел аузындағы жыр-дастандарды жаттап алып, жұртшылық алдында орындауы сөз қадіріне терең бойлатты, шартты-көркем тіл қағидалары қандай да бір жасқаншақ

сезімді жеңуге көмектесті. Жас талант тек үйреніп қана қоймай, өлең мазмұнымен тығыз қиысатын шеберлік қырларын тынымсыз іздеп шарқ ұрды. Бұл ізденістер оның туындыларының тілін жаңартып қана қоймай, көкжиегін кеңейтті, заман тынысын айқын сезіндірген жыр жолдарын түйдек-түйдек ағытты.

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Болсам да баста жарлы басылмаймын.
Көрсем де кедейліктің тақсыретін,
Жалынып малы барға бас ұрмаймын, –

деп «Ақ қайың» деп аталатын атақты бағдарламалық ән-өлеңімен бүкіл қазақ даласының бұйрат-қырлары мен тауларынан асып өтіп, өр дауысы Алатау асуларына жеткен жыр жампозы осылай ән әлеміне, поэзия патшалығына батыл еніп, өзіндік талант табиғатын танытты.

Суырып салып табан астында өлең шығаратын арқалы ақын поэзия әлемінде өзі өмір сүрген дәуір шындығын, тарих тынысын сезінбей уақытты сезіну мүмкін еместігін ойша ұғынып, ешқандай сауаттылық та, кітапты судыратып оқыған білімдарлық та ақынның ақиқатты өзі көріп тануымен алмастыра алмайтындығын айқын аңғарды. Арабша алғашқы сауаты болғанмен негізгі білімі даланың рухани мектебі болған Шашубай қазақ даласын аттылы, жаяу-жалпылы аралап, бағзының сал-серілері сияқты апталап, айлап ел ішінде сан түрлі өнерін көрсетіп, жұртты риза етті. Сахараның көшпелі театры болған сегіз қырлы, бір сырлы өнерпазға көпшілік бауыр басып, жақын туысындай жақсы көрді, өздерінің мұң-шерлерімен бөлісіп, арман-тілектерін айтты, ақынды жанашыр жанға балап, көріпкел, әулие, бақсы іспетті ерекше құрмет тұтты. Ол бұл қасиетінен кеңестік заманда қартайған шағында да айрылған емес. Өнерпаз ақын жастайынан бүкіл Арқа жерін, Жетісу өлкесін аралап, көр-



ші қырғыз елінде де болды, алыс, жақын аймақтардан жаңа достар тапты. Мұның бәрі де оның әншілігі мен айтыскер ақындығының, түрлі өнерді бойына сіңірген ерекше дарынының арқасы еді.

Ол қазақ жерінің ұлылығын, әдемілігін жырлап өтті. Қай өлкеде болып, қай аймақта жүрсе де жүрегінің бір түкпірінде туған жері үнемі сағыныш тудырды. Алыс жерлерде қаншама құрмет көрсетілсе де, шетсіз, шексіз даласына келіп еркін тыныстады, ашық аспан, кең жазира самалында малшының қара қосында, кеншінің үңгір жертөлесінде емін-еркін әңгіме-дүкен құру оны жаңа шығармашылық ойларға жетеледі, қиялына қанат бітірді, шабытына тың серпін берді.

Жақын араласқан кезде өзінді жаңаша ойлауға итермелейтін, соған сәйкес жарқын іс тындыруға себепкер болатын ақындар бар. Бұл таныстық, әлде бір-бірімен араласу тікелей және жеке дара болуы да міндетті емес. Өлеңдерін өзін ерекше ұнатқан ақынмен кездесіп танысу да, тіпті оның өмір жолын да білу шарт емес. Осы ақын нені жақсы көріп, нені ұнатпағандығын оның өлеңдерінің өзі-ақ айтып береді. Шашекең де солай. Бүкіл өмірі, тіршілігі, заман туралы ойлары, еңбек адамдары туралы толғаныстары өлең, жырларында, айтыстарында өрнектелген.

Шеберлік ақынның болмыс-бітімінде тұрақтаған. Шеберлік атаулы талантпен, оның өмірбаянымен, қым-қуыт тіршілік-тынысымен, ақындық және өмірлік тәжірибесімен тығыз қабысқан, бүкіл жан-дүниесімен бітіскен. Шеберліксіз таланттың да болуы мүмкін емес.

Шашубай талантын да оның шеберлігі арқылы айқындаймыз. Шашубайдың ақындық таланты сәтті шығарылған ұйқасты өлең шумағынан, дауыс ырғағынан, толып жатқан әдемі теңеулер мен бейнелі сөздерден сезіледі.

Тұңғыық ақыл, терең ой
Өрісі кең Жайықтай.

Қиялы ұшқыр самғаған
Көктің төсің шарықтай.
Сүңгіп терең түбіне
Су серісі балықтай.
Қырымнан болжап қиынды
Шалдығып шаршап талықпай.
Шолпан болып ұлтына
Нұр сепкен түнгі жарықтай.

Ақын өзіне ұстаз тұтқан ұлы Абайды осылай жырлайды, осылай даңққа бөлеп, шырқау биікке көтереді, данышпан сөз зергерінің ұлтына сіңірген өлшеусіз еңбегін шолпан жұлдызына теңеп, «кестелі сөздің шебері» деген бейнелі сөзбен даналық кейпін сомдайды. Өлең соңын:

Өлемге атың жайылып,
Тарихтың шықтың төріне, –

деп адамзаттың ақынына айналған ғұламалық орнын айшықтап береді.

Шашубай ақын өз өлеңдерінде осылай сөзге үлкен мағына беріп, асқан жауапкершілікпен қараған. Бүкіл бастаманың қайнар көзі сөз. Сөзді сүймеген, сезінбеген, ұғынбаған, оның үндесуін тыңдап, оның әрқилы реңктеріне сүйсінбеген ақын ақын еместігін Шашубай жырлары дәлелдей түседі. Ақиық ақынның өз «мені» – қайталанбас сөз мәйегі болған. Оның поэзиясының құндылығын арттырып отырған да осы кәусар жыр-толғаулары. Сахара ақынының суырып салып айтылған өлең-жырлары күні бойғы жұмыстан қалжыраған еңбекші халықты сергітіп, жаңа жетістіктерге жетелеген, еңбек адамына тың серпін, сарқылмас күш-жігер берген. Шашекеңнің еңбекті еселеуге жігерлендірген жалынды жырлары – сол кездегі ауыл еңбеккерлері мен кеншілердің тұтас бір жұмыс бағдарламасы іспетті.



Ана тілінен нәр алған жыр жампозы туған тілінің қадір-қасиетін биікке көтеріп, оның құдіретін бойына дарытты, халықтық мол тіл қорының сөз байлығын жаңаша түрлендіріп, көркем тіл жасаудың шебері ретінде көрінді.

Саржадай керілген қас, кірпік оқтай,
Ғашықтық ішке түсті қызыл шоқтай.
Құмарым ат басындай кеудемде алтын,
Тарқарма-ай, домаланып жатыр доптай, –

деген жыр шумағының екі жолына қыздың сұлулығын сыйдырып, кейінгі екі жолын ғашықтық сезімге арнаған ақынның махаббат дертіне шалдыққан кейпін дәл суреттеп, әрлі сөздермен сомдаған. Бұл жерде ақын фольклор жауһарларынан керегін алып қана қоймайды, халық ауыз әдебиетінің қайнар бұлағынан дәп осы мезетте өзіне қажетті, өзінің жан дүниесіне жақын дүниені іздейді. Шашубай байда берік дәстүрмен суғарылған жанды халық тілінің әдемі сөзбен қосылған ғажап құймасын жасай алды. Абайдың:

Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.
Егер қисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлап құлаққа іл, –

деген ойлы тағылымын жіті назарда ұстап, әншейінде халықтық қолданыста бар сөздер мен сирек нақылдардың жетегінде кетпей, еліктеуден аулақ ұстайды. Ақын халық поэзиясының рухани бай қазынасынан шын көңілден айтылған сөздерді ғана қолданды. Бұған оның барлық өлең-жырлары дәлел бола алады. Қай өлеңін оқысаңыз да, ақынның өзіне

тән сөздік қорын, өлең өрнектері мен көркемдік өзгешеліктерін аңғарамыз.

Сөз құдіретін Шашубай ақындық жолға түскен балаң шағынан терең сезінген: ол сөзді көреді, тыңдайды және сезінеді, сөздің бұл қадірі, сөздің бұл алтын желісі оған ата-бабаларынан, Тоқырауын мен Балқаш тарихының терең қойнауынан сыр шерткен кең байтақ даласынан мирас болып жеткен. «Сөзім бал, тілім майда, жырым бұлақ» деп жырдан мүсін құйған сөз зергерінің сексеннің сеңгіріне шыққан шағында да ел алдындағы жауапкершілікті сезінген толғаныстары қызығарлық та үлкен тағылым аларлық.

Құздан құйған бұлақтай,
Шапшытып жырды көмейден.
Толқытып күйді сынаптай,
Маржандай сұлу өлеңмен.
Елімді жырға бөлейін,
Теріп алып тағы да,
Сөз асылын тереңнен.
...Гармоным құлаштап,
Жыр маржанын төгем мен, –

деп ел басына күн туған қаһарлы соғыс жылдары бұрынғының жырауларындай тереңнен толғап, қартайғандығына мойымай, өзін майдандағы жауынгерлермен бір сапта сезінеді, сын сәттегі ақынның жоғары жауапкершілігін ішкі толғанысы мен жан тебіренісі арқылы білдіреді.

Шашубайдың ақындық талантының нағыз өрлеген тұсы осы соғыс кезі болды. Ашаршылық тауқыметі мен одан кейінгі саяси қуғын-сүргін қасіреті салдарынан тоқтап қалған айтыс өнері қысылтаяң шақта қайта жанданып, халықтың патриоттық рухын көтеруге көмектесті, қалың көпшілікті ел қорғауға жұмылдырған қуатты өнер құралына айналды. Айтыс дәстүрін бірінші болып 1943 жылы Шашубай



бастаған Қарағанды ақындары жаңғыртып, жыр сайысын ұйымдастырды. Бұл айтыстар арасынан Балқаш кеншілері атынан шыққан Шашубай мен Қарағанды қаласының намысын қорғаған Көшен Елеуовтің айтысы құлашын кеңге сермеген, көркемдігі қуатты, жаңаша мазмұндағы сөз сайысы ретінде есте қалды. Ұлы жазушы, академик Мұхтар Әуезов өзінің «Айтыс» атты зерттеуінде осы айтысқа арнайы тоқталып, оның тақырыптық-көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсетеді. «Бұл айтыста – «тынысы тарылмаған өрен жүйрік, үш жүзге мәшһүр болып даңқы шыққан» қарт Шашубай Балқашын оның «көз жеткісіз кең шалқыған жерін», «көпіртіп көк теңіздің көбігіндей» мың-мың тоннадан қорытылып жатқан мысын, қажырлы еңбекпен жеңіп алған қызыл туын мақтан ете жырға қосып, ақындар алдына үлкен қоғамдық маңызы бар міндет, мақсат қойды» деп (Әуезов М. Айтыс. – Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1964. Т. 1. Екінші кітап. 202-б.) Шашубайдың айтыскерлік қырын қарастыра келіп: «Қарағанды ақындарының айтысы ішіндегі күрделісі де, көркемі де осы «Шашубай мен Көшеннің айтысы» деп жоғары баға береді (Әуезов М. Айтыс... 204-б.).

Соғыс жылдары қайта дамып өркендеген айтыста Шашубай ақынның екінші тынысы ашылды. Айтыс жанрының қайта түлеп, жаңа мазмұн мен сапада дамуына белсене қатысты. М.Әуезов мақтаған Көшенмен жыр сайысынан кейін 1944 жылы 17 тамызда белгілі ақын Болман Қожабаевпен айтысқа түсіп, халықты жанқиярлық еңбекке ұйымдастыру, майданға қажетті қару-жарақ, азық-түлік, киім-кешек даярлау ісін жақсарту мәселелерін жырға қосты, осылайша жеңіс күнін жақындатудағы айтыс күдіретін айқын байқатты. Балқашта иін тірескен халық жиналған осы айтысты орыс ақыны Николай Титов бірден орысшаға аударып, жұртшылыққа оқып берген екен. Айтыстың көпшілікке әсер еткені соншалық, оның толық мәтіні сол жылы тамызда Қарағанды облыстық



«Советтік Қарағанды» және Балқаш аудандық «Балқаш жұмысшысы» газеттерінде жарияланыпты.

Шашубай осылай қартаң тартқан шағында да өзі бала жасынан құлай сүйген айтысқа тың шабытпен қатысып, өзінен кейінгі жас ақынға үлкен үлгі-өнеге көрсетті. Бұрын көптің бірі сияқты болып көрінген Көшен сол айтыста Шашубайға да төтеп беріп, құлашын кеңінен сермей алатынын танытты. Осындай өрісті өнегесімен айтыстың майталман жүйрігі Шашубай байырғы айтыс дәстүрін кеңестік заман ыңғайына қарай бейімдей біліп, осы ақындық игі дәстүрді өзінен кейін шаршы топта сынға түсіп, көзге түскен Көшен сияқты өрен жүйріктерге дарытты.

Үлкен ақын осылайша қашанда үлкен ұстаз болып қала береді. Осы ретте Шашубай феноменінің үлкен бір қыры – оның ақындық және әншілік мектебі, шығармашылық талантты жастарды тәрбиелеуі. Қазіргі ұғым бойынша белгілі бір тұлғаның мектебі деп арнайы салынған ғимараты бар, белгілі бір кісіден арнайы дәріс алып, қандай да бір шығармашылық мамандыққа үйренетін оқу топтары бар мекеме деп түсіндірілуі мүмкін. Ал Шашубай заманында дәп осындай жеке үйі бар шығармашылық мектептер болған жоқ. Шын мәнінде Шашубай сияқты ерекше дарын иесіне еліктеп, соның жолын қуу, содан үйреніп, талантын ұштау, ақындық, әншілік дәстүрін жалғастыру – міне, нағыз тәлімгерлік мектеп осы.

Шашубай нағыз жанашыр ұстаздар сияқты жас талантты ақындар мен әншілердің аяқ алысын үнемі қадағалап отырған, қарапайым халық арасынан шыққан жас дарындардың әдебиетте, өнерде өз жолын табуына көмектесіп, ақыл-кеңесін берген. Ол өз шәкірттерін ешқашан уақытша мақтау сөздермен қошаметтеп дабыра қылмаған. Оған үйренуге, батасын алуға келген тәлімгер өз бойындағы талантын шын пейілмен танытып, ақиқатты соңына дейін білуге дайын болуы тиіс болған. Шашубай сабағы, Шашубай тағылы-



мы жеңіл соқпаған. Ол өзінің өмірлік бай тәжірибесінен ақындыққа бой ұрған кез келген жас талап өз ақылымен, өз күш-жігерімен, өз қабілетімен және өзінің қажырлы еңбегімен оның таланты неде екенін және талантты қалай дұрыс пайдаланып, қайда дұрыс жұмсау қажеттілігін ұғынуы тиіс екендігін құлақтарына құйды.

Шашубайдың ақындық мектебінің белді бір өкілі – атақты халық ақыны, әнші, композитор Кенішбай Жұбандықұлы. Шашубайдың қарындасынан туған жиені. Тікелей тәрбиесін көріп, ақындық, әншілік талантынан тәлім алған белгілі суырып салма айтыс ақыны, Бақтыбай, Тазабек сияқты ақындармен, Мақпал, Ажар, Нақбала, Ғайша сияқты ақын қыздармен айтысқан. Шашубай нағашысы сияқты уытты ащы тілімен өмірдің келеңсіздіктерін аяусыз сынаған. Шашубайдың ақындық, әншілік, сатиралық дәстүрлерін жалғастырушы ретінде Арқадағы өзіндік шығармашылық мектептің негізін салған сан қырлы өнер иесі. Ел ішіндегі түрлі той-жиында нағашылы-жиенді екі ақынды әдейі айтыстырмақшы болып еліктіргендерге Шашубай: «Ол жиен ғой. Оның бер жағында екпіні қатты қара дауыл сияқты, ұшырып әкетер. Онан да сырнайымды тартып, таяғымды ойнатып жай жүргенім жөн шығар» деп сылтауратады екен. Мұнысы да жөн шығар. Бір жағынан шәкіртінің талантын бағалап, екінші жағынан, айтысқа бармау себебі – туыстықты жоғары қоюынан болса керек. Бұл да ақынның білгендігі, үлкен парасаттылығы деп ұққан жөн.

Шашубайдың әншілік мектебі де өз алдына жеке бір әңгіме. Ақын шыққан сол Ақтоғай өңірінде өмірге келген атақты әншілер Манарбек Ержанов та, қазақ әнін бүкіл әлемге танытқан Кеңес Одағының халық артисі Күләш Байсейітова да Шашубайдан тәлім-тәрбие алған өнер майталмандары. Тіпті осы қасиетті өлкенің тумасы, атақты биші Шара Жиенқұлова да Шашубай атасының бишілік талантынан тағылым алып, өзіне ұстаз тұтқан.



Қазақстанның халық артисі Манарбек Ержанов тек қана әншілігімен ғана емес, өзі ұстаз тұтып, талантына бас иген Шашубай сияқты әрі композитор, әрі күйші, актер ретінде белгілі болған. Жас әншіні алғаш өнерге баулыған ұстазы, жергілікті әнші, күйші Күсенбай екен. Ал әншілік шеберлігін ұштауда Шашубай көп еңбек сіңіріпті. Манарбек те Біржан сал, Ақан сері, Естай әндерімен қатар ұстазы Шашубай шығармаларын жиын-тойларда айтып, талантымен ерте танылады. Кейін Қазақ филармониясында жек дауыстағы әнші болып еңбек еткен кезінде ел ішіне кең тараған әндермен қатар Шашубайдың атақты кең тынысты «Ақ қайың» әнін де нақышына келтіре орындап, халық ризашылығына бөленген. Шашубайдың әншілік мектебінен түлеп ұшқан өнер тарланы ұлттық өнердегі Арқа әні дәстүріндегі өз мектебін қалыптастырып кетті.

Шығыс бұлбұлы атанған ұлы әнші Күләш Жасынқызы Байсейітова да Шашубайдың әншілік мектебінің жалғасы іспетті. Күләш та Шашубай атасының құт мекені – Ақтоғай ауданының Нарманбет ауылында туған екен. Ал Манарбек екеуі жақын туыстар. Қазақ тарихында өзіндік орны бар Абайдың талантты акын шәкірті Нарманбет те, Шашубай да, белгілі күйші Мағауия Хамзин де, атақты математик-ғалым, академик Орынбай Жәутіков те осы Ақтоғай өңірінде өмірге келген аталас туыстар. Мұның өзі ерекше бір құбылыс десек, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың және оның жақын серіктері, ұлтымыздың біртуар перзенттері Жақып Ақбаев пен Әлімхан Ерменовтің кіндік қандары тамған да осы қасиетті топырақ екенін айтсақ, тіпті таңғалармыз.

Шашубай ақын Күләшті туған қызындай жақсы көріп, әр қадамына, әр жетістігіне қуанып отырған. Соғыс кезінде ұйымдастырылған ақындар айтысында Шашекеңнің сөз сайысын тыңдап мәз болып отырған Күләш әншінің фотосуреті талай жинақтарда жарияланған болатын. Өз кезегінде ұлы әнші де өзі бала кезінен әндеріне елтіп өскен, өзі де



әндерін беріле орындаған Шашекең өмірден өткенде отбасы мен туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдаған екен. Ол хат мәтіні сол тұста жергілікті газет бетінде жарияланыпты.

Ал би патшасы атанған Шара Жиенқұлованың Шашекең өміріне қатыстылығына тоқталсақ, бұл мүлдем бөлек әңгіме. Атақты биші Алматыда дүниеге келгенімен, өзінің арғы шыққан түбі Ақтоғай өңірі екенін аталас туысы Шашубай білдіріп кетсе керек. Бір жылы Шашубай ағайындарына өкпелеп, Жетісуға келеді де, Алатау өңірінде өнерін көрсетеді. Туысшыл, бауырмал Шашубай Алматыда тұрған ағайыны, сол кездің белгілі бай саудагері Байбұланды іздеп табады. Өнерге жақын Байбұлан халық арасынан шыққан талантты әншілер мен ақындарды әр кез қолдап, демеушілік көрсеткен екен. Міне сол мәдениет жанашыры Байбұлан бай 1904 жылы қыста желтоқсан айында Алматыдағы сән-салтанатты үйінде жыр алыбы Жамбыл мен Шашубай ақындардың айтысын ұйымдастырған. Сол айтыста Шашубай:

Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай,
Пәндесін артықты-кем қылған Құдай.
Саңлағын Алматының жиып алып,
Сыйлады қонақ қылып Байбұлан бай, –

деп қазақ зиялысының ерен қасиетін жырға қосқан. Енді бір сәтте:

Қайырлы Байбұландай байың қайда?
Бұлардың нұры шалқыр туған айдай, –

деп мадақтаған. Осылайша Алматының бетке ұстар ұлтжанды зиялы азаматы, атақты бай, қазақтан шыққан бірінші гильдия дәрежесіндегі тұңғыш көпес Байбұлан төл өнерге жанашырлық танытып, Шашубай сияқты жыр дарабозына шарапаты тиген. Ал Байбұланның туған інісі Баймолданың

қызы Шара осы жылдары өмірге келсе керек. Міне, сол Шара да кішкентайынан өнерге бейім болып, жұртшылық алдында бишілік талантымен көзге түседі. Атақты бишінің мың бұралған бишілік дарынының бір ұшқыны атақты өнерпаз туысы Шашубайдың түрлі аң, құс кейпін көрсетіп, көрерменді таңғалдырып шебер орындаған бишілік талантынан шығуы әбден мүмкін.

Ұлттық сахна өнерінде жарқырап көрінген қос жұлдыз: бірі – ән өнерінде Күләш, бірі – би өнерінде Шара болып, туған халқын бүкіл әлемге паш етті. Бұл қайталанбас құбылыс та Шашубайдың үлгі-өнегесі, келісті өрнегі, Шашубай шарапаты деп білу керек.

Жыр алыбы Жамбылдың талантты шәкірттерінің бірі, атақты әнші, ақын Кенен Әзірбаев та Шашубай талантына сүйсініп, өзінің ұстазы санаған. Ақындық жолда Жамбылдан ғана үлгі алып қоймай, Шашубаймен талай бірге жүріп, ән мен жырдың дүкенін қыздырған, ақындығы мен әншілігін үйреніп, өнер биігіне шыққан. «Қырғыздың үлкен бір асында бала кезімде атқа шаптым. Сонда көргем Шашекеңді, сонда ауырғам Шашубай боламын деп», – әңгіме тізгінін ағытыпты Кенен ақын Әбділда Тәжібаевпен кездескен бір сәтінде.

Шашубайдың Манарбектен басталып, Күләштармен жалғасқан әншілік мектебінің бүгінгі үзілмес желілері Арқаның әншілік дәстүрімен тығыз сабақтасып жатыр. Соның жарқын бір белгісі Шашубайдың әншілік өнерін белсенді түрде насихаттап келе жатқан талантты әнші, Ж. Елебеков атындағы республикалық халық әндері байқауының бас жүлдегері, басқа көптеген ән байқауларының жеңімпазы Жақсыкелді Майсаров екенін үлкен мақтаныш сезіммен айтуға болады. Сол Шашубай шыққан өңірде туып өскен әнші: – Баяғының өнер адамдары нағыз сегіз қырлы, бір сырлы болған ғой, – деп әріден бастап – Сондай мықтылардың бірі Шашубай Қошқарбайұлы еді. Ақындығы, неше түрлі аспапта ойнап ән салатындығы былай тұрсын, ол цирк өнерін де тамаша



меңгеріп, ат құлағында ойнаған екен. Оның әндерін де әр қазақ тамсана тыңдайды. Бұл – қазіргінің емес, баяғының «Ақ қайыңы» – деп Шашубайдың ерекше дарындылығын көпке үлгі етіп әңгіме қылса, енді бірде өзінің репертуарынан ойып тұрып орын алған Шашубайдың «Ақ қайың» әні туралы: «Шашубай Қошқарбайұлының «Ақ қайың» деген әнін сезініп, жүрекпен айта білу керек» деп ән ерекшелігі туралы ой иірімдерін қозғайды.

Осылайша Шашубайдың ақындығы да, әншілігі де өнердің жас буын өкілдерінің шығармашылығында әдемі жалғасып, атақты композитор ақынның сезім сергітетін әсерлі әндері мен қайталанбас талант қырлары мейлінше жарқырап көрінуде. Бұл да жыр дүлдүлінің туған халқына қалтқысыз қызмет етуінің жарқын бір үлгісі, мәңгі өшпес қолтаңбасы.

Шашубай феноменінің үлкен бір қыры – оның салсерілік өнерді қатар алып жүруі. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ерекше өнерпаздық саласы – сал-серілік талантымен де аты шыққан Шашубай қазіргі цирк өнерінің нышандары бар жонглерлік, сиқыршылық қасиеттерді Кемпірбай мен Балуан Шолақтан үйренген екен. Сері ретінде лирикалық әндер, мадақ өлеңдер шығарып, айтыстарға түссе, сал ретінде сайқымазақ, қу-әзілкештер секілді елді күлдіріп, думандатып жүрген, тақиясын шапшаң қимылмен маңдайына секіртіп не болмаса желкесіне әкеліп ойнатады екен, келесі бір сәтте төбесімен жерде жүргенде аяқтының өзі әрең ілеседі екен. Аттың үстінде төбесімен шаншылып тұрып шапқанда тамашалаған жұрт демдерін ішіне тартқан. Ал кәдімгі құрықты бес саусағына кезек қондырып, қарынына дейін жеткізгенде алдындағы ыдыс-аяқ, тағамдардың ешқайсысына қол-аяғын мүлдем тигізбей, дастарқан бетінде қоянша жорғалағандығын көріп, жұртшылық қайран қалса, келесі кезекте ұшып бара жатқан аттың үстінде түрегеп тұрып сырнаймен ән шырқағанын көргенде: «Мынау өзі



адам ба, жын ба?» деп қызыға қарайды екен. Атақты композитор, өнертанушы-ғалым, академик Ахмет Жұбановтың, Әбділда Тәжібаевтың естеліктерінде ол туралы «ат үстінде тұрып сырнаймен ән салғанда бет-аузын адам танымастай өзгертіп, бас терісін жүгіртіп ойнатқанда қалпағы төбесінде мөңкітін, таяғын сиқыршыдай ойнататын» деп ерекше қабілетін атап өтуі сөзімізді бекіте түседі.

Осы айтқанымыздың өзі Шашубайдың ақын, композитор, әнші болуымен қатар нағыз артистік, актерлік, әншілік, акробаттық, сиқыршылық және тағы басқа цирк ойыншыларының қасиеттерін бойына жинақтаған асқан әмбебап өнерпаз, синкреттік өнер түрлерін қатар алып жүрген ерекше өнер иесі болғандығын айқын дәлелдейді. Біз сондықтан оны қазақтың төл топырағында қалыптасқан цирк секілді таңғажайып өнер саласының, акробатика, гимнастика сияқты спорт түрлерінің бастауында тұрған өнер сандақтарының бірі ретінде қарағанымыз орынды деп ойлаймыз. Бұл өнер, спорт салаларын зерттеуші мамандардың жігі назарында болуы тиісті жайт.

Өзінің сан қырлы сал-серілік, ақындық, әншілік өнерімен елді күлдіріп, көңілін сергіткен, адам бойындағы жағымсыз қылықтарды сынап, сайқымазақ етіп ойнаған, бет-бейнесін өзгертіп, дауысын құбылтып, сан алуан кейіпке түскен Шашубай әр ауылдың көптен күткен сыйлы қонағы ретінде ерекше құрметтелген. Ән-жырға, ойын-сауыққа құмар қауым мұндай өнер иесін қолдан қолға түсірмей әлпештеп аялаған. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын талапкер жастар Шашубай сияқты асқан дарынның қасына еріп, шеберлік сабақтарынан өткен. Әрі әнші, әрі ақын, композитор ретінде танылған Сыр сүлейі Нартай да, жырдың кені атанған Кенен де өздерін Шашубай шәкірті ретінде сезініп, мақтан еткен.

Әрі суырыпсалма ақын, әрі әнін өзі шығарып, өзі айтушы, әрі түрлі күрделі цирк және спорт жаттығуларын шебер орындаушы ретінде Шашубай елдің тұрмыс-тіршілігіне



сән берген, рухани өміріне үлкен мән-мағына берген. Осындай сегіз қырлы, бір сырлы өнер майталманы театры жоқ көшпелі халықтың рухани сұранысын өтеп, дала тұрғындарын жан рахаты мен ләззатына бөлген. Сол себепті де жұртшылықтың әмбебап өнерпазға «Жүйрік Шашубай», «Жорға Шашубай», «Алмас тілді Шашубай», «Жыр-думанның диюперісі» деп әр қырынан атауы халқының оған көрсеткен ерекше ілтипаты мен құрметі болар. Шынайы талантқа берілген бұдан асқан жоғары баға да, атақ та жоқ шығар. Бұл Шашубай өнеріне деген халық қошаметі деп білу керек.

Аңызға бергісіз мағыналы да жарқын шығармашылық өмір сүрген сөз өнерінің, ән өнерінің өрен жүйрігі ұлт мәдениетінде өшпес із қалдырды. Ақын және адам деген екі ұлы ұғым оның бүкіл болмысына тұтас бірікті де, ол өле-өлгенше адамгершілік асыл қасиетінен айныған жоқ. Шашубайдың сан қырлы таланты туған халқының тыныс-тіршілігімен, тағдырымен тығыз байланысты болған, сонымен бірге ғасырдың ауыр жүгін аркалап, еліне елеулі қызмет еткен осы бір таңғажайып тұлғаның ізгі мұраттары мен ой түкпіріндегі асыл армандарының нақты көрінісі болды.

Алмас тілді ақынның туындылары халық есінде жоғары парасаттың, жоғары адамгершілік ойлар мен сезімдердің, дүниеге деген ашық, жарқын көзқарастың шұғыласы болып қалды. Шашубай шығармашылығы 1960 жылдары жарық көрген үш томдық «Қазақ әдебиеті тарихына» да, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін дайындалып жарыққа шыққан он томдық «Қазақ әдебиеті тарихына» да жеке портреттік тарау болып енген жоқ. Тіпті көптомдық «Қазақ музыкасы антологиясының» ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы кәсіби халық композиторларының шығармалары енген 4-томында (2006 жыл) осыған дейін «Ақ қайың», «Сырлы қайың», «Бес балқан» әндері халық арасында кеңінен орындалып жүрген Шашубайдың композиторлық еңбегі ескерусіз қалды. Өкінбеске шара жоқ.



Соған қарамастан Шашубай шығармашылығына соншалықты деңгейде жеткілікті көңіл бөлінбегенмен, ең бастысы, заманымыздың ұлы суреткері Мұхтар Әуезовтің «Совет ақындарының айтысы» атты мақаласында Шашубайдың суырыпсалма ақындық талантына қайта-қайта назар аударып, бір тұсында ақынның қасқырмен айтысын жеке талдайды да, «Советтік мазмұн кірген айтыстың түр жағындағы орны, ерекше бір мысалы осы Шашубай айтысы деуге болады» деп жыр жүйірігінің ежелден бар айтыс түрін жаңа заманға ыңғайлау әдісін көркем шеберлік қыры ретінде таниды (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. Алматы, 2009. Т. 41. 55-б.). Осы зерттеудің келесі бір тұстарында Шашубайдың сол 1943 жылы соғыс кезінде ұйымдастырылған Қарағанды ақындары айтысындағы орнын айқындап, оның Көшенмен айтысын көркемдігі жағынан шоқтығы биік жыр сайысы ретінде жоғары бағалайды. Бүгінге дейін ұлттық әдебиеттану ғылымы тарихында Шашубай шығармашылығына осылай жоғары пікір білдірген құрмет белгісі жоқ шығар.

Халқымыздың біртуар перзенті, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев та Шашубай талантын қатты қадірлеген. Жезқазғанда Қоңырат кенішінің бастығы болып тұрған тұста қарайласып, қол ұшын беріп жүріпті.

Біз қазақ мәдениетінің халықтық негіздері, оның халық қайнарынан туындаған мәңгілік жаңаруы туралы үнемі сөз етеміз. Ал сол «халықтық» деген ұғымның мағынасы қандай терең екенін сирек ойлаймыз. Міне, Шашубай шығармашылығының бастау негізін халықтық негіз құрайды. Оның феноменінің қайнар бұлағы да осы халықтық негізде жатыр. Ақын поэзиясы бізге осы халықтық тума қайнары жағынан бай мағлұмат береді. Оның сирек талант ерекшеліктерін қазіргі тәуелсіз ел жағдайында қайта бағалау қиын. Жырдың өрен жүйірігінің өз шығармаларында нағыз халықшыл ақын болғандығында еш күмән жоқ. Өзі біте қайнасып өскен халық өмірін шынайы бейнелей отырып, түрлі фольклорлық



қайнар бұлақтарды тұрақты түрде және шығармашылық тұрғыда пайдалану негізінде халық рухын көрсету арқылы оның тұрмыс-тіршілігі мен бітім-болмысын жырмен, әнмен кестелеген Шашубай шүбәсіз халықтық деңгейге көтерілді.

Сонау ежелгі заманда отты сақтаушы деген ұғым болған. Қарт абыз күндіз де, түнде де қақаған қыстағы сақылдаған сары аяз бен жаздың аптап ыстығында да адамдарды суық пен ыстықтан қорғап, тамақ дайындау тәсілі болған, сайып келгенде бүкіл тіршілік атаулының қайнар көзі болған отты үнемі сақтай білген. Соған сай халық та өзінің басты құндылықтарының, соның ішінде көркем сөз бен өнер алауының, ғасырлар тереңінен бүгінге дейін жеткен өшпес дәстүрлер алауын сақтаушы тұлғаға әркез құрмет көрсетеді. Осындай ұлттық құндылықтар мен игіліктер алауын берік сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізушілер қатарында өнердің өрен жүйрігі Шашубай да болды. Қазір ақын атында туған жерінде үлкен кент те, орта мектеп те, көшелер де бар. Сөйтсе де оның жарқын тұлғасы қазақ халық поэзиясының абыройы, даңқы және мақтанышы деп айтуға толық хақымыз бар.


Келсем де дәл сексеннің сегізіне,
Бақыттың жүрмін жүзіп теңізінде.
Жігіттей жиырма бесте құлпырамын,
Советтік алтын заңның негізінде, –

деп, абыз ақын кәрілігіне мойымай, өзін жас қалпында сезінеді.

Мен жігіт көңілім шат, өмірім бақ,
Сөзім бал, тілім майда, жырым бұлақ, –

деп, шабыт тұғырына қонған ақиық қырандай жыр нөсерін төгіп, ақындық шабысынан жаңылмауы оның талант құдіретін білдірсе керек.

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен Шашубай өмірінің соңына дейін «сыртын шалдырса да, ішін алдырмайтын», ақындық бойын кернеп, жырлап, ән салып өтті, туған халқымен бірге оның қайғысын да, қуанышын да бөлісті, шабыт шалқарына шығарған кең жазира даласының түкпір-түкпірін аралап, елді ән мен жырға бөледі, сан қырлы өнерімен разы қылды. Кез келген адамға өз дәуірінің нышаны болып, халқының құрметіне бөлену бақыты бұйыра бермеген. Шашубай өзінің қайталанбас, жарқын да мәнді өмірінің жанды бейнесі болды және ұрпақ есінде осылай сақталады. Оның бүкіл шығармашылығының халықтық мәні, оны халық ақыны, халық өнерпазы етті, қазақ халық поэзиясының классигі дәрежесіне көтерді. Шашубай феноменінің құдіреті де оның осы халықтық негізінде жатса керек.




СЕРІЛЕРДІҢ СОҢҒЫ ТҰЯҒЫ

Қазақ халқы бағзы заманнан ақын, әнші, композиторға кенде болмаған ұлт. Оның үстіне басқа халықтарда бола қоймаған айтыскерлік өнері барынша дамыған ел. Оның ішінде қолма-қол ұйқасты шағын өлең құрастырып айту яки өзгенің шығарған өлең жолдарын жаттап алып көпшілікке әндетіп немесе тақпақтап айту әр елде, әр заманда, әр құрлықта әредік көрініс беріп отырғандығы әдебиет тарихына белгілі. Дегенмен, отандық қана емес, шетелдік ғалымдардың пайымдауы мен түйіндеуінше ақындық, әншілік, композиторлық, ең бастысы шешендік өнердің барынша дамып, жеке тұлғаға осы көпсалалы өнер тармақтарының барлығы қатар әрі молынан, әрі терең дару қасиеті айрықша қазақ халқына тән феномен екендігі.

Біздің пікірімізше, осы синкретті өнер біздің халқымызда мейлінше кең қанат жайған кезеңі XIX–XX ғасырлар деп есептеуге тұрарлық. Бәлкім, оның алдындағы дәуірлерде де осы өнердің небір жарқырап шыққан өкілдері мен олардың шығармаларының әсем үлгілері болуы әбден ықтимал. Алайда, жазба әдебиеттің аса дами қоймағандығы, өнерпаздардың туындыларын көпке тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының кейінде пайда болуы бөгесін болып, талай жақұт дүниелер айтылған жерде ғана тамсандырып, ұлттық жадтың еншісіне айналмай қалғандығы өкіндіреді.

Соған қарамастан қазақтың жекелеген жырауларының бір айтқанды қаз-қалпында есте сақтап қалу қабілеті арқасында қазақы ауызша поэзияның небір көркем де әсем бояулы, алуан қырлы жауһарлары сол жарқыраған, түйсікті сезімді рахатқа бөлейтін сиқырлы күйінде сақталып қалуы мен рухани қазынамыздың қастерлі мұрасына айналуы медет тұтырады, талғам тұшынтады, көңіл орнықтырады, оны санаға




сіңіруге, насихаттауға, жетілдіруге, жалғастыруға, дамыта түсуге құлшыныс тудыратындығы қуантады, жалғастық тауып, өміршең болады-ау деген үміт пен сенімді тиянақтандыра түседі.

Кез келген құбылыс тамыры жоқ жерде, тақыр алаңда бүршіктене, өркен жая алмайтындығы, тиісінше дами алмайтындығы, яғни кеңінен тарай алмайтындығы аксиомалық деңгейдегі тұжырым. Нақты осы үдеріске келетін болсақ, өнер үлгісіңіз, дарындар сайысынсыз, бәсекелестік жағдай тумайынша, қажетті жағдай жасалмайынша оның бәсеңдеп, кейбір кезеңдерде тоқырап, тіптен біраз уақытқа да дейін қайта көтеріле алмай қалуы әбден мүмкін екендігін бұл өнердің басынан кешкен, жазбаша тіркелген, зерттелу тарихынан айқын аңғаруға болады.

Сөз мәйегінің дәмін татқан, айтыс өнері бұйырған дарынды ақындар ой мен сезім буырқанып келіп қалғанда, қарсылас адам жөпелдемеде кездеспей қалса қиялын ширатып жіберіп, жанды-жансыз ойдан шығарылған қарсыласы мен өз кезектерін келістіре қабыстырып, айтыс құраған кездері де кездеседі. Ой толғамын арнап отырған өнер алуандығы жөнінен теңдесі жоқ Шашубай Қошқарбайұлының қасқырмен айтысын мысал етуге тұрарлық, жаппай сипат ала қоймағанмен, кәделі үлгілердің бірі.

Жалпы өнер адамдарының, оның ішінде әсіресе салсерілердің, үнемі ат үстінде болып, ел аралап, талай адамдармен түрлі жағдайда кездесіп, олармен шешендік өнердің небір қиюын келтіріп, жауап сөз дәметіп, кейде келте қайырып, тез өзара тоқтамға келуі, кейде шабыттана шарпысып, толғай сөз арнасуы, кейде емеурінмен, кейде тұспалдап, болмаса жұмбақтап немесе бірден қабілет ауанын барлау, бағалау мақсатымен сөз селін ағыттыру үшін, арын екпіні қысқанда тікелей қитығына тие, айтысқа шақыра шиырлап, ойнақы сөз қақпақылдап, адамы мен ортасына сай салиқалы



ой сабақтастыруы, сүйінген тұрғыласына, арналы оқиғаға байланысты сәнімен құлпырта сөз саптауы әдеткі көрініс.

Айтыскерлердің дені сөз сайысы барысында қызды-қыздымен қанша қатты кетсе де өзара кек сақтамаған. Қайта көбісі бір-бірін тереңірек танып, сыйласып, тіптен дос-жаран, сырлас, аса құрметпен қарайтын ұстаз немесе жасы үлкенінің батасын алған шәкірт болуы әдемі дәстүрге айналған құбылыс. Осындай бір сәнді танысып-табысу Жамбыл мен Шашубайдың алғаш кездесуінен бастап-ақ өрбіген.

Бұл ойымызға қазақ әдебиетінің қадірлі ақсақалы, ізденімпаз, ақиқаттан ауытқымайтын Сапарғали Бегалиннің «Жамбыл» атты өмірбаяндық хикаятындағы келтірілген деректер толықтай дәлел бола алады. Бұл роман автордың 1946 жылы Жамбылдың 100 жылдық мерейтойына орай жазып бітіріп, баспаға ұсынғанмен, редактордың «қырағылығынан» кезінде шықпай қалған. Кейінде қолжазбаны жазушы архивінен тауып алып, баспаға әзірлеген ғалымдар Ақыжан Игенбаев пен Тұрсын Жұртбайға дән ризашылығымызды білдіру парызымыз. Өйткені жарты ғасыр қалтарыста қалған еңбекпен танысу еріксізден ойда жоқта тосын олжаға жолыққандай сезімге бөлейді. Оның басты себебі – С.Бегалиннің қазақ әдебиетінің ғасырларға құлаш жайған алып өкілі Жамбыл Жабаевпен, оның тұстастарымен жүздесіп, тірнектей жиған, мол мәліметке толы бұл еңбегі қай заманға болсын баға жетпес құндылық.

Сонымен, С.Бегалиннің жазуынша Арқаның Абай бастаған талай айтулы ақындары, әншілері, сал-серілері, өнерпаздарымен жүздесіп, сапарлас болып, олардың рухани қорын бойына молынан сіңірген Шашубай ақын ретінде толысқан, қырықтың қырқасына шыққан шағында Жетісу өлкесін аралап, танысуға бекінеді. Сөйтіп, қыс айларының бірінде, Балқаш көлінің мұзы әбден қатайған тұста Шу, Іле бойындағы ел-жұртты аралап Алматыға келеді. Онда ертеректе Арқадан келіп, орнығып қалған саудамен байыған Байбұлан, Бай-

молда, сонымен бірге уездік деңгейде тілмаш атанған Бақия, Барлыбек деген азаматтарды бауыр тұтып, араласып кетеді. Шашубай өзінің алуан өнерімен Жетісу елін еріксіз баурап, ауызына қаратады.

Жетісудың ел ауызында жүрген, кісілікті жігіттері Арқа мен Жетісудың ақындарын айтыстыруды құмартады. Бүкіл атырапқа танымал шапырашты Мәңке деген азамат болысқа хабар айтып, Алматыға Жамбылды алдырады. Жамбылдың Алматыға келгенін естіген Байбұлан: «Тамаша менің үйімде болсын» – деп, жиналған жұртты басқосу үшін дастарқан жайып, өз шаңырағына жинайды.

Бұдан былайғы болған оқиғаларды жас жігіт шағында Алматыда болып, сол күндергі біраз оқиғаны көзімен көрген Ыбырайым Байсімбетұлының естелігіне жүгінелік. С.Бегалиннің қағазға түсірген бұл дереккөздей бағалы естелікті сыдырта қайта әңгімелеуден біраз нәрсенің көңілден шашау, көзден таса болуынан қауіптеніп, сонымен бірге болған оқиғаларды жас жігіттің балғын сезімдермен сүйіне, таңдана пайымдауын сақтау мақсатымен, Ыбырайымның баяндау мәнерін қаз-қалпында қалдыра отырып, кітаптағы мәтінді толықтай келтіруді жөн көрдік:

«Мен сол жылы 17 жаста едім. Мақыш деген ағам, кәдуілгі батыр Мақыш абақтыға түсіп қалып, соған азық апардым. Бұрын қаланы көрмегем. Апарған азығымды абақтаның алдына бердім де, енді кешке қайда барарымды біле алмай, қаланың тамаша үйлерін тамашалап келе жатыр едім, арт жағымнан біреу «Ыбырайым» деді, жалт қарасам, Қисыбай екен, «Мұнда не ғып жүрсің?», – деп сұраған соң жөнімді айттым. «Енді қайда барасың, бүгін менің қасымда бол, атыңнан айырылып қаласың», – деп ертіп жүрді.

Қисыбайдың жатқан үйіне келіп, атымызды қораға байлап, үйге кіргеннен кейін, үй иесі: «Қисеке, сізге бір кісі келіп тұр», – деді. Ол кісі үйге кіріп, Қисыбайға бір хат әкеліп берді. Хатты оқып Қисыбай: «Жарайды», – деп, әлгі үйдің



шайына қарамай, шақырған үйге келдік, мені де тастамай ертіп келді. Үй тамаша салынған үй екен. Көктөбел деген, тақтайының бәрі сырлы. Есігінен төріне дейін жайып тастаған кілем, көрпе.

Біз келіп отырған үйде бізден бұрын үш-төрт жас жігіт отыр екен. Олар Қисыбайға сәлем беріп амандасты. Үстінде ақ шалбар, ақ кемзалы бар, басында қара тақия жігіт үлкен сырнайы бар, соны алып құбылып. Төңкеріліп отыра алмай отырды.

Декабрь іші, күн шыңылтыр еді, «Мына кісілер тоңып келді, шайды жаса!», – деп, дөңгелек жер үстелге шай жасалды. Менің екі көзім гармоны бар кісіде отыр. Бұрын гармоньды, ондай қыс ішінде аппақ киім киген кісіні, сәнді адамды көрмеген, тіпті есім шығып отырмын. Бір мезгілде сырттан кісілер келіп қалды деп абыржып, көп кісіні үйге кіргізді. Ол кісілер де төрге шықты. Бұл келген кісілердің ішінде Мәңке, Сәмижан және Жамбыл бар екен, амандасып отырғаннан кейін ол кісілерге де шай әкелді.

Бағанағы гармонды жігіт ойнақтатып гармонды тартып, өленді қоя берді:

Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай,
Пендесін артықты кем қылған құдай,
Саңлағын Алматының жиып алып,
Сыйлады қонақ қылып Байбұлан бай.
Шаһарым Троицкі, Қарқаралы,
Барады кешкі базар тарқағалы,
Бірқатар тосын адам кіріп келді.
Уа, шіркін, ішінде бұл адамның Жамбыл бар ма,
Сол шіркін кеп отыр ма байқағалы, –

деп гармонымен төңкеріліп, әнін қосқанда, менің есім шығып кеткені сонша, өзім қасына таяу отырған Қисыбайға басымды соғып ала жаздадым. Қисыбай байқап отыр деп түр-

тіп қойды. Осыны бір айтып, Жамбылға бір соқтығып, түрткі салып бір өтті де, әріптестік сөз барымтасының шекесін бір көрсетіп, Жамбылмен бірге келген кісілерге соқтыға:

– Бір көзі Сәмижанның қисық екен,
Байбатшаң Мәңкеменен пұшық еке,
Болғанда бірің ойқы, бірің шойқы
Бәрің де бап келісіп отыр екен, –

деп мазақтай бастады.

Төрде отырған Мәңке: «Жамбыл-ау, мына арғын бізді өлтірді ғой, енді қашан», – дегенде, Жамбыл: «Айта түссін, айтқанымен қайда барар дейсің», –деп шай ішіп отыра берді. Тағы Шашубай:

Арқада мен айтамын салдығымды,
Мұнда келсем айтамын
Бақия, Барлыбек, Тұрлыбектей хандығымды,
Қалада осы үшеуі аман болса,
Бұзбайды жандаралдар жарлығымды, –

деп гармонын қайта құйқылжытты.

Жамбыл шайын ішіп болып, домбырасын алып кие жөнелді:

«Шашубай, сен бір Арқадан қашып келген жалаң аяқ,
Жел сөзді не қылайын сенен аяп,
Тимей ме бүйте берсең саған таяқ,
Шашужан, Сен Көкшетау, Қызылжардан келіп жүрсің,
Дидарын жақсылардың көріп жүрсің,
Аузыңда өлең деген мәлегің бар,
Әркімге сөйлеп-сөйлеп беріп жүрсің,
Шашужан, мен алдынан жақсылардың өтуші едім,
Мен дағы қуғаныма жетуші едім.



Ұлына Ұлы жүздің тіл тигізбе,
Жылында бір күн көріп кетуші едім.
Шашужан, мақтанбағың, Арқадан мен көрген арғын,
Бұл жерге бай боп жатыр келген арғын,
Келді де Жетісуға байып кетті,
Арқада без тата алмай жүрген арғын.
Шашужан, бастап та Байбұлан келіп еді,
Міңгесіп қарала атқа,
Қос тігіп Тастағында үш жыл жатты,
Елімнің кеңшілігін сонан байқа,
Алсын деп тері-терсек аралатты.
Мұнымен Байбұланың тиыш жатпай,
Қиқақтап қарала атпен отын сатты.
Жуындыммен бай болған Байбұланың,
Қойшысымен айтысқан байлар құсап,
Айтқаным жақсылығымды жарамас-ты,
Шашужан, мұнда келсе мақтайды Барлыбек, Бақиясын,
Сайлауға шықсаң екі көзің төбеңде ақиясын,
Әсте жоқ мұсылманға жақындығың,
Орыстың баса киіп тақиясын.
Құдайдың өзі патша, өзі құдай,
Бір жерден алар тауып оқиясын,
Су орнына ішкенің арақ, боза,
Дозақтың ортасында отырарсың,
Дініңе кесек атқан сұрқиясың», –

дегенде, ішіп, қызып отыр екен, орысша киінген жігіт Жамбылға тұра жүгіріп қона түскені. Мен қайдан білейін, Бақия деді біреу сұрағанымда. Оған Мәңке тұра жүгірді. Шарт та шұрт төбелес болды да қалды. Әлгі жасаулы тұрған шай, үстелі – бәрі тас-талқан болды. Қисыбай жылыстап далаға шықты, мен де ере далаға шықтым. Жанжал басылып, Байбұлан далаға шығып, Қисыбайды үйге кіргізді. Елді тиышта-тып отырғызды. Енді айтыс тоқталды. Гармоны бар кісі, әлгі

орысша киінген кісілер, олар басқа үйге барып, даурығып жатты. Біз отырып, тамақ ішіп, үйге қайттық. Ел тарқарда Байбұлан келіп: «Бір тамаша істелік деген соң шақырып едім, аяғы ұяттау болып кетті. Ұлы жүздің баласы, үй менікі, жол сіздердікі», – деп, Қисыбайдың алдына 40 сом ақша әкеліп қойды. Қисыбай 40 сомның 25 сомын Жамбылға беріп, қалғанын отырған елге үлестірді. Сонда маған 50 тиын ақша берді. Ертеңінде елге қайттым. Осы өлеңді сол айтқаннан ұғып, елге айта келдім».

Бұдан әрі С.Бегалин бұл әңгімені Ыбырайымның 1945 жылғы 20 желтоқсанда айтқанын, айтушының жасы 58-де екендігін, сол себепті Жамбыл мен Шашубайдың айтысқаны 1904 жылы болған, сонымен қоса Үмбетәлінің де, Өмірзақтың да айтулары осыған саяды деген тұжырым жасайды.

«Жамбыл» кітабының осы тарауын автор мағлұматы назар аударарлық әдемі түйінмен аяқтайды. Көңілге қонымды жолдарды келтіргеннен оқырмандар бек ұтады деген оймен, оларды автормен қоса сүйіне қайталаймыз:

«Жамбыл мен Шашубай осы айтыстан кейін өте жақын болып кетті. Екеуі достасып, Шашубайдың Арқадан ала келген өте соны, жақсы әні, әдемі жыры, Шортанбай ақынның, Дулаттың жырлары болады. Бұл жырлар Жамбылға өте ұнайды. Әсіресе Арқа елі кеңейтіп, әдемілеп айтатын Асанқайғы жөніндегі әңгімелі жырлар ақын жүрегіне қозғау салғандай, ел мұңының, халық арманының түйіні тәрізді болады. Құтты қоныс іздеген сыршыл, қияли ақын бетін терең сырға аударады. Жамбылдың ертерек ұғып, ел айтуынан, Күсеп жырлап кеткен «Өтеген жыры» Асанқайғы сарынына салып жырлауға бейімдейді.

Жамбыл осы Шашубаймен айтысып, оның жырымен, үлгілі ақындардан алған үлгісін өзіне үлгі етіп, ел бас қосқан жердегі Жамбылдың көпшілікке таңдап айтар жыры «Өтеген жыры» болады. «Өтеген жыры» арқылы Жамбыл сол кезде қазақ елінің патша отарына қапталынан елірген жер-судан



ерік кетіп, қонысы тарылған, бастан ықтияр кеткен кезін «Өтеген жыры» арқылы ел көкейіне елеулі із түсіре сипаттайды. Жамбылдың ақындармен кездесіп айтысуы тек елді, руды, өз елінің байын, атқа мінерін мақтаумен ғана аяқталмай, ар жағынан басқа арна табады, ол арнасы ақындық өрісінің соны белеңі, әр саладан келетін халық ақындығының алуан тарауларына танысу болады».

С.Бегалиннің кітабының осы тарауында келтірілген дәйекті мағлұматтар ел ішінде әрқилы болып, алуан ұсақ-түйек сипаттамалар мен «деректермен» жамалып-жасқалып айтылып, қызыл кеңірдек дау тудырып жүрген бір мәселенің бетін ашуымен аса құнды. Ең бастысы, дүлдүл Шашубайдың алып Жамбылмен сөз шарпысқанмен, қол тигізбегені анық дәлелденіп отыр. Бұл жайында әр жерде дәп бір басы-қасында болғандай-ақ небір құйқылжытып әңгімелеп айтып жүргендердің ауыздарына құм құйылар деген сенім көңіл орнықтырады.

Шашубайдың әдеби мұрасының, ән мұрасының молдығы туралы көптеген ақын-жазушылар кезінде қалам тартқанмен, оның толық жинағы ғалым Серік Негимовтің құрастыруымен 1984 жылы шыққан «Ақ қайың» жинағы және ақын жайында естеліктер, мақалалар, өлеңдерді құрастырып, алғы сөз жазып Жанболат Башаровтың 1990 жылы шыққан кітапшасы ғана.

Ал шын мағынасында Шашубайдың қазақ даласын талай жылдар бойы емін-еркін аралап, талай тарихи оқиғалардың куәсі болғаны, жүздеген есімі алашқа мәшһүр тұлғалармен жүздескені мәлім. Олардың біразымен сөз шарпысқаны, қонған үйлерінде түнімен талай қисса-дастан айтқаны, жүрген жерінде қайталанбас әзіл айтып, қажет тұсында сөзбен тоқыратып отырғаны еш күмән тудырмайды. Дегенмен солардың көпшілігі ел ауызында тек ауызекі фольклор, тіптен анекдот деңгейінде айтылып, жүйелеп жинақталмағаны өкініш тудырады. Бұл жөнінде орыс әдебиетінің әйгілі

өкілдерінің әрбір айтқан сөзін тірнектей жинап, күнделікті әдетін зерттеп, тұтынған дүниесін қастерлеп сақтау дәстүрі үлгі етерлік.

Ал, Шашекеңе қайта оралып, ол кісінің тапқырлығы жайында бірер мысал келтірейік. Бір жолы қысқа қарай жазда ел аралайтын екі атын Балқаштың жылқы зауытына әкеліп, басшысына тапсырып кетеді. Жазғасалым аттарын алып кетейін зауытқа келсе, бірінің қабырғалары ырсиып, құр қаңқасы қалып жүдегеннен жілігі де татымайтын болып, таяуда арам өлгенін естиді, ал екіншісінің лоңқа болып, мініске мүлде жарамай қалғанын көреді. Сонда жылқы зауытының басшысының көзінше аттарының жалдарын сипап тұрып:

Қыдың-қыдың-қыдың қайда,
Қыдыңдаған күнің қайда,
Екеу едің, бірін қайда,
Жеген шөбің у болды ма,
Сенген кісім қу болды ма? –

деген екен.

Жылқы зауытының басшысы осыншама уытты сөзден шошынып, ел пікірінен қаймығып, өндіріс басшыларының қыстай ерекше күтіммен сұлыға байланған екі атын Шашекеңе жетектетіп жіберіпті.

Және бір жолы Шашекең межелі жеріне баратын көлік күтіп, жол тосып, қолын қанша көтерсе де бір де бір мәшине тоқтай қоймапты. Содан бір жеңіл мәшиненің қарасы көрінгенде төбесімен шаншыла тұра қалып, екі аяғын ербеңдетіп, «Тоқта!» ишара жасапты. Бұндай көрініске таң-тамаша қалған Балқаш құрылыс тресінің басшысы Иванов мәшинесін Шашекеңнің тұсына тоқтаттырып, көлігіне құрметтеп отырғызып, қызық көріп, көлікті неге аяғын бұлғап тоқтатуының сырын сұрапты. Сонда Шашекең «Қайтейін, адамша қол



бұлғағанды ұқпағандар үшін көлік тоқтатудың тосын тәсіліне көшуге тура келді», – деп күлдіріпті.

Шашубайдың шау тартқан шағында келіндерінің қолына карап қалмау үшін өрімдей қызды шешендік сөздерімен баурап, үйленіп о дүниеге соның қолынан аттанғаны өз алдына бір әңгіме өзегі.

Шашубайдың ендігі бір азаматтық ұстаным мықтылығы әбден қартайып, қалы төмендеген шағында айқын көрініс береді. Ақынның төсек тартып жатып қалған кезінде қаланың бір топ игі жақсылары көңілін сұрау үшін арнайы келеді. Сонда мұншама адамның жиналып бекерден-бекер келмегенін сезіп жатқан Шашубай:

– Арнайы көңіл сұрап келгендеріне рахмет. Өмір бойы қошеметтеп, еркелігімді көтеріп, еңсемді түсірмей әлпештеген ел-жұртыма дән ризамын. Өздеріңе екі дүниенің абыройын берсін. Ал енді өздерің қозғай қоймайтын бір әңгіме бар. «Өзекті пендеге өлім хақ» дейді қазақ. Маған да ажалдың бұғалығы тасталғанын сезіп жатырмын. Сендер мен көз жұмғаннан кейін қайда жерлегенді қалар едіңіз деп сұрағыларың да келіп отырғанын кәрі көңіл сезеді. Бірінші ойларыңа түсетіні – мені ата-анамның жанына апарып қою болады. Оларың дәстүрлі пікір. Аллаға аян нәрсені сендерден жасырып қайтейін. Мен ақын болып, серілік құрған кездерімде ұрынған пенделік күнәларым жетіп-артылады. Сондықтан мен көз жұмған бетте Өзірейілмен қоса небір жын-сайтан жиналады. Олар бейкүнә әке-шешемнің мазасын алмас үшін мені оңашалау жерге қойғандарың жөн. Өз көңілім Бектау-Ата тауының қойнауын қалайды. Жаңағы жын-сайтанмен жеке шайқасып жатайын», – дегенде жиналғандар еріксіз жамырай күліп жібереді. Шашекең де бойын жазғандай болып, бір марқайып қалады.

Содан пенделік дәм-тұзы таусылып, 1952 жылғы 4 мамырда дүниеден өткен Шашекеңді ел-жұрт ақ жуып, арулап,

намазын түн ішінде жасырын шығарып, өзі аманат етіп кеткен Бектау-Ата баурайына жерлеуге алып барады. Дәстүрлі діни рәсім реті бойынша мәйітті мәңгілік мекені жер қойнауына тапсырғаннан кейін құран бағышталуы міндет. Бірақ өмірдің барлық саласын коммунистік идеология құрсауына алған қоғамда діни көріністің кез-келген түрі түршіктіреп құбылыстай қабылданып, талай пенденің тағдырын талқыға салып, келешегі күмән тудырып, ұйымдастырушылардың маңайы мен ұрпақтарына талай уақытқа дейін бөгеу болатыны айдан-анық. Ал енді мәйітті оң жамбасына құбылаға қаратып жатқызып, бет-тақтайын жауып, топырақ салғаннан кейін жиналған жұрт не істерін білмей дағдарып қалады. Сонда Шашубай Қошқарбайұлын жерлеу комиссиясының төрағасы, Балқаш қалалық партия комитетінің сол тұстағы идеология жөніндегі хатшысы, өзі де әрі ақын, әрі әнші, қазірге дейін көзі тірі Әлихан Жәңгіров елді сүйсінткен бір тапқырлық жасайды. Үні асқақ Әлекең Шашубайдың «Ақ қайыңын» шырқап қоя береді. Бұл әнді білмейтін жан жоқ. Азалы митингке жиналғандардың барлығы хормен қосылып, Бектау-Атаның қойнау-қойнауын жаңғыртып ақынның ең әйгілі әнін шырқайды ...Сөйтіп қазақ даласының тарихында алғаш рет марқұм болған адамды әнмен арулап шығарып салады.

Шашубай Қошқарбайұлы жайында кезінде Балқаш қалалық партия комитетінің бұрынғы хатшысы болған, көзі ашық, көкірегі ояу, өзі ақын, өзі әнші, бүгінге дейін Арқаның абыройлы ардагер ақсақалы құрметке бөленіп жүрген Әлихан ағаның тапқырлығы мен азаматтық ерлігіне сүйінген жас-кәрі ол кісіге арнайы сәлем беру үшін барып, сол күндер жайындағы байсалды байып-бабымен әдемі әңгіме өрбіткен естеліктерін қайта айтқызып, қарияның мұқалмаған жадына, қажыр-қайратына тамсанысып, қимастық пейілмен тара-сады.



Ендігі бір бөлісетін ойлардың бірі – Шашубайдың әр жылдары өткізілген мерейтойлары барысында өткізілген шаралар жөніндегі баспасөз бетінде жарияланған материалдар, оларда оқылған баяндамалар, сонымен бірге ақынның жария болған және жарық көрмей келген өлеңдерін, шығармаларын, айтыстарын, ақындармен сөз қақтығыстарын, шешендік сөздерін, т.б. еңбектерін барынша жинақтап, ғылыми негіздеме жасалған әдеби түсініктемелерімен қоса жинақ шығарудың мезгілі келді. Бұған ақынның 130, 140 жасқа келген мерейтойларындағы, сондай-ақ алдағы 150 жылдық мерейтойына арналған баяндамаларды, ақынның көзі тірісінде түсірілген және кейінгі шараларға қатысты фоторепортаждар, көркем суреттер, кескіндемелер мен басқа да материалдарды күні бұрын жинастырып, қоса бастыру мейлінше олжалы ізденіс болары хақ. Сонымен қоса Шашубайдың әйгілі «Ақ қайыңынан» басқа «Майда қоңыр», «Ырғыма-сырғыма», «Мамық қызға» , «Сырлы қайың», «Жамалға», «Кербез кер», «Бес Балқан», басқа да әндерін ноталармен қоса жария етсе нұр үстіне нұр болар еді. Бұдан тыс Шашубай жатқа біліп мәнерлеп жырлаған «Қырымның қырық батыры» және 24 дастанды анықтап, бір жинақ ретінде кітап шығарылғаны, ол дастандарды жырлай алатын жыраулар байқауын өткізген ұтымды шаралардың бірі болар еді.

Осылардың барлығы жүйелі орындалуы және ресми қолдау табуы үшін Үкіметтің арнайы мерейтой өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрамын және шаралар жоспарын бекітіп, жүйелі жұмыс атқаруға беделді ғалымдар мен ізденушілердің бастарын қосып, ақылдасса, талай өрелі ойлар нақты істерге жетелер еді. Сайып келгенде осылардың барлығы ақын аруағы ырза болатын игі істерге айналарына кәміл сенімдеміз.

Осындай ойлар тізбегін осы жолдар авторының ертеректе Алаштың арынды ақынына арнаған өлең жолдарымен түйіндеу жөн деген пікірмен өлең мәтінін ұсынып отырмыз:

ТӨРІНДЕ ӘРҚАШАНДА ЖЫР ЕЛІНІҢ

Шашубай Қошқарбайұлына арнау

Өзгеден өнері мен артық сөзі,
Цирк те, театр да, архив те өзі,
Көпірдей екі заман арасында
Бұйырған бертінгіге сарқыт та өзі.

Тамсанған жасы менен кәрі көзі,
Сайранда сал да өзі, сері де өзі,
Жаратқан сегіз қырлы, бір сырлы етіп,
Теңдессіз жыр-думанда «пері» де өзі.

Сал Біржан Қояндыда бата берген,
Айтыс пен әннен өрнек қатар өрген,
Он екі жасынан-ақ сөз сайыста
Саңлағы Сарыарқаның атағы ерген.

Абайдан естіп еді нелер дастан,
Құс салып, аң қағысқан кемер тастан,
Жұп жазбай үш жыл бойы ел аралап,
Балуан Шолақпен де өнер шашқан.

Бір атақ бір атағын алмастырды,
Деуші еді бір көрген жұрт «алмас тілді»,
«Жорға ақын», «жүйрік ақын» айтыстарда
Сан рет қарсыласын шаң қаптырды.

Шабыты ұқсаушы еді тасқын-селге,
Ширығып, оза шауып дәстүрден де,
Шаң жұқпас шашасына сал Шашекен
Айтысқан адам түгіл қасқырмен де.

Сөздері буырқанған өмір-өңдей,
Саздары созылмалы шегірендей,



Шашекең сырнай қосып шырқағанда
Қалмайтын еш тындаушы тебіренбей.

Өнерін елден ерек бойындағы,
Сан ұрпақ талай жерде мойындады,
Ұйытып астананы, сүйіндірді
«Үш шыбық», «тақия тайтаң» ойындары.

Табиғат үйіп-төккен кәдесінен,
Кетпейді сан өнері ел есінен,
Құрықты бес саусаққа ойнататын,
Шаншылып ат үстінде төбесімен.

Жасқанбай жастай қонып қиял-атқа,
Шабытпен шапқан өрлеп, қиялап та,
Тектілік белгісінің бір сипаты –
Шашекең төзген емес қиянатқа.

Қысса да жан-жағынан тірлік қамы,
Азық боп жастайынан жырды ұққаны,
Үкілеп, әлпештеген қазақ, қырғыз,
Тамғандай екі елге де кіндік қаны,

Кемпірбай, Шөже, Біржан – ұстаздары,
Жамбыл мен Әсет, Естай – тұтастары,
Нартай мен Кенендердей шәкірті бар
Шашекең мәңгілікке із тастады.

Жас ұрпақ үлгі тұтар жігерлі үнін,
Жылуы көпке ортақ жүрегiнiң,
Шашекең сырлы қайың өнердегі,
Төрінде жайқалатын жыр елінің.



ΕΣΤΙΝ ΕΛΙΚΤΕΡ





Әбділда Тәжібаев

ШАШУБАЙ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Шашубай ақынды бұрын мен сырттай білетінмін. Көзінің тірісінде-ақ осыншалық аңызға айналған ақынды көрген емеспін. Шашекең 1938 жылы Жамбылдың тойында бір көрінген, бірақ онымен танысып, құмардан шыға алмай қалғанбыз, екі-үш жалт-жұлт көрінді де өзінің Балқашына қайтып кетті.

Біз Жазушылар одағында Жамбылдан өзге ақындармен де айналысуымыз керек, оларды өзімізге тартып, жақын білуіміз, оларға жәрдемдесуіміз керек деген қаулы алғанбыз. Сол қаулы бойынша 1939 жылы халық ақындарының айтысын өткізгенімізді жоғарыда айттым. Бұл жиында көзге оза түскендердің бірі Шашубай Қошқарбаев болған. Қалың қасының астынан кейде шок шашып, кейде нұр төгіп көрінетін көзі Шашекеңді бір түрлі айдынды және әулие сипаттас танытқан. Қоңырынан ағы көп ұзын мұрты мен қою сақалы болмаса, екі аяғын нық басқан қарттың бойында күш-қайрат әлі мол сияқты еді. Бізге сондай-ақ Шашубайдың өлең мен әніндегі өзгеше танылатын лиризмі қатты ұнаған-ды. Бірақ бұл жолы да көп мейманнан оны бөліп алып ілтипат көрсетуге мұрша болмаған-ды. Сондықтан одақтағы арнап жасалған жоспар бойынша біз оны 1941 жылы май қарсаңында Алматыға шақырдық. Арнаулы адамдар бөліп, бір ай бойында өлеңдерін жазып алып, жинағын шығаруға әзірледік.



Онда Қазақстан Жазушылар одағы «8 март» көшесіндегі жалғыз қабат үйде тұратын. Қарт ақындар келгенде кабинеттегі ұзын столды шығарып тастап, екі жұмсақ диванды қарсы қойып, айналасына орындықтар толтыратынбыз. Ондай күндерде көнетоздау келген, үлкен сары дастарқан жаямыз да мәжілісімізді шаймен бастаймыз. Шашекең келгенде де білістігіміз осылай басталды. Жұмсақ орында малдасын құра отырып, терлеп шай іше бастаған Шашубай, өз үйіне келгендей лезде жадырап кетті. Көп ұзамай келісім бойынша атақты Иса ақын кіріп амандасты. Иса қарттың бала-шағасын қазбақтап сұрап, Балқаштағы ортақ таныстарын әңгімелеген соң, Шашекең әлгіден де бетер желпініп, тыңайып қалды.

Әншейінде жосып сөйлеп, өзгенің сөзін онша тыңдай бермейтін Иса аға ақынның алдында тіпті сыпайы екен.

– Шашекем-ау, ағатайым-ау, – деген сөздерді өте жылы қайталап, шай құйылған кесесін де өзі әперуге тырысып отырды. Шашубай әрі-беріден соң желпініп алды да, Исаға еңкейе қулана қарап:

– Шыныңды айтшы, інім, осы балам қалай? – деді мені көрсетіп.

– Жаман бала емес, – деді Иса еріксіз күліп, – тәуір бастық.

– Онда қойдым, қойдым, бала! – деді Шашекең маған жадырай қарап.

Мен ештеңеге түсінбедім. Әйтсе де түсінген сияқты күлдім де қойдым. Маған не керек түсіну үшін қазбақтап, маған Шашубай ырза болса жетпей ме? Әрине. Кәрілеу Шашубай келер қарсаңында жастау Исаны әдейі шақырғанбыз. Екеуінің сыйлас екенін білген соң әдейі кезіктіргенбіз, онымыз өте ұтымды шықты. Екі ақын да бірдей қуанып, өздерінше айтқанда, «бір жасап қалды».

Біз Иса ағаны бетке ұстай отырып Шашекеңнің жыр тарихы мен өмір тарихына да кіре бастадық.



– Қазір жетпістің төртеуіндемін. Қоңырат тауында туып, Балқашта шомылыппын, – деді. Содан соң сәл әндете бір ауыз өленді тақпақтап жіберді:

«Қоңырат қойнауы жаз, қойыны мыс,
Балқашы балығымен алған тыныс.
Жерінің асты да кен, үсті де кен,
Әлемге аты әйгілі ірі өндіріс».

Естіп пе едің, балам, мұндай жерді? Мен «білемін» деп басымды шұлғыдым.

– Жетім десең жетіммін. Жеті күнде шешесін жалмаған Шашубай мен боламын.

Неге екенін білмеймін, Шашубай кілең маған қарап сөйлейді.

– Шашеке, неге кілең маған қарап сөйлейсіз, мына жұртқа қарап айтыңыз.

– Қалған жұртты қайтемін, тергеушім өзің ғана емес пе? – деп тағы да маған қарады.

Ақын он үш жасына дейін жетімдік көріп, жарымай өскенін, кісіге жалданып жалшылық жасағанын, ақырында «кұдай берген ән-жырдың арқасында» ел қатарына қосылғанын айтты. Балауса ернінен ана сүті кеппеген сәбидің қасиеттерін байқап қалған жігіттер Іленің бойындағы бір тойға оны ала барып, Жақай, Кенжебала деген қосылып айтатын ақын қыздармен айтыстырмақ болыпты. Екі қыз он үштегі баланы менсінбей:

Саған біз қарамаймыз мойын бұрып,
Жігіттер ыза қылды-ау қарап тұрып,
Аспанға қол жетпейтін қол созасың,
Арқадан жаяу жалғыз қаңғып жүріп, –

десе, Шашекең шап беріп:

Кінәладың Арқадан келгеніме,
Жұрт таң қалар бөкендей желгеніме.
Камшат бөрік басыңа кигеніңмен,
Өгіз мініп жүргенің жөн келе ме?

депті. Қыздар өршелене түсіп:

Сен жігіт, сеңсең жігіт, сеңсең жігіт,
Сонда жігіт боларсың, жеңсең, жігіт.
Қаңғып келдің еліме қайыр тілеп,
Құныңды кім береді, өлсең, жігіт?» –

дейді. Отырғандар дуылдай күліп, қыздарға қошемет етеді.
Шашубай тағы да іле жөнеледі:

Сен қыздар, сеңсең қыздар, сеңсең қыздар,
Сеңсеңімді беремін, женсең, қыздар.
Қараңғыда найзама қарсы шауып,
Құныңды кім береді, өлсең, қыздар, –

депті.

Тай жарыстан ұшқыр көрінген Шашубай, жасы жиырмаға жеткен соң-ақ айтыстың керемет азулы ақыны атанған. Алғырлығы мен өткірлігі, жалтақсыз, жалбақсыз айтқырлығы Шашекеңді оқшау ақындардың қатарынан көрсетеді. Ол кейде Кемпірбайға ұқсаса, кейде Шөжені еске түсіреді. Қаршадайынан өзін еркектер тобында ұстай білген ақынның мінезіндегі өрлік, өжеттіктері де айқайлап тұрған сияқты.

«Шешемнен жеті күнде қалдым жетім,
Түн аңдып ұрылардың жедім етін», –

дейді ақын, өз өмірін баяндап отырып, қақпан салып қасқыр да ұстаған, түнгі жортармандардың екі аяқтысын да, төрт аяқтысын да түгел көрген ақын, еш уақытта да осал соқпаған.



«Тартсам да тақсіретін кедейліктің,
Байларға малы бар деп бас ұрмаймын»

деп Шашекең шынын айтқан. Тілес деген болыс Шашубайдың ащы тіліне, адуын мінезіне ызаланып, қаматып қойғанда, содан қайта босанып келген ақын, болысқа:

«Би қасқыр, бай арам ас болды залым,
Барыстай жазды болыс тырнақтарын.
Қоян деп мені тұтып жемекші едің,
Шықты ғой арыстан боп алысқаның», –

депті. Айтқан-ақ емес пе!

Есейген сайын ақын ірілей берген.

– Қазақ даласында мен баспаған жер бар ма екен? – дейді Шашубай. Екі ауылдың арасын шандатудан ақын ерте босанған, ол алысқа қарайтын болған.

«Жолым жіңішке жігітпін жолбарыстай,
Аттасам айшылық жол бір қарыстай», –

деп Шашекең текке айтпаған. Осы екі жол өлең ақынның бойына да, ойына да жарасып тұр. Қандай сұлу сурет, жойқын қимыл. Ұшып бара жатқан ақ аттың үстінде ақ жібек киген жастың түрегеп тұрып гармоньмен шырқап бара жатқанын тағы бір елестетейікші көзімізге.

– Адам ба бұл, пері ме? – дейді екен сонда қызыға, қызықтай қараушылар.

Шашубай туралы Кенен ақынның айтқан бір әңгімесі есімізде:

– Қырғыздың үлкен бір асында бала кезімде атқа шаптым. Сонда көргем Шашекеңді, сонда ауырғам Шашубай боламын деп, – дейді. Сол ас түнінде Шашубай ақ ордада гар-

монына қосылып, ән шырқапты. Үйге сыймағандар сыртта тындапты. Сонда Шашубайдың жүзін көреміз дегендер жаяуы, аттылысы бар, түйеге мінгендері тағы бар, үйдің киізін тесе-тесе таң атқанша жаңағы үй жалаңаш қалыпты, мұны да Кенен айтады.

Мен алғашқы естігенімде «Шашубай шапқан аттың үстінде түрегеп тұрып гармоньмен ән салады екен» дегенге сенген жоқпын. Тек келісті айтылған, әдемі мақтау екен деп түсінгенмін. Бірақ мұның шын екенін Шашубайдың өзі растады.

– Ат әкелші қазір шауып көрсетейін, – деді Шашекең. Содан соң айнала отырғандарды кейін сырды да, екі аяғын жоғары тік көтеріп екі қолымен тұра қалды. Мен «қойыңыз» деуге үлгермедім.

Шашубай Семейге, Омбы, Томбыға барып жүргенде Цирк өнершілерін көреді екен. Сондағы көргендерін ертеңіне жұртқа өзі жасап береді екен. Шашекең бас терісін жүгіртіп ойнатқанда қалпағы төбесінде мөңкіп жүргендей секектейді. Бет-аузын кісі танымастай өзгертіп, таяғымен сиқыршыдай ойнайды екен. Осы өнерімен Шашекең шұбыра көшіп жүрген сығандардың бір түн сыйлы қонағы боп кетіпті.

Айтысқа жүйрік ақынның эпикалық жырға да жүйріктігіне тандандық. Шашубай өзінің «Қамбарын» айтады. Ол, әсіресе, «Көгаршын» деп аталатын толғауын соққанда «ағылып-төгіліп» кетеді.

«Көк – көгаршын, көгаршын,
Көк кептер ұшар жем үшін.
Көкала қалқан жамылып,
Көк шекпенін бөктеріп,
Ер жігіт жортар мал үшін.
Тең-тең үшін, тең үшін,



Талаптандым,
талпындым,
Шашубай ақын дер үшін», –

деп басталатын толғау Шашубай репертуарының өте бір орасан түрі.

Жел-жел есер, жел есер,
Қос-қос орда, қос орда,
Балпаң-балпаң басарсың, –

деп басталатын шумақтарда терменің аса көнерген белгілері бар. Кейбір нәрселер бақсы сарынындағы шартты бірденелердей аталады. Осы толғауды жаңағыдай етіп бастаған ақын, әрбір қайталап айтқанда жаңа ойлар қосып, жаңа түйсіктер көрсетеді. Оң жұдырығын түйіп алып, оң аяғымен тап-тап тепсініп жүріп термелегенде ақын бақсы ойнағандай боп кетеді. Ол кейде мұртын шиырып, айналаға жымия қаранып қояды да, содан соң сол сәтте туған сезім, түйсіктерін көне жырдың жаңа мүшесіндей қосып-қосып жібереді. Сондықтан болар, «Көгаршын» маған Шашубайдың жыры ғана емес, оның жаңа жырларын тудыруға бастайтын, шабыт шақырары, музыкалық аспабының бір түріндей танылды.

Мен Шашубайды түстен кейін үйге әкеттім. Бізге қонсын, дәм татсын деп ойладым. Үйге келген соң, «кабинет» деп аталатын кішкене бөлмеде төсек жайылды.

– Шашеке, жуынып-шайындыңыз ғой, енді ас әзір болғанша, осында қисайып дем алыңыз, – дедім.

– Жарайды, балам, жарайды, – деді Шашекем отырып жатып. Мен басқа бөлмеге барып жантайдым.

– Ас әзір, қонағыңды шақыр.

Кабинетке барсам Шашекең жоқ.

Ұйықтасын, тыңайсын деген шалым сыртқа шығып кетіпті. Ойнап жүрген балалар түгел жиналыпты, Шашубай



солардың ортасында өзі күліп, балаларды да күлдіріп мәз боп отыр.

Мен тақала бергенде Шашекеңнің дөңгелек қара қалпағы таяғының ұшында шыр көбелек айналып тұр екен. Әбден зырылдап болған кезінде қалпақ таяқтап секіріп кетіп Шашубайдың басына кеп киілді.

– Ал енді барыс боламын, қауып аламын біреуіңді, – деді Шашекең. Сөйтті де «Ар!» ете қалды, желкесін күжірейте қойып, балалар жапырыла қашты. Мен Шашекеңнің тікірейген шашы, түксиген мұрты мен қасына қарап тамашалап қалдым. Ол сәлден кейін ойнақшып тұрған көзін орнына қайта түсіріп, орамалымен бет-аузын сүртінді.

– Барыс жоқ! – деді ол балаларға нұрлана қарап. – Барыс өлді, атылды, – деді таңдайын мылтық атқандай тарс еткізіп. Балалар шуылдай қуанып қайта лап берді.

– Тағы да, ата, тағы да! – дейді балалар ду-ду дауыстап.

– Мен тамақ ішуге барамын, балалар, құрсақ пропал, – деп көңілді қарт орнынан тұрды. Содан соң қалпағын қолына ұстап қайта сөйледі:

– Мен мынаны лақтырамын, қай жүйрігің бұрын жетіп маған әкеп беріңдер. Тек тартысқа салып қалпағымды жырытып алмаңдар, жарай ма?

– Жарайды! – деп балалар бар дауыспен жауап қайырды. Қалпақ ұшар жаққа түгел лап беруге бәрі эзір тұр. Шашубай әңгімені көп созбай, қалпағын ытқытып жіберді, балалар да солай қарай қосыла ұмтылды. Бірақ дөңгелей ұшқан ақылды қалпақ сол дөңгеленген бойы иесінің қолына қайтып келді.

Не деген шаршамайтын, арымайтын жан десеңізші. Жетпістен әлдеқашан асқан адамда алқыну, ауырсыну деген болмас па? Жоқ, Шашекеңде оның бірі жоқ. Лезде тынығып, тағы да жүгіруге құлшынып тұрған бала сияқты екен Шашубай. Ішіндегі қуат қайнап, тасып бара жатқандай, жалтаң қағып жайнаңдап тұрған бір жан.



Біз кешкі шайға отырғанда да Шашубай ауыздығын шайнаған асаудай, ала қашатындай боп отырды. Біз оған тағы да қара гармоньын ұстаттық, ол тағы да іркілмей әнге басты. Күндізгі ауызымның суын құртқан айтыс ақынынан, бақсыны көзіме елестеткен эпик жыраудан түк те қалған жоқ. Міне, енді сөзі де, әні де тамылжып тұрған лирикпен бетпе-бет отырмыз. Гармоньды құлаштай тартып келіп, өзіне-өзі:

– Сөйле, Шашеке!

– Сөйле, Шашем! – деп қояды, онысы өзіне құйып қойғандай жарасады.

Өзі шығарған ән мен сөзін өзі айтады. Мен біздің үйге бақыт құсы келіп қонғандай сезіндім.

«...Қиынға ұя салған қаршыға едім,
Ақжудың төсіне ұйықтап, талшық алған», –

дейді. Бұл «Майда қоңыр» әнінің сөзі, маған Шашубай болып ән салып отырған Біржанның өзі секілді боп көрінеді.

«Он екі взвод гармоньмен ән салғанда,
Қасыма қыз-келіншек, үймелеген», –

дейді. Бұл «Кербез ер» әнінің сөзі. Мұнысы да Шашубайдың өзіне қоса Үкілі Ыбырайды, атақты Тайжанды, тағы кімдерді елестетеді.

Осы әндердегі, соның ішінде «Ақ қайындағы» сыршылдық әуені тіпті ғажап. Ғашықтық, құмарлық жалын атып, бетінді шарпып тұрғандай. Сұлу қыз – идеал, сұлу қыз – арман! Сырлы махаббат сұңқылдаған, сынқылдаған ақ еркенің күміс күлкісіне, сарқылмас назына айналғандай.

«Сұлу қызбен сөйлесіп, болсаң сырлас,
Көкіректе тырнақтай арман қалмас», –

дейді ақын-әнші.

Жасында, жалын атып тұрған шағында сүйіп шығарған, сүйіп айтқан әнін Шашекең бүгін де құмартып айтты. Үні жетпеген шырқаулар тұсында гармоньның өзін ұшырады да, шырылдауықтың қайта төмендер, қоңыр тартар тұсында тағы да өзі қосылады, барлық жігерімен, құмарлығымен қосылады. Нәзік әнге ауыр сөздер қосылса қайтер еді? – деймін ойланым. Онда ән қара жүк көтергендей тез шаршап, қанатын талдырып алар еді. Онда біз әннен ләззат табудың орнына оны аяп, азап тартар едік. Шашекең өлеңдерінің әрбір дыбысына дейін түбіттен бе, қауырсыннан ба жаралғандай жеп-жеңіл, мөп-мөлдір.

«Мен едім атағына көрмей қанған,
Құмарлығым ішімде от боп жанған», –

дегенді әнсіз айтсаң да әнге айналып кететін сияқты...

Мен төсекке жатуын жатсам да, ұйықтай алмай қойдым. Маған Шашубай жаратылысы тіпті бөлек көрініп, таңдандырады. «Бізге бір жері ұқсамайды ғой» деймін өзіме өзім... тез елігіп, тез тұтанады, түйсігі де көз ілестірмейтін шапшаң. Ол жаттанды өлеңдерін айтқанда да дереу жаңартып, жандандырып айтады. Қайдағы бір тың сөздер, күтпеген жерден туған теңеулер оның аузына өңшең нұрлы, шапағатты, жылы сөздер түсе беретіні несі екен? Демек, Шашекемнің жаны көрікті, жүрегі толы махаббат, мейірім болғаны ғой. Ойы бұзық адамның аузына адал түзі сөз түсе ме? Әрине түспейді.

Мен Жамбыл туралы әдейі сұрадым. Ол іркілмей:

– Айтса айтып озатын, тартса тартып озатын ақын, – деді ғой. Демек Шашекемде тарлық, қызғаныш та бізге қарағанда жоқ болғаны ғой. Қандай ұлы, қандай қасиетті адам!..

Осындай қиялдардың бірінен-біріне қонақтап жүргенімде жаңағы жақындап келген ұйқыдан жұқана да қалмапты. Шашекең қалай жатыр екен, көрейінші деп тұрып кабинетке бардым, шам әлі жанып тұр. Шалды оятып алмай өшіре



қоюға жұқалап қана есікті аштым. Төсегі жатыр, Шашекем жоқ.

Қағылез, құс ұйқылы адамдардың ұзақ жатпайтыны бола береді. Көз шырымын алған соң Шашекең де салқындауға шыққан болар деп мен де қораға шықтым. Сағат түнгі бірден асқан мезгіл. Әріректен шақырған әтеш даусынан өзге дыбыс жоқ. Жаңа ғана шыбығы қатая бастаған қара ағаштардың арасында қатар құрылған үш скамейканың үшеуі де бос тұр. «Шашеке!» – деймін даусымды алақаныма сыйдыра ұстап, ұзай-ұзай төңірек көшелерді де айналып шықтым. Жалаң көйлектен тоңази бастаған соң үйге кірдім. Бала-шағаның ұйқысын бұзбай, Шашекеңе салынған төсекке жата кеттім.

Тағы да ой орманын аралап жүрмін.

«Шашекең қайда кетті?» деймін өзімнен өзім сұрап.

Мен ой орманында адаса-адаса жүріп талып ұйықтаппын. Мені сәскеде тағы да Шашекемнің өзі оятты.

– Қатты ұйықтап жатыр екенсің, балам. Көп отырдым қасыңда үн шығармай, – деді Шашекең.

Мені айтысқа өлеңге шақырып отырған сияқты.

– Мен де ұйықтаппын таң ата, күн шығарда, – дедім, дайын тұрған ұйқасты пайдалана қойып.

– Жоғалтқаның күн шыға қайтып келді,

Іздедім деп сен енді шымшылама.

Келістік пе?

– Жарайды. Тек қайда бардыңыз, қайда болдыңыз, соны жасырмай айтыңыз.

– Жарайды, айт десең, айтайын, – деді Шашекең маған мысық боп қарап. – Мияу, мияу... Алматының түні қандай әдемі. Көшесі қандай таза. Кейде қайың, кейде еменді аралап, сылдыраған арық бойын жағалап жүре беріппін, жүре беріппін. Бір оңаша кішкене үйдің терезесінен асылып бір алтын қыз қарап тұр екен, көзімді ала алмай мен де тұра қалыппын. Алтын десең, алтын-ақ. Алтын шашын қақ жарып ақ маңдайынан ашып қойыпты.



- Ыздрастый, алтын шаш, – дедім.
 - Ыздырастый, Шашубай, – деді аппақ қолын созып.
 - Менің Шашубай екенімді қайдан білесің?
 - Білмесем сені осынша күтем бе?
 - Көп күттің бе, алтын шашым?
 - Қанша жыл өткенін бір құдай біледі, бір мен білемін.
 - Ендеше есігіңді аш, алтын шашым.
- Бақытым дәл қасымда жарқылдасын.

Алтын шаш қыз есігін ашты. Екеуіміз қырық жыл аңсаған ашық-машық боп табыстық. Ол да қарайды Шашекесіне үзіліп, мен де қараймын алтын шашыма қызығып. Екеуіміз отырып бал қатқан сүт іштік. Әлден соң қыз алтын шылапшынға мөлдір жылы су толтырып оған иіс май құйды. Мені соған отырғызып, әтір сабынмен нәрестесіндей жуындырды. Содан соң астыма ақ жібек төсеп, үстіме көк торғын жауып төсекке салды. Әжемдей мейірімді екен Алтын шашым. Ұйықта, Шашекем, ұйықта деді, арқамнан қағып. Мен ұйықтап кетіппін.

Ояндым да өзіңе келдім.


Мінеки.

Бәрі осы көргенімнің, білгенімнің,

Түнімен қала аралап жүргенімнің, – деді.

Шашубай кескіні әлі есімде, әлі көз алдымда. Көнерген қарт адамның сыртқы тозық белгілері Шашекеңді де таңбалаған-ды. Бірақ шын ақын сыртын шалдырса да, ішін алдырмайды екен. Ақын бойында қайнап жатқан жыр қуаты көрінеу сыртқа теуіп тұр. Ол қаттырақ бірденеге соғысып қалса күңгірлей жөнелгелі тұрған көне қоңырау сияқты. Жел қағып қалса да ағыл-тегіл төгілгелі тұр, бұрын адам баласы өстіп, білмеген жаңа дастандарға, жаңа ән-күйлерге айналғалы тұр.

Мен бір кеш, бір түн бойы ғажайып құдіретті адаммен бірге болдым. Мен қандай бақыттымын, ағайын.



ЖОЛБАРЫСПЕН ЖҮЛҚЫСУ


Алыстағы көшпелі ауылдарға думан бола барған Балуанға:

– Осы арада орнықсаң қайтеді? – деген ұсыныс жасады, тоқыраған елдері, – хал-жайыңды сыртыңнан да естіген едік, өзіңнен де естідік. Туған жеріңде орнығып отыратын болсаң, бірсәрі. Онда айтар сөзіміз жоқ. Ол жерде орныға алмайтыныңды өзің де айттың. Ендеше, Үйсінге бардың не, осында қалдың не? «Шебердің қолы, шешеннің тілі ортақ» демеп пе еді аталарың?.. Ақын да, әнші де ортақ емес пе еді елге?.. Қазақ атаулы елге ортақ болып туған ұл екенсің, – өзің жатыркамасаң, біз жатырқамайық, сені. Осы арада тоқта. Үкіметтің құрығына алыстау жер бұл. Жан тыныштығыңа да қолайлы бұл ара. Бұған көнсең, еліңдегі әке-шешен мен қатын-балаңды да көшіріп алайық. Үстіңе үй тігіп берейік, алдыңа мал салып берейік, осы елдің бір баласы боп отыра бер!..»

Алыс жолдың жүрісінен де қажыған, барған елінен құрмет те көрген Балуан Шолақ, жаңағы айтқан сөздерге кейде елігіп те қалғанмен, ықтыярынан тысқары, бұзылған сабындай ыдырайды да кетеді. Оған себеп төмендегідей.

Жабайы халық жақсы көргенмен, Балуан Шолақты елдегі болыстар, билер, старшындар жақсы көрмеді. Оның үкіметке жағымсыз қылығын естіген олар: «Елге осындай бұзақы келді, көпшілікті ұйытып әкетті, мұны қайтеміз?» деген қағаздарды үкімет орындарына жаудыра бастады. Бұл хабарға жоғарғы үкімет басшыларының астыртын қайтарған жауабы – «елді дүрліктірмей, амалын және қапысын тауып өлтіре салыңдар!».

Ондай іс қолдарынан келмеуіне көздері жеткен жергілікті әкімдер арызды жоғарырақ айдап, «Балуан Шолақ қазақ халқын көтеріліске ұйымдастырып жүр», деген хабарды Пе-



тербургтағы патшаның өзіне жолдады. Ол кездегі патша – үшінші Александр, Балуан Шолақ жүрген даланы айнала қоршаған: Ақмола, Қарқаралы, Семей, Аягөз, Қапал, Алматы, Әулиеата, Шымкент, Түркістан, Ақмешіт, Ырғыз, Торғай, Атбасар қалаларының ұлықтарына: «Ұстандар, мүмкін болса Петербургқа жіберіңдер, әйтпесе өлтіріңдер, бірақ, не істесеңдер де айламен істендер, үркітіп я елді көтеріп алмандар!» – деген жасырын жар таратты.

Ауылдың әкімдері бұл бұйрықты да орындай алмады. Оған себеп, – кімнен қалай еститінін кім білсін, – жоғарылы-төменділі үкімет орындарының Балуан Шолақ туралы жергілікті үкімет орындарына берген жасырын бұйрық-жарлықтары ел ішіне лезде тарай қалады. Сол хабарға жарыса, елдің ой-пікірі де лезде мәлім бола қалады. «Балуан Шолаққа ешкім де ондай қастықты жасай алмас, – деп гуілдеседі қалың көпшілік, – егер жасаса, күн көріп, жер басып жүре де алмас. Тұқымымен құртып жіберерміз, ондай адамды!».

Бұл сөзден зәресі кеткен жергілікті әкімдер, Балуан Шолаққа қолдарын көтере алмайды, жасағысы келген қастығының реті келіп тұрса да жасай алмайды...


Тоқыраған елінде, өзі жайында қандай сөздер болып жатуы мүмкін, Балуан Шолақтың да құлағына күнбе-күн жетіп тұрады. Біреулер оған:

– Жарқыным, сақтан!.. Андушы алмай қоймайды... Қапынды табады ол!.. – десе, енді біреулер:

– Ілгері жылжығаның жөн, орын ауыстырғаның жөн! – деген ақыл береді.

Ел ішінде көбейген бұл қаңқудан Балуан Шолақтың ет жүрегі түршігіп, тоқырайын десе де тоқырай алмайды, ол бет алған жағына қарай, өзенде қалқыған жаңқадай жылжи береді...

Осылай жылжыған Балуан, Ақмоладан аттанған жолаушы, ат я түйемен суыт жүрсе бірер айда жететін Жетісуға бес-алты жылда әрең жетті. Ұзындығы Ақтөбеден Семейге,



көлденеңі Ақмоладан Алматыға шейін созылған кең дала – Сарыарқаны сайранмен бес-алты жыл аралаған Балуан Шолақ. Балқаш көлінің батыс жағасын жағалап, іздеген елі – Үйсінге тартты. Қасында атақты әнші-ақын – Қошқарбайдың Шашубайы және бес-алты жігіт. Жол білетін жігіттің айтуынша, Арқадан Бетпақ шөлін басып Шуға тартатын жарты айлық жолдың бойы елсіз шөл, онда, тек, жер жағдайына кәнігі кісі ғана табатын құдықтардан басқа су жоқ. Осындай киын жолға түсетін жолаушылар, шөл шетіне жақын елден, сүрлеген ет, құрт, ірімшік сияқты шыдамды азық алды, сусыны – жолда кездескен құдықтардан торсыққа құйып, ішіне ащы құрт тастаған су болды. Жортқан аттың үстінде шайқалып, құрт езіледі екен де, әрі сусын, әрі тамақ бола екен.

Бұл жолдың басшысы – Шашубай, Балуанға ерген топты адастырмай, шөлге ұрындырмай, арытпай, ашықтырмай, аттарын қажытпай, бірнеше күн өткенде Шу өзеніне жеткізді. Шуды қыстайтын қалың ел бұл кезде Арқаны жайлап жүргендіктен, өзен бойы құлазып бос тұр екен.

– Шудың бұл тұсында өзен арнасы жіңішке, суы атқа өткел береді, – деді Шашубай, – бірақ, екі жағаға өскен қалың камыстың көлденең ені – он бес, жиырма шақырымнан кем емес. Осы кезде қалың камыстың ішінде қабан қойдай өреді. Соларды аулап жолбарыстар да жүреді дейтін. Егер кездесе қалса атқа да, адамға да шабуы мүмкін.

– Сақтану керек! – десті жігіттер де, Балуан да.

Шашубай мерген еді. Ол шиті мылтықпен кешке киік атып әкеп, сексеуілді өртей жаққан жолаушылар, киіктің семіз етін отқа қақтап жеді... Тастай қараңғы түн басталды... Жолдан шаршаған жолаушылар ұйқыға бейімделді.

– Жолбарыс оттан қорқады, – деді Шашубай, – сексеуілді маздатып түн бойы жағып қою керек. Аш аттарды осы маңайға магастыра тұсап оттату керек, кезекпен күзету керек!..

Аттар маталды. «Менің атымның аяғы бос жүрмесе оттамайды, менен ұзап ешқайда кетпейді ол» деп Балуан Шолақ Ақбозды тұсатпады.


«Ат терінің иісіне жылан жоламайды» деген сөзбен, жолаушылар ер-тоқымын бастарына жастана жатты. Отқа өн бойымен әкеп тастаған жуан сексеуілдер бытырлай жанып маздап тұр. Түн көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Іңірде көтерілген жел, түн бола күшейіп, шайқалған қамыстар біріне-бірі соқтыға шулайды. Айналада әлдене ұлығандай, ырылдағандай, шыңғырғандай болады...

«Сен күзет» деп от басына отырғызып қойған адам, аздан кейін қылжиып ұйықтап қалды. Жолаушылардан жалғыз-ақ ұйықтамаған – Балуан Шолақ.

Көппен бірге ер-тоқымын жастана қисайған Балуан әуелі маужырап қалғып бара жатыр еді, қасынан бірдеме ырылдап өткендей болған соң, ұйқысы шайдай ашылып, басын көтере түрегелді. Бойы түршіккен ол жан-жағына қарап еді, көзіне ештеңе ілікпеді. Елегізген ол түрегеп аттарды араласа, бәрі де оттап жатыр, Ақбоз оңашалау оттап жүр, күзетші шырт ұйқыда...

Балуан Шолақ қасына барғанда Ақбоз оқыранып, қасына келді де, сипа дегендей иегін тосты. Сол арада есіне ауылы, әке-шешесі, Ғалия, туған жер түсіп, Балуан аттың жалына бетін төсей сүйеніп еді, көзінен жас қалай шыққанын да білмей қалды. Балаша солқылдап жылаған оның еңіреген дауысы шығып кетті. Ол өз дауысынан сескенді де, «мұным не?» дегендей көз жасын тыйып, бетін аттың жалымен сүртті. Сол арада оның ойына Махамбет батырдың:

«Ау қызғыш құс, қызғыш құс!
Сені көлден айырған –
Лашын құстың текпіні:
Мені елден айырған,
Хан Жәңгірдің екпіні, –



Айтып-айтпай немене
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!» –

деген сөзі түсті.

Балуан Шолақ қатты күрсінді де, атын арқадан, тамақтан сипап, «отта енді жануар!» деп, өзі от басындағы орнына қайтты. Ақбоз Балуанның соңынан еріп кеп, қасында мел-шііп тұрды да қойды...

– Жаныңды ұғам, жануарым, – деді Балуан, Ақбозға қарап жатып, – ұққанда амалым қанша! Туған жерінді сағынасың!.. Білем!.. Мен сағынбаймын ба?.. Сені де, мені жел айдаған қаңбақтай тағдыр мұнда әкелді. Осы көреміз деген жеріміз бе еді екеуіміздің?!..

Сағынудан сыздаған жүрегі кеудесіне симай, Балуан демін зорға алды. Ақбоз телміріп аз тұрды да, «жатып алдың» деп Балуанға өкпелегендей, ұнжырғасы түсіп, сылбыр аяқмен қамысқа қарай кетті.

Сексеуіл әлі маздап жанып тұр. Балуан сексеуілдің жуан түбірін отқа қарай сырыңқырап қойды да тағы жатты. Түннің қараңғылығы қоюлана түсті, жел үдей түсті...

Балуан жатыр. Оны қоршаған ауыр ой маңына ұйқы жолатар емес. Оның ойында: елін, жерін, туыскандарын, Ғалияны сағыну.

...Осы ойда жатқанда құлағына шыңғырған жылқының даусы естілді. Орнынан атып тұрған оның ойына «Ақбоз жазым болар ма!» деген қауіп түсті. Жылқы тағы шыңғырды. Сасқан Балуан қарусыз қолмен тұра жүгірді.

Қалың қамыстың арасымен дыбыс шыққан жерге жүгіріп келе жатқан оның құлағына әлдененің ырылдағаны алапқа шығып еді, түнді тескен көзіне ағараңдаған бірдеме көріне кетті.

Ағараңдап тыпырлағанға ол жетіп келсе, – аты!.. Оның үстінде қимылдай қараңдаған бірдемеге үңілсе, ұзын құй-


рық бір аңның бөксесі!.. Бас жағы аттың кеудесіне кіріп кеткен. Бұл мақлұқты жолбарыс деп жобалаған Балуан Шолақ, ұзын құйрықтың түбінен шап беріп ұстай алды да, мықшия тартып зорға дегенде аттың кеудесінен суырып алды... Жолбарыс!.. Ол қайырылып тап беруге ыңғайланғанда, Балуан, сілтей лақтырып жіберді... Ұшып барып құлаған тайшадай жолбарыс, тұра сала Балуанға тап бере ұмтылды. Екеуі айқаса кеткенде Балуанның қолы аңның жұтқыншағынан ілікті. Қылқынған аң, мұрны бырылдап, тілін сала құлаш шығарып, аузын аңырайта ашып бұлқынып еді, Балуанның қатып қалған уысы жазылмады. Жанталасқан аң Балуанның денесін тырнақтарымен бүрді. Дес бергенде, киімі қалыңдау еді оның, бүрген тырнақтардың шеңгеліне киім жентектеліп, етіне кейбір тырнақтардың істік ұшы ғана тиді... Тиген жерін ол ыстық ұстарадай тіліп түсті... Сол кезде, жолбарыстың кеңірдегінен қысқан қолы жазылып кете жаздады. «Өйтсем өлем» – деген ой келді оған, – одан да айрылмайын!..

Буынған аң Балуанның қолы кеңірдектен айрылмасын сезгендей, бас сауға қылмақ боп, сүйрелей кашуға тырысты, бірақ тырмыса тартқан Балуанды әкете алмады, екеуі ұмар-жұмар жығылды. Балуан алқымдағы уысын толғай түсті!..

Бір кезде жолбарыс қимылсыз сұлық жата қалды. «Енді өлген шығарсың» деп ойлаған Балуан, аңның алқымынан уысын жазбастан, басын көтерсе, таң сібірлеп келеді екен. Жарылған атын сонда ғана еркін көрген ол: «оншадан мұнша жүріп, ажалың осында жетті-ау, жануар!» деді күрсініп...

Жолбарыстың алқымын босатпай Балуан аяқпен шапқа, бүйірге, кеудеге теуіп көріп еді, қозғалмайды. «Өлген екен» деп Балуан уысын жазайын десе – ашылмайды, – қолы қарысып қалған!..

«Жанымау, біздің жолдастарға не болған» деген оймен Балуан Шолақ: «а-ай!» – деп дыбыс берді. «А-ау!» деген дыбыс естілді, қамыс арасынан. Іле, жүгіріп Шашубай шықты



да, өлген жолбарысты кеңірдектен ұстап тұрған Балуанды көріп, «мұнда!» деп айғай салды. Қамыс арасынан өзгелері де шуласып шықты.

– Тірімісің? – десті олар Балуанның қасына жүгіріп келіп.

– Өлсем осылай тұрам ба? – деді Балуан масаттанғандай. Оның қарысқан қолы жазылып кетті.

– Апыр-ай, құдай-ай, сақтай гөр! – деп қорықты, оның денесіндегі жарасын көрген серіктері. Ауыр жараланыпсың ғой, өзің.

– Үрейленбейік! – деді Шашубай, – тез сойыңдар жолбарысты! Бұл осы күні семіз, терісі шелді, Балуанды жылыдай теріге орасақ жараның уытын сорып алады.

Жолбарысты Балуанның жолдастары тез сойды да, терісін от басына әкеп, Балуанды тырдай жалаңаш шешіндіріп, қан сасыған жылы теріге орады. Тері Балуанның зор денесін еркін қаусырынуға жетті.

(С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінен)

ӨНЕР ШАЛҚАРЫ ШАШУБАЙ

Шашубайдың әнін, ойнақы өнерін ел аузынан бала күнімде естігенім бар-ды. Ауыл арасы өнерпаздарының әні тыңдалып, ат үстіндегі ойындары да той-томалақтарда елес бере жүреді ғой. Ал көбінесе ел аузында аңыз бола айтылатын өнер иелерінің бас қосатын жері Қоянды жәрмеңкесі болатын. Ол кездегі Арқаның толықсыған шілдесі мен тамылжыған тамызында Қоянды жәрмеңкесі туын көтеріп, бүкіл Россия патшалығына қараған Азия аймағындағы, Батыс Сибирь, Орал өлкесіндегі елдерден сауда жүргізетін базаршылар қаптай жетеді. Қазақтар малын айдап, жүн-жұрқасын тиеп, керек-жарақ қамына қарманады. Жәрмеңке туы тігіліп, думан қызған кезде Арқаның әнші-күйші, сері-сылқымы да шама-шарқына қарай сауық құра жәрмеңке төрінде болады.


Бір жылы біздің ауылдан жәрмеңкеге барған базаршылар қайтып келіп, әр үйдің отының басында керек-жарақ бұйымдар толып, жаңалық болып жатты.

Бір кезде қыз-бозбала, келіншек деген жиналып, думан басталды. Әнді, ойынды біздермен жайлаулас Қилыбектің Рахымбегі тұрғанда кім бастасын. Рахымбек бұрыннан шырқалып жүрген таныс әндердің бірнешеуін айтты да:

– Мен енді сіздерге осы жолы жәрмеңкеден үйреніп келген жаңа әнімді айтып берейін, – деп домбырасының құлақ күйін өзгертіп, «Ақ қайың» әнін шырқады. Әсіресе қайырма-сын әсемдей келтіріп:

Өтті-ау жалған,
Қалдым қайран.
Жігіттік дағуасында-ой
Салдым сайран, –

деп құбылтты.



Әннің осы қайырмасын шырқағанда:

– Шырағым Рахымбек, мына жаңа әнді кімнен үйрендің, өзі бір төгіліп тұрған сыр ғой, тағы бір айтып жіберші, – деп отырған үлкенді-кішілі қауым бәрі шу ете қалды. Рахымбек әлгіден де құбылта, үнін мәнеріне келтіре шырқады. Әнді аяқтап:

– Осы жолғы Қоянды жәрмеңкесінен менің тапқан олжам асы ән болды. Бір күні қостан ертерек аттанып, дудың қалың жері – мал базарына келдім. Өйткені осы мал базарына үйірлеп жылқы әкеліп, қоралап қой әкеліп сататын байларды, мал жинаған көпестерді жағалай кеп ақындар өлең айтады, әншілер ән шырқайды дегенді естігенім бар-ды. Сондайға кездесем деген ой еді.

Мен келіп базар шетіне іліне бергенде, әр жерде үйіріле топталған адамдар әлдекімге қарап тына қалыпты. Мен де сол ел үнілген тамашаға көз салсам, бір адам қолында гармонь, ат үстінде ойнақтай толқып ән шырқайды. Оның атын жетектеген адам да әншімен бірге толқиды. Әлгі әнші бір әредікте гармоньын атқосшысына бере салып, ердің қасынан ұстап, аттың үстіне төбесімен тік тұрды. Сөйтті де жолдасы қолына ұстатқан екі шыбықшаны секірте ойнатып, аяғымен ойнақы би биледі. Жолдасы біраз оның атын ақырындай жетектеп, топты жара жылжыды. Әрине, бұл ойындар ұзақ болған жоқ. Біреуден-біреу «бұл кім?» десіп сұрастырғанда: «Бұл мына Балқаштағы Дадан тобықты Шашубай деген ақын», десіп ұғынысып жатты.

Сондағы Шашубайдың шырқаған әні осы «Ақ қайың» еді. Әрине, бір күнде ұғып ала алмадым. Таң рауанынан қостан аттанам да, сол Шашубай ойын көрсететін мал базарына келем. Ол бірнеше күндей келмей жүріп, ақыры тағы келді. Менің тілегенім болып, әнді аузымды аша тыңдап, ойымды ұйытып, үйренген болдым. Міне, сіздердің тыңдап отырғандарыңыз сол Шашубайдың «Ақ қайың» әні, – кербез



сері Рахымбек әңгімесін айтқанда құмарта тыңдап, сол өнерпазды көрер ме еді деп ынтыққанмын.

* * *

Онда мен жаңа-жаңа ескіше хат танып келе жатқан ауыл шәкірті едім. Арада бірнеше заман белестерінен асып, 1923 жылы Қарқаралының шалғай еліне халық соты қызметіне белгіленіп келдім. Мен судья болып келген ауданға «Қотан бұлақ», «Балқаш» болыстарына қарайтын Дадан тобықты ауылдары да қарады. Аудан халық соттары ел ішінің барлық науқандарына қатынасып отыратын. 1924 жылы губерниялық мекемелерден арнаулы қатынас хат келді. Бұл хатта самолет жасауға елден ерікті жәрдем жинау науқанын өткізіп, халық арасына үгіт жұмысын жүргізу тапсырылған. Сол хатқа ілесе Қарқаралының уездік атқару комитеті мен укомнан жауапты уәкілдер де келіп жетті. «Қотан бұлақ» пен «Балқаш» болыстарының аралығынан үй тіктірілді. Біз де, Қарқаралыдан келген уәкілдер де сонда орналастық. Халық жоғары орыннан келген, Лениннің өзі қол қойған арнаулы хатты асқан ықыласпен тыңдап, әркім әліне қарай жәрдем ретінде малдарын өткізді. Жиналыс өте көңілді болып, уезден келген уәкілдер де, оған үн қосып, атсалысқан біз де халыққа айрықша ризалық білдіріп жиынды аяқтадық.

Осылай көңілденіп отырған кезде бізге қызмет істеп жүрген жігіт сыпайы әдеппен:

– Сот ағасы, сізге айтар дәтім бар деп Шашубай ақын келіп тұр, рұқсат бола ма? – деп сұрады. Шашубайдың атын естігенде құлағым елең етті. Сонау бала күнімде Рахымбектен естігенім есіме түсе кетті.

– Рұқсат, келсін, – дедім қуанып. Жұпыны киінген, орта бойлы, сақал-шашына ақ кірген, сары сұр кісі үйге өлендете кірді:

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Болсам да малға кедей, сөзге баймын.
Халықтан қабым толы олжа алсам да,
Қалтамның түбі тесік, байымаймын.
Ассалаумағалейкүм, Халық биі,
Съезге басын қосқан халқың жиі,
Жасауға аэроплан аянбастай
Азулы ат, атан түйе елдің сыйы.
Уәкілдер саспай жинап ала білсін,
Орнына адастырмай сала білсін,
Байлығын Балқаш елі көрсеткенін
Қыр емес, бүкіл анау қала білсін, –

деп келіп, отыра кетті. Қолында домбырасы бар. Біздің хатшы жігіттер:

– Ақын жоғарылатыңыз, – деп кішілік істеп, ізет көрсетті. Бізге ажарлы жанарын бір төңкеріп:

– Халық биіне айтар арызым бар еді. Мына жиынға шақырды. Сонан екеуін де бірден бітірейін деп осында келдім, – деп тынымдады.

– Ақын, жайғаса отырыңыз. Арыз алынады ғой, бүгін осында болыңыз, – деп, ақынға жылы үн қаттым. Қабыл алып, жайлана отырды. Ақынды біздің құрметтей қарсы алғанымызға бізге қызмет істеп жүрген адамдар ұната жымындасып жүр. Өйткені ел ішіне келіп жүрген уәкілдер де, бұрынғы сот, тергеушілер де ақындарға ілтипат түгілі қайта оларды маңайларына жолатпайды екен.

Біраз жайлана отырыстан кейін болыстық атқару комитетінің председателінің орынбасары Әбдірахман деген жігіт бір тілі орамды, қызметіне орнықты кісі екен. Сол сөз бастап:

– Сот ағасы рұқсат етсе, мен мына ақын ағамызды таныстырамын, – деп әдеп көрсетті. Біз рұқсат еттік.

– Рұқсат болса, бұл кісі, жаңа өзі есіктен кіре бере айтты ғой, Шашубай ақын. Бұл ақын ағамыздың көп өмірі Жетісу елінде өтті. Қырғызға дейін барып, көп ел көрген, көп ақындармен айтыса-тартыса, бойына өнер жинаған кісі. Жасырақ кезінде Қоянды жәрмеңкесінде ат үстінде ойнап, гармоньмен тамылжыта ән шырқап, Біржан салға да сәлемдескен кісі, – деп тоқтады.

Әбдірахманның шежірелеуіне қарағанда, бір өнер иесінің ортамызға келгенін аңғарып, ізетті түрде қабылдап, ақынның кейіп-келбетіне көз жүгіртіп, сабыр тұтып отырмыз. Ақын да күлдіргі, ойлы көзін әлденеше құбылта қарап, бой сақтай отырды.

– Біз сіздің арызыңызды кейінге қалдырып, бүгінгі кешті сіздің әңгіме, өнеріңізге арнап отырмыз. Бізге сіздің сонау Жетісу еліне барғанда сол елде көріп-білгендеріңіз қызықты әңгіме болар еді, – деп қозғауды өзім салдым. Менің сөзімді отырған жұрт қоштай жөнелді. Ақын біраз ойланып отырып:

– Басында мен ол Жетісуға Ағыбай батырдың Сопы дейтін баласымен еріп бардым. Қонақжай Жетісу елі Сопыны аса қадірлеп қарсы алды. Жетісудағы қазақ-қырғыз елдері ас бергіш, көкпар тарту сияқты ойынды өте қызықтайды екен. Және ондай жиындарда ақындары айтысып, үлкен сайысқа түсетін көрінеді. Менің ол елдегі ерекше атағымды шығарған гармоньмен шырқаған әнім болды. Айтысқа да түсіп көрдім. Жетісу елінің Қуандық, Сарыбас, Жамбыл деген белгілі ақындарымен де сан рет айтыстым. Сол Жетісуға мен барған кезде Шөже де барды. Шөженің арғы тектері қырғыз болса керек. Сол ата-бабасының елін көремін деп барған екен. Сол жолықты. Шөжемен кездесіп, бірге болып, қырғыз, қазақты біраз дуылдаттық, мен оған іні болып өнерін үйрендім. Сонда Шөженің өз аузынан Кемпірбай ақынмен айтысқанын тыңдап, жаттап алдым, – деп біраз тынымдады.

Ақынның осы бір қызыға жаттап алған екі дәу ақынның айтысын құмарлана айтатын сырын сезіп, соны бізге айтып



беруді сұрадық. Оған Шашубайдың өзі де ынталана қолына домбыраны алып, айтысты бұрқырата бастады. Бізді тандандырған Шашубайдың Шөженің өзі болып көзін ақшандатып, домбырасын қармана, кезек келгенде тыпыршыған түрін айнытпай салғаны. Кемпірбайдың да әуелете ақыра айтатын екпінді үнін салғаны ұнады.

Осы айтысты аяқтағаннан кейін біраз демалыс жасап Әбдірахман:

– Шашеке, өзіңнің «Ақ қайың» әніңді мына сот азаматтарға шырқап берсеңші, – деді. Шашекең оған да керенаулық істемеді. Өзінің әсем, ашық үнімен «Ақ қайыңды» төгілте сілтеді. Осымен Шашубай үнін алғашқы естіген кешті аяқтадық. Ақын тілегін ертеңінде тексеріп, көңілін тындырдық.

* * *

Уақыт керуені зырлап жүріп жатты. Мен қызмет бабымен Алматыға көшіп келдім. Бұл 1935 жылдың жазы еді. Ол кезде «Теміржолшы» газетінде істейтінмін. Июль айының ішінде «Каменское плато» санаторийінде демалып жүрдім. Мұнда Қазақстанның көп жерінен келіп, демалып, емделіп жүргендер болатын. Бізбен бірге демалып жатқандардың ішінде Манарбек те бар еді. Бір күні кешкілікте Манарбекке қолқалап ән айтқыздық. Сонда Манарбектің бірінші айтқан әні Шашубайдың «Ақ қайың» әні болды. Тағы бірнеше әндерді айтты.

Манарбектің әні тоқталып, ән тыңдаушылар әншіге деген ықылас, алғысын айтып толастаған кезде, шеткерірек отырған орта жастағы адам сөйлеп кетті:

– Мені сіздер біле бермессіздер. Мен Қоңырат кенінде істейтін бұрғышы едім. Жолым түсіп сіздермен кездесіп отырмын. Жаңа ана әнші інім Манарбек Шашубайдың әнін айтқанда сай сүйегім сырқырады. Мен сол Шашекеңнің аулынан боламын. Мына Манарбек те бізге бөтен емес. Кешегі



бір алай-түлей кезде әркім өз жолымен жан бағып кетті ғой. Біз Балқаш көлінің балығын аулап, жаңа ашыла бастаған Қоңырат кенінде жұмыс істеп, ата мекенде қалып қойдық. Ал Шашекең сол жылы жоқ болып кеткен еді. Өткен жылғы күзде ел ішінен Алғазы аралына қатынасқан бір адам Шашубайды сол жерден көріпті. Бала-шағасымен сонда балық аулап, өзі қасқырға, түлкіге қақпан құрып, аңшылық істейді екен, – деп әңгімелегені.

Бізге осы әңгімені айтқан Кенжеқара деген кісі екен. Шашубайдың аман-сау хабарын естіп біз қуанып, әсіресе Манарбек қуанып, ол Кенжеқарадан анықтап, қайта-қайта сұрастырды. Мен де анықтап жазып алдым, осыдан екі жыл бұрын Алматыда халық өнерпаздарының бас қосу мәжілісі шақырылып, Жамбыл ақсақал бастаған халық ақындарының өзара айтыстары ұйымдастырыла бастаған-ды. Манарбек Кенжеқарадан естіп алған жобасымен Шашубайдың тұрағын анықтауды міндетіне алып, мен Жазушылар одағы ұйымдастыратын халық өнерпаздарының жиналысына шақыртуды іздестіретін болдым.

Уәдесін орындап Манарбек Алғазыдағы ағайындарымен хабарласып, Шашекеңнің тұрағын анықтады. Мен Жазушылар одағындағы халық ақын өнерпаздарының жұмысын басқаратын секция адамымен байланыс жасап, 1936 жылғы халық ақындарының жиынына шақыртуды белгілеттім.

Шашубай Алматыға арнайы шақыртумен 1936 жылы келді. Сол жылғы халық ақындарының бас қосқан өнерпаздар кешіне қатынасып, өзінің ежелгі өнерінен «Үш шыбық» ойынын, «Тақия тайтаңы» дейтін өнерін көрсетіп, ән шырқады. Осы жолында ол өзінің қарт әріптесі Жамбыл ақсақалмен дидарласып, сона бір жылдардағы өлеңмен белдескендерін естеріне түсірісіп, сыр шертті. Орынбай, Доскейлермен қатар отырып жыр толғасты.

Осы келгенінде Шашекеңе сәлем беріп, енді қарт ақынның өнерін өрістетер күн туғанын түсіндіріп, біраз кеңестім.



Сона бір кездескенде жете таныса алмағанымды айтып, енді өмірбаянын өзіне айтқызып, қағазға түсірдім.

– Шүкір, біраз жасадық қой. Бұл өмірде сан қызықты да, сан алуан қиындықты да көрді ғой, Шашекең, – деп бастады қарт өнерпаз. – Мен бұрынғы Қарқаралы уезіне қарасты Балқаш болысында, Балқаш көлінің жағасында 1865 жылы туыппын. Әкем Қошқарбай шілдесінде шырақ көрмеген кедей еді. Жасым оннан асқан кезде әкем өліпті. Ендігі бас көтерер шешем жарымжан. Үй ішінің қолқанаты болдым. Бірақ жоқтық үйде отырғызбады. Өзімізге жерлес Айтбек деген дәулетті адамға малшы болдым. Ақым екі тоқты. Айтбектің қыстай қойын жайып, ақыма алатын тоқтыны сұрап едім. «Әзір осыны ал» деп бір серкеш бергені. Жетімнің сөзін елер кім бар, арыз айтар жерім жоқ. Серкешті алмай, Айтбектің ауылына бір топ атқамінерлер келе қалғанда үстеріне кіріп келіп, Айтбекке:

Мен саған жалданғам жоқ тоқтығымнан,
Алты ай қыс қойың бақтым жоқтығымнан.
Табан ет, маңдай терім сұрағанда
Тулайсың ұстағандай шоқтығыңнан.
Мен секілді кедейдің сыны бар ма,
Ақысын сұрағанның міні бар ма,
Айтбек бай қылжақтамай ақымды бер,
Шашубайда әкеңнің құны бар ма? –

деп түйілдім. Айтбек анау адамдардың көзінше маған қол жұмсай алмады. Бұрын қойшы бала болып жүрген менің өлеңімді отырған адамдар таңдана тыңдасты. Отырғандардың ішіндегі Жобалай деген ақсақал:

– Айтбек, мына баладан ақысын беріп құтылсаңшы, сенің жаныңды қоятын бала емес қой, – деді. Басқалар да Жобалайға қосылды. Айтбек қинала ақымды берді. Сол күннен бастап, менің өлеңге тұсауым кесілгендей болды.

Ел арасында әнші, ақын бала атанып, сері жүріс, айт пен тойдың әуеншісі болдым. Ол кез аламан кез ғой, ел арасында шайпау жүріс, шалыс басар адамдар болмай тұра ма. Менің кәмелет жасқа келген кезімде ел ішіндегі еті тірі бір жан серік досым болды. Соған ілесіп Қоянды думандарына барып, сан алуан өнер дарқандарына кездесіп, ақындық, әншілік өнерімді өрістете бердім. Маған орасан әсер еткен Біржан әні болды. Сәті болып бір жылғы жәрмеңкеге Біржан сал да келе қалды. Әрине, ол кезде ел жинап концерт қоятын кез емес қой, тек қымызшының үйінде бас қосып, ел серілері мәжіліс жасайды. Бір күні сондай бір думанның үстінен түскенім. Қалай кездесіп, әнін естіп, өзін көрем деп жүрген атақты әншіні ортаға алып думандап отырған топтың үстіне айт-үйт жоқ кіріп келдім. Отырған жұрт мәз-мейрам. Тап төрде отырған, сұңғақ бойлы қара кісінің қолында домбыра. Мені ешкім елеген жоқ. Біраздан соң жаңағы кісі басындағы төбесі шошақ құндыз бөркін бір шекесіне сәл қисайта киіп, домбырасын құлақ күйіне келтіріп, «Жамбас сипар» әніне басты. Ән аспандай құйқылжи үйіріліп, сай-сүйекті сырқырата иіндеп тоқтады. Аузымды ашып қалыппын. Шетте отырған бір кісіден «Біржан осы ма?» деп сұрап едім, ол басын изеді. Қуанып кеттім, ол күні сол үйдің маңынан кетпей, Біржандардың жолын тостым.

Мәжілісі барған сайын қызып, күн батқанша Біржан тобы тарамдады. Амалым жоқ, күн бата өзіміздің қосқа қайттым. Түнімен ыңылдап айтқаным «Жамбас сипар» болды.

Ендігі арманым сол асқақ әншіге үнімді қалай естіртіп, бір ауыз сөзін естимін деген ой болды. Бұдан екі жыл бұрын осы Қоянды базарынан он алты баспалы гармонь сатып алғанмын. Сол гармоньға әнімді қосып, ат үстінен теңселе толқып ән шырқайтынмын. Әнді жәрмеңкенің жұрт көп жиналған жеріне келіп, айтатынмын. Ендігі ойыма келгені ана Біржан салдың базар тобына келер кезін аңдып, ат үстінен бір аңыратсам деймін. Ертеңіне өзімнің жан серігім – атым-

ның басына ие болатын серігімді ертіп базар ортасына бет алдым. Базардың бас-аяғына көз жеткісіз, қаптаған жәрмеңкеші жұрт. Біз жағалап жылқы базары тұсына келдік. Өйткені Қояндыға Арқаның жылқылы байлары сан саңлағын топтап әкеліп сатады. Ат құмар сері жұртшылық осы базарда болады. Шетінен аралап жүріп, бір қалың топтың ішінен кешегі Біржан салды көрдік. Айналасы толған жұртшылық. Әр елдің атқа мінерлері бар топтала, жылқы базарына көз сала, сөйлесіп тұрғанын көрдім. Қуанып кеттім. Не де болса белгілі әдетіме басып ән шырқап, ат үстінде ойнақтауды ойладым.

– Бұдан артық сәтті жай кездеспейді. Мен аттардың ер-тұрманын әзірлейін. Өзің әніңе әзірлен, – деп жолдасым жел берді. Топтың бір шетіне шығып, ат үстінде гармонь тартардағы дайындығымды істеп әзірлендім. Жолдасым аттардың айыл-тұрман тартпа, үзеңгі бау, өмілдірігін әбден қарап, дұрыстады. Сонан мен гармоньды алып атыма міндім. Жолдасым менің атымның шылбыр тізгінін қолына алып, әдеттегі жүрісін бастады. Мен ат үстінде теңселе толқып, гармоньды оңды-солды сермеп, әнді шырқадым. Жолдасым аттың басын әлгінде көрген Біржандар тұрған топқа қарай бастады. Топты жара, аттың екі жағына теңселе толқып, шырқап келем. Базаршы топты қақ жара Біржандардың тобы көрінген кезде әнді ойнақтата, аттың құлағында ойнадым. Біз таяна бергенде Біржандар тобы тандана қарағандай болып бізге жол аша берді. Мен одан сайын желіге ән салдым. Біз қасынан өте бергенде Біржандар тобынан бір жігіт бізге таянып келіп, ән аяқтаған сәтті тосып:

– Сіздерді Біржан сал бұрыла кетсін, деп тұр, – дегені. Қуанып кеттім. Жолдасым атының жетегін бұрып салдың қасына келіп, өлеңдете сәлем бердім. Біржан жымия қарап, қолымен ишарат етіп мені шақырды. Қолымда гармонь, аттан түсе қалып «Ақ қайыңды» шырқап жібердім. Әнді аяқтап, салдың алдына келіп басымды иіп тұра қалдым. Біржан са-

бырлы үнмен аты-жөнімді, қай жерлік екенімді сұрады. Айтып бердім.

– Жарайды, жігітім, өнер қуған жастың бірісің ғой. Өзің ешқайда кетпей, бүгін біздің қасымызда бол, – деді.

Қуанышым қойныма сыймады. «Құп болады, аға» дедім. Гармонымды жинап алып, атымның басын өзім ұстап, салдың тобына кірдім. Біраздан кейін Біржан топты бастап, базарды қақ жара, кешегі қымызшы сұлудың үйіне келіп түсті. Біз де түстік. Қымыз сапырылды. Мәжіліс дуылдап, ел қалауы әнге көшті. Сөз әнге ауысқанда Біржан маған ойлана карап:

– Жігітім, әнді айтар жерің келді. Мына жұрт менің әнімді күнде естіп жүр ғой. Бүгін ән кезегі сенікі, – деді. Менің бар мақсатым осы бір ауыз сөзді есту! Өзім білетін Арқаның әндерін сілтедім. Біржанның өзі әнімді ұнатып, кейде көтермелеп қойғанда төбем көкке жеткендей болып, әнді екілене сілтедім. Анау отырған жұрттың да сүйсінген қабак, көтермелеген үні рухтандырып отыр. Бір кезде Біржанның: «Енді демал, – деп домбыраны қолына алып, баяу қоңыр үнмен:

Арқада кім тумаған өнер кернеп,
Сайрадың сырнайыңды көкке сермеп,
Тартынба, талабыңды тарықтырма,
Айта бер өрістетіп әннен өрнек, –

деп батасын бергені. Осымен бұл мәжіліс аяқталғанда:

– Біз ертең, мына жәрмеңкеден үйге қайтамыз. Әнші жігіт, ойының мен әніңе қарағанда өнерлі екенсің, – деп Біржан маған көңілді қарады. Мен орасан қуанып кеттім. «Асыл аға, ертең өзіңізді шығарып салуға келем», – дедім. «Жарар», – деді ол.

Ертеңіне ертелетіп келіп, Біржандармен бірге ілесіп, екі күн бірге болып, Ақмола еліне қарай шығарып салдым.



Мен осы жәрмеңкеден өте олжалы қайттым. Олжам Біржанның өз аузынан «Жамбас сипар», «Шідер» деген екі әнін үйреніп, өзімнің ән байлығымды молайттым. Жәрмеңкеден елге оралысымен «Ағыбай елі» дейтінбіз бұрынғы шұбыртпалы елін, сол елге бардым. Батыр ауылына бұрын да бірер барғаным бар еді. Ол бір сауықшыл, ер көңілді ауыл ғой. Менің үйір болып, танысқан адамым Ағыбай батырдың Сопы деген баласы еді. Сол Сопы мені қуана қарсы алды.

– Шашубай, шақырғандай тура келдің. Мен мына Жетісу жаққа, ана қырғыз елінің шетіне дейін барып қайтуға дайындалып отыр едім. Менімен сол жаққа барып қайтуға қалайсың, – дегені. Менің мақсатым жер көру, ел көру, құп болады дедім. Қойшы, Сопыға еріп Әулиеатаны бетке алып жүріп кеттім. Жолы қиын болғанымен, қызықты жүріс болды. Жолдағы елдің бәрі де құрметтеп қарсы алды.

Сопының бұл жаққа, келгендегі кездеспек адамы Пішпек қаласында тұратын Қали деген ертеректе келген қазақ екен. Ол кісі бұл Жетісу еліне қырғыз-қазаққа қадірлі аса дәулетті адам екен. Өзінің балалары оқыған, өте сәнді тұратын мол қолды, кең пейілді бір ер адамдар болды. Сопы күзде елге қайтты. Мені Қалидің балалары әнші, ақын етіп ұстап, алып қалды. Мен содан Жетісу елінде он жылдан аса тұрып қалдым. Бұл Жетісу елі, ас бергіш, сауықшыл, әсіресе ақындар айтысын дәріптейтін ел екен. Мен сол айтысқа араласып Ұлы жүздің сол кездегі белгілі ақындарымен айтыспағаным болған жоқ. Сарыбас ақын, Қуандық ақын, Майкөт ақынмен де кездестім.

Менің Жетісу елінде бармаған қала, араламаған ауылым болмады. Бірде Алматыға келіп, осы қаладағы Баубұлан, Баймолда дейтін ағайындарды тауып, солардың қолында болдым. Осы жүрісімде мен Жетісудың ең атақты ақыны Жамбылмен кездесіп, айтыстым. Менің Жетісу ақындары арасындағы айтыс-айқасымның ең айтулысы да осы Жам-

былмен кездесу болды, – деді Шашубай ақсақал бұл жолғы әңгімесін аяқтап.

Енді Шашубайдың сол Жамбылмен айтысқанының бастан-аяқ ішінде болған, соны барынша өрнекті түрінде айтып берген Ыбрайым Бейсембет баласы деген ақсақалдан жазып алғанымды келтіре кетейін.

Ыбрайым ақсақал Жамбылға жақын ағайын. Өмірі іргесі ажырамаған жерлесі. Өзі ақындық құрмағанымен ауыл арасында жаттанды өлең, қайым айтыстың адамы болған. Жамбыл-Шашубай айтысын ылғи айтып жүретін болған. Ыбрайым ақсақал ата таратуда да шежірелігі бар.

Ыбрайым ақсақал Жамбыл мен Шашубайдың айтысқаны 1904 жылы болғанын дәлелдейді. Үмбетәлі де, Өмірзақ та тап осы Ыбрайым айтқан жыл мөлшерін мақұлдайды.

Шашубайдың ақындық, композиторлық өнерінің өрістеуіне сабақ болған өзінің ізденгіш, алғыр өнерпаздығының ұшқыны болса, оған леп беріп, канат қақтырған Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, өнер салыстыратын халық өнерпаздары болған. Шашубайдың ән өрнегін аршынды құйқылжытуында бірінші үлгі алған адамы атакты Біржан сал, ал Жетісу еліне келгенде кездесіп сапарлас болған адамының бірі Шөже ақын. Сол сияқты ол сонау елде жүргенде әуеніне еліктеп ән шырқаған бір ұстазы – Әсет ақын болған. Әсетке ол осы Жетісуда да кездесіп, бірсыпыра сайрандас болса керек.

Шашубайдың өзі шығарған әндерінің ертеден елге әйгілісі «Ақ қайың», «Кербез кер», «Жамалға», «Жетім қыз», «Мамық», «Майда қоңыр», тағы бірнеше әндері болған. Шашубайдың бір ерекше әні «Сырғақты».

Шашубайдың әншілік, ақындығымен қатар ерекше бір өнері ат үстінде бірде иығымен шаншылып, бірде аттың екі жағына кезек төңкеріліп, гармонын сұңқылдататын ойнақы өнері. Шашубай үш сабауды саусағының басына қондырып ойнататын өнерін осы Алматыға 1943 жылғы айтысқа кел-



генде де көрсетті. Ал, тақиясын басын шын айналдыра ыр-шытқанда ойнақ қағып, көз тұндыратын-ды.

Шашубай, сегіз қырлы өнер өрені, өзгеше талант еді. Егер өнерге баулыр өрісті бүгінгі мектепке кездесе қалса, дүние жүзіне әйгілі өнерпаз болған болар еді.

Шашубайдың өнерін совет өкіметі жоғары бағалады. Кешегі ұлы Жамбыл бастаған қазақ халқының қадірлі халық ақыны атағын алды.

Шашубай шығармалары «Сөйле, Шашеке» деген атпен 1942 жылы жеке жинақ болып басылып шықты. 1941 жылы Шашубайдың ақындық, әнші-композиторлық өнері жоғары бағаланып «Қазақстанның өнеріне еңбегі сіңген қайраткер» деген атақ берілді.

1945 жылы «Құрмет белгісі» орденін омырауына тақты. Шашекең осы құрметімен 1952 жылы 87 жасында дүние салды. Артында өшпес өнері, ағыл-тегіл әншілік, ақындық мұрасы қалды.

ШАШУБАЙДА АРМАН ЖОҚ

I

Шашеке, жоқ қой арманың,
Есімің көкте қалқыды.
Балқаш көл шарлап аумағын,
Шағала – әнің шалқыды.

Ғаламмен үнсіз сырласып,
Жүретін ылғи жыр тілеп,
Жақсыға жаны шын ғашық,
Халқың да қалды бір түлеп.

Қарсы алып шаттық нұр таңын,
Жаңғыртып қайта сөзінді.
Шашеке, өскен ұрпағың.
Көтерді көкке өзіңді.

Жоқ шығар сізде арман да,
Бақытқа бөлеп өмірді.
Әніңе халқым салғанда.
Құлпыртты байтақ өңірді.

Ән болып кетті далам да,
Күй төкті Балқаш, қалар ма.
Жыр сүйер халқың аманда,
Атағың кетер ғаламға.



II

Ержеттің жағасында таза көлдің,
Атандың дүлдүл ақын базары елдің.
Есенин де өзіңе тең келмейтін,
Ақ қайыңды жырлаған қазақ едің.

Ұйқастарды тізбектеп қай-қайдағы,
Кей жыршының өлеңі – айқай бәрі.
Шашасына шаң жұқпас дүлдүлім-ай,
Сияқтысың ақындар пайғамбары.

Тыңдаған жұрт жүзіне күлкі үйірген,
Гармонды да ойнадың сиқыр үнмен.
Қалың елің ардақтап тік көтерген,
Шаттығында тотыдай құлпырып ең.

Соғыс жылы жайдары жайды ұмыттың,
Халқыңмен қайғырып қайғы жұттың.
Сиқырлы өнер көрсетіп сиқыршыдай,
Жотасында биледің сәйгүліктің.

Жақсы менен жаманды айырамын,
Қаулап өскен өзіңе сай ұланың.
Қалтаң тесік ақын ең ал, бүгінде,
Ұрпағыңмен Шашеке байығаның.

Баласы Қошқарбайдың Шашубайсың,
Халқыңа мол қазына асылдайсың.
Өлеңнің аспанында күркіреген,
Әлі де жарқ-жұрқ еткен жасындайсың,
Баласы Қошқарбайдың Шашубайсың.

ШАШУБАЙМЕН БІРГЕ ӨТКЕН КҮНДЕР

Шәшекеңмен көп жылдар бойы дәмдес, 1939 жылдан бастап көп сапарларда бірге болдық.

Сол 1939 жылы Балқаш қалалық партия комитетінде кездестім. Алғашқы көргеннен-ақ Шәшекең өзінің ашық үнімен, жарқын күлкіге толы келбетімен айналасында тұрған жастарды аузына қаратып алыпты.

– Сөйле, Шәшеке, – деп бір күлдіріп алды.

– Мені білмесеңдер,

Жезтаңдай мен қазақтың Шашубайы... –

деп, саңқ етті.

Балқаш қаласында өткен ақын-жазушылардың шағын жиналысы еді. Сол жиында Шәшекең екеумізді Қарағанды облыстық жазушылардың I слетіне делегат етіп сайлады және осы сапарда Шәшекең екеумізді Доскей ақынның 90 жасқа толуына арналған тойына қатысуды міндеттеді.

Ол кезде Шәшекең тың. Жасы жетпістен асса да, ширақ, алғаш көргенде-ақ қарт жырау маған құс патшасы сынды көрінді.

Өнерлі тарланның, қабағын құбылта қағып, бөркін басында тулатып жіберіп:

– Сөйле, Шәшеке! Ой, қайран Шәшекем-ай! Өлесің-ау! – деп, өзіне өзі күлгені де жарасымды.

Атақты Шөже ақын болып екі көзін тарс жұмып, домбырасынан жыр төгіп, тізерлей жөнелгені де күлкі.

Расында, Шәшекең сегіз қырлы өнер иесі сахара артисі екенін жалпы қазақ еліне танытты. Қарағанды облысының жас ақын-жазушыларының слеті аяқталғаннан кейін, Доскей

ақынның 90 жасқа толған тойына Шәшекең екеуміз мейман болып бардық.

Дайындығы мол дастарқан түрлі-түрлі тағамдарға толы.

Қонақтарын Арқаның ардагері Доскең өлеңмен қарсы алды:

*– Тоқсан жасқа жеткенде,
Қуат бітіп бойыма,
Неше алуан асыл сөз
Доскейдің келіп ойына, –*

деп бастады қарт ақын өз жырын. Шәшекең де саңқ ете:

– Сөйле, Шәшеке! – деп шырқай жөнелді.

*– Уа, Доскей, жүйрік едің туған дара
Озбаған жарысында желі дала.
Өлеңді қырық қырқадан асырсаң да,
Тиді ме үлесіңе, бұрын баға, –*

деп бір кетті.

Жасы егде адамның тақиясын ойнатып, басымен жүргенін көргенде, өз көзіңе өзің сенбейсің. Шәшекеңмен кездесуіміз жиіледі. Көптеген той, жиындарда, айтыстарда бірге болып, Шәшекеңнің жазу-сызуына көп көмектестім.

Сұрапыл соғыс жылы болатын. Қарағанды облыстық партия комитетінің ұйғарымымен 1943 жылдың қысында Қарағанды мен Балқаштың атынан Шашубай мен Көшеннің айтысы ұйымдастырылсын деген нұсқау болды.

Балқаштан Шашубай мен Төлен Ахметов, металлург атақты Азамбай Тілеуқабылов төрт кісі Қарағандыға келдік. Обкомның қонақ үйіне орналастық. Төлен, мен, Азамбай 10–15 күн Қарағандыны кезіп, шахталарды аралап, Шәшекеңнің өлеңіне арқау іздеп, айтыс үшін керекті материалдар ұйымдастырдық.

Қарағандылық бір топ ақын-жазушылар, журналистер Балқашты аралап кетті. Біз осы айтысты ұйымдастырып жатқан кезде, Мәлік Ғабдуллинге Советтер Одағының Батыры атағы берілді деген хабар келді. Қарағандыға Мәлік батыр екі-үш күнге келеді. Жиналыстар өткізеді, шахтерлермен кездеседі деп естідік.

Мәлікті қарсы алып, мақтау алғыс өлеңді айтуға обком Доскенді ұйғарыпты. Доскеңе көмекке Алдажар мен Көшенді жіберіпті. Күні бойы жүрістер көбейді, мақтау өлеңдер көбейді. Мәлікті қарсы алуға: Доскей, Ілияс, Болман, Майасар және Қарағандының артистері қатысатын болыпты.

Шәшекең күні бойы шиыршық атып, бір кіріп, бір шығып, өз бетімен әбігер болып жүрді.

Кешке таман Мәлікті обкомның басшылары демалыс үйіне алып келгенде, бәріміз қарсы алдық. Жапа-тармағай түгел далаға шықтық.

Көпшіліктің ішінен топ жара жас жігіттей сытыла ытып шыққан Шәшекең:

*– Амансың ба, қарағым, балам Мәлік,
Дұшпаныңның ордасына ойран салып,
Ақтаған ана сүтін адал ұлым,
Бері кел, бір сүйейін алдыма алып! –*

деп, көзіне жас алып, аталық алғысын төге, құшағын жая Мәлікке ұмтылғанда, батыр Мәлік те егіле-елжірей Шәшекеңнің үлкен құшағына кірді де кетті.

Сонымен Шашубай мен Көшеннің айтысы 1943 жылы Қарағанды қаласында қызықты өтті.

Кеншілер Шәшекеңе ат мінгізіп, үстіне шапан жапты.

Шәшекең мұндай сайысты талай-талай өткізген тарлан. Осы айтыста да іркілмей:

*– Дүниеде завод болса нелер алып,
Келемін баса көктеп артқа салып.*

*Шығады Балқаш атым жерді жарып,
Өзендей арнасында қызыл мысы
Сарқырап күндіз-түні жатады ағып, –*

деп аңыратты Шәшекең.

Көшен де кара жаяу емес, Шәшекеңе бас ие сәлем бере:

*– Шәшеке, жұрт алдында шаппай желдің,
Өзіңе әдептенен сәлем бердім.
Орның бар шабыттанып шарықтауға,
Қырағы қыранысың айдын көлдің, –*

деп қалды. Қарағандының көмірін, Теміртаудың темірін үзбей майданға беріп жатқанын көтеріңкі үнмен мақтаныш ете «Сарқылмас сол көмірдің дариясы», – деп Шәшекемді сендірді.

Айтыс көпке созылды. Жұрт көп қуанышпен тарады.

Жыл өткен сайын асыл аға Шәшекең бейнесі көз алдымда тұлғалана, ірілене беретін сияқты. Осы бір ертегідей ғажайып жанның қасында біраз уақыт жүргенімді мен өзіме мақтаныш етемін.

Балқаш қаласы.

«Балдырған»,

1990, № 8. 6–8 беттер.

ЖЫР ҒҰМЫР

Көкше теңіздің жағасында дүниеге келген Шашубай ақынның өмірі жыр болып ұйытқып, ән болып құйындап өткен. Оның есімі өз заманында халқын әнге ұйытқан Біржан сал мен Ақан серінің, Шөже мен Кемпірбайдың, Жаяу Мұса мен Балуан Шолақтың, Жарылғапберді мен Ғазиздің есімдерімен қатар тұрады. Ол өзінен бұрынғы Біржан сал мен Ақан серіні, Шөже мен Кемпірбайдың ақындық, әншілік өнерін қалай пір тұтса, Шашубайдың да өнерін, оның жан-жақты талантын Нартай мен Кенен сынды ақындар пір тұтып, Шашекенді өздерінің ұстазы санаған. Бұл жөнінде Кенен Әзірбаевтың Шашекен жайында айтқан мына бір әңгімесін еске алуға болады.

«Қырғыздың үлкен бір асында бала кезімде атқа шаптым. Сонда көргем Шашекенді, сонда ауырғам Шашубай боламын деп», – дейді. Сол ас түні Шашубай ақ ордада гармоньна қосылып, ән шырқапты. Үйге сыймағандар сыртта тындапты. Сонда Шашубайдың жүзін көреміз дегендер жаяулы-аттысы бар, түйеге мінгендері тағы бар, үйдің киізін тесе-тесе таң атқанша жаңағы үйді жалаңаш қалдырыпты. Мұны да Кенен айтады». (Ә.Тәжібаев, Жылдар, ойлар).

Шашекеннің Балуан Шолақпен кездесуі туралы ертеректе Тұғырыл Қойшыманов ағамыздан естіген едім. Бұл оқиға Қоянды жәрмеңкесінде болған дейді. Ол кезде Шашекеннің сақа жігіт кезі. Бір кезде жәрмеңкедегі қыбыр-жыбыр, қаптаған елді қақ жарып, соңында ерткен бір өңкей қарагер мінген нөкері бар, ақбоз атты адам сән-салтанаты жарасып келе жатады. Осы бір әсем көрініске қызыға қараған ол қалайда әлгі адамның назарына ілігуі үшін өзінің қасынан қалмай жүретін серігіне: «Сен аттың басын бұра бер», – деп ертоқымға мысықша ырғып мінген ол қолына гармонь алып,



ат үстінде сырнайын шырқата, сан түрлі қимыл жасап, ән шырқайды.

Соңына ерткен сал-серілері бар әлгі ақбоз атты адам, Шашубайдың жанынан өте береді. Киім киістері де бір ғажап. Соңына ерткен нөкерлері бір тектес киініп, бір тектес қарагер атқа мінген. Ақбоз атты адам өзгелерден оқ бойы озық келе жатады. Қасынан өтіп бара жатқан өзгеше салтанатты адамдар өзіне көңіл бөлген-бөлмегенімен ісі болмаған. Шашубай қалайда ат үстіндегі ойынын мүлтіксіз жасауды мақсат еткендей, жалт-жұлт қимылдап, төгілте ән салады. Сөйткенше ақбоз аттының нөкерінен бөліне шыққан аттылы кісі Шашубайдың қасына жақын келіп:

– Қай туғансың, бауырым? – деді.


– Шашубаймын. Балқаш бойынан, Арқадан...

– Саған, қаласа, бізбен бірге жүрсін деді.

Ішінен әлдебір жақсылықты сезсе де, бейтаныс жанның кім екенін түсінбеген ол: «Бұл қай мырза, танымадым», – деді. Анау да жұлып алғандай: «Балуан Шолақ дегенді естуің бар ма?»

Шашекеннің Балуан Шолақтың тобына қосылуы осылай басталады. Жолшыбай Шашубайды қасына шақырып алған Балуан Шолақ өзімен қатарлас әнші жігітпен сырласып, сұхбаттасып, оның бойындағы қуатты өнерге тәнті болады.

– Біз мына Ғалияның ауылына кетіп барамыз. Ол ауылдың керемет бір дәстүрі бар. Ауылға қозы көш жер қалғанда, ән салуымыз керек. Олар бізге қарсы шығады, сонда әнмен айттысып жеңуіміз керек, әйтпесе ауылына түсірмейді. Осыған бар өнеріңді сал, – дейді Балуан Шолақ. Содан не керек, жоллаушылар келесі күні сәскеде Ғалияның ауылына құлайды. Ауылға қозы көш жер қалғанда, әннің басын қоя берген бұлар «еңбектері еш кетпей», ат басын тіреп тоқтайды. Ғалияның ауылында бірнеше күн сауық-сайран құрады. Шашубай мен Балуан Шолақтың достығы осылай басталып, бірнеше жыл жұптары жазылмаған. Бұл жөнінде кезінде С.Мұқанов



та жазған. Біз тек Шашекеңнің алғашқы танысқан сәтін ғана қағазға түсірдік.

Жалпы Шашекең өз заманында өмір сүрген қазақтың небір өнерлі азаматтарының бәрімен дерлік кездесіп, өз бойындағы өнерін толықтырып отырған секілді. Соның ішінде Біржан салмен кездесуі ертеректе 15–16 жас шамасында болған. Өзінен 30 жастай үлкендігі бар өз ағадан бата алып, оның көптеген әндерін үйреніп, ел ішінде айтып, орындап, таратып жүруі де Біржан салдың өнеріне деген құрметі болса керек. Сол секілді Шөже, Кемпірбайлардың қасына еріп, олардың әндерін өздерінше айнытпай сала білуі ақынның бойындағы артистік қасиеттің басымдығынан деп ойлаймыз. Абай ауылында болып, ұлы ақынның алдын көрген, бұл тарихи шындық. Осының бәрі Шашекеңнің өмір бойы жақсыдан үйренуге, білуге деген құштарлығы. Жасырақ кезінде шымқай ақтан киім киіп, ақ жібек шапанының етегін жел тартып, шауып бара жатқан аттың үстінде тік түрегеп ән салып бара жатады екен. Сонда жұрт айтады екен: «Мынау не нәрсе, пері ме?» – деп. «Иә, пері Шашубай деген осы», – дейді екен білетіндер. Ән мен жырдың перісі де, серісі де болып өткен Шашубай өмірі ұйытқыған жыр, құйындаған ән секілді дейтініміз содан.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де ақынның өмірі көп жылдар елеусіз қалып келген. Тек 1936–38 жылдардан бастап халық ақындарының творчествосы қолға алына бастады. 1938 жылы Жамбылдың тойына қатысып қайтқан соң, келер жылы халық ақындарының айтысы өткізілді. Осы жиында Шашубай ақын жарқырап көрініп, көптің көкейінде қалады. 1941 жылы Шашубай Алматыға арнайы шақырылып, бір айға жуық оның өлең-жырлары, қисса-дастандары жазылып алынады. Соның нәтижесінде 1942 жылы ақынның алғашқы «Сөйле, Шашеке» атты жыр жинағы жарық көреді. 1944 жылы Болман Қожабаевпен айтысқа түседі. 1943 жылы Қарағанды облыстық партия комитетінің ұйғаруымен Балқаш

пен Қарағанды ақындарының айтысы өтеді. Балқаштың атынан Шашекен, Қарағандыдан Көшен Елеуов айтысқа түседі. (Тұғырыл Қойшыманов естелігінен.) Осы айтыс өткелі жатқанда Мәлік Ғабдуллинге Кеңестер Одағының Батыры атағы беріледі. Бұл қуанышты хабар ел ішіне тез тарап, Қарағанды обкомының қонақүйінде жатқан ақындарға да жетеді. Сол жолы Мәлік Ғабдуллин 2–3 күнге Қарағандыға арнайы келе жатады. Облыс басшыларының ұйғаруымен батырды қарсы алуға Доскей, Илияс, Майасар, Шашубай, Болман ақындар қатысып, құттықтау сөз сөйлеу ақындардың үлкені, 90 жасқа толып отырған Доскей ақынға беріледі.


Бұл жөнінде жазушы Тұғырыл Қойшыманов ағамыз өзінің «Асыл сөздің зергері» атты естелігінде: «Шашекен күні бойы шиыршық атып, бір кіріп, бір шығып, өз бетімен әбігер болып жүрді. Кешке таман Мәлікті обком басшылары демалыс үйіне алып келгенде, бәріміз қарсы алуға жапа-гармағай далаға шықтық. Көпшіліктің ішінен топ жара жас жігіттей сытыла ұмтылған Шашекен:

*Аманбысың, қарағым, балам Мәлік,
Дұшпанның ордасына ойран салып,
Ақтаған ана сүтін адал ұлым,
Бері келші, бір сүйейін, алдыма алып.
Қош келдің, қарсы аламын Мәлік балам,
Едіге, Қобыланды сенің бабаң.
Аманкелді батырдай топты жарған,
«Риза туган елің бүгін саған», –*

деп көзіне жас ала аталық алғысын төге құшақ жая Мәлікке ұмтылғанда, батыр Мәлік те егіле, елжірей Шашекенді құшақтап, көзіне жас алды». Шашекеннің тапқырлығы мен шапшаңдығына, қолма-қол асыл сөзді төге салатын шешендігіне тәнті болғанын айтады.

Шашубай ақын өз заманында Қуандық, Сарбас, Майкөт сынды азулы айтыскер ақындармен жыр додасына түскен. Бұл айтыстар Қазан төңкерісіне дейін өткендіктен бе, әлде қағазға түсірілмегендіктен бе, сақталмаған. Сөз жоқ, Шашубай поэзиясындағы шоқтығы биігі – 1909 жылғы Жамбылмен айтысы еді. Бұл айтыста ақындардың нағыз болмысын, мінезін, ақындық қуатын айқын аңғарасың, қызығып оқисың. Бұл кез Шашекеннің қыннан суырған қылыштай 44 жастағы жалынды шағы болатын. Ең әуелі осы айтысқа дәнекер немесе ұйытқы болған адамдар туралы айтсақ. Сол кезде (Верный) қазіргі Алматыда Байбұлан, Баймолда, Нұрымбай атты үш ағайынды адам өмір сүреді. Байбұлан да, Баймолда да сауда жасап, кәсіпкерлікпен айналысқан ауқатты адамдар болған. Бұлар Жиенкұл деген кісіден тарайды. Әкеден жас қалған балалар мал айдап, кіре тартқандарға ілесіп, Алматыға өтіп осында тұрақтап қалған.

Қазақтың би өнерінің жарық жұлдызы болған шара Жиенкұлова-Жандарбекова осы Баймолда Жиенкұловтың туған қызы. Бұл жөнінде Шара апамыз өзінің «Өмірім менің – өнерім» атты кітабында былай деп жазады: «Менің әкем Баймолда Жиенкұлұлы үш ағайынды кісі. Ағасы Байбұлан, інісі Нұрымбай. Қарқаралы уезі, Шұбартау болысынан ертеректе көшіп келсе керек. Әкем 7 жасында әке-шешесі өліп, жетім қалады. Содан ағайынды үшеуі қол ұстасып, керуеншілерге ілесіп, Балқашқа келеді. Одан Ілеге балық тартқан балықшыларға жалданып, осы Іле бойында қалып қояды. Үлкен атам Байбұлан көпеске приказчик болып жұмысқа тұрады... Үлкен атамның үйі қаланың ортасында бес бөлмелі, бау-бақшасы, қорасы кең болатын. Әкем Баймолда екі әйел алған: бәйбішесінен 14 қыз туған, ұл болмағанға қапаланып, сақалынан жасы сорғалап жүргенде менің шешем Тыныбаламен кездейсоқ ұшырасады. 15-ші қыз болып дүниеге мен келіпін. 16-шы қызы Хадиша (Шәкен Аймановтың әйелі), одан кейін Әнуарбек, Жорабек, Талғатбек ұлдары туған».



Сонымен Шашекең қыс айында қатып жатқан мұздың үстімен өтіп, Алматыда тұратын бай саудагер Байбұланның үйіне ат басын тірейді. Шашубай мен Жамбылдың атақты айтысы осы үйде өтеді. Ал Байбұлан мен Шашекеңнің таныстығы үлкендердің айтуына қарағанда бұрыннан болған. Байбұланның өзі «Елде бір ақынымыз бар еді, соны алдырып айтысқа түсірсек» деп айтып жүреді екен. Жамбыл ақынмен айтысы кезінде Шашекең:

*«Жол басып он сегіз күн зорға келдім,
Саңлағын Жетісудың көрейін деп», –*

дейді. Соған қарағанда іздеп барғанға да ұқсайды. Қалай дегенмен мұның бәрі болжам ғана. Енді сол айтыс жөніндегі кейбір деректерге көңіл бөлейік. Сонымен Байбұланның үйінде Шашекең өлеңмен сөз бастайды.

*Сұраншы қарсы шапқан атқан оққа,
Шашубай көп сөйлеген талай топқа.
Компания Байбұлан тойы қылыпсың,
Бізбенен қармасуға ақын жоқ па?
Біреуді Жамбыл деген мақтайсыңдар,
Жасырып оны қайда сақтайсыңдар.
Ақын болса тез алдыр, Байбұлан бай,
Әйтпесе ел намысын таптайсыңдар, –*

деп тиісе сөйлеп, түйдек-түйдек сөз нөсерін төккен ақын Орта жүзін мақтап, Ұлы жүздің ішкені шөп келеді, көженің қоюына өкпелейді деп қағыта келе:

*Байбұлан, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға.*

*Тағалы төрт аяғы мен бір жорға,
Лайық тар көшеге салдыруға.
Ақын болса тез келсін бұл араға,
Бізбенен жарар ма екен пар қылуға –*

деп екпіндеп кетеді.

Шашекең осылайша Жәкеңе кісі жіберіп алдырғанша, ұзақ-сонар жыр төгіп, еті қызған жүйріктей желпініп отырады. Жәкең есіктен кіріп келгенде:

*Сырлы ағашын қолына ұстаған боп,
Келінті азап айдап бұл кім өзі? –
деп атой сөз бастап кетеді.
Жүрмісің, аман есен, ақын Жамбыл,
Өлеңге жастайымнан болдым даңғыл.
Үндемейсің ұнжырғаң түскендей-ақ,
Күн туды не басыңа тәңір алғыр, –*

деп өленді бұрқыратады. Жәкеңе кезек келгенде:

*...Сөйлесіп мен секілді кемеңгермен,
Аса алмас құлаш ұрдың асқар белге.
Шұбырып ақтабан боп келген арғын,
Желіктің өз-өзіңнен неменеге?
Арқадан ауып келген ақтабансың,
Желініп өз-өзіңнен мақтанасың.
Шұбырынды арғынсың тозып жүрген, –*

дейді. Өз кезегінде Шашекең:

*Әй, батыр, арғын деген ағаң еді,
Алдыңа жол салдырған данаң еді, –*

дейді.

Шашекең де, Жәкең де – халқымыздың аяулы ақындары. Олардың арасында өткен айтыс нағыз аламан айтыс болған. Кезінде бұл айтыс туралы біржақты пікір айтылғаны рас. Бүгінде де біздің қолымыздағы Жамбылдың екі томдық шығармалар жинағына айтыстың толық нұсқасы енбеген. Жинаққа енген 67 жыр шумағының 45 шумағын Шашубай, 22 шумағын Жамбыл айтқан. Екіншіден, жинақ соңындағы түсініктемеде Шашекеңді байлардың шашбауын көтеруші байшыкеш ақын етіп көрсетуге баса көңіл бөлінген. Оған көз жеткізу үшін мына бір жолдарға көз жүгіртелік.

...Бір жылы Шашубай ағайындарына өкпелеп, қыста қатып жатқан Балқаш көлінің үстінен өтіп, Шу-Іле бойындағы елдің арасына келіп, домбыра, гармонын қосып, Алатаудың өңірін ән мен өлеңге бөлейді. Алыста жүрген адамның ағайыншыл келетін әдетімен Шашубай Алматыдағы Дадан-Тобықтыдан шыққан бай саудагер Байбұланды, жандаралға тілмаш болып тұрған Барлыбек Тұрлыбекті, саудагер Баймолда, тілмаш Бақия деген дәулетті адамдарды табады дейді. Алайда, Жәкеңнің соңына еріп жүргендердің де тақыр кедей емесі екені белгілі. Ол жөнінде сәл кейіндеу айтамыз.

...Сонымен Байбұлан саудагер бай қаңтар айында қыстың қақаған суығына қарамастан «Тамаша біздің үйде болсын», – деп Верный қаласы мен «Дөңгелек болыс» атанған шапыраштылардың дәулетті адамдарын қонаққа шақырады. Сол жиында Шашубай:

«Жетісу бойындағы ең күшті ақынмен айтысамын, анау-мынау жаман ақындарын менің ширегіме келмейді. Естіме қарағанда ең мықтысы, ең даңқтысы Жамбыл көрінеді. Сол Жамбылды тез шақыртып келтіріңдер», – деп асқақтайды. Шашубайдың ұсынысы бойынша Ұлы жүздегі Мәңке болысқа хабар апарды. Содан Мәңке, Жамбыл, Сәміжан, Қисыбай төртеуі айтулы уақытта у-шу болып жатқан Байбұлан байдың думанына сау етіп түсе қалады. «Жамбыл келді, Жамбыл келді» деген сөзді естісімен Шашубай гармонын соза түсіп, сөз бастайды:

*Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай,
Дәреже өз басыма берген құдай.
Саңлағын Алматының түгел жиып,
Той қылды компания Байбұлан бай.
Думаным Қараөткел мен Қарқаралы,
Барады кешке базар тарқағалы.
Бірқатар тосын адам кіріп келді,
Ішінде бұл адамның Жамбыл бар ма?
Сол шіркін, кеп отыр ма байқағалы!*

Енді сырттан келген қонақтарды да сөзбен сескендіру үшін Шашубай Жамбылдың қасына еріп келген Сәміжанды да сынай жөнеледі.

*Бір көзі Сәміжанның қисық екен,
Бай, патшаң Мәңкеменен пұшық екен.
Болғанда бірің ойқы, бірің шойқы,
Бәрі де бап келісіп отыр ма екен.*

Төрде отырған Мәңке ашуланған ажармен: «Жамбыл-ау, мынауың бізді тірідей өлтірді ғой, енді қашан?» – дейді. «Айта түссін, айтқанмен қайда барар дейсің», – деп Жәкең сөздің ілігетін буынын күткен кейіп көрсетеді. Шашубай одан сайын екіленіп (екіленіп деген сөздің түрін қараңыз. Ж.Б.):

*Арқада мен айтамын салдығымды,
Мұнда келсем –
Айтамын Барлыбек, Тұрлыбектей хандығымды.
Қалада осы үшеуі аман болса,
Бұзбайды жандарал да жарлығымды, –*

деп бастырмалатып барып, Шашубай ұзақ айтыстың беташарын бастап кетеді. Жамбылға сөз бермей, жасытып алмақ



болады. Бірақ, оған жығылатын Жамбыл жоқ, ендігі кезек менікі-ау деп, қылта-тұста жарқ-жүрқ етіп айтысқа араласып кетеді.

*Шашужан, Көкиетау, Қызылжардан келіп жүрсің,
Дидарын жақсылардың көріп жүрсің.
Аузыңда өлең деген мәлегің бар,
Әркімге сөйлеп-сөйлеп беріп жүрсің.
Байбұлан бастапқыда,
Келіп еді мінгесіп, қара-ала атқа.
Қос тігіп,
Алматының тастағында үш жыл жатты.
Елімнің кеңшілігін содан байқа,
Алсын деп тері-терсек аралатты.
Мұнымен Байбұланың тыныш жатпай,
Қайқайтып қара ала атпен отын сатты.*

Екі ақынды айтыстырып, өздерін мақтатып, атын шығарғандары былай тұрсын, бастарына пәле тілеп алған Байбұландар масқарашылықтан қалай құтылудың ретін таба алмай, бір-біріне үдере қарап отырғанда, Бақия «сен ұлыққа тіл тигіздің», – деп орнынан қарғып тұрып, бірден Жамбылдың қолындағы домбыраға жармасады. «Өшір үнінді», – деп екінші жақтан Байбұлан көтеріледі. Жалғыз ақыны Жамбылды саудагерлерге сабатып қойсын ба, төрдегі Мәңке бастаған бір топ адам байларға қарсы ұмтылады. Той-тамашаның аяғы осылай жанжалмен тарайды. Ақыры ақыл-ойдың ащы үкімі жеңіп, Жамбыл Шашубайды сөзге мерт етеді. (Ж.Ж. 2 томдығы. 1982 ж.).

Жоғарыда айтқанымыздай, автор Шашекеңді байшыкеш ақын етіп көрсеткен. Ең бірінші осы тойға қатысушы адамдар кім? Сөз жоқ, бәрі де дәулетті адамдар. Мысалы, Байбұлан Барлыбек, Тұрлыбек, Бақиялардың кім екенін айттық. Ал, Мәңке, Сәміжан, Қисыбайлар кім еді? Автордың

соңғы сөзіне көңіл бөліңіз. «...Жалғыз ақыны – Жамбылды саудагерлерге сабатып қойып отырсын ба, төрдегі Мәңке бастаған бір топ адам байларға қарсы ұмтылды» дейді. Сонда Мәңке бастаған кедейлер ме, Мәңке болыс емес пе? «Ұлы жүздегі Мәңке болысқа біреу хабар апарды...» деп өзі айтып отыр. Қисыбай ол да болыс болған, ол осал адам емес. Бұған сенбесек, мынаған зер салайық: «Қисыбай – Сарыбайдың баласы. Ел билеу ісіне ерте араласқан, әсіресе, болыстыққа таласқанда әртүрлі айла-әрекетке көп барған». (Ж.Жабаев, шығарма жинағынан).

Ал, «Ақыл-ойдың ащы үкімі жеңіп, Жамбыл Шашубайды сөзге мерт етеді» дегенге де келісе алмаймыз.

*Арқадан ауып келген ақтабансың,
Желігіп өз-өзіңнен мақтанасың.
Шұбырынды арғынсың тозып жүрген.*

деу арқылы басымдық көрсетіп тұр дей алмайсыз. Сондықтан бұл айтыста Жамбыл сөзге мерт етті деп кесіп айту дұрыс пікір болмас еді. Ал шындығы екі ақынның жарқылдаған жырынан от түсіп, бай-манаптар бірінің жағасын бірі жыртып, айтыс мәреге жетпей қалған...





ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

ӨЛЕҢДЕР

«**Мен кіммін**» – бұл өлең «Советтік Қарағанды» газетінің 1941 жылғы 16 апрель күнгі санында «Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын» деген атпен басылған өлеңнің ішінде бар. Кейін ақынның «Сөйле, Шашеке!» және халық ақындарының «Пернедегі термелер» жинақтарында 1965 жылы жарық көрді.

«**Тілектес**» – Ақынның «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Кедейлік**» – Бұл өлеңнің біраз шумақтары «Советтік Қарағанды» газетінің 1941 жылғы 16 апрель күнгі санында «Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын» деген атпен басылған өлеңнің ішінде кездеседі. Кейін ақынның жинағына енгізілді.

Газетке жарияланған нұсқадан қалып қойған екі жолын өз орнына қойдық:

*Бай десе, мұздай қатқан жүрек-бауыр.
Бұлт көшіп, шілде түспей жібімейді.*

«**Менің сырым**» – «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Әтпекке**» – ақынның өз аузынан жазып алған С.Сейітов. Өлең 1942 жылы жарияланған Шашубай жинағынан алынды.

«Еркебайға» – М. Жолдасбековтың Кенен Әзірбаевтың 1974 жылы шыққан таңдамалысына жазған «Өнер шыңында» атты алғы сөзінен алынды. Еркебай Базарұлы – сегіз қырлы өнерпаз болған адам. Өзі ақын, әнші, ойыншы, құсбегі, мұның үстіне қонақжай, дастарқаны жиылмайтын аса көпшіл, мырза жан екен. Еркебайдың шаңырағында Шөже, Майкөт, Жамбыл, Балуан Шолақ, Шашубай өз өнерлерін ортаға салған. Еркебай Кенен өнерін ерте байқап, жоғары бағалаған зерделі өнерпаз.

«Жамалға» – 1888 жылы айтылған, ақынның өзінен 1940 жылы С.Сейітов хатқа түсірген. «Сөйле, Шашеке!» жинағында жарияланды.

«Балықшыларға» – Шашубайдың «Оңқабақ» учаскесінің балықшыларына арнап «Қызыл қайың» колхозының клубында айтқаны. С.Ниязовтың «Мәдениет бригадасы балықшылар арасында» («Балқаш жұмысшысы», 4 июль 1945 жыл, № 124) деген мақаласынан алдық.

«Майда қоңыр» – Ақынның өз аузынан С.Сейітов жазып алған. «Сөйле, Шашеке!» жинағында жарияланды.

Қазақтың сал-серілері мен әнші-ақындары өз шығармаларын жанарта жырлап, ажар-көркін, сыр-сипатын күшейтіп, өткірлеп отырған. Соның бірі – Шашубай. «Майда қоңырдың» бастапқы бөлігін былай деп айтқан:

*Құс атып, аң аулаймын Саршығаннан,
Ақ тұйғын жігіт едім қаршыға алған.
Күніне отыз үйрек, он қаз алсам,
Емес ем төсін шоқып, қан шығарған.*

Осылайша айтқанына куә болған – белгілі ақын Әбжан Омарбаев (1913–1962). Ол Шашубаймен жиі кездесіп тұрған. Соғыс кезінде хатшысы да болған. Біз бұл жолдарды Ә.Омарбаевтың «Халық ақыны Шашубай» («Балқаш жұмысшысы», 31, 12. 1947 ж. № 258) деген мақаласынан алдық.

«**Кербез кер**» – Бұл өлеңді 20 февраль 1941 жылы С.Сейітов жазып алған. «Сөйле, Шашеке!» және «Пернедегі термелер» жинақтарында жарияланды.

«**Мамық қызға**» – 1941 жылы С.Сейітов хатқа түсірген. Өлең текстің 1942 жылы басылған ақынның жинағынан алдык.

«**Ақ қайың**» (I түрі – Шашубайдың ақындық, әншілік творчествосының жақсы бір жемісі. Әнші Манарбек Ержановтың (1901–1966) орындауы бойынша жазылған ән сөзін кітапқа енгізіп отырмыз. «Ақ қайың» туралы мынадай дерек бар: 1913 жылы Романовтар әулетінің билік құрғанына 300 жыл толуына орай, Верный, яғни бүгінгі Алматы қаласында Шашубай да болған. Осы тойда Шашубайдың «Ақ қайың» әні грамофонға жазылған. «Ақ қайың» әні жазылған грамофон соғыс жылдарында Манарбек Ержановтың қолында болған екен. Мұны қазіргі уақытта халқымыздың әдеби-мәдени мұраларын қамқорлыққа алып жүрген әдебиет зерттеушісі Мардан Байділдаев 1962 жылы халық ақындарының творчествосын жақсы білетін жазушы Айтбай Хангелдиннің аузынан естіген.

«**Ақ қайың**» – (II түрі) – 1941 жылы Сағынғали Сейітов жазып алған. «Сөйле, Шашеке!» жинағында жарияланды. Тек екінші шумағын атақты әнші Жүсіпбек Елебековтың шәкірті Жәнібек Кәрменовтың «Қазақ әдебиетінде» шыққан «Халық әндерінің сөзі неге өзгереді?» – деген мақаласынан алдык.

«**Бірғыма – сырғыма**» – 1941 жылы С.Сейітов хатқа түсірген. «Сөйле, Шашеке!» жинағында жарияланды.

«**Сырлы қайың**» – 1941 жылы С.Сейітов хатқа түсірген. «Сөйле, Шашеке!», «Пернедегі термелер» жинақтарында басылып шықты.

«**Сыпайыға**» – С.Сейітов 1941 жылы хатқа түсірген. «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Жетім қыз**» – 1941 жылы Сағынғали Сейітов хатқа түсірген. «Сөйле, Шашеке!», «Пернедегі термелер» жинақтарында жарияланды.

«**Бес Балқан**» – 1941 жылы С.Сейітов жазып алған «Сөйле, Шашеке!» жинағынан.

«**Октябрь**» – «Балқаш жұмысшысы» ((7) XI–19466 №216) газетінде, «Халық ақындары» (1958) және «Ақын жырлары» кітаптарында басылып шықты.

«**Қоңырат**» – жазып алған С.Сейітов. «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Қызыл әскер**» – С.Сейітов жазып алған. «Сөйле, Шашеке!» жинағында жарияланды.

«**Сөйле, Шашубай**» – Бұл – ұзақ толғау өлең. «Шалқыған байлық, ен дәулет» деген жолдан бастайтын бөлігі «Балқаш жұмысшысы» ((5) XI–1940) газетінде, «Халық ақындары» атты кітапта (1953) жарияланды. Өлең тұтас күйінде «Сөйле, Шашеке!» жинағына енді.


«**Теміржолшылар күніне**» – «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Көсем туралы жыр**» – «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Іске асты, Абай, арманың**» – өлеңді «Балқаш жұмысшысы» газетінен ((12) VIII–1945, № 150) алдық. Өлең Абайдың жүз жылдық тойына байланысты жазылған. Шашубай қолынан Абай туралы екі өлең туған. «Ақын Абай» өлеңі «Сөйле, Шашеке!» жинағында болғандықтан, осы өлеңді ұсынып отырмыз.

«**Доскейге**» – Шашубайдың әнші-ақын, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген өнер қайраткері Доскей Әлімбаевқа шығарған өлеңі. Алғаш рет «Советтік Қарағанды» газетінде және «Сөйле, Шашеке!» жинағында жарияланды. Өлеңді жазып алған Сағынғали Сейітов.

«**Бірінші май**» – 1941 жылы жазылып «Халық ақындары» жинағында жарияланды.



«**Жамбылға**» – «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Жауды жеңбей басылман**» – Өлең алғаш рет «Халық қаһары» (Алматы, ҚБМБ, 1941. 17–18 беттер) жинағында жарияланды. Кейін ақынның «Сөйле, Шашеке!» және «Пернедегі термелер» жинақтарында жарық көрді.

«**Мен де келдім көмірге**» – Өлеңді «Советтік Қарағанды» ((3) XII – 1942, № 294) газетінен алдық.

«**Аманкелді**» – «Балқаш жұмысшысы» (1943 ж.) газетінен Жанболат Башаров тауып, жинаққа ұсынды.

«**Мәлікпен кездескенде**» – Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллинді құттықтаған өлеңі. «Советтік Қарағанды» ((20) VIII–1943, № 171) газетінде жарияланған.

«**Қоңырат пен Балқаш жастарының айтысын ашардағы сөзі**» – «Балқаш жұмысшысы» газетінің 1945 жылы 8 апрель күнгі санында басылып шықты.

«**Кәрі құда**» – Өлең «Балқаш жұмысшысы» газетінде (1) I–1946, 1965 жылы шыққан «Пернедегі термелерде», «Халық ақындары» (1953) және «Ақын жырлары» (1958) жинақтарында жарияланды.

«**Бақытты заман**» – 1949 жылы жазылып, «Халық ақындары» жинағында жарияланған.

«**Мен – жігіт**» – Шашубайдың 1952 жылы сексен сегіз жасында шығарған өлеңі, 1953 жылы шыққан «Халық ақындары» жинағында жарияланған.

«**Көгершін**» – Өлең «Сөйле, Шашеке!» жинағынан.

«**Наурызбайдың өлердегі сөзі**» – Өлең «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Наурызбайдың Саржанды жоқтап шығарғаны**» – Өлең «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Сәрінжіп**» – Өлең «Сөйле, Шашеке!» жинағында жарияланған.

«**Тезек Төренің сөзі**» – Өлең «Сөйле, Шашеке!» жинағынан алынды.

«**Көбейе берсін молибен**» – «Балқаш жұмысшысы» ((18) III–1943, № 53) газетінен алып, осы жинаққа тұңғыш рет енгізіп отырмыз.

«**Елімнің аяры жоқ майдан сенен**» – Өлеңді «Балқаш жұмысшысы» II (VI–1944, № 69) газетінен алып, жинаққа қосып отырмыз.

«**Мысқа толсын шеңгелім**» – Өлеңді «Балқаш жұмысшысы» ((6) VIII–1944, № 144) газетінен алдық.

ТОЛҒАУЛАР

«**Толғау**» – «Балқаш жұмысшысы» ((7) X–1944, №270) газетінен алынып, ақынның осы жинағына бірінші рет енгелі отыр.

«**Шашубай мен Болман**» – Бұл толғау қырларды «Балқаш жұмысшысы» газетінің 1946 жылғы 2 июньдегі санынан алдық.

ДАСТАН

«**Қамбар**» – Бұл батырлық жырды Шашубайдың «Сөйле, Шашеке!» (А., 1942) атты жинағынан алдық. Шашубайдың өз аузынан 1941 жылы 14 январь күні Әбділда Тәжібаев пен Сағынғали Сейітов хатқа түсірген. Қолжазба Қазақ ССР Ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы.

АЙТЫСТАР

«**Шашубай мен Жамбылдың айтысы**» – Ж.Жабаев шығармалар жинағынан алынды (1957).

«**Шашубай мен Ажар**» – Шашубай мұрасын зерделеуші балқаштық Жанболат Башаровтан алынды.



«Шашубай мен қасқырдың айтысы» – Шашубайдың «Сөйле, Шашеке!» атты жинағынан алынды. Сондай-ақ «Ақын жырларында» (1958), «Айтыстың» үшінші томында жарық көрді. 1939 жылы Қазақстан Жазушыларының II съезіне делегат болып келгенде, Жамбыл атындағы Әдебиет және халық творчествосы секторының қызметкерлері Б.Жақыпбаев пен Е.Құлсариев жазып алған.

«Шашубай мен Көшен» – Айтыс 1943 жылы Қарағандыда болып өтті, 600-дей адам қатысты. 1945 жылы Алматыда шыққан «Айтыс» жинағы мен 1966 жылы жарық көрген «Айтысты» үшінші томында жарияланды.

«Шашубай мен Болман» – 17 август 1944 жылы Балқаш қаласында мыс өнеркәсібі озаттарының жиналысы соңынан Шашубай мен Болманның айтысы тыңдалған. Мыңнан аса адам қатысқан. Орыс ақыны Николай Титовтың іле-шала аударуымен айтыстың орысшасы оқылды. Айтыс «Балқаш жұмысшысы» ((20) VIII–1944, № 156) мен «Советтік Қарағанды» (20) VIII–1944, № 167 газеттерінде басылды.

1966 жылы шыққан «Айтыстың» үшінші кітабында айтыс Жезқазған қаласында өтті деп жазылған. Мұның үстіне Болманның «Шашеке, енді нең бар мақтанарға» деп басталатын кезегі (74 жолдық) мен Шашубайдың «Төгіл жыр көмекейден, сөйле тілім» деп басталатын тұсы (94 жолдық) қалып қойған екен. Осыларды қалпына келтірдік.

«Қыздар мен Шашубайдың қағысқаны» – Бұл республикалық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы. Рақымбай Құлбаев жазған ақынның өмірбаянында және Сағынғали Сейітовтың Шашубайдың өлеңдер жинағына жазған алғы сөзінде келтірілген. Қыздармен қағысқанда Шашубай он үш жасар бала екен.

«Кенен мен Шашубайдың соңғы кездесуі» – Бұл айтыс 1949 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен онкүндігі кезінде болған. Кенен Әзірбаевтың 1961, 1967, 1974 жылдары шыққан жинақтарында жарияланды.



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз. Шашубай Қошқарбайұлы	5
Өлеңдер	17
Толғаулар	69
Дастан	91
Айтыстар	117
Зерттеулер	187
Естеліктер	229
Түсініктемелер	280

Шашубай Қошқарбайұлы

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Редакторы *Нұрперзент Домбай*
Корректоры *Шұға Рахымбекова*
Суретшісі *Ерлан Қожабает*
Компьютерде беттеген *Гүлмира Өтенова*

ИБ №1012

Басуға 05.05.2015 ж. қол қойылды.
Пішімі 84×108 1/32. Қаріп түрі «Times New Roman».
Шартты баспа табағы 15,0. Көлемі 18,0 б.т.
Таралымы мемлекеттік тапсырыспен 2000 дана,
баспа есебінен 30 дана.
Тапсырыс №

«Ана тілі» баспасы,
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143
тел.: 394-38-20

ISBN 978-601-251-118-5



9

7 8 6 0 1 2 5 1 1 1 8 5